Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 80/81(043) Қолжазба құқығында

НУРБЕКОВ ТАЛГАТ БАЛТАБЕКОВИЧ

Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі

8D02307 – Қазақ филологиясы

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор А.Б.Салқынбай
филология ғылымдарының докторы,
профессор Ж.Қ.Түймебаев

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Н. Йылдыз
(Анкара, Түркие)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР……. 3

КІРІСПЕ..... 6

1 ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ДИСКУРСТЫҚ ТАБИҒАТЫ..... 12
1.1 Қазақ ғылымындағы ертегілердің зерттелуі…..... 12
1.2 Қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі ғылыми таным және әлемнің тілдік бейнесі..... 23
1.3 Тұрмыс-салт ертегілері: рефлексия және бағалау..... 32

2 ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІ МӘТІНДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ..... 55
2.1 Тұрмыс-салт ертегілеріндегі далалық дүниетанымның әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі..... 55
2.2 Ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін айқындаудағы сөз таптарының орны..... 65

3 ҚАЗАҚ ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ПАРАДИГМАЛАРЫ..... 84
3.1 Қазақ ертегілеріндегі «жақсылық» және «мейірім» концептілерінің әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі..... 84
3.2 Ертегілердің персонажына қатысты «тапқырлық» және «ақыл» концептісі 102
3.3 Ертегілердің тақырыптық идеясындағы «шындық» концептінің прагматикалық маңызы..... 132

ҚОРЫТЫНДЫ……..…… 146

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.…….....…… 149

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертация жұмысында төмендегідей терминдер мен олардың анықтамалары қолданылды.

Адресант – тыңдаушыға белгілі бір ақпаратты жолдаушы. Белгілі бір тілде қарым-қатынас жасаудағы сөйлеуші, әңгімелесуші; қарым-қатынас жағдаятының бір сыңары (адресантпен бірге, яғни сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы: ресми – бейтарап – достық қатынастар, қатынас құралы, қатынас тәсілі, қатынас орны) компоненттерінің бірі; ақпарат беруші адам, ақпараттық эмотивтік немесе допативтік әрекет субъектісі, ой-көзқарасын жеткізуші т.б.

Адресат – берілген ақпаратты вербалды нұсқада қабылдаушы. Тыңдаушы, әңгімелесуші, қарым-қатынас әріптесі; қарым-қатынас жағдаятының бір компоненттерінің бірі; ақпараттық эмотивтік немесе допативтік әрекет қаратыла айтылған адам.

Аналитикалық етістіктер – құрамды, күрделі деген ұғымды білдіреді, құрамы негізгі атауыш және көмекші етістіктерден тұратын грамматикалық форма.

Антропоним – адамдардың өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары.

Антропөзектік парадигма – адамға қатысты бір-бірінен ерекшеленіп келетін, сонымен бірге бәріне ортақ белгілері арқылы біріккен кез келген тілдік бірліктер тобы. Парадигматикалық қатынастарды, олардың топтастырылуын, қолданылатын салаларын қарастыратын жүйе.

Әлем бейнесі – өмір болмысы, тіршілік тынысы туралы идеялар мен білімдердің жиынтығы.

Әлемнің тілдік бейнесі – халықтың қарапайым санасында тарихи қалыптасқан болмыстың көрінісін тілдік таңба арқылы сәулелендіре таңбалап, шындықтың танымда тұжырымдалған сипатын танытатын тәсіл.

Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Ғылыми таным – танымның ең жоғарғы пішімі. Ғылыми таным рационалдық сипатының басымдылығымен сипатталатын өте күрделі құбылыс. Ол негізінен ұғымдар жүйесі, теориялар, заңдар сияқты басқа да ойлау процестерінің түрлері арқылы айқындалады.

Денотаттық мағына – әртүрлі реңк тудыратын үстеме мағынадан тыс сөздің негізгі мағынасы. Сөздің негізгі мағынасына үстемеленіп, әртүрлі семантикалық, стилистикалық реңк тудыратын қосымша мағына.

Диалог – екі немесе бірнеше адамның өзара тіл қатысы, пікір алысуы. Диалог төл сөздің бір түрі. Диалог екі немесе бірнеше адамның пікір алысуы үстінде немесе диалогтің алдындағы не одан кейінгі сөйлемдерде айтылған

пікірді толықтыру, пайымдау, білгісі келу, келісу-келіспеу т.б. жайттарды тікелей нақтылау мақсатынан туады.

Дискурс – (фр. сөйлеу, айту) – сәтті қарым-қатынас үшін тілден тыс факторларды (әлеуметтік, мәдени, психологиялық) өзіндік мақсатына қарай барынша толық қарастыратын сөйлеу, нақтылы мәтін. Әуеніне интонациясына және т.б. белгілеріне сәйкес мәтіндік материалдарды ұйымдастыру.

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанрының барлығына тән ерекшелік: бұлар бұрынғы өткенді қиялмен ұштастыра болжайды, сюжетті көркем әңгіме түрінде келіп, қара сөзбен беріледі. Әлемдік фольклортану ғылымында қара сөзбен айтылатын ауыз әдебиетінің барлық түрін халық прозасы деп атап, оны үлкен екі топқа бөледі. Бірі аңыздық проза, екіншісі ертегілік проза. Ертегінің айрықша мәні, құндылығы оның халық тұрмысымен байланысты болуынан, ойлау, сөйлеу, баяндау өзгешелігінен, халықтың арманы мен мүддесін көрсетуінен айқын танылады.

Етістік – шақтық, жақтық, райлық қарым-қатынаста заттың қимылын, жай-күйін білдіретін сөз табы.

Жанр – әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары. Әдеби нұсқаларды тегіне, түр-түріне қарай ажыратып бөлу негізінде жанр деген ұғым қалыптасқан. Орныққан жүйе бойынша әдеби шығармалар негізінен үш топқа бөлініп, жіктеледі: эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр. Бұлар – әдебиеттің үш үлкен саласы, үш тармағы.

Концепт – ойлаудың ауқымды бірлігі. Концепте халық мәдениеті мен ұлттық дүниетанымы көрініс табады. Концептік жүйе арқылы ұлттық код анықталады.

Құрылымдық-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер сөз мағыналарының тарылуы не кеңеюі арқылы жаңа мағынаны иеленген жаңа қолданыстар.

Лингвистикалық мәдениеттану – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және кез келген халықтың мәдениетін лингвистикалық түрде сараптау.

Лингвокогнитивтік тәсіл – табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде талдайтын лингвистикалық тәсіл. Кең мағынада тіл ғылымының таным мен ойлау тұрғысынан әдістерді қолданатын саласы.

Мәтін – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі. Мәтіннің құрылу шарттары: сыртқы тұлғалық байланыстарға, белгілі бір ішкі мазмұнға ие болуы, аяқталғандығы, қарым-қатынас жасауды іске асыру мүмкіндігіне ие болу.

Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі.

Парадигма – кең мағынада бір-бірінен ерекшеленіп келетін, сонымен бірге бәріне ортақ белгілері арқылы біріккен кез келген тілдік бірліктер тобы; осындай топтар мен жиынтықтардың жасалу моделі мен схемасы; неғұрлым түр мағынада – морфологиялық парадигма терминінің синонимі.

Рефлексия – бұл дегеніміз субъектің өзіне және өзінің санасына назар аударуды, атап айтқанда, өзінің жеке белсенді өнімдеріне, және соның барлығына кішкене де болса қайта қарастыруды білдіреді.

Рухани-мәдени құндылықтар – танымның, белгілі бір нысанның адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы

Семантика – тіл және тіл бірліктері арқылы білдіретін хабарды, заттар мен құбылыстардың мән-мазмұнын зерттейтін тіл білімінің саласы, семиотиканың негізгі бөлімдерінің бірі. Семантика сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарын зерттейді.

Сөз таптары – өздеріне тән лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік ортақ белгілердің негізінде қалыптасқан категориялары бар сөз топтары. Сөз таптары үш белгісімен сипатталады: белгілі топқа жататын сөздердің семантикалық жағынан бірыңғайластығы; сөз түрлендіруші грамматикалық категорияларының ортақтығы; синтаксистік қызметінің ұқсастығы.

Сөздік қоры – тілдің, белгілі бір әлеуметтік топтардың, жеке бір жазушының т.б. лексикасы, сөздік құрамы.

Таным – ақиқат болмыстың адам санасында мақсатты және белсенді бейнелену үдерісі

Тұрмыс-салт ертегілер – қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық бір түрі, халықтың әртүрлі салт, әдет-ғұрып, ырым-жораларына байланысты ертегілер. Ертегінің айрықша мәні, құндылығы оның халық тұрмысымен байланысты болуынан, ойлау, сөйлеу, баяндау өзгешелігінен, халықтың арманы мен мүддесін көрсетуінен айқын танылады.

Ұлттық болмыс – объективті дүниенің, материяның санадан тыс өмір сүретінін көрсететін философиялық категория. Ұлттық болмыс әр халыққа, қоғамға тән тұрмыс-тіршілік, өмір, табиғат.

Ұлттық менталитет – кез келген мемлекеттің өзіне тән ұлттық сипатымен ерекшеленген ұлттық ділі болады. Ұлттық менталитетке мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу ерекшелігі.

Фольклор – халықаралық таралымға ие болған ұғым-термин. Ауызша таралған халықтық көркем-әдеби туындылардың әдебиеттану ғылымындағы жиынтық атауы. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы ауыз әдебиеті деген ұғым да фольклордың осы мәнімен сабақтас.

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Тіл білімінде әлемнің тілдік бейнесін зерттеудің өзектілігі, ең алдымен, адам баласының ойлауының жалпы концептуалдық сипатын айқындауда ментальдық ерекшеліктерді сипаттау мен байланысты қарастырылады. Әлемнің тілдік бейнесін таңбалаудың когнитивтік құрылымдарының формалары, тілдік бірліктердің қызметін семантикалық және функционалдық тұрғыдан түсіндіру мәтін ішіндегі әрекет пен оның нәтижесін талдау барысында маңызды мәнге ие болады.

Тіл білімінің қазіргі дамуы барысында әлемнің тілдік бейнесін зерделеудің маңызы ерекше болып отыр.

Қазақ ертегісі фольклорлық жанрлардың ішіндегі ең кең тарағаны және көп оқылатынын айттық. Әлемдік деңгейдегі ертегілерді зерттеушілердің айтуына қарағанда, фольклордың басқа жанрларымен салыстырғанда, ертегілердің әртүрлі нұсқалары да көп болады екен. Мұның мәнісі түсінікті. Айтушысы мен тыңдаушының дүниетанымы мен түсінігіне, оқиға дамуына қатысты көзқарасына сәйкес ертегі нұсқалары болуы заңды.

Қазақ ертегілерінің басты ерекшелігі – мұнда жақсылық басым түседі, ізгілік жеңеді, адамгершіліктің, адалдықтың жеңісі салтанат құрады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі қазақ тіл білімінде әлемнің тілдік бейнесі туралы теориялық мәселе өзекті ғылыми проблемалардың бірі санатында. Әлемдік тіл білімінде де, сондай-ақ, қазақ тіл білімінде де тілдің лексика-семантикалық құрылымын терең зерттеу, зерделеу нәтижелері тілдік мағынаны менталдық феномен ретінде қарастырып, ойлаудың концептуалдық құрылымы ретінде тану қажеттігін алға тартты. А. Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов зерттеулерінен бастау алатын қазақ тіл білімінде лексика-семантикалық құрылым терең зерттелді деуге толық негіз бар. Бұл зерттеулер негізінде жасалған ғылыми тұжырымдар тілдік бірліктердің қолданысында әр тұлғаның когнитивтік (танымдық) ерекшелігі айқындалатынын, мәтінді қабылдау мен түсінудің негізінде әрі мәтін арқылы қабылданатын ақпараттың мәнінде менталдық ұлттық ерекшелік болатыны дәлелденді. Сөйтіп қазақ тіл білімінің кейінгі дамуында тілде көрініс табатын «әлем бейнесін» зерттеудің өзектілігі артты.

Ертегі – ең алдымен, өнер туындысы, халықты ауызша тілі негізінде жазылған ұлттық білік. Зерттеуімізде ертегінің тілдік, дүниетанымдық ерекшеліктері сараланады.

Әлемнің тілдік бейнесін зерттеудің негізінде әлем бейнесінің жалпы мәселелерін зерделейтін философиялық мәселелер бар. Әлемдік ғылымда бұл ұғымды М. Хайдеггер ұсынған. «Картина (сурет, бейне)» сөзінің мағынасын, ең алдымен, бір нәрсенің бейнесі туралы ойлаймыз. Алайда «әлем бейнесі» ұғымының мағынасы терең әрі ауқымды. Дүние суретке айналған жерде, жалпы болмыстар адамның нені мақсат етіп отырғаны және сол себепті ол өзіне нені ұсынғысы келетіні, одан бұрын болғысы келетіні және осылайша өзіне шешуші мағынада ұсынғысы келетіні ретінде қарастырылады. Дүниенің мәні бойынша

түсінілген суреті, осылайша, әлемді бейнелейтін сурет емес, осындай сурет мағынасында түсінілетін дүниені білдіреді» деп есептеген.

Диссертация жұмысының өзектілігі – қазақ халық ертегісі сияқты белгілі бір жанрдың мәтіндерінде жаңартылған концепцияларда берілген әлем бейнесінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі. Қазақ халық ертегісінде әлемнің лингвистикалық бейнесімен кезеңнің тілдік ерекшелігін танытудағы маңызы ерекше. Халық ертегілері ұлттық болмыс пен ұлттық менталдықты айқындауда өнімді де анық ақпарат беріп қана қоймады, онымен бірге оның болашақта сақталуына да үлкен мүмкіндік береді әрі маңызды тәрбие құралы болады. Ертегі мәтіндерін тілдік тұлғаның сөйлеу-ойлау қызметінің жемісі ретінде қарастыруға болады. Әлемдік тіл білімінде ертегілер жанр ретінде адамзат тарихынан мәлімет беретін ең маңызды жанрлардың бірі ретінде саналады. Ертегіде әлемнің тілдік бейнесінің, яки танымның тарихын динамикалық түрде қадағалап отыруға болар еді.

Зерттеу нысаны – қазақ халық тұрмыс-салт ертегілері.

Зерттеу жұмысының материалдары. Қазақ ертегілері. Т.4. –Алматы: «Жазушы», 2000. –248 б. [1], Қазақ ертегілері. Құрастырған Ә. Мәмет. -Алматы. 2001.[2]; Қазақ ертегілері. Құрастырған С. Қалиұлы. -Алматы, Алматы кітап, 2017. [3]; Бабалар сөзі: Жүз томдық. 75-том. – Астана: “Фолиант”, 2011. – 432 б. [4]; ертегілер мәтіндерін [5] сайтта жарияланған ертегілер және томдық ертегілер жинақтарынан алдық.

Зерттеу жұмысының пәні. Диссертацияда қазақ халқының тұрмыс-салт ертегілері таңдалып, әлемнің тілдік бейнесі ретіндегі ерекшелігі лингвомәдени және когнитивтік тұрғыда қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінің лингвомәдени ерекшеліктерін мен ондағы рухани-мәдени құндылықтардың көрінісін, рефлексиялық сипатын, негізгі концептерді когнитивтік тұрғыдан зерттеу.

Диссертация жұмысының мақсатына жету үшін мынадай **міндеттер** қойылады:

- отандық және шетелдік фольклортанушы ғалымдардың, тіл мамандарының зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінің линвомәдени ерекшеліктерін зерделеу;
- ертегілердің тарихи даму жолдары мен қалыптасу ерекшеліктеріндегі әр келкілікті нақты тілдік деректер арқылы таныту;
- ертегідегі рухани-мәдени құндылықтарды айқындай отырып, әлемнің тілдік бейнесін көрсетудегі маңызды атауларды айқындап, ондағы денотаттық мағынаның ерекшелігі мен қолданысын, прагматикалық сипатына талдау жасау;
- халық ертегілері мәтіндеріндегі сөздік қорын әлемнің тілдік бейнесінің маңызды категорияларын көрсететін белгілі бір ұғымдармен (кеңістік, табиғат, абстракциялар және т.б.) байланыстыра қарастыру;

- қазақ халқының дүниені тану қызметінің негізі саналатын әлем бейнесін қабылдауын, ұғынуын, танылған зат не құбылысты шындық болмыс ретінде түсінуін рефлексия негізінде қайта зерделеу;

- ертегінің рефлексиялық әрекет ретінде құндылығын, оқырманның немесе тыңдаушының кейіпкер әрекетіне, эмоциялық ерекшелігіне, дүниетанымына көзқарасын қалыптастырудағы рөлін айқындау;

- тұрмыс-салт ертегілерінің тіліне лингвокогнитивтік талдау жүргізе отырып, олардың қазіргі қабылдану үлгісін сауалнамалар жүргізу арқылы айқындап, ғылыми сипаттамасын көрсету;

- тұрмыс-салт ертегілеріндегі «жақсылық», «тапқырлық», «ақыл», «мейірім», «шындық» концептерін танымдық бағытта талдау.

Зерттеу әдістері:

Қазақ халық тұрмыс-салт ертегілерінің әлемнің тілдік бейнесіндегі тілдік ерекшеліктерді айқындап, лингвомәдени, когнитивтік сипатын айқындауда когнитивтік тіл білімінің басты әдістері концептуалдық талдау әдісі, тілдік бірліктердің вербалдауындағы мағынасын айқындауда лингвомәдени талдаулар қолданылды. Кез келген фольклорлық шығарма сияқты ертегі де сол ұлттық мәдениеттің белгілі бір дәрежедегі ұлттық сананың көрінісі болады. Мәдениеттанулық көзқарас шеңберінде әлемнің тілдік бейнесін салыстыру үшін салыстырмалы талдау жасалады.

Лингвокогнитивтік тәсіл зерттелетін бірліктердің танымдық ерекшелігін ашуда қолданылады. Тіл мен мәдениеттің байланысын лингвокогнитивтік талдау әдісінің нәтижесінде жеке кейіпкердің концептуалды бейнесін зерттеу мүмкіндігі бар. Ертегілердегі сөз мағыналарын анықтауда зерттеу әдістері ретінде мәтінге лингвистикалық талдау жасау әдісі пайдаланылады. Диссертацияда сонымен бірге құрылымдық-семантикалық тәсіл, функционалды талдау әдісі пайдаланылады.

Диссертация жұмысын жазу барысында сондай-ақ, лексика-семантикалық талдау, тілдік бірліктерді жүйелеу, сипаттау, топтау, салыстыру, ішінара салғастыру тәсілдері қолданылды.

Зерттеудің дереккөздері.

Диссертация зерттеу жұмысының негізгі дереккөзі ретінде әр кезде жарық көрген ертегілер жинақтары (Қазақ ертегілері. Құрастырған Ә. Мәмет. - Алматы. 2001. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 75-том. – Астана: «Фолиант», 2011. – 432б. сайттарында жарияланған ертегілер алынды. Сонымен бірге қазақ тілінің корпустық сөздігі, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, әлеуметтік желілер мен ғаламтор сайттары мен порталдарында жарияланған ертегілер қоры қолданылды. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Құрастырған М. Құлмұхаммед, Ш Құрманбайұлы, Ө. Айтбаев, Т. Жанұзақ (15 томдық). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Құрастырған А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты – Алматы-2013.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысының ғылыми-әдістанымдық негізі ретінде когнитивтік тіл білімі, лингвомәдени сала бойынша жазылған ғылыми зерттеулер негізге алынды. Қазақ ертегілерін

В. Радлов, Г. Потанин, И. Березин, А. Алекторов, П. Мелиоранский, Ш. Уәлиханов жинаған. Кейін бұл жұмысқа Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, О.Әлжанов, Р. Дүйсенбаев, М.Ж. Көпеев үлес қосқан.

Қазақ ертегілері А.Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С.Сейфуллин, М. Әуезовтердің жинақтауымен әртүрлі басылымдарда жарияланған. Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ ертегілерін тереңдей зерттеуге М. Әуезов [6], М. Ғабдуллин [7], Е. Ысмаилов [8], Ә.Қоңыратбаев [9], С.Қасқабасов [10] бастаған көптеген ғалымдар өз үлестерін қосқан. С.Қасқабасовтың зерттеулерінен де мол мәулұмат алынды [11].

Диссертацияның әдістанымдық негізі тіл біліміндегі және қазақ тіл біліміндегі тілдік талдаудың пәнаралық және деңгейлік парадигмалары, антропоөзектік, функционалдық, прагматикалық парадигмалар қағидасына сәйкес орындалды.

Диссертация жұмысының ғылыми жаңалығы:

- зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі тұрмыс-салт ертегілері әлемнің тілдік бейнесі ретінде алғаш рет зерттеу нысанына айналып, лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан кешенді зерттелді;
- қазақ тұрмыс-салт ертегілерін рефлексия арқылы анықтау және бағалау диссертациялық жұмыстың басты ғылыми жаңалықтарының бірі. Рефлексиялық аспектіден зерттеу арқылы ұлттық салт пен дәстүрді, мінезді, рухани құндылықтарды айқындауға, зерделеуге, талдауға, аксиологиялық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік болады;
- қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі «ақыл», «мейірім», «тапқырлық», «жақсылық», «шындық» концептері алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерттелді;
- қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі ғылыми танымның әлемнің тілдік бейнесіндегі көріністері алғаш рет ғылыми тұрғыдан қарастырылды;
- қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің прагматикалық ерекшелігі нақты деректер арқылы айқындалды, кейіпкерлердің коммуникативтік қарым-қатынасы барысындағы ойы, мақсаты, мінезі сараланып, тыңдаушы үшін кейіпкерлер әрекетінің маңызды болатыны алғаш рет зерттеу нысанына айналды;
- қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің әлем бейнесін танытудағы ерекшеліктері мен «жақсылық», «тапқырлық», «ақыл», «мейірім», «шындық» концептер жүйесі бірінші рет зерделенді.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеу жұмысының нәтижесінде қазақ халық тұрмыс-салт ертегілерінің әлемнің тілдік бейнесі бірінші рет зерттеу нысаны ретінде алынғандықтан, тілдік және когнитивтік бірліктердің өзара байланысы мен арақатынасы, когнитивтік құрылымдардың ерекшеліктері анықталды. Диссертация зерттеу мақсатына сәйкес жасалған ғылыми тұжырымдармен нәтижелер қазақ тіл біліміндегі ертегілерді зерттеуге жаңа ғылыми мүмкіндіктер ашады. Яғни ертегідегі дүниетанымды лингвомәдени аспектіден терең зерттеудің рефлексиялық маңызы бірінші рет айқындалды. Зерттеу жұмыстарының ғылыми нәтижелерін қазақ тілі

лексикологиясы, қазақ тілі когнитологиясы пәндерінде және элективті курстарда пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Диссертация жұмысының негізгі деректері мен нәтижелерін, ғылыми тұжырымдарын жоғары оқу орындарында филология мамандығының бакалавриат және магистратура бөлімдерінде оқытылатын когнитологиялық пәндерде пайдалануға, арнаулы курс ретінде оқытуға болады. Сондай-ақ, фольклорлық шығармалардың тілін оқытуда арнаулы курс ретінде оқытуға, оқу құралдарын жазуда пайдалануға толық болады.

Диссертация жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін зерделеу барысындағы басты ғылыми нәтиже – ертегі мәтіндерінің жинақтаушы басты қағидасы, әлемнің тілдік бейнесіндегі маңызды рөл Адам тұлғасы екендігі. Әлем бейнесі идеалды, психикалық сипатта болғанымен, тілдік құрылымдар арқылы таңбаланатындықтан, тұрмыс-салт ертегілерін тыңдау барысында адамдар қоршаған орта туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен ұлттық дүниетаным туралы ақпараттар беріледі;

- қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі біркелкі емес, олар ертегінің негізгі жанрлық ерекшелігіне, мазмұндық сипатына байланысты өзгеріп отырады. Бұл ертегілердің тарихи даму жолдары мен мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты;

- тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінде рухани-мәдени құндылықтар жеке денотаттардың мағыналық ерекшелігі арқылы көрінеді. Жеке атаулардың қолданысы мен прагматикалық қызметін айқындау арқылы басты когнитивтік ұғымдар мен ұлттық дүниетаным негізі айқындалады.

- халық ертегілері мәтіндеріндегі сөз мағыналарын әлемнің тілдік бейнесінің маңызды категорияларын көрсететін белгілі бір концептік ұғымдармен байланыстыра қарастыру ұлттық дүниетанымның, ділдің (мінездің), жақсылық пен жамандық туралы ұғымдардың бағалану ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді;

- тұрмыс-салт ертегілеріндегі кейіпкердің эмоциясы, әрекеті, шешімі оқырманның немесе тыңдаушының әрекетіне, эмоциялық ерекшелігіне, дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда маңызы бар, сондықтан рефлексиялық әрекет ретінде бағалы;

- тұрмыс-салт ертегілерінің тіліне лингвокогнитивтік талдау жүргізе отырып, олардың қазіргі қабылдану үлгісін сауалнамалар жүргізу арқылы айқындап, ғылыми сипаттамасын көрсету – қазіргі кездегі ертегі тыңдаушылар мен ертегі оқитын адамдардың қабылдауы мен қалыптасқан көзқарасын танытады.

Диссертация жұмысының талқылануы мен жариялануы. Зерттеу жұмысының басты ғылыми қорытындылары мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында жарияланды, оның ішінде:

Scopus базасына кіретін журналда:

Cultural and Cognitive Phenomenon In Kazakh Fairy Tales: A Reflexive Essence (Folklor/ edebiyat №116 2023/4 SCOPUS).

5 мақала – отандық және шетелдегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда:

1. Қазақ ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени сипаты.// Белгили фольклортаныўшы ҳәм әдебияттаныўшы алым, профессор С.Баҳадырованың 80 жыллығына бағышланған «Түркий халықлар фольклоры ҳәм әдебиятын үйрениўдиң актуал мәселелери: концепциялар, теория ҳәм проблемалар» атамасындағы халықаралық илимий-теориялық конференция. - Нөкис. 2024.
2. Қиял-ғажайып ертегілердегі уақыт пен кеңістік концептісі. // Р.Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптасуы; теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми –теориялық конференциясы. – Алматы. 2024.
3. Қазақ ертегілеріндегі дүниетанымдық сипат. // Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған «Ұлы дала құндылықтары: тіл және тәуелсіздік» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары. – Алматы. 2022.
4. «Ұр тоқпақ» ертегісіндегі әлем бейнесі. // «Түркі ономастикасы: тарих, таным, тағылым» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы. 2023.
5. Қазақ ертегілерінің маңызды когнитивтік белгілері. // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы. 2023.

2023 жыл 5 мақала – ҚР БҒСБК-мен ұсынылған журналдарда жарық көрді:

1. Қазақ ертегілеріндегі «Жақсылық» пен «Жамандық» оппозициясы. Ясауи университетінің Хабаршысы. №1 (131) 2024.
2. Тұрмыс-салт ертегілердегі ұлттық дүниетаным көріністері. Торайғыров университетінің Хабаршысы. №1. 2024.
3. Тұрмыс-салт ертегілеріндегі далалық дүниетанымның әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №2. 2024.
4. The linguistic picture of the world in the Kazakh fairy tale: the concept of good and evil. Торайғыров университетінің Хабаршысы. №3. 2024.
5. Scientific knowledge and linguistic image of the world in kazakh fairy tales. Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №1. 2025.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Жалпы диссертация жұмысының көлемі – 152 бет.

1 ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ДИСКУРСТЫҚ ТАБИҒАТЫ

1.1 Қазақ ғылымындағы ертегілердің зерттелуі

Адам баласы өзі таныған дүниенің болмысын тіл арқылы таңбалайды. Ал тіл дүниені бейнелеу мен түсінудің өзіндік заңдылығы мен қағидаларына сүйенеді, осылайша әлемнің өзіндік тілдік бейнесі жасалады. Әртүрлі атау сөздердің мағынасы арқылы, тіпті тілдегі сөзжасамдық тұлғалар мен сөздерді байланыстырушы бірліктерінің мағынасы арқылы да қамтылған әлем туралы білімнің жиынтығы ана тілінде сөйлейтін кез келген кісіге тән күнделікті және қарапайым идеялар жүйесіне біріктірілген.

Әлемнің лингвистикалық бейнесі – тілдің психикалық деңгейінде қамтылған белгілі бір халықтың айналадағы барлық заттар мен құбылыстарды, нәрселерді көруі, сезуі, түсінігі, пайымы. Сол арқылы қалыптасқан таным дүниесі. Әлемнің тілдік бейнесі – адам санасында қалыптасқан идеалды шындықтың бір түрі. Әлемнің тілдік бейнесіне халықтың тарихи қалыптастырған күнделікті ойлауының көрінісі ретіндегі атаулардан бастап, көркем ойлауының көрінісі болатын барлық туындылар жатады. Әлем бейнесін құрайтын білім сөздердің мағыналарына жасырын түрде сіңеді, сондықтан адам оларды дүниедегі заттардың мәнін білдіретін даусыз ақиқат деп есептейді. Ал керісінше, әлемнің ғылыми бейнесі ғылымның беделімен расталған ғылыми ақпаратты қамтиды. Әлемді ғылыми зерттеу адамзатты әлемнің ғылыми картинасы деп аталатын идеялардың негізінде жатқан ғылыми ақпаратпен қамтамасыз етеді. Әлемнің ғылыми бейнесі ғалымдардың жинаған ғылыми зерттеулеріне сүйенеді.

«Әлем бейнесі» терминінің ғылымда пайда болуы XX ғасырдың басында физиктер Г. Герц пен М. Планк зерттеулерінен кейін бекіген. Бұл ғалымдар «әлем бейнесі» деген терминді алғашқыда физикалық табиғатқа қатысты қолдана бастағаны туралы көптеген зерттеушілер еңбектерінде талданған. Бірақ кейін келе ғалымдар бұл тақырыпқа қызыққаны сонша, оны барлық тірі табиғатқа қатысты да, психикаға қатысты да, рухани мәдениеттің әртүрлі салаларына қатысты да қолдана бастайды**.**

Адам санасында әлемнің тұтас бейнесінің қажеттілігін А. Эйнштейн былай түсіндіреді: «Адам сезімдер әлемінен шығу үшін, белгілі бір дәрежеде осы әлемді өздері жасаған түсініктердің бейнелерімен алмастыруға тырысу үшін, әлемнің қарапайым және түсінікті бейнесін жасауға ұмтылады. Мұны суретші де, ақын да, теоретик-философ та, табиғат зерттеушісі де өзінше жасайды. Адам өз өмірінің айналмалы циклінде таба алмайтын тыныштық пен сенімді табу үшін, өзінің рухани өмірінің ауырлығын осы әлем бейнесіне және оның дизайнына аударады» [12,136].

Әлем бейнесінің типологиясы туралы мәдениеттану ғылымында жасалған зерттеулер әлем бейнесінің негізгі түрлері рухани мәдениеттің алты саласымен – дін, ғылым, өнер, мораль, саясат және тілмен байланысты екенін көрсетеді. Әлеуметтік саланың негізін құрайтын жүйелердің әрқайсысы әлем бейнесінің

сипатын, мәнін жан-жақты қарастырады, анықтайды. Сала бойынша жасалған әртүрлі ғылыми зерттеулер нәтижесінде біз әлемнің алты негізгі бейнесін айқындай аламыз – діни, ғылыми, көркемдік, моральдық, саяси және тілдік бейнесі. Олардың әрқайсысы дүниеге өзіндік көзқарасын игере отырып, өзіндік әлемдік бейне моделін құрады.

Әрбір жеке тұлғаның ұғымында әлемнің бірнеше бейнесі қатар шоғырланып, өзіндік түсінігін қалыптастырады. Алайда айналамыздағы ақиқат болмыстың шоғырланған типтік бейнесі, бәрінің ортақ қайнар көзі бар. Осы ортақ қайнар көзді бейнелейтін әлемнің тілдік бейнесі, яки сөз бар.

Әлем бейнесі тек ғылым ғана емес, біздің санамызда да таңбаланады. Мұны рухани мәдениет салалары зерделейді. Болмыстың көркем суреттері аса талантты ақын-жазушылар шығармашылығы арқылы көркем сөзбен кестеленеді. Қазақ дүниетанымы мен болмыс туралы терең түсінігі көне түркі жазуының авторы Йоллығ тегіннен бастап, ұлы Абайға, Шәкерімге, М. Әуезовке, М. Мағауинге т.б. дейін бейнеленген. Әлі де әлем бейнесінің көркем қырлары ақын-жазушылар шығармашылығында бейнеле береді.

Әлем болмысы мен тіршіліктің сан қырлы көрінісі халықтық немесе фольклорлық шығармалар арқылы да таңбаланатыны анық. Дүние болмысының көркем бейнесінің бұл түрлеріне – халық ертегілерінде жасалған әлем бейнесі де жатады.

М.М. Бахтин былай деп жазады: «В фольклоре первобытных народов рядом с серьёзными (по организации и тону) культами существовали и смеховые культы, высмеивавшие и срамословившие божество («ритуальный смех»), рядом с серьёзными мифами – мифы смеховые и бранные, рядом с героями – их пародийные двойники-дублеры» [13, 10].

Әлемнің тілдік бейнесінің қазақ ертегілерінде бейнеленуінде дәстүрлі халық мәдениетінің көрініс бар. Осы реттен, ертегілерде, яғни дәстүрлі халық өнерінің тілімен ерекше фольклорлық шындық көрініс табады. Бұл – әлемнің ауызша шығарылған поэтикалық бейнесі, мәдени ұғымдар жүйесіне семантикалық тұрғыдан кодталған концептосферасы. Әлемдік тіл әлемдік тіл білімінде зерттелген ертегілердің әлемдік тілдік бейнесіндегі концептер жүйесі – концептосфера туралы ғылыми терең түсінік қалыптасқан. Көптеген ғылыми зерттеулерде фольклор тілі этникалық мәдениеттің көрсеткіші ретінде анықталады.

Фольклор дәстүрлі халық мәдениетінің үлгілік жүйесі ретінде осы мәдениетті жеткізушінің әлеуметтік тәжірибесін, психикалық көзқарасын, рухани құндылықтарын фольклорлық концепция аясында бейнелейді. Әлемнің фольклорлық-тілдік бейнесіндегі концептілер фольклорлық мәтіндегі атқаратын қызметі мен ондағы өрнектелген дәстүрлі мәдени ақпаратпен анықталатын дүниенің жалпы тілдік суретінен өзгеше танымдық мазмұнға ие болатынын тілге тиек етеді.

Қазақ ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі мақал-мәтелге қарағанда шынайы дүниеден әлдеқайда алшақ болғанымен, ертегілер шындықты бейнелей алмайды деуге де болмайды. Біз қарастырып отырған тұрмыс-салт

ертегілерінде шынайы дүние мен ондағы адамдардың танымдық көзқарастары, тіршілігі, негізінен, ақиқат өмірдегі болмысына сәйкес айтылады. Сондықтан да диссертация жұмысында ертегілердегі басты кейіпкерлердің ісі мен әрекеті, олардың тұжырымды ойлары мақал-мәтелдерде айтылатын басты мағынаға сәйкес келетіні нақты дәлелдермен көрсетіледі.

Қазақ ертегілерінің халық арасында айтылып жүрген үлгілерін орыс ғалымдары В. Радлов, Г. Потанин, И. Березин, А. Алекторов, П. Мелиоранский, Ш. Уәлиханов жинаған («Дала уәләяты», «Түркістан уәләяты»). Қазақ ертегілерін жинауға Ы. Алтынсарин де көп көңіл бөліп, өзінің «Хрестоматиясына» енгізген. О. Әлжанов, Р. Дүйсенбаев, М. Жүсіп Көпеев жинаған. Қазақ ертегілерін жинаған Ә. Диваев еңбегін ерекше атап өтуге тұрарлық. Ә. Диваев қазақтың ертегілерін жинақтауды XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастағандығы туралы пікірлер бар. Ә. Диваев жинаған ертегілерін сол кезеңдегі бұқаралық ақпарат құралдарына жариялаған. Кейіннен жеке кітап етіп бастырып шығарған. Біразы қолжазба күйінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл, әдебиет институтына тапсырылған. Көптеген деректері Ташкенттегі Өзбекстан ғылыми кітапханасына да, мұражай қорларында сақтаулы деген нақты пікірлер бар [14].

Қазақ ертегілері А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, М. Әуезовтердің жинақтауымен әртүрлі басылымдарда: «Айқап», «Қазақ» сынды бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде жарияланған.

Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ ертегілерін тереңдей зерттеуге М.Әуезов, М. Ғабдуллин, Е. Ысмаилов, Е. Тұрсынов және т.б. ғалымдар өз үлестерін қосқан. Әсіресе, Е. Тұрсыновтың «Генезис казахской бытовой сказки», «Происхождение носителей казахского фольклора», «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты монографиялық зерттеулерінің ғылыми маңызы ерекше болды. Ғалымның «Қазақ фольклористикасы» атты еңбегінің қазіргі таңда да өзектілігі мол. Сондай-ақ, автор «Бозінген», «Құйыршық», «Аяз данышпан» т.б. ертегі жинақтарын құрастырып шығарған.

Қазақ ертегілері фольклорлық жанрлардың ішіндегі ең тартымды, әрі ең тыңдалымы жоғарысы деп есептеледі. Бір қарағанда, ертегілер көп зерттеліп, кең қарастырған сияқты болып көрінгенімен, шын мәнісінде қазақ тіл білімінде ертегілердің тілдік ерекшелігі, танымдық мәні мен маңызы, әлемнің тілдік бейнесі ретіндегі сипаты әлі күнге дейін зерттеу нысанына айналмаған. Жалпы қазақ ертегілері тіл білімі тұрғысынан әлі де толық зерттеу нысаны бола қоймаған.

Қазіргі таңдағы ертегілердің жалпы сипатын қарастырғанда оларды нақтылай екіге ажыратуға толық негіз бар:

1. Ауызша жеткен, ауызекі тілде дамытылған таза фольклорлық жанрдағы ертегілер;
2. Қазіргі кездегі нақты авторы бар, жазба тілде жазылған әдебиеттегі жаңа жанр ретінде қалыптасып үлгерген жазба ертегілер.

Ертегі дегенде, әдетте, адам санасына ауызша шығарылған әр түрлі көлемді қызықты оқиғалы, кейде қиял-ғажайып, шытырман оқиғаларға

құрылған әңгімелер еске түседі. Ертегілер балалардың тыңдауына, қабылдауына жеңіл, қызық, адам баласының бойындағы ізгілік пен іземтілікті, адамгершілік болмысты насихаттауды көздейтін, күнделікті өмірде кездесетін шындықты да, сонымен бірге әдеттен тыс оқиғаларды да мазмұны арқылы ерекше композициялық және стильдік құрылысы болуымен ерекшеленеді.

Біз ертегінің үш маңызды қасиетінің бар екенін айқындап талдап көрсетеміз:

Бірінші белгі – тыңдаушының көңілін көтеруді мақсат етуі; Ертегі айталық, дидактикалық, ғибрат-үлгі мақсатында айтылса, тәлім-тәрбиеге айналады, сонымен бірге, көбінесе, авторлық ертегілер жаңа құрылымдық сипатқа ие болады.

Қазіргі ертегінің екінші белгісі – өзіндік мазмұн бүтіндігінің болуы. Кез келген ертегінің басы, шарықтау шегі және оқиғаның жақсылықпен бітуі бар. Ертегі қиял-ғажайып немесе шыншыл ертегі, хайуанаттар туралы ертегі болуы мүмкін. Ертегіге ерекше тән белгі ондағы кейіпкердің кез келген тілегін орындайтын немесе кейіпкерге зиян келтіретін фантастикалық жаратылыстар болады (Мыстан кемпір, Жалмауыз кемпір, қасқыр, қарлығаш, сауысқан, самұрық құс, Бәйтерек т.б.); фантастикалық заттар (дастархан, ұр тоқпақ, ұшқыш кілем, алма, ағаш, көрінбейтін қалпақ т.б.) қиял-ғажайып жағдаяттар (ауада ұшу, балыққа, құстарға айналу, ұсақтау және тірілту т.б.).

Яғни, былайша айтқанда, жақсылық пен ізгілікке сенуден туған, өмірдегі жеңіс тек жақсылық жақта болса екен деген қиялдан туған жағдайлар жиі кездеседі. Кей ертегілерде халықтың күнделікті ырым-тыйымдарына айналған тіршілік иелері мен тылсым күш иелері саналатын бейнелер де жиі кездеседі (шайтан, бақсылар, өлілер, зұлым рухтар, аруақтар, қасқырлар және т.б.), немесе ғажайып әрекеттер (өлгендердің көрінісі, жануарлармен әңгімелесу, әулиелермен, рухтармен кездесулер және т.б., ғажайып түсінік, ерлік істер) де ұшырасады.

Шындық ертегілерде таза дүниелік мазмұнға қанағаттанады, мұндағы кейіпкер – адам, қиял да, ғажайып та жоқ. Мұндай ертегілерде адамдар арасындағы әр қилы шытырман оқиғалар мен әрекеттер ақыл мен надандық, жақсылық пен жамандық, тапқырлық пен ақымақтық, достық пен қастық арасындағы қарама-қайшылық арасында өрбиді. Көбінесе шындық ертегілерде ақылды мен ақымақ, күйеуінің әйелдерін алдауы немесе керісінше, айлакер мен ұрының қиямпұрыстығы сияқты қатынастар негізінде ертегі сюжеті құрылады. Ертегіге кісі сене ме, сенбей ме – бұл ерекше мәселе. Дей тұрғанмен, әдеттен тыс кез келген ертегі мазмұнының таптырмас белгісі болып, оның мазмұнындағы оқиғаның өткірлігі мен өзектілігі көрінеді деп пайымдаймыз. Себебі, сайып келгенде, ертегідегі әр алуан оқиғаның өзіндік басты концепциясы болады. Ол концепция қазақ ертегілерінде ізгілік пен адамгершілікті мақсат етуден еш таймайды. Жеңіс те жақсылық пен ізгілік жолындағы кейіпкердің қолында қалады.

Қазақ ертегінің үшінші маңызды белгісі – құрылымының ерекшелігі мен әлемнің тілдік бейнесі ретіндегі өзіндік ерекшелігі, менталдық сипаты.

Ертегінің бұл негізгі ерекшелігі тіл білімінде, соның ішінде қазақ тіл білімінде де аз зерттелген және жеткіліксіз сипатталған. Ертегі күрделі құрылымға ие, оның прозалық түрі жиі кездеседі. Фантастикалық мазмұндағы қиял-ғажайып ертегілер мен дүниелік мазмұндағы шыншыл ертегілердің құрылымының өзіндік ерекшелігі болады.

Қазақ ертегілерін жанр тұрғысынан алғаш зерделеп, ғылыми пікір айтқан ғалым М. Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген зерттеу еңбегінде халық ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыдан талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін көрсетеді. Ертегілердің тағылымдық мәнін сипаттайды.

Академик С.А. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» атты монографиялық еңбегінде қазақ ертегілерінің жанрлық сипаты туралы мәселе бүкіл халық прозасы жүйесінде ғылыми тұрғыдан терең талданады. Осы зерттеу арқылы Қазақ ертегітану саласы ерекше сала ретінде қалыптасып, ұлттық фольклор саласы дамытылды, сөйтіп ғылымының үлкен саласына айналды [11, 272].

П.Т. Әуесбаева «Қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеттік құрылымы» атты мақаласында «Қиял-ғажайып ертегілердің композициялық ерекшелігі кейіпкердің өмір сүретін, әрекет ететін әлемі шынайы өмір мен мифтік ұғымдағы «өзімдікі мен өзгенікі» түсінігінен тұрады. Өзге әлем: түпсіз мұхит, ұшы-қиыры жоқ дала, отты таулар т.б. түрінде сипатталады» - деп жазады [14, 251].

М. Ғабдуллин бастаған ғалымдардың қазақ ауыз әдебиеті бойынша жазылған зерттеулерінде қазақ халық ертегілерінің жанрлық ерекшелігі, әдеби маңызы т.б. мәселелер терең қарастырылған [7,111]. Сондықтан біз қазақ халық ертегілерінің тек әлемдік тілдік бейнесін саралауға терең мән береміз.

Әлемдік тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де қиял-ғажайып ертегілер жақсы зерттелген. Қазақ тіл білімінде А.Т. Қасымбекованың «Ертегілердегі ғаламның концептуалды бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері бойынша)» атты диссертациялық жұмысы қорғалды. Диссертация жұмысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі қиял-ғажайып ертегілері талданып, ондағы концептуалды ғалам бейнесі салғастырмалы тұрғыдан зерттелген. Қиял-ғажайып ертегілердің ұлттық табиғаты, негізгі мәдениетанымдық маркерлері анықталады. Жұмыста ғаламның тілдік бейнесі мен ғаламның концептуалды бейнесі ұғымдарының айырмашылығы мен ерекшелігі жақсы айқындалады. Ертегілердегі кейбір базалық концептер анықталып, олардың сипаты ашылады [15,12].

Кейінгі жылдары ертегіні дискурс ретінде қарастырып, оның лингвомәдени кеңістігін талдауға арналған ғылыми мақалалар жарық көруде.

Мәселен, зерттеуші А.А. Мамыттың «Фольклорлық сана мен тіл тұтастығы« атты мақаласында ертегілер ерте дәуір адамдарының өзіндік дүниетаным түсінігі ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының этногенезін айқындайтын рулар мен тайпалар, ежелгі ата-бабалар өмірінің қилы-қилы кезеңдерінен көрініс беретіні аталады. Ертегілерде алғашқы қауымдық құрылыс жұрнақтары, бағзы заман белгілері сақталатыны және мифтер мен ертегі-

аңыздарда әдетте көшпелілердің өмірі, тұрмыс ерекшелігі бейнеленеді. Көшпелілер өзін ешқашан жаратылыстан бөле жарып қараған емес. Әлем бейнесі, дүние болмысы туралы олардың бар ұғым-түсінігін жеткізетін – ертегілер деп атап көрсетіледі [16,45**].**

Н.Қ. Құлтанбаеваның «Ертегі дискурсы әлемнің көркем бейнесі элементі ретінде» атты мақаласында ертегі дискурсының жанрлық кеңістігін зерттеушілер пікірлеріне сүйене отырып талдайды. Ертегіні «мазмұнына фольклорлық және әдеби шығармаға кіретін, өзіне ертегілік категория өлшемдерін қабылдаған (эпикалық, қарапайымдылыққа құрылған, ғажайып, эстетикалық, көңілділік) ертегі дискурсы қайта өңделген әдеби-көркемдікпен сәйкестелген деп қарастырылуы мүмкін» деп қарастырады. Ертегі дискурсында ұлтымыздың көркемдік талғамы көрініс табатынын талдайды. Ертегінің дискурстық маңызын әдебиеттану бағытында қарастыра отырып, автор ертегідегі эстетикалық сұлулық пен сезім формасының көрінуіне мән береді [17, 287].

Б.К. Аубакирова, Ж.Т. Қадыров фольклор мәтіндерінің лингвоментальді кеңістігіне қатысты жазылған мақаласында Ресей ғалымдарының лингвомәдениет жайындағы зерттеулеріне кең талдау жасайды. Авторлар қоғамдық санадағы әлем бейнесінің бір тілде сөйлейтін адамдардың әлеуметтік ортасы мен біліміне, тәрбиесіне де байланысты екенін тілге тиек ете келіп, қазақ ертегілеріндегі жүйріктік ұғымын бірнеше мысалдармен талдайды. «Тотан батыр» ертегісіндегі Желаяқ антропонимінің семантикасын, *жалмауыз, жезтырнақ* сияқты зооморф сипатындағы кейіпкерлердің ерекшеліктерін қарастырады.

Концептің символдық жүйесін халықтың дәстүрлі дүниетанымымен байланыстырады да, ондағы кей ұғымдарды негізгі танымдық код ретінде зерделейді [18, 32].

Р.С. Амренованың «Фольклор мәтіндерінің лингвоментальді кеңістігі» деген мақаласында қазақ ертегілерінің көне дәуірдегі әлем бейнесінде адаммен бірлікте табиғат объектілерін қабылдауы туралы білімді қамтитын тілдік дерек екені талданады. Қазақ халқы да көптеген халықтар сияқты өзінің даналығын, дүниетанымын, салт-дәстүрін ертегі тілімен түйіндеген, сондықтан оны «әлемнің тілдік бейнесі» деп атауға болатынын атап көрсетіп, фольклорлық шығармалар арқылы концептерді зерделеу – этностағы құндылықтары көрсетіп, этностың кез келген тарихи кезеңдегі дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді деп бағамдайды. Автор қазақ халқының ұлттық ойлауын таныту үшін, ертегілердегі әлемнің тілдік бейнесіне назар аударуға болатынын атап көрсетіп, архетиптерді когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеудің маңызы мен мәнін айтады. Әр халықтың өзіндік қайталанбас тарихи жаратылысы болады деп пайымдаған автор оның бет-бейнесі де, рухани бітімі де ерекше әрі өзгеше болады деп есептейді. Мұнда да Желаяқ антропонимінің семантикасы тез жүгіретін жүйрік, ұшқыр адам деп анықталып қарастырылады. Жүйріктіктің өлшемі жел болғаны сипатталады [19, 24-25].

Зерттеуші А.Таусоғарова «Қазақ ертегілеріндегі уақыт және кеңістік ұғымдарының концептуалдануы» атты мақаласында қазақ ертегілеріндегі адам баласының өзін тануына, бағалауына байланысты концептуалдау әрекеттерінің нәтижесін талдайды. Автор ертегілердегі адам концептінің берілуінің мәнісіне тоқталып, көне дәуірлердегі танымдық жүйені құрайтынына ерекше көңіл бөледі. Ертегілердегі қазақ халқының әлем туралы ежелден қалыптасып келе жатқан танымы мен білім-тәжірибесін көрсететін түрлі концептілердің байланысы барлығын талдап, олардың орталығы болатын Адам-тұлғаны танытатын ұғымдардың парадигмасын көрсетеді. А. Таусоғарованың пайымдауынша, «біріншіден, адамның (баланың) жаратылуына, пайда болуына түрткі нәрселер болады және қазіргі әлемнің ғылыми бейнесінен аса ерекшеленетіні – адамның қартайған шағында біткен бала басқа балаларынан ерекше ақылды, батыр болады». Автор мақаласында «Жылан қабықты жігіт» пен «Желкілдек» ертегілеріндегі кейіпкерлер ерекшеліктерін ашып, Шаһимардан шешесінің сары жыланның етін жеген соң туғанын, «Желкілдек» ертегісінің бас кейіпкері аспаннан күміс табақпен түскен балды жеуінің нәтижесінде туғанын талдайды. Ертегілердегі мұндай сюжеттер адам болмысына қатысты қарапайым да аңғалдау түсініктен туғаны белгілі, сондықтан да автор мұндай қиял-ғажайып ертегідегі сюжеттерді күнделікті бақылау мен түйсіну арқылы қалыптасатын әлемнің қарапайым бейнесі деп есептейді [20, 201-206].

Қазақ халық тіліндегі ертегілердің әлем бейнесін танытудағы ерекшеліктері мен ондағы белгіленген ұғымдар жүйесін таразылаудың, тілдік тұрғыдан жүйелі талдаудың мәні мен маңызы ерекше.

Қиял-ғажайып ертегілер негізінен, қиялға құрылады десек те, оның өзінде шындық өмірде болатын оқиғалар желісі де сақталатынын айту керек. Көптеген қиялға жүгінген ертегілерде шындықтың көрініс беретін тұстары да болады.

Ертегінің қай түрі болса да ауызша айтылғанда, ерекше әуенмен, әуезбен айтылады да, тыңдаушысын қызықтыру үшін дауыс ырғағы әртүрлі құбылып отырады. Тыңдаушы мен ертегі айтушының арасында жанды байланыс, менталдық қарым-қатынас орнайды. Ертегі тыңдаушы үшін барынша әсерлі болуы көзделгендіктен, әдетте, сөз оралымдары нақты, бейнелі сөздері құлаққа жағымды да тартымды, одағай сөздер молырақ, диалогтардың да сипаты маңызды болады.

Ертегі формасы туралы айтқанда, үш категорияны ерекше анықтау қажет болады: сюжеттік үлгі, композиция және ертегі стилі. Жалпы алғанда, ғалымдардың пайымдауынша, әртүрлі халықтардың мәдени өміріндегі жағдаяттарда ортақтық болады, әрі халық ауыз әдебиеті шығармаларында әр алуан халықаралық сюжеттердің ортақтығы бары анық. Ғылыми әдебиеттерде бұл ұстаным толығымен бекітілген сыңайлы.

Бұл туралы орыс ғалымы М.В. Воропаев ғылыми шындық, көбінесе, ғалымдардың беделіне сәйкес қалыптасады деп қарайды да, бұл процесс тілдік шындықты кедейлендіреді деп жазады. «Негізгі шындықтағы өмірге деген

көзқарасты басымдық ретінде сақтау және нығайту қажет» деп қорытынды жасайды [21,42]

С.В. Лихачев «Формирование у младших школьников представлений о языковой картине мира» деп аталатын ғылыми мақаласында орыс ертегілеріндегі кездесетін кей ғылыми деректердің берілуін жазады [22, 16-19.].

Ертегілер ғылымның әртүрлі салаларында зерттеу нысаны болып келе жатыр. Қазақ ғылымында күні бүгінге дейін ертегілер негізінен әдебиеттану саласында зерттелді. Қазіргі таңда ертегілер әлемнің тілдік бейнесі ретінде лингвомәдени аспектіден де зерттеле бастағаны белгілі. Мұндай жаңа зерттеулердің шыға бастауы, ең алдымен, тіл мен мәдениеттің бір-бірінен ажырамайтын байланысы бар болуынан. Шынына келгенде, тіл мен мәдениеттің бір-бірімен табиғи да, тарихи да байланысы бар. Осындай байланыстың бірін концепт теориясы арқылы зерттеуге болады.

Концепт – ең алдымен, сөзбен, сөздің мағынасымен байланысты. Сөз арқылы үлкен маңызы бар ақпарат беріледі. Зерттеуші ғалымдар концептке әртүрлі мағына береді, бірнеше бағытта зерттейді. Концепт – ойлаудың ауқымды бірлігі. Концепте халық мәдениеті мен ұлттық дүниетанымы көрініс табады. Концептік жүйе арқылы ұлттық код анықталады. Профессор А.Б.Салқынбай «Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар» атты монографиялық зерттеуінде ұлттық код туралы терең тұжырымдар жасайды. Ғалымның көзқарастары Ж.Түймебаевтың да пайымымен астасып жатыр. «Ұлттық тіл – ұлттық мәдениет пен білімнің, ілімінің негізі; ұлттық діл – ұлттық мінез, ұлттық құндылықтар. Бұл көрсеткіштер бір-бірімен тікелей байланысты, өйткені мұның бәрі адам баласының саналық деңгейіндегі қабылдауы, жалпы болмысы, дүниетанымы. Ұлттық код – бір-бірімен гармониялы байланысқан, үйлесіммен үйлескен ұлттық құндылықтар жиынтығы. Ұлттық код ұлттық құндылықтар жиынтығы ретінде ұлттық мүддеге қызмет етуі тиіс. Ал ұлттық мүдде жеке адамның барлық мақсатынан жоғары тұруы тиіс» - деп жазады [23, 9].

Концепт арқылы кез келген халықтың ойлау үлгісі мен ұлттық санасы, дүниетанымы көрініс табады.

Тіл мен мәдениет байланысын зерттеуші ғалымдар концепті былайша анықтайды:

- мәдениеттің ерекше белгісі;
- концептерден, эмоционалды бағалаудан, қысқаша тарих пен этимологиялық деректерден тұратын көп өлшемді құрылым;
- объективті және тарихи себептілікті айқындайтын құрылым;
- мәдениеттің тұрақтылығы.

Концепт – белгілі ұғымдар жиынтығы мен мәні, концепт пен олардың тобын когнитивтік және лингвомәдени зерттеулерде қарастырады.

Р. Джекендоф, Р. И. Павиленис, Е. С. Кубрякова сынды ғалымдардың пікірі бойынша когнитивті тәсіл – адам санасындағы ұғымдар жиынтығы болатын концептік жүйені қарастырады. Әрбір адам өзінің тіршілігінде белгілі ұғымдармен, өзі қабылдаған, тәрбиеленген дәстүрмен өмір сүреді. Қоршаған

шындықты білу нәтижесінде өзіндік таным дүниесі қалыптасады. Жеке адамның таным дүниесі мен ол қабылдаған тұжырымда ұғымдар мен концептік құрылымдар әртүрлі арналар арқылы қалыптасып, үлкен ақпаратты жүйені құрайды: тактильді, визуалды, есту және т.б. міндетті лингвистикалық сәйкестік критерийіне сәйкес келеді. Объектіге танымдық көзқараспен қарау, тану адам санасындағы концептуалды құрылымдардың қалыптасуы мен даму сипатына байланысты мәселелерден тұрады.

Д.С. Лихачев концептердың жиынтығын концептосфералар немесе идеосфералар деп атауды ұсынады: «жеке адамның сөздік қорында ашылған потенциалдар, жалпы тіл сияқты, біз концептосфералар деп атай аламыз» деп жазады ғалым [22, 149]. Орыс тіл білімінде Д.С. Лихачевтің мақаласы бағдарламалық сипатқа ие, сондықтан теориялық қағидалардың басы ретінде сипатталады. Концептосфераны сөйлеу өрісімен байланыстырады, сонымен бірге концептосфераның мазмұны ұлттық мәдениеттің даму деңгейімен анықталады. Д.С. Лихачев көптеген концептосфералардың болу мүмкіндігі туралы ескертеді: ұлттың, отбасының, әлеуметтік қауымдастықтардың идеосфералары және т.б. Зерттеуші ғалым Д.С. Лихачев бұл мәселеге танымдық бағдар беріп, адамның санасында концептосфералар бір-біріне әсер ете отырып, бірге өмір сүре алатындығын көрсетеді: «концептер арасында адамның мәдени деңгейімен, оның белгілі бір адамдар қауымдастығына жататындығымен, оның жеке басымен анықталатын байланыс бар. «Бір концептосфераны екіншісімен біріктіруге болады – айталық, жалпы орыс тілінің концептосферасы, бірақ онда – инженер-практиктің концептосферасы, ал онда – отбасының концептосферасы, ал одан әрі – жеке концептосфера» [22, 42]. Осылайша, зерттеуде адамның танымдық әлеуетіне назар аударады.

Когнитивті және лингвомәдени тәсілдер арқылы зерттелетін концептосфера немесе концептуалды құрылым – адам баласының қабылдау нәтижелері саналатын әлем бейнесін сөз мағыналарына айналдырудан тұратын семантикалық қалыптасу процесінің өнімі. Жеке адам да, лингвомәдени қауымдастық пен қоғам да мағынаны қалыптастыру субъектісі болады. Лингвомәдениеттану саласына лингвомәдени қауымдастықтар немесе қоғамдар шығарған концептосфералар жатады.

Концептосфера туралы көптеген ғылыми зерттеулерде ондағы семантикалық өріс құрылымы бар екендігі, ондағы орталық семантикалық өріс пен шеткері семантикалық бөлік туралы жазылған (Д.С. Лихачев, Ю. М. Лотман, З. Д. Попова, Ю. С. Степанов, И. А. Стернин). Орталық бөлікке ең өзекті, негізгі мағынаны айқындайтын концептер кіреді.

Когнитология мен лингвомәдениеттанудың постулаттарын біріктіретін концептің синкретикалық теориялары бар. Концептологияға мұндай көзқарас С.А. Аскольдов, Д. С. Лихачев, Н. Ф. Алефиренко, О. Д. Вишнякова, С.Г.Воркачев, Л. А. Манерко, З. Д. Попова, И. А. Стернин, Т. А. Фесенко және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жүйелі негізделген.

С.А. Аскольдов өзіндік психологиялық күрделілігімен, даралығымен, мүмкіндіктерінің белгісіздігімен, көркемдік ассоциациясымен ерекшеленетін

көркемдік концептология мәселесіне ерекше назар аударады. Көркемдік концептер теориясын лингвомәдениеттану ғылымында белгілі бір жеке авторлық образ, прецеденттік, қайталанатын сипатқа ие болған жағдайда ғана қолдануға, яғни ұжымдық сананың маңызды бөлігі ретінде түсінуге болады деп есептейді.

Д. С. Лихачев концептология және концептосфера туралы еңбектерінде С.А.Аскольдовтың көркем шығармашылыққа қатысты ұтымды идеяларын дамытады. Концептологияның мазмұны ұлттық, таптық, топтық, кәсіби, отбасылық және т.б. болуы ықтимал деп есептеледі. «Ұлттық тілдің концептосферасы неғұрлым бай болса, ұлттың бүкіл мәдениеті де бай болады» - деп жазады ғалым [24, 165]. Зерттеушінің концепт теориясын танымдық аспектіде дамытуы (атап айтқанда, осы психикалық категорияны жеке адамның сана-сезімінің құрылымы ретінде түсіну) мен концептің мәдениетпен өзара байланысы туралы идеялары лингвомәдениеттану үшін жемісті болды.

Н.Ф. Алефиренконың «Поэтическая энергия слова: синергетика языка, сознания и культуры» атты монографиялық зерттеуінде концептология «әртүрлі конфигурацияларда мәдени маңызды мағыналарды кодтайтын психикалық формациялардың кең жиынтығы» деп түсіндіріледі [25, 225]. Зерттеуші танымдық субъектіні белгілеу үшін мынадай екі маңызды ерекшелікті атайды: сөздің пайда болуының бастапқы көрінісі және этномәдениеттің кілті. Осылайша, концептологияға деген ғылыми көзқарас когнитология тұрғысынан жүзеге асырылады. Автор концептердің танымдық тәсілге тән жіктелуін былайша ұсынады:

концептер-идеялар;

гештальт;

фреймдер.

Концептология теориясын Н.Ф. Алефиренко когнитивті-дискурсивті бағыттан қарастырады.

В.И. Карасик концепт туралы ғылымды «құндылық, бейнелі және концептік жақтары ерекшеленетін көп өлшемді семантикалық білім» ретінде анықтайды [26, 129]. Автордың пайымдауынша, этномәдени, әлеуметтік-мәдени және жеке-мәдени ұғымдар концептерге қарағанда кеңірек, концептердің тақырыпқа байланысты бірнеше түрін ажыратып көрсетуге болады. «Жалпы этномәдениет үшін, осы лингвомәдениет шеңберіндегі белгілі бір топ үшін және сайып келгенде, жеке тұлға үшін маңызды психикалық білім бар», - деп жазады [26, 140-141]. Ғалым зерттеулерінде ұсынылған теория концепт қағидаларын қалыптастыру бағытында өзіндік рөл атқарады, яғни тілдік тұлға және дискурс ұғымдарына байланысты маңызды тұжырымдарымен ерекшеленеді.

З.Д. Попова мен И.А. Стерниннің еңбектерінде концептология «ядро және перифериялық принцип бойынша ұйымдастырылған және түсінікті құбылыстың барлық ерекшеліктерін көрсететін ғаламдық семантикалық бірлік» деп түсіндіріледі. Бұл концептология ғылымының масштабының ірілігін, көп өлшемін танытады. Ғалымдар концепт теориясының тиімділігі, икемділігі,

қозғалғыштығы, субъективтілігі сияқты танымдық постулаттардан бас тартады. Сонымен бірге, зерттеушілер концептологияның нысаны әртүрлі болуы мүмкін екенін мойындайды: гештальт, фреймдер, ұғымдар, идеялар және т.б. Концептологияның маңызды құрылымына ұтымды және эмоционалды, дерексіз және нақтылық кіреді деп есептеледі.

Бұл тәсілді бөлісетін зерттеушілердің еңбектерінде концептер мен объективті мағына, идея арасында теңдік белгі қойылады. Концепті осылайша түсінудің маңызы сөздің ең нәтижелі болып табылатын кең саласы бар деген ойды айқындай түседі.

Зерттеушілердің лингвокогнитивті және лингвомәдени концептердің үйлесімділігі туралы көзқарастары әртүрлі. В. И. Карасик бұл тәсілдер бір-бірін жоққа шығармайды деп санайды: «жеке адамның санасында ақыл-ой білімі ретінде қабылданатын концептер – қоғамның концептосферасына, яғни мәдениетке, ал мәдениет бірлігі ретіндегі концептер жеке адамның меншігіне айналатын ұжымдық тәжірибені бекітуге бағытталады. Ғалым Й.Наджиенің пайымдауынша, бұл тәсілдер жеке адамға қатысты векторлармен ерекшеленеді: лингвокогнитивті концептер жеке сана мәдениетке, ал лингвомәдени концептер – мәдениеттен жеке санаға бағытталады» [27,139].

В.В. Колесов: «Концепт грамматикалық түрде жалпыланған белгіні білдіретін атау түрінде ұсынылуы мүмкін» екенін жазады [28, 158].

«Әлемнің тілдік бейнесі» термині орыс тіл білімі арқылы қазақ ғылымына енген. Орыс ғалымы В.Н. Топоров еңбектерінен бастау алатын бұл зерттеу бағыты соңғы уақытта фольклорлық шығармаларды зерттеуде де жиі қолданыла бастаған еді. Соңғы уақытта әлемнің фольклорлық-тілдік бейнесі зерттеушілердің (Е.И. Алещенко, С.Ю. Аншакова, С.С. Воронцова, К.Г.Завалишина, Н.Ю. Моспанова, В.А. Черванева, Ю.М. Чуликов және т.б.) жіті назарында [29, 114].

Ертегілердегі сөздердің мағыналық дамуын танытуда мәселен, зерттеушілер С.Т. Аксаковтың «Алқызыл гүл» ертегісінде «күн» сөзі «қызыл» эпитетімен таңбаланады. Тіл тарихында бұл сөз «әдемі» деген мағынаны білдірген. Бірақ қазіргі балалар үшін бұл түсті білдіретін «қызыл» сөзінің синонимі т.б. Нәтижесінде әлемнің лингвистикалық бейнесінде күннің ғылыми түсініктерге қарағанда басқа түсі бар екені анықталды, мұнда Күн – ақ-сары жұлдыз. Бұл жердегі сөз мағынасында күннің батуы мен шыққан кезінде біз күнді қызыл сияқты көретінімізді тілге тиек етеді ғалым.

Халық әлем туралы танылған аңғал, қарапайым ақпаратты да, ғылыми ақпаратты да өз бетінше қабылдап, оларды өз бетінше салыстырып, қорытынды жасайды. Мұндай ой қорытындылары, негізінен, ертегілерде көрініс табады. Байқаған, өмірлік тәжірибе арқылы көздері жеткен білім ертегілерде айтылған. Ертегі – халықтық білім мен білік.

Кішкентай бала үшін, бастауыш сыныптарға баратын бала үшін айтылатын халық ертегілерінде әлемнің лингвистикалық және ғылыми бейнесі қатар өріліп отырады. Олардың арасындағы айырмашылықтарды ашуға толық

мүмкіндік бар. Әлемнің тілдік бейнесіндегі қарапайым пайым мен ғылыми пайым сөздердің лексикалық мағыналары көрінеді.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті әлемдік деңгейдегі ең бай үлгілердің санатына жатады. Қазақ ауыз әдебиетінде ертегілердің алуан түрлері бар және бұл мәселе ғылыми тұрғыдан да, тәжірибелік сипатта да XIX ғасырдан бастап зерттеліп келе жатыр. Қазақ ертегілерінің лингвистикалық ерекшелігі, тілтанымдық мәні, әлемнің тілдік бейнесі ретіндегі маңызы күні бүгінге дейін көп зерттеу нысанына айнала қоймаған.

1.2 Қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі ғылыми таным мен әлемнің тілдік бейнесі

Қазақ ертегілері – тінінде ұлттық дүниетанымның негізі мен жүйесі сақталған халық ауыз әдебиетінің басты жанрларының бірі.

Қазақ ертегілерінің қай-қайсысы болса да ұлтымыздың салты мен дәстүрінен, сенімі мен сезімінен, тыйымы мен ырымынан, күнделікті тірлігінен, қолданған материалдық игіліктерінен мол ақпар береді. Бір қарағанда, қазақ ертегілері көп шығарылып, молынан таратылып, жақсы насихатталып жатқандай болып көрінгенімен, өзге халықтардың өздерінің ертегілерін насихаттауымен салыстыра, салғастыра қарағанда, шешуге тиіс мәселенің әлі де болса көп екені анықталады.

Ертегілердің зерттеу нысанына айналуының ең басты қажеттілігі ретінде мынадай мәселелерді ерекше атап көрсету орынды:

- қазақ ертегілерін мектепке дейінгі балалардың құлағына сіңіру;
- бала тілінің дамуына, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға ететін ықпалы;
- сөздік қорын дамытудағы рөлі;
- түпсаналық ақпардың қалыптасуындағы маңызы;
- ұлттық дүниетанымның қалыптасуының бастауы болатыны.

Зерттеу нысанына айналып отырған тұрмыс-салтқа байланысты қазақ ертегілерінің тілдік табиғаты қазақ тіл білімінде кей салғастырмалы зерттеулердің ескермегенде, зерттеу нысанына әлі де толық айнала қоймаған. Саналы ұрпақ тәрбиелеп, Ұлы даланың толық адамын қалыптастыру бағытында еңбек ету үшін, қазақ ертегілерінің әлемнің тілдік бейнесі ретіндегі ерекшелігін, тілдік-танымдық сипатын зерделеудің маңызы ерекше. Ұрпақтан ұрпаққа тағылым құралы ретінде қызмет етіп келе жатқан қазақ ертегілері өскелең ұрпақты тәрбиелеуде әрқашан маңызды болып қала бермек. Жас баланың ой-өрісін дамытуға, оларды қиялына қанат бітіріп, сөз байлықтарының ұлттық дәстүрлі ойлау бағытына негізделе отырып жетілуіне ықпалы ерекше. Осылайша, ертегі баланың жан-жақты дамуына игі әсер етеді.

Ертегі – қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі, ұрпақтан-ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та, баланың ой

қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады.

Қазіргі әлеуметтік ғылым салаларында фольклорлық шығармаларға, соның ішінде ертегіге, оның танымдық сипатына ерекше назар аударылуда. Қазақ ертегілерін когнитивтік аспектіде зерттеудің маңыздылығы қазақ мәдениетінде соны жаңалық болып қабылданған 100 томдық «Бабалар сөзі» жинағының шығуымен де байланыстырылады.

Қазақ ертегілерінің қай-қайсысы да «Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде» деп басталады. Ертегілердің дүниетанымдық мәні алғашқы сөйлемдердің өзінен-ақ айқындала бастайды. «Ерте-ерте ертеде» деген тіркестің өзінің концептуалдық мәні – уақыт ширегінің кеңдігін айқындауымен де құнды.

Уақыт – әлемнің тілдік және ғылыми бейнесінің негізінде жатқан дерексіз ұғым және құбылыс. Уақыт ұғымы күрделі философиялық категория ретінде ғылымда кеңінен зерттелген. Көптеген ғалымдар мен философтар бұл құбылысты зерттеуде Платон тұжырымын ұстанды. Атақты философ Платон уақытты материалдық денелер мен үдерістерге тәуелсіз өмір сүретін қозғалатын мәңгіліктің бейнесі ретінде түсінді. Аристотель уақыттың болуы сана арқылы ғана мүмкін деп санайды.

И. Ньютон «Уақыт дегеніміз – өткеннен болашаққа дейінгі тәуелсіз ағын» деп жазған екен, ал Лейбниц өз жазбаларында «уақыт – қоршаған шындықты қабылдаудың субъективті тәсілі» деген. Уақыт құбылысының күрделілігі және оның әлем бейнесіндегі маңызды рөлі оның басқа ғылымдардағы көптеген түсіндірулердің пайда болуына себеп болды. Физикада зерттелген уақыт барысы мен оның қасиеттері адам баласының тілінде көрініс табады. Қазіргі ғылымда «лингвистикалық уақыт» деген термин бар. Лингвистикалық уақытты зерттеуші ғалымдар адамның осы құбылыс туралы күнделікті өмірден ғылыми білімге дейінгі білім кешенінің тілдік белгісі ретінде түсіндіреді. Мәселен, филология ғылымдарының кандидаты А. Гильмутдинова мен Н. Самаркина «Время. Лингвистический аспект» атты мақаласында уақыт мәселесі көне кезеңнен бастап адам баласының ойлауындағы маңызды мәселенің бірі болғанын жазады [30,58-60].

Т.И. Дешериева «лингвистикалық уақыт» категориясын функционалдық бағытта зерделеп, оны «совокупность способов выражения средствами языка сущности физического и философского аспектов рассматриваемой категории», - деп жазады [31,111-117.].

Кейінірек А.В. Бондарко бұл дилемманы шешеді, аспектуалдылықты әрекеттің «ішкі уақыты», яғни әрекеттің ағымы мен уақыт бойынша таралуының ішкі сипаттамасы, ал уақытша диалектикалық сипаты айқын «сыртқы уақыт» ретінде қарастырады. Лингвистикалық уақытты жан-жақты талдау мезгіл сипатының кешенді анықтамасын тануға әкелді. Ресей ғалымдары «линвистикалық уақыт» категориясын семантикалық категория ретінде таниды, «белгіленген жағдайларды және олардың элементтерін сөйлеушінің сөйлеу

сәтіне қатысты адамның уақытты қабылдауы мен түсінуін көрсетеді», - деп жазады [32,5].

Уақыт ұғымы кең және әртүрлі аспектілер тұрғысынан қарастырылады. Лингвистикалық уақыт мезгілдік мазмұнды тіл арқылы жеткізу тәсілдерін қамтиды. Тілдік уақыт күрделі және көп өлшемді. Уақытты жүйе ретінде түсіну үшін болған не болатын, не болып жатқан әрекеттің сипаты мен шындыққа қатынасына негізделеді. Ол әрекеттің:

- бір мезетте болуы;
- жалғасуы;
- бұрын болғаны.

Қазақ дүниетанымындағы уақыт ұғымы ертегілерде «ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен» – деген өлең жолдары арқылы беріліп, оқиғаның ұзақ уақыт бұрын болғанынан хабар береді. Осылайша ұзақ берілуінің де өзіндік мәні ашыла түседі.

Әлемнің тілдік бейнесі – халықтың қарапайым санасында тарихи қалыптасқан болмыстың көрінісін тілдік таңба арқылы сәулелендіре таңбалап, шындықтың танымда тұжырымдалған сипатын танытатын тәсіл. Шындық өмірдің танымдық белгілерін таңбалайтын әртүрлі тәсіл болуы мүмкін. Адам баласы өзінің түйгені мен түйсінгенін музыка әуені арқылы, сурет салу арқылы, би өнері, не сәулет өнерімен жеткізуі ықтимал. Соның ішіндегі негізгісі саналатыны әлем бейнесін тілдік таңбамен беру, сөйтіп қарым-қатынас жасаудың басты құралы тілдік таңба болып қалып отыр.

Қазіргі әлемдік тіл білімінде әлемнің тілдік бейнесі туралы зерттеулер молынан саналады. Солардың бәрі дерлік негізгі теориялық бастауын тілдің ішкі формасы туралы жазылған алғашқы ғылыми зерттеу саналатын неміс ғалымы В.фон Гумбольдт пен неогумбольдтшылдардың (Вайсгербер және т.б.) идеяларынан бастау алса, екінші жағынан американдық этнолингвистика идеяларынан, яки Эдуард Сепир мен Бенджамин Уорфтың лингвистикалық салыстырмалылық туралы болжамымен байланысты да түсіндіреді.

Кейінгі жылдардағы әлем бейнесін қабылдау мен оны тілде таңбалаудың, яғни әлемнің тілдік бейнесін айқындаудың тәсілдері академик Ю.Д. Апресян зерттеулері арқылы ғылыми жағынан терең талданды. Ғалымның пайымдауынша, тілдік таңбада берілетін мағына әртүрлі көзқарастар мен пікірлер жүйесінің бірлігі ретінде қалыптасады да, белгілі бір ұжымның (халықтық тілдің, ұлттық тілдің) ортақ философиясы ретінде танылады. Осы ғылыми пікірді негізге алар болсақ, онда қазақ ертегілерінің де ішкі философиясын терең тануға мүмкіндік аламыз.

Мәселен, қысқа ғана айтылатын «Байлық пен ақыл» ертегісін талдап көрелік:

Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап алып:
- Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы байлығына сай болса, сол мұрагерім болады. Әрқайсысың маған байлықтарың мен ақылдылықтарыңды көрсетулерің керек,- дейді.
Үлкен ұлы асыл тас салған жүзігінің көзін көрсетіп:

- Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды, – дейді.
Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:
- Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді,- дейді.
Үшінші ұлы күміспен және алтынмен апталған белдігін буынады да:
- Мұндай белдікті ешкім, ешқашан буынып көрген емес, – дейді.
Әкесі үлкен балаларына қарап, басын шайқайды да, ең кіші ұлына бұрылып:
- Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? – дейді.
Сонда кенжесі:
- Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, алтын-күміспен апталған белдік те жоқ. Тек жұмысқа жарамды екі қолым бар, қайрат-жігерге толы жүрегім бар,- дейді.
Шалға кенже баласының тапқыр да ойлы сөзі ұнайды.
- Жұмыс істей білген адам жұтамайды, – деп, өзінің кенже ұлын үй шаруасын басқаруға мұрагерлікке атайды.

Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпай, талабын орындауды өсиет етеді.

Бұл ертегінің мән-мағынасы терең. Өмірде болып жататын ірілі-ұсақты әрекеттер мен адам бойындағы қасиеттерді санамалап көрсетпейді, жиынтық дүниетаным жасалады. Алдымен, Шал – өмірдің ащысы мен тұщысын татқан ақылды қарт. Төрт баланың ішінен шаңыраққа ие болар, мұрагер баланы тану – әкенің басты мақсаты. Ата-ана үшін баланың жаманы жоқ, ал артықшылығы жиған білімі мен ақылында ғана. Қазақ халқының дүниетанымында «байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес» деген көнеден келе жатқан тәмсіл бар. Осы дүниетаным ертегінің өн бойында тағы да көрініс тапқандығын аңғарамыз. Шал үшін *асыл тас салған жүзігінің көзінен, асыл киімдерден, күміспен және алтынмен апталған белдіктен жұмысқа жарамды екі қол мен қайрат-жігерге толы жүрек құндырақ.* Ертегіні тыңдап отырған балаға да, жалпы тыңдарман мен оқырманға да дала философиясының басты айтары осы. Ертегінің айтар ойы ұлттық болмысты, ұлттық дүниетанымды айқындайды, сөйтіп өмірдегі шындықты тұжырымдап, тілдік бірліктер арқылы ұлттық призмада танытады. Ертегіде берілетін әлемнің тілдік бейнесі «қарапайым», мұнда сұлу пейзаж, көркем суреттеу, портрет айтылмайды. Негізінен ертегінің тыңдаушысы балалар. Сондықтан тыңдаушы балаға қызықты және түсінікті, жалықтырмайтын болуы маңызды. Ертегінің қысқа да нұсқа болатыны да сондықтан. Айтылған ертегідегі ой мен тілдік таңба арқылы берілетін мағына әртүрлі көзқарастар мен пікірлер жүйесінің бірлігі, ұлттық тіл арқылы берілетін халықтың ортақ философиясы. Бұл кез келген ұлттық тілде болатын әлемнің қарапайым тілдік бейнесі, өйткені, ертегілерде берілетін мәтіннің сипаты ғылыми бағалау мен көркем әдеби суреттеуде өзгеше.

Ғалымдардың пайымдауынша, (Ю.Д. Апресян, Н.Д. Арутюнова, А.Вежбицкая, А.Зализняк, И.Б.Левонтина, Е.В.Рахилина, Е.В.Урысон, А.Д.Шмелев, Е.С. Яковлева) әлемнің тілдік бейнесі табиғи тілде әлемнің қабылдануы мен түсінігі.

Әлемнің лингвистикалық бейнесін талдауда ертегі дискурсында қолданылатын сөздердің терең мағынасы мен қолданыстағы прагматикасына назар аудару маңызды.

Тұрмыс-салт ертегілеріне жататын «Ғажайып бақ» ертегісі өзінің сюжеті мен композициясы жағынан өзгеше. Ертегі арқауы Асан мен Қасен деген екі достың, екі кедей кісінің тіршілігіне арналған. Тіршілік тауқыметі бастарына түскенде достығын сатпай, бір-біріне көмектесіп, жерінің жартысын егін егуге бөліп беріп көмек етеді. Кейін Асанның сұлу қызы мен Қасеннің қайратты ұлы көңіл қосып үй болады. Ертегінің түйінді тұсы – Асан бөліп берген жерден Қасеннің бір қазан алтын тауып алуынан басталады. Алтынды Асанға әкеледі. Асан алғысы келмей, балаларын үйлендіріп, солар жақсы ғұмыр кешсін «тым болмаса, балаларымыз кіріптар болмасын» деп береді. Алайда «Біз алтынсыз да баймыз. Сүйіп қосылған екі көңілден артық дүниеде қазына бар ма?» – деп қазан толы алтынды алудан балалары да бас тартады [4,168]. Бұл беріліп отырған сөйлем мазмұнында қазақ дүниетанымы анық аңғарылады. Алтын мен аса байлыққа қызыға қоймайтын қазақ баласының көңілі «тым болмаса, балаларымыз кіріптар болмасын» сөйлемі арқылы берілген. «Тым болмаса балам оқысын, балам ішсін, балам жесін» деген пейіл дала халқына тән тілдік қолданыс. Осы дәстүр мен тәрбие сіңген балаларға да қазан толы алтыннан гөрі сүйіп қосылған көңіл-қазынасы артық болады. Бұл тағылымды ойды бүгінгі прагматикалық санаға бекіген балаларға оқу, үйрету, тәрбиелеудің де маңызы ерекше.

Қазан толы алтынды не істерін білмей аңтарылған екі кісі дана қартқа келіп ақыл сұрайды. Дана қарттың кіші шәкірті далада гүл жайнаған бақ өсіруді ұсынады. Дана қарт осы ұсыныстқабыл алып, шәкіртін ең жақсы тұқымдарды алып келу үшін қалаға жұмсайды. Бала шәкірт бүкіл ақшасын патшаға тамақ жасау үшін әкетіп бара жатқан құстарды құтқаруға жұмсайды да, ұстазына апарар ағаш тұқымын ала алмай: «Басқа біреудің қазынасын өзімнің ойыма келген нәрсеге жұмсағаным қалай болды? Кем-кетіктер үшін бақ егем өзім емес пе едім, ұстазыма, мені тұқым әкеледі деп күтіп отырған аққөңіл адамдарға не деймін деп ойлайды». Көз жасын көлдетіп, ұйықтап қалады. Жігіт түс көреді. Түсінде тамылжыған әсем әуенмен:

- Уа, кең пейіл жас жігіт! Сен көп қайғырып налыма; Еркін құстардың саған беретін алтыны жоқ. Бірақ сенің жақсылығыңды басқа жолмен қайырар. Ұйқыңнан оянып, жан-жағыңа қарашы! Көзіңнің жасы тыйылмас па екен? [4, 170].

Ояна келе жан-жағына қараса, кең далада қаптаған құстар, аяғымен жер шұқып, аузындағы дәндерді сол шұңқырға салып, қанаттарымен топырақты сыпырып көміп жатады. Қас қаққанша болмай, ағаш бұтақтарына жайнаған гүлдер өсіп шығады да, сәлден соң, қып-қызыл алмалар өсіп шығады.

Мұндағы ғылыми таным – құстардың ағаш жидегімен қоректену барысында, олардың дәнін тасымалдаушы болатынында. Құстар арқылы дән тасымалданып, топыраққа еніп шығу мүмкіндігін ғылым жоққа шығармайды.

Демек, ұзақ жылғы тәжірибенің ертегіде көрінуінің ғылыми негізі бар, ғылыми таным бар деп бағалауға болады.

Жануарлар дүниесін, құстар дүниесін зерттеуші ғалымдар олардың адам баласы жасаған жақсылықтарға өздерінше жауап бере алатынын да жоққа шығармайды. Мұндай тылсым туралы дерек көп.

Ертегі ішіндегі қазақы түсінік анық аңғарылатын мұндай мәтіндерді терең зерделеудің де маңызы ерекше. «Жақсылық қылсаң, өзің үшін, жамандық қылсаң, өзің үшін» деген тәмсіл қалыптастырған қазақ халқында еткен жақсылық ешқашан далаға кетпейді. 500 ділдә үшін ханның соғымына кетіп бара жатқан құстарды босатқандағы көрініс ертегіде былай суреттеледі: «Бұғаудан босанған құстар тобымен аспанға көтеріледі. Керуеннің әкеле жатқан құстары тым көп екен. Олар жапырлай ұшқанда, күннің көзін бүркеп, қанаттарынан ескен жел дауылға айналады».

«Қуанышы қойнына сыймай, аяғы жерге тимей әндетіп келе жатады» – бұл құстарға бостандық сыйлаған жігіттің шын қуанышы. Әлемнің тілдік бейнесін барынша шындыққа жақындата суреттеу дегеннің бір көрінісі осы. Таныс немесе бейтаныс адамға жақсылық жасау, бақытына қол жеткізу, еркіндік сыйлау – бұл шын қуаныш. Ұлы далалықтар үшін, еркіндік – өмірдің мәні, ең маңызды факторы. Аспанда еркін самғаған құсқа еркіндік сыйлаудың қандай қуаныш сыйлайтыны, шәкірт баланың «қуанышы қойнына сыймай, аяғы жерге тимей, әндетіп» деген фразеологиялық бірліктермен берілуі тыңдаушыны сендіреді.

Романтикалық көңіл күйде келе жатқан баланың сәттік қуанышы мен өзіне тұқым әкеледі деп сеніп отырған адамдардың сенімінен шыға алмай қалатыны еске түскендегі сезімі бір-біріне оппозициялық қарым-қатынаста әдемі сипатталған. «Бірақ ауылына жақындаған сайын, көңіліне уайым кіріп, істеген ісіне өкініп, қайғыра береді». Жаңа ғана қуаныштан аяғы жерге тимей, әндетіп келе жатқан шәкірт, енді өкініп қайғыра береді. Екі сезімге де орын бар, себеп бар. Ертегінің балаға әсер ететін осындай тұстарында оппозициялық мән беретін «қуанышы қойнына сыймай, аяғы жерге тимей, әндетіп» және «көңіліне уайым кіріп, істеген ісіне өкініп, қайғыра береді» деген тіркестердің қолданысына да мән беру орынды.

«Ғажайып бақ» ертегісі гуманистік идеяға құрылған. Шәкірт баланың құстарды құтқаруы – үлкен адамгершілік іс. Әлемнің тілдік бейнесінің ғылыми түсінігінде құстар жидек тәнін тасымалдап, олардың таралуына дәнекер болатыны да дәлелденген. Құстар еккен бақ құлазыған жапанда ғажайып баққа айналады. Бір қызығы, ертегі сюжетінде бұл баққа ақсүйек байлар келсе, алдарынан темір қақпалы үлкен дуал пайда болады да, олардың қолдары алмаға жетпейді. Ал олардың артынан баққа жеткен кедейлерге жол ашылады, қақпа құлпы босайды, есік айқара ашылады. Бақ ішіне сыймай кеткен кемпір шал мен балашаға, әйел-еркек жапырақтарды таптап жүрсе де, жапырақтар солмайды, бұтақтар сынбайды, қайта көтеріліп, жайқала береді.

Қазақ тілінің әлем бейнесінде қарапайым сөзбен тұлғаланатын ғылыми шындықтар мол кездеседі.

«Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген ертегінің де берер өнегесі мол. Ертегінің «*Бұрынғы өткен заманда бір хан өзінің қол астындағы халқына жар салады*» деп басталуы уақыты пен кеңістіктің белгісіздігін көрсету үшін қолданылған. Хан «Кімде-кімнің әкесінің жасы 60-тан асқан болса, ол шалды айдалаға апарып тастау керек» деген жарлық шығарады. Жұрттың бәрі еліріп, хан жарлығын орындау үшін, шалдарды елсіз жерге апарып тастайды, дарияға тастайды. «Бір баланың да әкесінің жасы алпыстан асқан екен» [4,172] деп айтылады. Байқап отырғанымыздай, жоғары қарастырылған ертегіде кісі аттары аталса, бұл ертегіде нақты кісі аты да аталмайды. Мұндай уақыт пен субъектінің белгісіз болуы ертегілер үшін басты белгілердің бірі. Бала алпысқа келсе де ширақ әкесін арқалап, таудан асып, терең дарияның жағасына апарып, бір тастың үстіне отырғызып, өзі де дем алуға отырғанда, әкесі күледі.

Одан әрі ертегінің өрбуінде өзіндік эволюция басталады. Ақсақал осыдан отыз жыл бұрын өз әкесін тура осы тастың үстіне әкеп, жылатып тастап кеткен екен. Енді отыз жылдан кейін тура осы оқиға баланың да басына келуі мүмкін екенін әкесі жайбарақат отырып, баласына әңгімелейді. Қазақ дүниетанымындағы «ата-анаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген әпсанаға сәйкес келетін бұл ертегінің тұжырымында «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген мақалдың төркінін аша түседі.

Ертегіде үлкеннен ақыл сұрау идеясы өмір сүру үшін күрестегі қажеттіліктерден туындаған. Жорыққа шыққан әскердің суы таусылып, шөлдейді. Ақырында хан: «Су тапқан адамға мың ділдә алтын беремін» деуге мәжбүр болады. Бала шалдың айтқан ақылын тыңдап, өгізді босатқанда, суы бар жерді өгіз сезіп, бір жерді сүзе құлайды, сол жерді қазса, су шығады. Теңіз түбінде жылтыраған екі гауһар тасты алудың жолын да шал айтады. Гауһар тас теңіз түбінен көрінбесе керек. Ол су жағасында өсіп тұрған ағаштағы құс ұясында тұрған тастың көлеңкесі болуы мүмкін екенін де шал көкірек көзімен табады. Ертегідегі шалдың тәлімгерлік рөлінің маңызын тану және одан тағылым алудың мәні мол.

Ертегідегі белгісіз уақыт факторын өзгертіп, оны бүгінгі күннің сипатына өзгертер болсақ та, осындай мәселенің бар екенін таныр едік. Ата-аналарын мемлекеттің қарауындағы қарттар үйіне тапсырып жатқан баланың санасында осындай ертегідегі ақпарат жетпей қалғандай, ертегіні тыңдамағандай. Ертегілер бүгінде адам баласының басты тәлімгеріне айналуы тиіс. Өйткені онда тарихи, мәдени, және әлеуметтік тәжірибелердің нәрі бар. Ертегілерде қоршаған орта туралы, адами болмыс пен сананың парқы мен нарқы туралы халық даналығы жатыр. Қазақ ертегілерінде қазақ баласы үшін басым болатын негізгі құндылықтар мол кездеседі.

Бұл құндылықтар тек дәстүр мен салтқа қатысты ұғымдар емес, сонымен бірге ұлттық ділді айқындайтын басты белгілер де.

«Алпысқа келгеннен ақыл сұра» ертегісінде үлкендерге өлім сепкен хан мен ақылды қарттық арасындағы оппозициялық қарым-қатынас бар. Ақылдылық пен даналық қара күшке қарсы төтеп бере алмайды. Тек тіршілік үшін күресте кездесетін нақты әрекетте ғана оның орны мен қажеттілігі анық

көрінеді. Яки, әлемді танып, сол арқылы тәжірибе түйген білім – әлемнің тілдік бейнесі – алпысқа келген ақсақалда мол, көргені де, түйгені де көп.

В.А. Маслова «Лингвокультурология» атты еңбегінде «Если мир – это человек и среда в их взаимодействии, то картина мира – результет переработки информации о среде и человеке», – деп жазады [33, 208]. Сондықтан «әлемнің тілдік бейнесі» деген терминді әдетте лингвомәдени аспектіден қараудың негізділігі бар. Ертегі арқылы танылатын әлемнің тілдік бейнесінде шалдың білігінің арқасында барлық шалдар өмір сүруге мүмкіндік алады. «Кәріні сақтау керек» деп қайтадан елге жарлық таратылады. Сөйтіп жақсылық жеңеді.

Ертегідегі ғылыми шындық бірнеше жерден байқалады: кез келген сыйыр не жылқы, түйе малы судың жақын жерін тез таба алатыны – бұл жылдар бойы қалыптасқан тәжірибеден туған тағылым. Немесе теңіз астында жатқан тас су бетінен көріне алмайды, тек суға шағылысып тұрған жоғарыда тұрған асыл тастың болу мүмкіндігі. Мұндай болмысты танудың тағылымды іздері қазақ халқында кеңінен сақталып, мақал-мәтелдерде, ырым мен тыйым сөздерде көп сақталған. Ертегілердегі әлемнің қарапайым немесе аңғал тілдік бейнесі осындай халықтық дүниетанымға, тылсым күштердің ғылыми түсініктеріне жатпайтын сипатын тануға арналған ақпараттарымен де құнды. Әлемнің қарапайым (аңғал) тілдік бейнесінің әлемнің ғылыми тілдік бейнесінен басты айырмашылығы – олардың бастапқылығы, барынша тәжірибеге сүйенетіндігі, ойдың еркіндігі мен ашықтығы болса керек.

«Алпысқа келгеннен ақыл сұра» ертегісімен үндес «Қарттың ұлына өсиеті» деген ертегі. Қысқа болса да, сөзі нұсқа боларлық ертегінің басы әдеттегідей «ерте, ерте, ертеде» деп басталмайды. Мұның да өзіндік мәні бар деп есептейміз. Өйткені айтылар өсиет өскелең әрі мәнді, онда мекеншақтық (М. Бахтиннің «хронотоп» терминінің Б. Майтанов жасаған аударма-баламасы) сипат мәнсіз. Тілдік сана мен әлемнің тілдік бейнесі адам дамуының мәдени және тарихи дамуындағы барлық үдерістерді жүргізіп, жүйелеп отырады. Ойлау нәтижесі ретінде танылатын тіл адам баласының санасындағы тәжірибе арқылы жинақталған ақпараттарды негіздеп, жүйелеп отырады. Міне, осы реттен де өсиет – ол қашан да өсиет. Бәлкім, содан да ертегі былай басталып кетеді: «Бір бай өлер уақытында ұлын шақырып алып: Ұлым, мен өлген соң жұма сайын қыз алып, қала сайын үй сал. Ас жесең, бал же».

Ұлы дүниеден өткен әкесінің өсиетін орындамақ болып, бар малын шашып, апта сайын, қыз алып, қала сайын үй салуға, бал жеуге кіріседі. Аздан соң, бүкіл малын тауысып, ақшасын бітіреді. Енді не істерін білмей отырғанда оның жанына бір жақтан тағы да шал келіп амандасып, хал-жағдайын сұрап, сұрастырып, істің түйінін шешіп береді. Көпті көрген қария байдың өсиетін былайша шешкен екен: «Жұма сайын қыз ал дегені – әйеліңмен сыйлас бол, қадіріңді кетірме, сонда ғұмыр бойы тату-тәтті өмір сүресің – дегені». «Қала салсаң – үй сал дегені – қала сайын достарың болсын, барғанда түсетін», «еңбек етсең, ас ішсең, балдан тәтті болады», – дегені деп айтып, жөніне жүре береді.

Өсиеттің өресін тани алмаған жас қандай, өсиеттің мәнін қарапайым әрі түсінікті тани білген қарт қандай? Әлемнің тілдік бейнесі лексемалар мен сөз

тіркесі, фразеологиялық бірліктер арқылы көрініс табады. Мәселен, осы ертегіде байдың баласы өлген әкесін кінәлай сөйлеп «Менің атам бай еді, сол атамның өлер алдындағы айтқан өсиетін орындаймын деп, кедей болдым» дейді. Осы сөйлемде қолданылып тұрған лексемаларға назар аударалық.

Атам бай еді – өткен шақ тұлғасында тұрған жай сөйлем. Негізгі предикатив – бай еді. Екінші сөйлем «сол атамның өлер алдындағы айтқан өсиетін орындаймын деп» – ауыспалы өткен шақтық мағынада тұр. Мұнда өлген атасын кінәлау басым. Кедей болдым – жедел өткен шақ сипатындағы сөйлем бірінші жай сөйлемге оппозиция құрайды. Атам бай еді – мен кедей болдым. Ал кедейлігінің себебін өзінен емес, өсиеттен іздейді – «сол атамның өлер алдындағы айтқан өсиетін орындаймын деп».

Ал қария сөз төркінін оның сыртқы формасынан емес, ішкі мазмұнынан, терең мәнінен іздейді. Байдың айтқан өсиетінің өрелігін тану үшін де биік өре керектігі ертегіде жақсы меңзелген. Жаныңдағы жарыңды жаңа танысқандай сыйласаң, қадірің артатынын білу үшін, адам баласының жан дүниесін түсіну, тану керек болады. Ғасырлар бойында танылған далалық даналық ілім әлемге ерекше көзқараспен қараудың өзіндік феномендік үлгісін қалыптастырған. Мұнда өзіндік мінез, өзіндік таным, өзіндік діл бар. Осындай ертегілерде берілетін әлемнің тілдік бейнесі арқылы әлемнің ұлттық бейнесі қалыптасатыны анық.

Сонда қарттың өсиеті де, оның шешімі де – жаныңдағы жақсыны бағала, бағасын таны да біл. Әр қалада достарың болса, барар жерің де көп. Яғни екі ертегідегі ортақ мән – көпті көрген қарияның бойындағы дариядай білім мен білік. Қазыналы картты бағалау. Қарт қазынасы – оның мол тәжірибеден жиғаны, көргені.

Ұлттық менталитетті зерттеген Г.Д. Гачев өзінің «Национальные образы мира» атты еңбегінде «ұлттық бүтіндік» деген ұғымды енгізген. Мұнда автор ұлт табиғатының бірлігі мен тұтастығын халықтың ұлттық мінезіне байланысты деп байлам жасайды. Халықтың бірлігі ойлауындағы, санасындағы ерекшелігімен байланысты деп есептейді [34, 61].

А.Б. Салқынбай өзінің «Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар» атты зерттеуінде «ұлттық тұтастық» терминін енгізіп, оны былайша түсіндіреді:

«Ұлттық тұтастық негізінде мемлекет атауы аталады, адамдар өздерінің қай ұлтқа жататынын туғанынан танып-біліп өседі. Ұлттық тұтастықты бағалаудың негізгі параметрлерін былайша жүйелеп көрсетуге болар еді:

1) биологиялық немесе тектік тұтастық;
2) тілдік тұтастық;
3) дәстүр тұтастығы;
4) әлеуметтік-мәдени танымдық тұтастық;
5) саяси-құқықтық тұтастық» [35, 7].

Ертегілерде көрінетін әлемнің тілдік бейнесі арқылы ұлттық тұтастықтың белгісі көрінеді. Өйткені ұлттық тұтастық ертегілерде көрініс беретін ұлттық мінезден, ұлттық ділден, ойлаудан тұрады.

Қазақ дүниетанымында «ақыл – жастан, асыл – тастан» деген мақал қалыптасқан. Осы мақалдың дұрыстығының айғағын көптеген қазақ халық ертегілерінен анық көруге болады.

Атақты философ М. Хайдеггер ғылыми зерттеуінде әлем бейнесінің анықтамасын ұсынған. Онда философ «бейне» дегеннің өзін, ең алдымен, белгілі бір заттың не құбылыстың адам танымындағы суреті екенін талдай келе, әлем бейнесі дегенде оның сурет түріндегі адам танымындағы түсінігін түсінетімізді тілге тиек етеді [36, 106].

Шынында да, әлем бейнесін әр ұлт өз түсінігінше қабылдайтыны анық. Сондықтан да қазақ ертегілерінің сөз саптауында әлем бейнесінің ұлттық дүниетанымдық көрінісі айқын таңбаланады. Тұрмыс-салт ертегілерінде халқымыздың кеңістік пен уақытқа байланысты түсініктері, адам баласының бойындағы, мінезіндегі жақсы, жаман, оң, теріс қасиеттері нақты кейіпкерлердің әрекеттері, істері, сөздері арқылы көрініп, тарихи қалыптасқан тәжірибеден әбден өткен ақпарат ретінде әлемнің тілдік белгілері арқылы таңбаланып отырады. Ертегілердегі тұжырымды ойлар қазақ мақалдары мен мәтелдері, нақыл сөздері арқылы тиянақталып, халық санасында дәріптеледі. Әлемнің тілдік бейнесі ретінде метафора сөйлеу процесінде ойды жеткізудің құралы болып коммуникативтік қызмет атқарады. Коммуникативтік қызметі арқылы оның когнитивтік қызметі де ерекше көзге түседі.

1.3 Тұрмыс-салт ертегілері: рефлексия және бағалау

Рефлексия оқушыларға берілетін білімнің мақсатын айқындау үшін, білім беру жолын белгілеу үшін пайдаланылады. Рефлексия ұғымын ғылымға Пьер Тейяр де Шарден енгізген. Латын тіліндегі мағынасы (лат. *reflexio* – кейінге қаралу, назар аудару Пьер Тейяр де Шарденнің айтуынша, рефлексия – адамдарды хайуандардан айыратын басты белгі, соның арқасында адам тек қана белгісіз бір нәрсені біліп қоймай, сонымен қатар сол «білімін білуді» түсіндіреді.

Ертегінің басты мақсаты – баланың санасына дәстүрлі ақпаратты сіңіру, яки ата-бабадан келе жатқан діл мен дәстүрді, рухани болмысты жеткізу. Ал ертегіні рефлексия арқылы анықтау барысында біз осы ұлттық салт пен дәстүрді, мінезді, рухани құндылықтарды айқындауға, ұмытылғанын еске түсіруге, зерделеуге, талдауға, аксиологиялық тұрғыдан бағалауға ұмтыламыз.

Ғылыми зерттеулерде көрсетілгендей, рефлексияның бірнеше түрлері бар екені белгілі. Л.В. Тараканова «Виды и формы, основные функции рефлексии» атты еңбегінде мынадай түрлерін көрсетеді:

• тұлғалық – өзіндік «Мені» мен өзіндік санаға қол жеткізу;

• коммуникативті – басқа адамдармен қарым-қатынасты талдау;

• кооперативтік – ортақ мақсатқа жету үшін бірлескен іс-әрекетті түсіну;

• интеллектуалдық – тұлғаның білімі, іскерлігі мен дағдысы, оларды қолдану салалары мен әдістері туралы;

• әлеуметтік рефлексия – басқа адамдар оны қалай қабылдайтыны туралы ойы, адамның күйі;

• кәсіби – мансап сатысында көтерілуін бақылауы;
• сабақта алынған материалды жақсы меңгеруге мүмкіндік беретін тәрбие;
• ғылыми – адамның ғылымға байланысты білімі мен дағдыларын түсіну;
• экзистенциалды, өмірдің мәні туралы ойлау;
• саногендік – жеке тұлғаның эмоционалдық жағдайын бақылау. Саногендік ойлау жүйесі рефлексиялық тәсіл арқылы адам санасын жетілдіру, дамыту, бақылау, басқаруды қамтамасыз етеді [37, 15].

Зерттеуші көрсетіп отырған рефлексия түрлерінің біразы күнделікті ертегі тыңдау барысында бала санасына да, ересек санасына да әсер ететін рефлексиялар екені анық.

«Балаларды өз бетімен құмарландыратын, ынталандырып, ықыласын арттыратын сабақ, балаларға ана тілінде қарапайым тілмен қызықты ұғындырылса, әңгімелер мен ертегілер, мысалдар мен өлеңдер орынды пайдаланылса, олардың білім алуға деген қызығушылығы арта түседі» – деп жазған атақты ағартушымыз Ы. Алтынсарин. Балаға кішкентай кезінен бастап ертегі тыңдатудың ар жағында тәрбиелеу рефлексиясы жататыны анық. Балалар бақшасынан бастап баланы үйрету, тәрбиелеу және жан-жақты дамыту ісін әрқашан жетілдіріп отыру қазіргі кезде жақсы жолға қойылғаны белгілі. Бұл жайында мектепке дейінгі білім беру заңдарында да айқындалған.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына ертегілердің де атқарар рөлі мен қосары мол. Қазақстан Республикасында қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде әртүрлі оң өзгерістер мен жаңалықтар болып жатыр. Әлемдік білім беру тәжірибелеріндегі әр алуан ғылыми және практикалық жаңалықтарды пайдаланып, баланың жеке тұлға ретінде дамуының өзіндік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерделеудің де маңызы бар. Ертегілер арқылы ұлттық тұрғыдан тәрбиелеудің маңызы күн сайын артып келе жатқанына дау жоқ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» туралы мемлекеттің білім беру жүйесінің негізгі ұстанымы ретінде аталып көрсетілген. Мемлекетіміздің болашағы ұлтымыздың, әсіресе, балалардың, оқушылардың білім деңгейімен, ғылымға деген талпынысымен анықталатындықтан, білім жүйесін әрқашан тиімді етіп дамыта беру қажеттілігі өзекті мәселе болып қала бермек.

Бұл тұрғыда рефлексияның «тұлғалық – өзіндік «мені» мен өзіндік санаға қол жеткізуі; интеллектуалдық – тұлғаның білімі, іскерлігі мен дағдысы, оларды қолдану салалары мен әдістері туралы; әлеуметтік рефлексия – басқа адамдар оны қалай қабылдайтыны туралы ойы, адамның күйі; экзистенциалды, өмірдің мәні туралы ойлау түрлеріне бағыттай оқытудың маңызы ерекше. Соның ішінде қазіргі уақытта танымдық, яки когнитологиялық бағытта оқыту үшін ертегілердің берер ақпараты мол екені анық.

М. Хайдеггер зерттеу еңбегінде жазғандай, әлем бейнесі кеңістіктік, уақыттық, сандық, этикалық және т.б. параметрлер арқылы көрініс беруі

мүмкін. Олардың қалыптасуына тіл, салт-дәстүр, табиғат, жер-тарап, тәрбие, оқыту және басқа да әлеуметтік факторлар әсер етеді» [36, 106].

Зерттеу нысаны болып отырған қазақ ертегілерінің әлем бейнесіндегі ерекшелігін анықтау үшін, Хайдеггер еңбектерінде анықталғандай, мынадай екі негізге сүйенеміз:

1) қазақ халқының дүниені тану қызметінің негізі саналатын әлемнің бейнесін қабылдауы, ұғынуы, танылған зат не құбылысты шындық болмыс ретінде түсінуі;

2) танылған зат пен құбылысты рефлексия барысында қайта зерделеу, өзінің саналық қабылдауына сәйкес эмоциялық сипат беру, мінез-құлқы мен өзіндік құндылықтарын сіңіру.

Мәселен, қазақтың атақты «Ер Төстік» ертегісінің басты маңызы – қазақ өмірінің айқын көрінісі болуында, яғни материалдық және рухани мәдениетінің айқын да нақты көрініс беруінде. Ертегінің ерекшелігі де осы оның мазмұны арқылы берілетін ақпаратты молдығымен сипатталады. Ғалымдар бұл ертегінің қиял-ғажайып ертегісіне жатқызады, дей тұрғанмен бұл ертегіде қазақы құндылықтар саналатын салт пен тұрмыстық мәні бар ұғымдар мол кездеседі. Сондықтан Ер Төстік ертегісін ғалымдар тұрмыс-салт ертегісі ретінде де қарастырады.

Қазақ дүниетанымындағы басты құндылықтың бірі – отбасы, отбасын құру, отбасын сақтау. Ер Төстік ертегісінде Ерназар мен оның әйелі, сегіз ұлы – үлкен отбасы. Екіншіден, Төстік үшін маңызды нәрсе – ағаларын іздеу және табу. Анасынан шындықты білген үйдің кенже баласы ағаларын іздеуге шығады. Бірақ, ең алдымен, ата-анасының жағдайын ойлап, олардың ішер асын, тамағын дайындап беріп барып, жолға шығады: «Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап үйіп береді де, жолға шығады». Ертегіде берілген бір ғана сөйлемдегі ойға ерекше мән беру қажет деп есептейміз. Ата-ананың қажетін қамтамасыз ету – баланың басты парызы саналған дала заңының көрінісі. «Ер Төстік» ертегісіндегі тұрмыс-салттық сипаттың мағыналы да мәнді сипаты сол екенін ескере отырып, бұл ертегінің тұрмыс-салт ертегісі ретінде де талдауға болар еді деп есептейміз.

Кішкентайынан садақ тартып үйренген бала, «тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, шал әкесі мен кемпір шешесін асырайды».

Ертегінің мәдениет феномені болуының сыры да осындай аз сөзбен көп мән-мағына беруінде. Аталған бір сөйлемнің ақпараттық күші мол. Ертегідегі отбасылық тәрбиенің маңызы осы сөйлем арқылы берілген. *«Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап үйіп береді де, жолға шығады»* деген сөйлемнің ертегідегі функционалдық қызметі ерекше. Мұндағы «кемпір-шал» сөзі ауызекі тілде ертеден белсенді қолданыстағы сөз. Ертегінің өзіндік стиліне тән қарапайым қолданыс. Зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Е.Г.Тихомирова «Сказка: рефлексия культурного опыта и инкультурационная модель» атты мақаласында «Специфической особенностью сказок выступает незамысловатость сюжета и простота лингвистических приемов – текст должен

быть доступен любому» – деп жазады [38]. Яғни, ертегідегі қолданылатын әр сөз кез келген сол тілде сөйлейтін сөйлеуші мен тыңдаушыға түсінікті қарапайым болы тиіс.

«Аң мен құстың етін қақтап, үйіп беру» тіркесінің беретін ақпараты да қазақ даласының тұрмысы мен тіршілігінен алынған табиғи қатынас.

Ертегідегі басты сюжет те, негізгі арқау да – өмірдің мәні саналатын отбасын сақтау. Қазақ болмысының маңызды мәдени доминанты болғандықтан, тұлғаның әлемге қарым-қатынасын анықтайтын рефлективті мәннің сөзде көрінуі деп есептейміз.

«*Беліне садағын байлап, қолына темір таяқ алады. Аяғына темір етік киеді. Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да – садағы, азығы да – садағы, жолында кез келген аңды атып жеп отырады.* Рефлексиялық аспектіден талдасақ, көрсетілген мәнмәтінде ертегіде қарастырылып отырған субъектінің, яки Ер Төстіктің жеке өзіне тән, өзі жасаған әрекеттері нақты көрініс тапқан. *Беліне садағын байлап, қолына темір таяқ алады* – деген сөйлемде берілетін ақпараттың қазақ дүниетанымы мен тіршілігін тануда маңызы мен мәні ерекше мол. Ертегінің қиял-ғажайыптық сипатына қарамастан, мұнда шындық бар. Қазақ ер-азаматы, әсіресе жолға шыққан жігіт қолына садақ алады. Бұл қазақ дүниетанымындағы ер қаруы бес қарудың бірі. Қолына темір таяқ алды деудің де астарына үңілер болсақ, темірді алғаш игерген, темірдің қасиетін білген дала мәдениеті екені анық көрінер еді.

Сонымен бірге садақ ұғымы көшпенділер мәдениетінің ажырамас бірлігі, ер қаруы бес қарудың бірі, ер азаматтың болмыс-бітімін ашатын және батырлықтың, қаһармандықтың символы. Сырттан жау келгенде елді біріктіруші құрал ретінде көп қырлы сакральды мәнге ие лингвокультурема ретінде қосымша мағыналарын анықтауға болады.

Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да – садағы, азығы да – садағы, жолында кез келген аңды атып жеп отырады – мәнмәтінінде кеңістік пен уақыт ұғымы бір мекеншақ ұғымы арқылы әдемі көрсетілген. «Ай жүру, жыл жүру» – уақыттың ұзақтығын көрсетсе, «талай елді, талай жерді аралау» – кеңістік ұғымын танытады. Уақыт пен кеңістік ұғымының ауқымы шексіз. Ертегіде бұл екі субстанциялар ажырамас бірлікте көрініс тапқан. Тамырлас, шектес ұғымдардың қатар берілуі уақыт пен кеңістік ұғымдарының өзіндік моделін танытады. Ғылыми әдебиеттерде мекеншақ (хронотоп) ұғымы арқылы анықталатын бұл өлшем ертегінің мазмұндық құрылымы мен кейіпкер рефлексиясын тереңдете түседі.

Ер Төстіктің «*Жолдасы да – садағы, азығы да – садағы, жолында кез келген аңды атып жеп отырады»* – деген сөйлемнің қазіргі бала тыңдаушы үшін түсініксіз болуы да ықтимал. Бұл – дала өмірінің шындығы. Ер Төстік сияқты дала ұлының жолдасы садақ болуының себебі, кездескен жауына кезенері – осы садағы. Азығы садағы болуы – тамағын садақпен тауып, «*жолында кез келген аңды атып жеп отырады»*.

Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел бұлдырайды». Бұл сөйлемдердегі *темір етіктен теңгедей,*

темір таяқтан тебендей қалғанда тіркестері қазақ тілі білімінде көп талданған литота мен гиперболаның мысалы. Келтірілген қарапайым мысалдардың рефлексиялық әрекет ретінде құндылығы мол. Өйткені рефлексия ұғымы тек субъектінің өзін-өзі тануы, өзін-өзі басқара алуы ғана емес, сондай-ақ оқырманның немесе тыңдаушының кейіпкердің әрекетін қалай түсінетіндігі, оның өмір сүру жағдайын білуі, эмоциялық ерекшелігі мен көңіл-күйін, мінезін, дүниетанымын, адам ретіндегі ерекше қабілеттерін тануы. Бұл танудың мазмұны рефлексияның ерекше формасына, яғни нысаналық-рефлексиялық қатынастардың дамуына қол жеткізеді.

Бүгінде XXI ғасырда дүние жүзінде сапалы білім мен ұлттық тәрбиенің әлеуметтік маңызы артып отыр. Болашақ ұрпақтың өмірге бейімділігі мен қоғамдағы орнын алуы, бағалануы алған білімінің сапасына, құзыреттілігіне, деңгейіне, ойлау жүйесіне байланысты. Осы ретте баланы жастайынан ізгі қасиеттерге тәрбиелеуде ертегінің атқарар рөлі маңызды. Бала жеке тұлға ретінде қалыптасуы барысында Ер Төстіктің ата-анасына қалай қарайласып, отбасына қорған болып, ағаларын іздеп, тауып, әйеліне тірек болуына терең мән беруі қажет. Әр тыңдаушы бүгінде Ер Төстіктің орнына өзін қойып ойлануы, Төстіктің әрекетін бағалай алуы тиіс.

Сонда ертегі тыңдаушы, өзінің рефлексиясын да бағалай білуге үйренер еді. Яғни:

- ата-анасына деген сүйіспеншілік;
- бауырларына деген бауырмалдық қасиет;
- өзіне есеп беруге үйренеді;
- өзін және өзгені бағалауы.

Адам баласы алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылады. Ал мақсатқа жету үшін өзін-өзі жетілдіріп, дамыту керек. Мұндай жетілу, даму жолы ертегілерде аса ұтымды әрі сенімді беріледі. Мәселен, Ер Төстік ертегісіндегі жас бала Төстік бауырларын табу мақсатында қаншама мехнат көреді, қиыншылыққа кездеседі. *Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанша* іздейді, ақыры «*Төстіктің келген елі ас беріп жатыр екен. «Ағаларымды осы астан іздеп көрейін», – деп, асқа тігілген қалың үйді жағалай шола бастайды. Әбден жүдеп, азып-тозған, киімі жыртық-жыртық Төстікті ешкім елемейді. Сөйтіп келе жатса, табақшылар бір жерде: «Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт»,– деп, шуылдасып жүр екен. Ерназардың сегізін көрейін, – деп, үйге кірмек болса, табақшылар Төстікті кіргізгісі келмей, кейін қарай қақпайлай береді. «Қайыршы неме, әлі тоймадың ба?» – деп жекіріп ұрсады. Төстік оған шыдамай, табақшының біреуін жұдырықпен қойып қалып, мұрттай ұшырады. Жұрт жиналып қалады.*

– Кім керек? Неғып жүрген адамсың? – деп, Төстіктен жөн сұрайды.

Төстік:

– Маған Ерназардың сегізі керек. Адасып кеткен сегіз ағамды іздеп жүрмін, – дейді.

Сол арада Ерназардың сегізі жөн сұрасып, Төстікпен жылап-сықтап танысады.

Келтірілген шағын мәтінде көп ақпарат бар. Ең алдымен, Ер Төстіктің ағаларын тауып алуы оп-оңай бола салмаған, «*Әбден жүдеп, азып-тозған, киімі жыртық-жыртық» болды.* Ал Төстік осының бәріне де ағаларын іздеп табу мақсатына жеті үшін шыдайды. Киімі жыртық, өзі аш Төстікті ешкім елемейді, көзге де ілмейді. Алайда адам баласының ішкі мені, намысы киген киіммен де, ішкен тамақпен де өлшенбесе керек. Ең бастысы, Төстік өзін-өзі біледі, бағалайды. Сондықтан да, *«Қайыршы неме, әлі тоймадың ба?»* – деп жекіріп ұрысқанына шыдамайды да, *табақшының біреуін жұдырықпен қойып қалып, мұрттай ұшырады.* Намысқа тиер сөзге берген Төстіктің жауабы осы. Жұрт жиналып қалып, Төстік өзінің жөнін айтады, ағаларын осы жерден табады. Төстіктің қорлаған сөзге шыдамауы – оның сол сәттегі психологиялық әрекеті. Кейіпкер әрекеті арқылы оқушысын тәрбиелейді. Төстіктің ата-анасына, бауырларына, өзін бағалауына қатысты іс-әрекеттерін електен өткізе отырып, санада зерделеу арқылы, жасалған әрекеттің мәнін, сипатын, түрін, өзекті мәселелерін белгілеп, шешу жолдарын анықтау және тану арқылы рефлексия өрбиді.

Мәселен, мына «Ырыс жайлы» ертегіге назар аударалық:

Баяғыда бір жолаушы жолаушылап келе жатып шағын бір ауылға түсіпті. Ауылдың сыйлы кісінің үйіне дәл түскен екен, ол да жолынан жығылмай қонағын жік-жапар болып күтіп алыпты. Түннің бір уағында қонақ иттің ұлығанынан оянып кетіпті. Бұл қонақ жай қонақ емес еді. Жер бетіндегі жан - жануардың тілін меңгерген ғалым адам болатын.

– Қонақтың атын жеймін! – Ауыл сыртынан ұлыған қасқырдың дегеніне, үй иесінің иті:

– Қонағымның атын жер болсаң сені адамдарға ұстап беремін – деп жауап қатып тұр екен. Қасқыр болса:

– Бұл ауылды таң ата жау шабады – деп тайып тұрыпты.

Қонақ үй иесін оятып, дереу ауылдың көшуін сұрапты. Ауылды көшіріп болған соң, ертесіне ескі жұртқа келсе көнбей қалып қойған екі үйдің шаңырағы ортасына түсіп жатыр екен.

Жаңа қоныста түстеніп отырған қонақ:

– Бұл үйдің ырысы итінде екен-ау, бұйымтай ретінде осы итті сұрармын – деп ойлапты. Сол мезетте ит киіз үйдің туырлығын иіскепті. Қонақ:

– Ырыс туырлыққа ауды, туырлықты қалаймын – деп ойлап отыра беріпті. Сол оймен отырғанда сол маңайда жайылып жүрген жетім тоқты келіп сол туырлыққа сүйкеніп өтіпті. Бұйымтайын сұраған үй иесіне:

– Маған анау қара тоқтыны сойып, етін түгелдей асып беріңіздер. Тек бір шартым бар еттен менен бұрын ешкім ауыз тимесін, - депті.

Ауылдың бір жігіті тоқтыны әп-сәтте сойып тастайды. Бәйбіше етті толығымен қазанға салып асып енді әкеле бергенде үй иесінің ерке ұлы жүгіріп

өтіп бара жатып бастың құйқасынан жұлып жеп үлгеріпті. Ет үстінде ауыл иесі:

– Қадірлі қонағым, сен кеше ауылды ажалдан аман алып қалдың, сырыңды айтшы, - депті. Сонда қонақ:

– Сізге ырыс қонған екен, сол ырысыңыз ауылды асырап отыр. Ырысыңыздың иесі итіңіз екенін сездім, соны қалаймын-ау деп ойлағаным сол еді, итіңіз туырлықты иіскеп ырыс туырлыққа ауысты. Туырлықты қалайын деп отырғанымда, оған тоқты сүйкенді. Сол тоқтының етін жеп ырысты болайын деп ойлаған едім, оны мына балаңыз бірінші жеп үлгерді. Ырыс енді осы балада. Құдайдың оң назары түскен пендесі екенсіз – деп сөзін аяқтапты қонақ.

Бұл ертегінің мәні мен маңызы – ерекше. Ырыс, несібе деген ұғымдар бүгінде кіші түгілі үлкенге де түсініксіз тылсымға айналғаны рас. Қазақта «ырыс – жұғыс» деген сөз бар. Бұл сөздің мәні адам баласының ырысы бір затта не бір малда, бір адамда болады. Танымдық мәні бар «ырыс» ұғымы қазақ дүниетанымда әлемнің тілдік бейнесі ретінде терең мән мен маңызға ие. Мұндай ертегілерді танымдық тұрғыдан маңызын танып, баланың қызығушылығын оята оқыту дұрыс. Қазіргі кезде тәрбиелеп оқытудың ең көкейтесті мәселесінің бірі – танымдық қызығушылық. Осы орайда «ырыс» ұғымын талдаудың, талдай оқытудың да рефлексиялық маңызы бар. Яғни бала не оқушы ұлтымыздың дүниетанымында бар әрі өзіндік қасиет сіңген ұғымдарды білуі тиіс деп есептейміз.

Ырыс – дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы материалдық игіліктің қасиеті мен киесін айғақтайтын ұғым. Халық санасында адамға бақ қонудың көрінісі – мал-жанның көбеюі, абырой-беделдің артуы, атқарған ісінің берекесі кіріп, еңбегі жануы, ырыс дару арқылы жүзеге асатын құбылыс [https://kk.wikipedia.org/wik].

Дәстүрлі қазақ дүниетанымында «ырыс» сөзі жиі қолданылады. Ырыстың болуы – береке мен бірліктің болуымен түсіндіріледі. «Ыдыста да ырыс бар» деген сөз қазақ арасында жиі қолданылатынын ескерсек, бұл ертегінің ырыс туралы беретін мағлұматының маңызы арта түседі.

«Ырыс» ұғымының маңыздылығы бұл жайында кездесетін мақал-мәтелдердің молдығымен де айқындалады. Ерекше назар аударатын мәселе, қазақ ертегілеріндегі «ырыс» ұғымына қатысты айтылатын мақал-мәтелдердегі негізгі ой мен ертегілер мазмұнындағы мән бір-бірімен мәндес, шектес, мағыналас болып келеді:

Ырыс алды – ынтымақ,

Білім ауысады, ырыс жұғысады,

Су бар жерде – ырыс бар,

Бақыт бесігі – ел,
Ырыс есігі – жер,

Жер – ырыстың кіндігі,
Еңбек – ырыстың қазығы.

Ынтымақ жоқ үйде ырыс жоқ.

Мал азығы – ырыс қызығы.

Білек жұғысады,
Ырыс ауысады.

Ырысы жоқтың
Тынысы тар.

Ел – ырыстың кілті,
Ер – ырыстың қорғаны

Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді,
Әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді.

Демек, тұрмыс-салт ертегілері мен қазақ мақал-мәтелдері арасында дүниетанымдық дәстүрді таңбалауда толықтай сабақтастық, жақындық бар. Кез келген ертегіден әлемнің тілдік бейнесін табу және тану көкейтесті мәселе. Танымдық қызығушылықты арттыру, дамыту туралы қазақ ғалымы А.Байтұрсынұлы да атап көрсеткен. Байқап отырғанымыздай, талданып отырған ертегідегі ой мен мақалдарда айтылатын басты дүниетаным бір-бірімен астарласып, мәндес, ыңғайлас қалыбын сақтайды. Мұның өзі ұлттық құндылықтарды айқындайтын ауыз әдебиетіндегі ойдың біртектілігін, бүтіндігін айқындайды деп пайымдаймыз.

«Тысқарғы ғалам деудің мәнісі – адамда екі ғалам болады: ішкі ғалам, тысқы ғалам. Ақыл, көңіл, қыйал сыйақты адамның рұухына қараған жағы ішкі ғалам болады да, онан басқалары – басқа адамдар, мақұлықтар, нәрселер, бүтін дүнійе тысқы ғалам болады» – деп жазады А. Байтұрсынұлы [4, 150]. А. Байтұрсынұлы зерттеуінде ертегінің сипаты туралы мынадай тұжырым айтады: «Адамның санасы фотография (сүгірет машыйнасы) емес, нәрсенің тұрпатын ғана түсіріп қойатын. Нәрсенің саңылауы келіп адамның санасына түскенде, адамның ойын да, көңілін де бірдей ойатады. Адамның көңілін ойатпаған нәрсе тіпті сезілмей, дерексіз өтеді, бірақ адамның ілтійпаты тысқарғы ғаламға, бірде ішкергі ғаламға көбірек ауатын орындары болады. Кейде тысқарғы нәрсе өте қорқытса йәкій өте құуантса, иә болмаса өте тамаша күйде болып таңдандырса, адамның есін алып, ілтійпатын өзіне аударып кетеді. Кейде қайта адам өз ойы, өз қыйалы, өз көңілінің күйімен болып, айналасындағы болып жатқан уақыйғаларды, істеліп жатқан істерді, тамашалы, тысқарғы ғаламды байқамай қалады. Бұл адамның ілтійпатын тысқарғы ғаламнан ішкергі ғалам аударып алып кеткен уақытта болады. Ондай адамдардың көбі ілтійпатын көбінесе ішкі

ғалам жағына салатын адамдар болады. Кейде тысқарғы, ішкергі екі ғаламның да күші бірдей болып, ілтійпатымызды бірдей түсіреді. Мәселен, бір нәрсе йәкій іс қандай көркем, әдемі болса, сондай оған сүйінеміз. Қанша сүйкімсіз, жаман болса, сонша жек көреміз.

Сүйтіп, манағыдан бергі айтылған сөздің қорытыуы мынау болады: ертек – тысқарғы ғаламның жыры деп, толғау – ішкергі ғаламның күйі деп бөлгенімізде, тіпті сорпасы қосылмайтын бөлектік бар деп ұқпасқа керек [4, 151-152].

Ұлт ұстазы көрсетіп отырған тысқарғы ғаламның жыры – ертегі десек, ол да адамның ішкі жан-дүниесін тәрбиелейтіні, дәстүрлі танымды тарататыны рас.

А. Байтұрсынұлының «Тіл жұмсарында» *сөйлеу, оқыу, жазыу* тілін жұмыс тәжірійбесі арқылы танытатын 2-інші кітәінде бірнеше ертегі беріледі. «**Қосалқы сөз**» деген тарауда ертекші шал мен балалардың диалогы арқылы ұсынылады. «Ертек айтшы, ата!» – деседі балалар. Сонда **Шал:**

Ертек-ертек, ерте екен.
Ешкілері бөрте екен.
Құйрықтары келте екен.
Ертегінің ешкісі,
Бөрте ғана бітеді.
Құйрығының жүндері
Келте ғана бітеді.
Керек болса ертегі,
Кешке айтайын келіңдер.
Ерте айтқаннан ертегім,
Ерте ғана бітеді.
Сонда балалар:
Ерте, ерте, ерте ғой.
Ешкілері бөрте ғой.
Бітіб қалса осымен,
Ертегің тім келте ғой.
Шал.
Ертек - ертек,ерте өткен!
Ешкісі өңшең бөрте өскен!
Құйрық жүні келте өскен.
Қырғауылы қызыл ақ!
Құйрық жүні ұзын ақ!
Бір қырғауыл қызыб аб,
Қонам дебті мұзына ақ!...
Бұл ертегім қызық ақ!
Ұзын ертек шаршатар.
Бір жерінен үзіб аб,

Жүрмесеңдер аяғын
Қырғауылша бұзыб аб?

Балалар.
Ұзын ұзын, ұзын ай!
Қырғауылдың қызылы ай!
Құйрығының ұзыны ай,
Ертегіңнің қызығы ай!
Кешке әкеліб нан мен май,
Алайықшы жазыб ай!
Нағылғанда қырғауыл
Аяқтарын бійшара
Алған екен үзіб ай!

Шал.
Қызық, қызық, қызық-ақ!
Қырғауылдар қызыл-ақ!
Ертек басы қысқа ғой.
Аяғы айтсам ұзын ғой.
Бір қырғауыл қызыб аб,
Батырсыныб, қырылдаб.
Тайғақ мұзға жылтырмақ
Алшая кеб қоныпты-ау.
Шаты жазым болыпты-ау.
Мұзда жатыб тоңыпты-ау.
Мұздан жауаб сорыбты-ау:

Мұз, мұнша неден күшті болдың деб. – Мен күшті болсам, күннен қорықпас едім – дейді мұз. – Аз қызуды басамын, көб қызудан сасамын [1] .

Ертегі мәтінін беру арқылы А. Байтұрсынұлы *ғана, ғой, -ақ, -ау* шылауларының бөлек не дефис арқылы жазылатынына назар аудартады. Бұл сөздердің алдыңғы атаулардың буыны ма, әлде өз алдына бөлек сөз бе деп сұрақ қойып алып, одан қорытынды шығаруды ұсынады.

Шынында да, *ғана, ғой, -ақ, -ау* шылауларының бөлек не дефис арқылы жазылуын, яки дұрыс жазу орфографиясын нақты көрсету мақсатында ертегілердегі ойнақы келетін оңай мәтінді алып, оқушыларға неғұрлым оңай түсіндіріп көрсетуді мақсат еткені анық. Екінші жағынан, ертегілер арқылы халықтық фольклорға деген оқушының назарын аударту тағы бар.

Бұрынғының баласы,
Етек-етек нан әкеб,
Ертек алыб қайтатын.
Алыб қайтқан ертегін,
Балаларға айтатын.

Бүгінгінің баласы,
Қолда қағаз, қаламы.
Айтқаныңды бұлжытпай,
Бәрін жазыб алады.
Сендерден немді аяйын,
Алдарыңа жаяйын.
Иіріб құрық салыңдар,
Жараса, жазыб алыңдар, – деп жазады А.Байтұрсынұлы [1, 23] .

Зерттеушілердің пайымдауынша, рефлексияның жас балалардың, оқушылардың іс-әрекетін жүйелеп, Менін қалыптастыруда, жауапкершілігін арттыруда маңызы ерекше. Рефлексиялық белсенділік балаға оның объективті әрекетін талдаудан «ерекшеленетін» өзінің даралығын, бірегейлігін және мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Рефлексиялық әрекетті ұйымдастыру – қазіргі тұлғаның өте маңызды қасиеттерін: тәуелсіздігін, іскерлігін және бәсекеге қабілеттілігін дамытуға саналы дайындық.

Мына қысқа ертегіні талдап көрелік:

Бір үзім нан

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен. Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған – алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, ***нан****ын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.*

Бір жылы көктемде алапат, су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш ***нан****ын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күні қарны ашқан бай кедейге:*

- Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, - дейді.

- Жоқ, алтының өзіңе, ***нан*** *бере алмаймын, - деп жауап береді кедей. Екінші күні бай кедейден тағы да* ***нан*** *сұрайды.*

- Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы.

- Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры, аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім ***нан****ға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі.*

Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні осыған орай айтылған екен.

Ертегінің айтар ойы – нақты. «Ас атасы нанның» қадірін көрсету.

Қазақтың мұндай ертегілер мол-ақ, бұл ертегіде халық дүниетанымынан берілетін тағылымды мән де, жалпытанымдық стереотип те бар. Яки, қай

халықта болса да астың, нанның қадірі ерекше. Ғасырлар көлеміндегі халықтық сананың қалыптасуын анықтайтын әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлшегі ретінде ертегіде халықтық тәжірибе, дәстүр, ұлттық код, әлемге деген көзқарас ашық бейнеленеді. Өмір мен өлім арасындағы тура келген таласта ғана нанның қадірі арта түспек. Ағаш басында ілініп тұрған пендеге алтын емес, ас керек болары анық. Мұндай жағдайда кісінің бай не кедейлігі емес, таразыға өмірлік қажеттілік түседі екен.

Келтірілген ертегі желісіндегі басты концепт – нан. Бұл сөз бес жерде қайталанады. *Алтын мен күміс түгілі,* ***нан****ын әзер тауып жепті, Ал кедей болса, бір көмеш* ***нан****ын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. - Жоқ, алтының өзіңе,* ***нан*** *бере алмаймын, - деп жауап береді кедей. Екінші күні бай кедейден тағы да* ***нан*** *сұрайды. Ақыры, аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім* ***нан****ға барлық алтынын айырбастайтынын айтады.* Бұл көрсетілген үзінділерде «нан» тілдік бірлігі арқылы когнитивтік «ас» ұғымы репрезентацияланады.

Ертегі лексикалық бірліктердің молдығымен немесе көркемдік құралдардың, метафора, эпитет, теңеудің көптігімен ерекшеленбейді. Мәтіндегі басты ойдың, идеяның өзі де ондай көркем сөз кестесін қажетсінбейді. Мұнда ой – нақты, идея – айқын. Қолыңда бар боп тұрғанда көршіңе қараспай, кісімсіп, маңайыңа адам жолатпай, мардымсып жүрсең, қысылтаяң күн туғанда алар жауабың да даяр. Сондықтан да ертегінің концептік ядросы, негізі – нан. Тіршіліктің кейбір қарапайым шындығы осылайша қарапайым сипатталады.

Ертегідегі көркемдік құралдардың мағыналары онда бейнеленетін заттар мен құбылыстардың, олардың белгілері мен қасиеттерінің ұқсастығына негізделеді. Олардың басқы белгілері ретінде мынаны атауға болады:

- заттың немесе әрекеттің сыртқы бейнесі;
- зат не әрекеттің ерекше сипатын сезіну және қабылдау;
- заттың немесе құбылыстың біркелкі өлшемінің болуы;
- зат не құбылыстың өзіндік сыйымдылығының болуы;
- кейіпкердің белгілі бір ерекше белгісінің, қимылының сипатын таңбалауы;
- кейіпкер іс-әрекетінің көрінісі;
- кейіпкер іс-әрекетінің өзіне тән ерекше нәтижесінің болуы;
- қызметі;
- кейіпкердің сапалық ерекше деңгейі;
- әрекеттің сапалық мөлшерінің сипаты;
- сындық ерекше белгісінің болуы;
- заттың не құбылыстың көлемі мен қасиеті;
- заттың не құбылыстың қалыбы;
- мекеншақтағы алатын орны;
- заттың не құбылыстың түсі т.б.

Ертегідегі көркемдік құралдар ұқсастық принципіне негізделеді де, тілдік тәжірибеде жиі жұмсала жүріп, бірте-бірте заттың не құбылыстың атауына айналады.

Когнитология саласында жазылған ғылыми зерттеулерде когнитивті құрылымның тәсілдері деп: концептілер, фреймдер, схемалар, сценарийлер, семантикалық жүйе мен мантальдық кеңістік танылатыны белгілі. Тілдегі концептілер жүйесінде бір концептік аяда тура номинативтік те, ауыспалы номинативтік те мағыналар қолданылады.

Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, барлық концептер, әдетте, екі үлкен топқа бөлінеді: біріншілік референциялық мағынаны білдіретін концептер схеманы құрайды, екінші топта метафоралық концептер жатады. Бұдан шығатын қорытынды метафоралардың және өзге де көркемдік құралдардың когнитологиялық қызметі ерекше саналады. Метафоралық концептер екіншілік мағына беріп, ментальдық сипатқа ие болады.

Ертегі тіліндегі қолданыстарда метафора арқылы ұлттық дүниетанымда қалыптасқан образдардың кездесуін немесе ұлттық бейнеге тән сөз қалыптарының жасалуын осылайша түсіндіруге болады.

Мәселен, бір қарастыратын ертегінің тақырыбы – «Бір үзім нан». Өз тағдыр-талайында қаншама ашаршылық пен зұлматты көрген қазақ баласына бір үзім нанның қасиетін осылайша таныту аса маңызды әрі мәнді деп бағалауға толық негіз бар. «Біреу тойып секіреді. Біреу тоңып секіреді», «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» деген тәмсіл қалыптастырған халқымыз үшін бір үзім нанның бағасы тым жоғары.

Бір жарым дос

Хан баласына қазына береді. Өзіңе дос жи дейді. Баласы 100 дос тауып келдім дейді. Қырық жыл хан болып, менде бір жарым ғана дос бар. Сен қалай бір жолғы сапарда 100 дос таптың дейді әкесі. Сөйтіп бір жарым достың тарихын айтады.

Оның бір досы – бай, жарты досы – кедей екен. Хан сол екі досын сынамақ болады. Мен үшін жаныңды қи, сонда мен тірі қаламын, – дейді хан бүтін досына ауырып жатқан болып. Ол жанымды емес, малымды ал, балаларым көп еді дейді. Хан кедей досын шақырады. Оған да соны айтады.

- Қидым, - дейді кедей.

- Неге?-деп сұрайды хан.

- Менің жаным халықтың ханын сақтап қалуға жараса, одан артықтың керегі не маған, - дейді кедей.

Содан соң хан кедейді бүтін, байды жарты досым депті.

Шағын ғана мәтінде дәріптеліп, әлемнің тілдік бейнесінен хабардар етіп, ұлттық діліміздің бір сипатын танытып тұрған – достық ұғымы. Дос болу кез келгеннің қолынан келе берер мәртебелі сый емес. Ақшалы да, беделді де, қызметі бар басшыда дос көп болуы мүмкін. Бірақ бұл достық адамның достығы ма, әлде адам мен ақшаның, адам мен қызметтің, адам мен беделдің достығы ма? Мұны ажырату қиынның қиыны. Мұны білу үшін ақыл керек, ақылды сынақ керек.

Мәтінде дос сөзінің қайталануына назар аударалық: *Өзіңе дос жи дейді. Баласы 100 дос тауып келдім дейді. Қырық жыл хан болып, менде бір жарым ғана дос бар. Сен қалай бір жолғы сапарда 100 дос таптың дейді әкесі. Сөйтіп бір жарым достың тарихын айтады. Оның бір досы – бай, жарты досы – кедей екен. Хан сол екі досын сынамақ болады. Мен үшін жаныңды қи, сонда мен тірі қаламын, - дейді хан бүтін досына ауырып жатқан болып. Хан кедей досын шақырады. Содан соң хан кедейді бүтін, байды жарты досым депті,*

Ертегіде барлығы – 16 сөйлем бар, 10 сөйлемде 11 рет «дос» сөзі қайталанады. «Дос» тілдік бірлігі арқылы когнитивтік «достық» ұғымы репрезентацияланады. Ертегі арқылы дос таңдаудың жолы көрсетіледі. Достың екі түрі ұсынылады: бүтін дос, жарты дос. Бұндай тіркестер қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданыста жұмсалмайды [39,12].

«Дос» сөзіне қатысты электрондық ресурстар арқылы сауалнамалар жүргізілді.

Сауалнама сұрақтары:

Сіз ертегі оқисыз ба?

Сіз ертегіні балаңызға, бауырыңызға оқып бересіз бе?

Ертегідегі достық үлгісіне көңіл бөлесіз бе?

Ертегідегі достық үлгісі Сізге ұнай ма?

Өмірдегі достыққа сенесіз бе?

Сауалнама нәтижесі бойынша:

Сауалнама көрсеткендей, ертегіні оқитындар, телеарнадан көретіндер саны 91% , сәйкесінше 9% оқымайды. Ертегіні баласына, бауырына оқып беретіндер саны – 86 пайыз, 14 пайызы оқымаған. Оқымау себептері айтылмады. Ертегідегі достық үлгісіне көңіл бөлетіндер – 91 пайызы, 9 пайызы көңіл аудармайды.

Ертегідегі достық үлгісін ұнататындар: 95%-ы «ИӘ», 5%-ы «Жоқ» деп жауап берді.

Өмірдегі достыққа сенесіз бе? деген сұраққа: «ИӘ» 45,5%, «ЖОҚ» - 54,5% жауап берді.

Сілтеме:

https://docs.google.com/document/d/1P6bPDuUqhZXWnI_Ut1pe1N0WblG4bgWbarYhY44MaBY/edit?usp=sharing

Сауалнама әдісі бойынша достыққа сенетіндердің саны аз болды. Көпшілігі ертегіні теледидар арқылы қарайтыны анықталды.

Бұл зерттеу әдісінің тиімділігі мынада деп есептедік:

- ақпаратты алудың жоғары тиімділігі;
- жаппай сауалнамаларды ұйымдастыру мүмкіндігі;
- зерттеулерді дайындау және жүргізу, олардың нәтижелерін өңдеу процедураларының салыстырмалы түрде төмен еңбек сыйымдылығы;
- сұхбат берушінің тұлғасы мен мінез-құлқының респонденттердің жұмысына ықпалының болмауы;

- сұхбат алушы мен сұхбат берушінің арасында субъективті бейімдік қатынасы экспрессиясының болмауы.

Яғни, сұхбат электрондық желі арқылы алынғандықтан, жеке байланыстың болмауы респонденттердің жауаптарына немесе мінез-құлқына байланысты сұрақтардың реті мен тұжырымын өзгертуге мүмкіндік бермейді.

Ертегі кішкентай балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыратын жақсы технологиялық әдіс, яғни баланы жағымды эмоциясын туғызып қана қоймай, оның жеке тұлға ретіндегі көзқарасын да қалыптастыруға қызмет ете алады. Баланың ертегіге әуестігі тек телеарналардан қарап қана емес, кітаптан оқып білгені де маңызды.

Жоғарыдағы сауалнамадан аңғарғанымыздай, ертегіні тыңдау, оқу, көру арқылы баланың когнитивтік, танымдық алар тағылымы қалыптасады.

Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша рефлексияның бірнеше түрі бар:

- жеке рефлексия;
- жұптық рефлексия;
- топтық рефлексия.

Сондай-ақ, мәтіннің мазмұнына қатысты:

- көңіл-күй рефлексиясы;
- эмоция туғызушы рефлексия;
- әрекет рефлексиясы болып бөлінеді.

Осындай рефлексия жасауға үйретудегі басты қажеттілік баланың психологиялық тұрғыдан дұрыс тәрбиеленуіне әсер ету, әсіресе, оның сенімді болуына, жақсы достар табуына, жақсы досты дұрыс тануға қабілетті болуына дағдыландыру.

Ертегі арқылы іс-әрекет рефлексиясы да қалыптасады. Сөйтіп өзіндік дара ерекшеліктері қалыптасады, жетіледі. Өмірде адам баласына ең қажетті, ең маңызды нәрселерді бөліп тануда да ертегінің үйретері мол.

Мәселен, «Елеместің адамгершілігі» атты ертегіні талдап көрелік:

Бұл ертегінің сюжеті бойынша «Ертеде бір кедейдің үш баласы болыпты. Үшеуінің мінезі үш түрлі екен. Үлкені қатыгез, қу, тек қана өзін ойлайтын, ал ортаншысы жігерсіз, елдің айтқанымен жүретін адам болып өседі. Ең кішісінің аты Елемес екен. Ол ағаларына қарағанда мейірімді, адал, еңбекқор еді. Күні жетіп әкелері ауыр науқастан қайтыс болады. Бар жиған-тергенін балалары әкесін жерлеуге жұмсап, өздері панасыз қалады. Басқа амалдары қалмаған жетім балалар күн көру үшін алыс жолға аттанады. Ұзақ жүрген үшеуінің алдынан екі айрық жол шығады. Осы жерде таста қашалған сөздер бар екен. Онда екі бағыт көрсетілген: біреуі – барса келмес, екіншісі – барса қайтар». Екі ағасы кіші інісін «барса – келмес» жолға салып жібереді. Жолда Елемеске көкжал қасқыр, әмиян жоғалтқан қария кездеседі. Оқиғаның өрбуіне де осы екі кейіпкер себеп болады. Әмиян жоғалтқан қария Елеместі үйіне әкеліп, бала қылып алады. Жер қазып, еңбек етеді. Солай еңбек етіп жүріп, жерден алтын тауып алады да, оны қариямен бөліседі, үйлі-жайлы болады. Кейін ағаларын іздеп табады. Бірақ ағалары қызғаныштан Елеместі өлтіреді. Қарғаларға өлген

адамды тірілтетін шөп алдырып қасқыр Елеместі құтқарады. Елемес ағаларын таңы да іздеп тауып, ақыры бауырларымен табысады. Кешіреді.

Ертегі сюжеті аса қызықты оқылады, тыңдаушыны бірден баулап әкетеді.

Негізінен диалогқа құрылғандықтан, ертегіні тыңдау жеңіл.

Мысалы:

- Мынау кімнің әмияны? Кім жоғалтты? – деп жар салады.

Бұл сөзді естіген жәрмеңкеде жүрген қала жұрты аңтарылып Елемеске қарап қалады. Осы кезде Елеместі қоршап тұрған адамдардың арасынан бір қария шығып:

- Мен жоғалттым. Оның ішінде менің өмір бойы жиып-терген алтын теңгелерім бар. Оларды әйелім тігіп берген гүлді орамалдың ішіне түйіп қойғанмын. Балам, әмиянді ашып көрші, - дейді.

Елемес әмиянды қарап тұрған жұрттың көзінше ашады. Расында да ішінде гүлді орамалға түйілген алтын теңгелер бар екен. Жоғын тапқан қария қуанып Елемеске алғысын айтады.

- Балам, өзің кім боласын?Қайдан келесің? Қайда бара жатырсың? – деп жөн сұрайды.

Елемес қарияға барлық мән-жайды айтып береді. Оның әңгімесін естіп болған қарт:

- Сен мейірімді, адал жан екенсің. Егер қаласаң, осы қалада қал. Менің үш ұлым бар еді, төртіншісі бол, - дейді.

Ертегіден алынған бұл үзіндіден тыңдаушының түйері мол. Қазіргі интербелсенді әдістерді, әртүрлі технологияны пайдалану арқылы, тыңдаушының менін, танымын, өзін бағалауын қалыптастыру бағытында осы ертегі желісімен көп рефлексиялық шаралар жасауға болады.

Сюжеті тартымды мұндай қазақ ертегілері мол. Қазақ ертегілерінің қай-қайсысында да әлемнің тілдік бейнесі арқылы мағыналы өмірлік ұстанымдар таңбаланады. Бұл ұстанымдар арқылы ұлттық дүниетаным құндылықтары көрініс табатыны анық.

«Елеместің адамгершілігі» ертегісінде табиғатпен үйлесімділік құндылығы; өмір мен өлімнің жұмбағын тану; үлкенді құрметтеу, әкеге бағыну; еңбек құны; адалдық құндылығы, оңай олжадан бас тартудың маңызы айқын аңғарылады. Ертегіде әрқашан өмірдің мәні осы құндылықтарды таныту төңірегінде дамып, мәдени доминанттармен астасып жатады. Бізді қоршаған мына жанды, жансыз әлемге, қасыңдағы жақын жандарға және өзіндік «Менге» деген қарым-қатынас рефлексиялық мағыналардың вербалдануынан көрінеді. Айталық, Елемес қасқырға:

- Амал қанша? Өмір де, өлім де – біреу. Одан қашып құтыла алмайсың. Пешенеме жазылғаны осы болса көнбеске амал бар ма? Жегенің ас болсын! – деген екен. Ал қасқыр оған:

- О, достым, бұл – менің құлағыма тиген бірінші жылы сөз. Бұдан бұрын маған кезіккендер «жегенің ас болмасын» дейтін. Мен ерегісіп, оларды өлтіруші едім. Сондықтан бұл жол «барса келмес» атанған. Сенің айтқан

сөзің маған қатты ұнады. Мен сені жей алмаймын. Екеуіміз дос болайық. Реті келсе саған көмегім де тиіп қалар, – дейді де, қоштасып өз жолымен кетеді.

«Жақсы сөз жан семіртер» дегендей, «жегенің ас болсын» деген жақсы сөз қасқырдың жүрегін жібіткен деген ойды тануға болар еді бұл үзіндіден. Осылайша, ертегінің сюжеті әрқашан өмірдің мәні төңірегінде дамиды. Тіршіліктің мәні адамдық қалыпты сақтауда, адами адамгершілікті жоғалтпауда деген берік түсінікті оятады әрі қалыптастырады, дамытады. Ертегідегі әлем бейнесі – кейіпкерлер мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың нақтылануы десек артық емес. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген тәмсілге сенер болсақ, қасқыр мен Елемес арасындағы іс-әрекетке негізделген диалогтың бала танымына етер ықпалы орасан екенінде дау жоқ. Елемес пен ақсақал бейнелеріндегі «мен және өзге» байланысын нақтылауда, кейіпкерлердің сезімдерін танытуда ертегінің берері мол. Елемес пен қария арасында қалыптасқан сыйластықтың басы – Елеместің оң әрекеті. Яғни әмиянды иесіне қайтаруы.

Адалдықтан туған сыйластық кейін бауырмалдыққа жетеді. Ертегідегі «Мен» идеясы – кейіпкерлердің сюжетті ашу барысында жинаған тәжірибесін сипаттау, кейіпкердің адамгершілігін таныту тұрғысында өрбиді. Өзінің туған бауырларынан қиянат көргенімен, тірліктен баз кешпейді. Жақсы жандардың жан жылулығын көреді. Ертегіде жеке кейіпкердің суретін салуға ерекше мән беретін «Менге» деген көзқарас көбірек айтылады. Субъектінің басқалармен және өзімен қарым-қатынасының көркемдік құралдар арқылы бейнеленген бейнелеу мәндері де рефлексия болып табылады.

Елемес алғыс айтып, алтынның бір бөлігін қарияға береді. Өзі қалған алтынын сатып, үйленіп, үй болады. Мал-мүлік жинайды. Ешқандай қара жұмыстан қашпай, күні-түні еңбек етеді. Бірде жұмыстан шаршап келген Елемес ұйықтап жатып түс көреді де, шошып оянады. Түсінде ағаларының халі нашар екен.

«Ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне» деуші еді. Ағаларымның жағдайлары қалай екен. Мүмкін, олар қиналып жүрген шығар. Осы байлықтың рақатын жалғыз өзім көргенше, ағаларыммен бөлісейін деген оймен Елемес еліне көшпек болады. Осы күнге дейін әке болып келген қарияға барып, батасын алады да, жолға шығады.

Тілдегі таңбалар әртүрлі құрылымда келіп адамның іс-әрекетін көрсетеді. «*Ешқандай қара жұмыстан қашпай, күні-түні еңбек етеді» деген сөйлемдегі «қара жұмыс»* тіркесі ертегідегі Елемес бейнесін ашуда маңызды рөл атқарған. «Қара жұмыс» сөзінің төркіні терең.

Ойымызға А. Асылбековтің «Мен кеше қара жұмыс істемедім» деген өлеңі оралады:

Мен кеше қара жұмыс істемедім,
Тәбет жоқ – қара нанды тістемедім.
Керенау көтеріліп төсегімнен,
Талықсып әрең жетті түске демім.
Мен кеше қара жұмыс істемедім,

Өзімді өзім зорлап күштемедім
Күн-дағы батпай қойды ұясына,
Жарылып кете жаздап іш дегенің.
Мен бүгін қара жұмыс істеп едім,
Малынып қара терге түскен едім.
Жұқ болып жұмырыма сіңе берді
Кешегі тоқпейілсіп ішпегенім.
Мен бүгін қара жұмыс істеп едім,
Тулады тұла бойда күш дегенің.
Көрініп кең дүние жайма-шуақ,
Кеудемнен канаттанып ұшты өлеңім.

Міне, қазақ баласының дүниетанымын жетілдіретін де, дамытатын да осындай өлеңдер. Ертегіде осындай қажетті, маңызды ақпараттарды бір ауыз сөзбен жеткізу – қазақ ертегілерінің басты ерекшелігін танытады деп есептейміз.

Сондай-ақ, түс көру, түс жорыту, түске сену де қазақ дүниетанымы үшін жат емес, керісінше, оның ұлттық дүниетанымда алатын өзіндік орны бар. *Бірде жұмыстан шаршап келген Елемес ұйықтап жатып түс көреді де, шошып оянады. Түсінде ағаларының халі нашар екен.* Қазіргі кезде біреу сеніп, біреу сенбейтін түс көру жағдайы қазақ ертегілерінде мол кездеседі. Түс көру әлемнің тілдік бейнесі ретінде ертегілерде әрқашан кездесіп отырады. Бұған терең мән беру лазым. Түс көру – кез келген адам баласының қоршаған ортамен қатысы мен байланысынан келіп шығатын күрделі психикалық құбылыс. Ғалымдардың көрсетуінше, құлағының мүкісі бар кісілер мен тілі шықпай қалған мылқаулар айтарлықтай түс көре алмайды екен. Түс көру адам баласының ми қыртысында болатын күрделі процесс. М.И. Сеченов түс көру үдерісін «үйреншікті әсерлердің өмірде болмаған қисындалуы» деп түсінсе, И.П. Павлов бойынша, «түс көру көбінесе ескі тітіркендірулерден қалған ізден туады» деп есептеген.

К. Юнгтың айтуынша, «түс көру – ұйқы кезіндегі психикалық әрекеттің қалдығы және өткен күннің ой әсері мен көңіл-күйі». Түс көру әлемнің тілдік бейнесінде таңбаланады. Түсінде ағаларының жайын сезген Елемес ағаларын іздеуге жиналып, аттанып кетеді. Бауырмалдық сыры қазақ дүниетанымында ерекше орынға көтерілгені осындай оқиға желілерінен де анық аңғарылады.

Тіл тек қана антропоцентристік емес, сонымен бірге ұлттық ерекшеліктерді танытатын да ең басты көрсеткіш екені белгілі. Тіл табиғи жағдайдың немесе мәдениеттің ерекшеліктерін де, сөйлеушілердің ұлттық сипатының өзіндік ерекшелігін де көрсетеді. Тіл мәдениет феномені ретінде белгілі бір қоғамда қалыптасқан көңіл-күйді, құндылықты бағалауды бекітіп қана қоймайды және сол арқылы қандай да бір ұлтты ерекшелікті талдай көрсетеді. Сөйтіп ұлттық мәңгілік құндылықтарды да бекіте түседі. Кез келген халықта этникалық принциптің негізгі тасымалдаушысы фольклор деп есептей аламыз.

Қазақ тіліндегі когнитивтік-дискурсивті позиция арқылы жүзеге асырылатын ертегідегі лексикалық бірліктердің жүйелі ұйымдастырылуы мен қызметін зерттеу өте маңызды. Әсіресе, сюжеті күрделі болып келетін ертегілердегі әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі арқылы рефлексиялық ерекшеліктер айқын аңғарылады. Ертегіде кездесетін түрлі дүниенің тілдік суреті әлемнің тілдік бейнесінің маңызды бөлігі екенін растайды. Өйткені ол халықтың мәдениетін, оның ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Кез келген ертегіде белгілі бір ұлт үшін мәдени маңызы бар ұғымдар көрсетіледі. Талданған ертегілерде дискурстың бұл түрі жетекші ұлттық танымдағы концепцияларға негізделетінін, жалпы контексті құрайтынын, ертегі оқушы немесе оны түсіндірушіге ортақ ерекше дүниемен анықталатынын көрсетеді.

Әлемнің қарапайым тілдік көрінісінің сипатын танытатын қазақ ертегілерінің маңызды қасиетінің бірі – олардың мифологиялық сипаты. Лингвистикалық миф бірқатар белгілермен сипатталады: ықшамдау, стереотиптеу, құбылыстың кейбір аспектілерін абсолюттандыру («мифтің таңдаулылығы»). Лингвистикалық мифтің мәдени салдары бар (қоғам қолдайтын, танымал ететін және аяқтаған, тіл туралы пікірталастарда дәлел ретінде қызмет етеді) және басымдық қасиеті бар (қоғамда азды-көпті танымал, оның мүшелері қолдайтын, дәйексөз келтіретін, берілген дерек).

Біз талдап отырған «Елеместің адамгершілігі» атты ертегіде де осындай мифологиялық, қиял-ғажайыптық сарын бар.

Осы кезде баяғы қасқыр жортып келе жатқан еді. Ол алыста ұшып-қонып, шуылдап жүрген топ қарғаны көреді. «Бұл не екен?» деген ойымен қарға үймелеген жерге жақындайды. Келіп қараса, ол баяғы өзінің өліп жатқан досы екен. Енді не істеу керек? Қасқыр бір ой сап ете түседі. Ол жата қалып, білдіртпей жер бауырлап жылжып барады да, қарғалардың арасынан патшасын ұстап алады. Қалған қарғалар:

- Патшамызды босат! – деп шулап қоя береді.

Сонда қасқыр қарғаларға:

- Сендер адам тірілтетін шөп әкеліп беріңдер! Ол ең биік құздың басында өседі. Міне, сонда ғана патшаларыңды босатамын, - дейді.

Қарғалар келісіп, адам тірілтетін шөп өсетін құзды іздеп жан-жаққа ұшып кетеді. Іздегендерін тапқанына қуанған олар шөпті алып, кері қарай ұшады. Қасқыр қарғалар әкелген шөпті суға салып жұмсартып, Елеместің аузына салады. Елемес орнынан түрегеледі. Қасқыр қарғалардың патшасын қоя береді.

Қайта тірілген Елемес есін жиып, досына рақметін айтады. Сонан соң ағаларын іздеп шығады.

Ертегіде Елемес сынды кейіпкердің өлгенін қаламайтын, тыңдаушысының эмоциясына әсер етуші фактор ретінде таңдалғандай жақсы деталь деп қарауға болады. Ұзақ өмір сүретін қарғаны құзда өсетін шөпке жұмсауында да мән бар деп түсінеміз.

Ертегідегі металингвистикалық рефлексияны тіл туралы білімнің ерекше түрі ретінде қарастыруға болады:

1) кейіпкерлер мен олардың әрекеті өмірде кездесуі мүмкін, әлемнің қарапайым бейнесінде бар ұғымдар арқылы көрініс табады;

2) қарапайым өмірде болатын қарым-қатынастар мен адамдар арасындағы түсіністік, түсінбеушілік, қызғаныш, мейірім сынды қасиеттер нақты көрініс табады;

3) әлемнің тілдік бейнесі нақты тілдік бірліктердің қарапайым қолданысы арқылы көрініс табады;

4) көркем сөздегі металингвистикалық контекстер үшін тілдік түсініктеменің ғылыми дұрыстығы емес, оның эстетикалық негізділігі мен эстетикалық салмағының болуы маңызды.

Соңғы пікірді былайша негіздеуге болады. Мәселен, контексте берілген «патша» сөзінің тілдік сипатына назар салып көрелік:

Патшамызды босат! – деп шулап қоя береді.

Сонда қасқыр қарғаларға:

- Сендер адам тірілтетін шөп әкеліп беріңдер! Ол ең биік құздың басында өседі. Міне, сонда ғана патшаларыңды босатамын, - дейді.

Бәрімізге мәлім, «патша» сөзі, әдетте, тек адамдар арасындағы қатынаста қолданылады. Тек ертегілерде ғана «аң патшасы арыстан», «құс патшасы», «жыландар патшасы» деген тіркестер қолданылады. Бұл әлемнің қарапайым тілдік бейнесінде қолданылмайтын, тек ертегілер стиліне тән өзіндік белгі екенін атап көрсетеміз.

Сондай-ақ, өлген адамның тіріліп кету мотиві де тек ертегілерге тән, ертегіге ғана жарасымды. Оның тілдік бірлік арқылы берілуі адам психологиясы үшін ертегіге мәтіндері арқылы ғана қабылдана алады.

Қазақ тұрмыс-салт ертегісінің негізгі тақырыптары – «ақымақтықты келемеждеу» және «даналықты мадақтау», кеңпейілділік пен мейірімділікті дәріптеу. Жалпы қазақ ертегілерінің қай-қайсысы болса да позитивті сипатқа ие. Соңында кейіпкер өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен оқушысын сүйсінтіп, мұрат-мақсатына жетеді.

Ертегідегі рефлексивтер әрқашан эстетикалық таным арқылы тыңдаушыға әсер етуге негізделеді. Бұл олардың конструктивті рөлінен көрінеді. Мәтінде күшті әсер ететін позицияларды алады, мәтіннің семантикалық құрылымында үнемі жаңартылып отырады және көркемдік қызметтері арқылы анықталды. Рефлексиялар объектіні бейнелеу, сипаттау және бейнеленген оқиғаға байланысты тыңдаушының бағасын білдіру үшін қолданылады. Қазақ ертегілерінің бәрі осы талғамға, осы талапқа негізделген. Сондықтан жоғарыда атап көрсеткеніміздей, кез келген ертегі позитивті болады.

Зерттеу барысында біз қарастырған барлық ертегілерде «қызғаныш» пен «мейірім», «кісілік» пен «пендешілік» ұғымдары дараланды. Қазақ тілінің концепциялық саласы үшін мұндай тұжырымның маңызы бар деп есептейміз. Ұлттық мәдениеттің елегінен өткен ертегілердегі оқиғалардың дені осы «қызғаныш» пен «мейірім» арасындағы қарым-қатынас арқылы сабақталып, кісілік пен пендешіліктің шегарасын айқындайды. Сонымен қатар,

«ақымақтықты келемеждеу» тақырыбының ертегілері тек «ақымақтық» ұғымына негізделеді.

Диссертация жұмысында біз белгіленген ұғымдарды екі деңгейде ұсындық: терең семантикалық құрылымды ұғымдар және негізгі сөздің этимологиясына негізделген деңгей. Негізгі сөздің этимологиясына негізделген деңгей ұғымның мазмұнын толық ашу үшін қажет. Ол белгілі бір тілдік көріністерде жүзеге асатын ұғымдардың өзіне тән белгілері біріктірілген негізгі деңгейге әсер ететіні сөзсіз.

Біздің көзқарасымыз бойынша, терең деңгей қазақ халқының күнделікті ертегілерінің бір-бірін толықтырып тұратын «ақымақтық» және «даналық» сияқты екі жетекші ұғымын байланыстырады. Біздің көзқарасымызды прецеденттік құбылыспен бейнеленген іріктеліп алынған концепциялардың негізгі деңгейін талдау дәлелдей алады. Диссертациядағы талдау көрсеткендей, тұрмыс-салт ертегілер дискурсының сөздік қорын, жиілігін зерттеу қажет деп пайымдаймыз.

Когнитивтік-дискурсивтік тәсілге сүйене отырып, қазақ ертегілерінің прецеденттік феноменінің компоненттері прецеденттік мәтін, прецеденттік атаулар, прецеденттік жағдаяттар болып табылатынын анықтадық.

Прецедент – бұдан бұрын орын алған және осы кездегі ұқсас әрекеттерге үлгі немесе негіз боларлықтай оқиға, жағдай, әрекет [40]. Шынында да, қазақ ертегілерінің дені қазақ тіршілігінің шындық болмысының нақты көрінісі. Ертегілерді оқып отырғанда, көз алдыңа ұқсас жағдайлар, ұқсас әрекеттер, ұқсас мінездер келеді. Немесе үлгі ретінде қарастырылатын белгілі бір жағдайдағы тәлім-тәрбиенің сипаты, дәстүрлі жөн-жосық. Прецеденттік құбылыстың құрамдас бөліктерін зерттеу ертегі тақырыбын анықтауға, оның кейіпкерінің ерекшелігін, болмысын саралауға да мүмкіндік береді.

Мәселен, Елемес деген есімнің аталуының да өзіндік терең семантикалық мәні бар. Елемес сөзінің мағынасы – аса үлкен ерекшелігі жоқ, көптің бірі, елене бермейтін кісі. Қарапайым. Ал осы қарапайым кісінің жүрегінің кеңдігі мен мейірімінде шек жоқ. Өзін өлімге қиған ағаларын да мейірімді жүрекпен кешіре алады. Бұл кешірімшіл қазақ халқының ұлттық болмысын көрсетеді. Қарапайым кісінің кеңдігі мен ақыл-парасаты, адалдығы Елемес бейнесі арқылы тамаша сомдалған деуге толық негіз бар.

Елеместің кісілігін айқындайтын эпизодтарға назар аударалық: *Қарияның балаларымен бірге жер қазып, егін егеді. Бір күні жер қазып жүрген оның күрегіне бір зат ілінеді. Алып қараса – алтын. Алтынды көрген ол одан әрі қаза түседі. Сол жерден ат басындай алтын тағы шығады. Елемес тапқан алтынды алып, қарияның үйіне келеді де:*

- Әке, мен ат басындай алтын таптым. Міне, алыңыз, – деп алтынды шалға ұсынады. Оның көңіліне разы болған қария:

- Балам, бұл алтынның маған қажеті жоқ. Қашанғы бізбен бірге тұра берем дейсің. Өзіңше үй-жай болып, өніп-өс. Бұл – адалдығың мен еңбегіңнің арқасында тапқан байлығың, - деп кеңес береді. Елемес алғыс айтып, алтынның бір бөлігін қарияға береді.

Осылайша қарияның кеңесін алып, алғысын тағы алып Елемес тіршілігін адал жалғастыра береді.

Ертегіде таңдалып алынған Елемес бейнесі қазақ халқының бақытқа жету жолдарына, жалпы өмірге деген көзқарасын көрсетеді. Талай рет сатып кетсе де, алдап кетсе де, өлімге қиса да бауырларына деген мейірімінен айнымайды.

Елеместің ағалары арқылы берілетін кейіпкерлер бейнесі жалқаулықты, сараңдықты, ақыл-ойдың шектеулілігін таныту үшін қолданылған. Ал Елемес халық даналығы, тапқырлық сияқты қасиеттерімен ерекшеленетін халықтың ішінен шыққан қарапайым тұлға.

Талдау көрсеткендей, егер «қызғаныш» ұғымының экспрессиясы құрамында «ақымақтық» немесе мағынаның басқа бір жағымсыз компоненті бар лексикалық бірліктерді қолдануға көбірек тән болса, онда «мейірім» ұғымын көрсету үшін әртүрлі лексикалық мәндер бар және стилистикалық құралдар тән.

Мысалы: Ал ағалары қанша қиыншылық көрсе де, мінездері тұқ өзгермепті. Олар інілерінің бұл жасаған жақсылығын түсінбейді. Елеместі күндеп, одан қалайда құтылудың амалын ойластыра бастайды. Бір күні ағайынды үшеуі аң аулауға шығады. Қайтар жолда қаннен-қапersіз келе жатқан Елеместі бауырлары өлтіреді. Інілерін айдалада тастап, үйлеріне оралады.

Мұндағы «мінездері тұқ өзгермепті», «жақсылығын түсінбейді», «құтылудың амалын ойластыра бастайды», «күндеп», «бауырлары өлтіреді», «Інілерін айдалада тастап» деген тілдік бірліктер арқылы ақымақ, мейірімсіз ағаларының сықпыты көрсетіледі.

Аты Елемес болғанымен, ішкі болмысы адал, таза, мейірімді адам Елеместің әртүрлі жағдайдағы істері арқылы, оның үлкен кісілік келбеті сомдалады.

«Ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне» деуші еді. Ағаларымның жағдайлары қалай екен. Мүмкін, олар қиналып жүрген шығар. Осы байлықтың рақатын жалғыз өзім көргенше, ағаларыммен бөлісейін деген оймен Елемес еліне көшпек болады. Осы күнге дейін әке болып келген қарияға барып, батасын алады да, жолға шығады.

Мұндағы *«Ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне», Ағаларымның жағдайлары, олар қиналып жүр, байлықтың рақатын жалғыз өзім көргенше, ағаларыммен бөлісейін, қарияға барып, батасын алады* деген синтагмалар арқылы басты ақпар беріледі.

Сонымен, қорыта айтқанда, прецедентті ситуациялардың бөліктерінде көп мағыналы сөздермен ойын жеткізу, метафоралық қолданыстарды пайдалану және халықтың ұлттық талғамы мен тәжірибесі көрінеді. Ертегі кейіпкерінің идеясы негізінен оның іс-әрекетін сипаттау арқылы жасалады.

Бірінші бөлім бойынша түйін:

Диссертация жұмысында біз белгіленген ұғымдарды екі деңгейде ұсындық: терең семантикалық құрылымды ұғымдар және негізгі сөздің

этимологиясына негізделген деңгей. Негізгі сөздің этимологиясына негізделген деңгей ұғымның мазмұнын толық ашу үшін қажет. Ол белгілі бір тілдік көріністерде жүзеге асатын ұғымдардың өзіне тән белгілері біріктірілген негізгі деңгейге әсер ететіні сөзсіз.

Біздің көзқарасымыз бойынша, терең деңгей қазақ халқының күнделікті ертегілерінің бір-бірін толықтырып тұратын «ақымақтық» және «даналық» сияқты екі жетекші ұғымын байланыстырады. Біздің көзқарасымызды прецеденттік құбылыспен бейнеленген іріктеліп алынған концепциялардың негізгі деңгейін талдау дәлелдей алады. Диссертациядағы талдау көрсеткендей, тұрмыс-салт ертегілер дискурсының сөздік қорын, жиілігін зерттеу қажет деп пайымдаймыз.

Когнитивтік-дискурсивтік тәсілге сүйене отырып, қазақ ертегілерінің прецеденттік феноменінің компоненттері прецеденттік мәтін, прецеденттік атаулар, прецеденттік жағдаяттар болып табылатынын анықтадық.

Сонымен, прецедентті ситуациялардың бөліктерінде көп мағыналы сөздермен ойын жеткізу, метафоралық қолданыстарды пайдалану және халықтың ұлттық талғамы мен тәжірибесі көрінеді. Ертегі кейіпкерінің идеясы негізінен оның іс-әрекетін сипаттау арқылы жасалады.

2 ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІ МӘТІНДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

2.1 Тұрмыс-салт ертегілеріндегі далалық дүниетанымның әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі

Қазақтың халық ертегілерінің ішінде тұрмыс-салт ертегілердің алатын орны ерекше. Көне кезеңнен бастап, кейінгі уақытқа дейінгі халық тіршілігінің, дүниетанымының, мінезінің, жақсылық пен жамандық туралы түсінігінің әр алуан жақтары осы ертегілерде кеңінен суреттелген. Сонымен бірге тұрмыс-салт ертегілерде өз өмірін жеңілдету мүддесі де жатады. Ең бастысы, арманы мен мүддесі қабыса келе мұратқа жетудің жолдары қарастырылады. Жақсылықты жеңгізбейтін қазақ ертегісі мүлде жоқ. Шындық оқиғалардан бастау алатын ертегінің негізгі көздегені – жақсылық жасау арқылы арман-мақсатына жету [41].

Тұрмыс-салт ертегілерде қиял-ғажайып оқиғалар, фантастикалық кейіпкерлер мейлінше аз кездеседі. Алайда бұл мүлде болмайды деген сөз емес. Көбінесе, оқиғаның шарықтау шегінде әрекетті мейлінше күрделендіріп, тыңдаушыны қызықтыра түсу үшінде фантастикалық кейіпкерлер ішінара кездесіп отырады. Жақсылық пен мейірімділікке үндейтін мұндай ертегілердің негізгі кейіпкерлері жезтырнақ немесе мыстан кемпір емес, жалғыз көзді дәу немесе жеті басты жалмауыз емес, қарапайым адам болады. Қарапайым адам жақсылық жасап жүріп-ақ, игілікке, мұратына жетеді.

Әрине халықтың тұрмысы мен тіршілігіне негізделіп, оның дүниетанымы мен ділінен терең мағлұмат беретін тұрмыс-салт ертегілер ғасырдан ғасыр асып, талай заманалардан бері әртүрлі айтушылардың нұсқасында дамып, жетіліп келе жатқан ертегілер. Ертегілерде әлемдік ортақ сюжеттер де бар. Бұлай болуы заңды да. Біздіңше, мұның басты себебі – адам баласының жақсылық пен жамандық туралы, ізгілік пен мейірім туралы негізгі ойлары мен мұраттарының, мақсаттарының ортақтығы.

Қазақ халық ертегілерінің ішіндегі тұрмыс-салт ертегілердің орны ерекше. Тұрмыс-салт ертегілерде әлем бейнесінің нақты болмысы көрініс табады. Тұрмыс-салт ертегіде де жалпы ертегі сипатына сәйкес келетін сюжеттік схема сақталып, жан-жануарлар ертегілері мен қиял-ғажайып ертегіге ұқсап кететін тұстары да болады.

Мәселен, тұрмыс-салт салт ертегіге барлық жинақтарда және ғылыми зерттеулерде «Қаңбақ шал» ертегісін жатқызатыны белгілі.

Бар екен де, жоқ екен,

Ерте-ерте, ерте екен.

Ешкілері бөрте екен,

Бұрын, бұрын, бұрында Қаңбақ шал деген шал болыпты, – деп басталатын ертегіде уақыт факторы белгісіз. Мұның өзі оқиғаның болған-болмағанының белгісіздігін де айқындайтын басты белгі. Малға да, жанға да зар болған қаңбақ шал жел соқса домалап жөнеледі екен, содан оның аты Қаңбақ шал делініп кетеді.

Бір қарағанда, су жағасында ау құрып, күн көрісі – балығын аулап, бұйырғанын жеп жүрген кедей аз ба. Қаңбақ шал да сондай жанның бірі. Бұл ертегіде патша да, хан да, оның сұлу қызы мен оған ғашық болатын патшазада да суреттелмейді. Қарапайым кедей балығын күнде келіп жеп кететін түлкінің ызасына шыдамай, дүние-мүлкін арқалап көшіп бара жатады. Ол үшін дүние-мүлік Қаңбақ шал үшін соншалықты қымбат та емес, шаршаған жеріне көміп жүре береді. Солайша, бір жерге «елдің сойған малынан жинаған ішек-қарынды», екінші жерге қарынға құйып алған айранын көміп кетеді.

Кеңестік кезеңдегі зерттеушілер үшін – Қаңбақ шал кедей тап адамы. Сырт көзге дәрменсіз болып көрінетін, алайда өз ісін ойланып жасайтын, қысылғанда жол табатын, адал еңбегімен күнін көріп жүрген қарапайым еңбек адамы.

Қаңбақ шал қаңбақтай ұшып жүріп, екі тауды бір-біріне шақпақ етіп соғыстырып жүрген дәумен жолығып, онымен күш сынасады.

Әрине, тыңдаушы баланы қызықтырып, тарту үшін мұндай дәулердің ертегіде кездесуі де заңды. Мұндағы басты мәселе, қарапайым кедей адамның ақылының, өмір тәжірибесінің молдығында. Күші мен қуатына сенген дәуді ақылымен жеңген, өзінің өмірлік тәжірибесін пайдалану арқылы жеңген Қаңбақ шалдың ерекшелігі де осында жатыр. Тауды тауға соғып жүрген дәумен күш сынасу Қаңбақ шалдың қолынан келеді. Тек күшпен, білекпен емес, білікпен. «Тасты құшақтап, аспанға бір, тасқа бір қарап, күнімен тұрады». «Аспанға лақтырсам, «аспан айналып жерге түседі-ау деп, жерге қақпай түсірсем, жер ойылып түсе ме деп қауіп қылып тұрмын», деген сөйлемде «аспан» мен «жер» сөзі контексте антонимдік сипатқа ие болған да, екі үлкен кеңістік сипатын танытады. Қазақ халық ертегілерінің қай-қайсысын алсақ та, аспан бейнесі алыстан көрінетін қиял әлемі. Ғылыми-психологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша, аспан әлемінің ертегілерде кездесуі тыңдаушыға, әсіресе балаларға, демалыс, психологиялық терапия сыйлайды екен. Қазақ дүниетанымында тасты аспанға әуелете лақтыруға болмайды деген де түсінік бар.

- Ақсақал, лақтырмай-ақ қой, текке қырыламыз, – деп жалынып тұрған дәудің сөзін естіген Қаңбақ шал оның ақылының кемдеу екенін түсіне қояды. Енді ермекті жалғастырып, бастаушы қаңбақ шалдың өзі болады. «Кел жердің ішек-қарнын шығарайық», «кел, жердің миын шығарайық» деп ісімен дәуді қорқыта бастайды.

Яғни, «күш білекте емес, жүректе» екенін, ақылдың аздырмайтынын Қаңбақ шал бейнесі дәлелдейді. Қаңбақ шалдың жеңісі тек ақылдың ғана жемісі емес, ешкімге зиянын тигізбейтін, адал жүретін, түлкіге де кейде жем болатын момынның жеңісі.

Тұрмыс-салт ертегінің қиял-ғажайып ертегіге ұқсайтын тұсы дәудің, түлкінің әрекеттері арқылы көрінеді. Күнделікті тұрмыста кездесетін қарапайым шалдың дәуден ақылының, тәжірибесінің арқасында құтылуы, түлкіден де ақысын алуы – халықтың қиялының ғана жемісі емес, кедей-кепшікке де күн туса деген арманы да. Адам санасының дамуы, өмірдің жаңа қырларын тануы мен мәдени өміріндегі жаңа ұғымдардың кеңеюі ертегілердегі кейіпкерлер галереясының кеңеюімен де байланысты болады.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, фольклорлық шығармаларда әлемнің тілдік көрінісі ретінде бейнелену ерекшеліктері қазіргі уақыттағы ғылыми зерттеулерде басымдыққа ие. Фольклорлық шығармаларда таңбаланған әлем бейнелері кез келген ұлттың менталитетінің бейнеленуі, оның қалыптасуына әсер ететін маңызды фактор екені ғылыми әдебиеттерде кеңінен жазылған [41, 193].

Қазақ рухани мәдениетінің қалыптасуы мен дамуында ертегілердің де өзіндік орны бар. Қаңбақ шал ертегісі сияқты тұрмыс-салт ертегілерді, Ер Төстік сияқты қиял-ғажайып ертегіні кішкентайынан естіп, елітіп, сүйсініп өскен баланың санасында бұл кейіпкерлердің мінезі, ісі, қимылы, әрекеті бірте-бірте сіңіп қалатыны шындық. Ертегілердің осындай тәрбиедегі маңызын әсте естен шығаруға болмайды. Жас сәбидің қазір телеарна алдында көп отыратынын еске алатын болсақ, олардың қандай ертегінің көріп, тамашалап отырғанына назар салу өте маңызды. Бұл – баланың ділі қалыптасуының маңызды факторларының бірі.

Ертегілердің бала санасына әсер етуі мен оның ділін қалыптастырудағы маңызын мен оның көрінісін мынадай парадигмалар деңгейінде таразылауға болады:

- әлеуметтік көрінісі, яғни бір тілдегі ертегі баланың ділін негіздейтіндіктен, оның әлеуметтік қалпын да анықтайды. Бұдан ертегі арқылы ұлттық болмыстың қалыптасатынын да зерделеуге болады;
- когнитивтік көрінісі, яғни жеке тұлға қабылдайтын мәдениет пен оның рухани болмысы тіл арқылы қалыптасатындықтан, баланың қай тілді ертегі тыңдайтыны маңызды болады. Оның әлем болмысын қабылдауы, әлем туралы түсінігі, сол тілде бірте-бірте қалыптасады;
- семиотикалық көрінісі, яғни әлемнің тілдік бейнесін жасау үшін қолданылатын барлық таңбалар жүйесі мен материалдық белгілердің көрінісі ертегі арқылы ұрпақ санасына сіңеді.

Мәдени мазмұнның өлшемі адамның ежелгі заманнан бастап прогреске дейінгі эволюциясы ретінде қарастырылады, сонымен бірге әртүрлі қоғамда мәдени айырмашылықтар әртүрлі түсіндіріледі. Қоғам өркениет белгілері жағынан неғұрлым күшті болса, соғұрлым мәдени дамуы да прогрессивті болады деп түсінуге негіз бар.

Қазақ ертегілерінде Тазша бала бейнесі – жиі кездесетін кейіпкер. Тазша бала қиял-ғажайып ертегілерінде де, тұрмыс-салт ертегілерде де бар. Түркі мәдениетіндегі Тазша бала бейнесін ортақ кейіпкер ретінде тануда болады. Мәселен, қазақтарда Тазша бала болса, түрік халқында – Келоғлан, азербайжан халқында – Кечел, Кечел Мехеммед, Кечел Жиен, түрікмендерде – Келдже Батыр, Қырым татарларында – Тазбала, Алтайлықтарда – Тас, Тастарақай деп атайды. Бұдан аңғарылатыны, Түркі тектес халықтардың дүниетанымының ортақтығы ертегілерден де айқын көрініс табатыны. Әлемнің тілдік бейнесінде түркі халықтарының ортақ көзқарасы, дүние болмысын тануы, ділі, мінезі, әдет-ғұрпы мен дәстүрі жатады.

Тазша балаға қатысты тұрмыс-салт ертегілерде далалық көзқарас, далалық мінез бен дәстүр айқын аңғарылады. Мәселен, С. Мәмет құрастырған «Қазақ ертегілері (қиял-ғажайып және тұрмыс-салт ертегілері)» атты жинаққа енген «Тазша бала» ертегісінде әке-шешеден ерте айрылған Тазша баланы оқиғасы әңгімеленеді. Баласы жоқ шалға бала болған Тазшаны шал жылдамдыққа тәрбиелейді [42, 262].

Құсқа білдірместен жұмыртқасын алып, қайтадан оны ұяға салуды тез меңгеріп алып, «қолынан іс келетін» бала деген баға алады. Өгей әке мен шешесі бір күні Тазша баланы өздері асқан бай болса да, барынша сараң байдың үйіне жұмсайды. Олар түнде ұйқыға жатқанда құртты басына жастап, сары майды қойнына алып құшақтап ұйықтайды-мыс. Ертегіде тілімізге әбден сіңіп кеткен парсы сөздері (ділдә, уәзір, шаһар т.б.) де кездеспейді. Тазша баланың алатыны – құрт, сары май – қазақ халқының ұлттық тағамдары. Немесе, Тазша бала Шалды оның кемпірінің даусын салып алдап «Тілеуің құрғыр, шал, қайда кетіп едің? Қоралы қойыңды қасқыр қуып кетті. Жүгіріп жетіп, жылдамырақ қайырып, айдап кел. Болмаса қасқыр қырып кетеді» – деуінде де ұлттық дәстүрлі шаруашылықтың сипаты сезіліп тұр. Мұндағы «қоралы қой», «қасқыр», «қайырып келу», «қасқыр қырып кетеді» – деген тіркестер арқылы ұлттық болмысымызға тән концептердің көрінісі айқын сезіледі. Ертегідегі «тілеуің құрғыр» қарғыс мәнді сөзінің де қолданысы ауызекі сөйлеу стиліне тән. Яғни адам санасындағы әлемнің бейнесі тілде нақтылы өзінің көрінісін тауып тұр. «Тілеуің құрғыр» қарғыс мәнді сөзін шалың кемпірінің айтуы да шындық өмірде болатын әрекет.

Шал қолындағы құрты мен майын кемпіріне бердім деп ойлап, Тазша баланың қолына ұстатып, қойын іздеуге кете барады. Шал онда, мұнда жүгіріп қойын іздеп таба алмай, қайта келсе, қойлары қорада аман-есен жатады. Алданғанын білген шал: «Қап! Өзім де жас уағымда осындай қулықты көп істеп едім, қартайғанда алдыма келгені ғой! – дейді. Өмір – бумеранг деген философия осылайша ертегіде бір ауыз сөзбен түйінделіп жатады. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді», «жақсылық жасасаң – өзің үшін, жамандық жасасаң – өзің үшін» деген мақалдың мәні осындай ертегілер арқылы бала құлағына сіңеді. Бала осындай ертегілер арқылы тәрбиеленеді.

Тазша баладан алданған шал енді одан ақысын алмақ болып, әкесіне барады. Өгей әке: «Мен майыңды көргенім жоқ! Егер анық Тазшаның алғанын сезген болсаң, не қылсаң о қыл, мен ара түспеймін» дейді. Бұл, әрине, өгей әкенің сөзі, «жаны ашымастың» сөзі. Мұндай көркем диалогтардан шындық өмірдегі ақиқатты да аңғару қиын емес. Яғни, баланың әкелген майы мен құртын алса да, алмадым деп қайтармағанымен қоймай, өгей әке Тазшаға ара түспейді.

Ал майын Тазшаның алғанын сезген шал оны балтамен өлтірмекке бел буып, кемпіріне өтірік айтқызып, баланы молаға шақырады. Алайда, Тазша мұны сезіп қойып, шалдың қолындағы балтасын тартып алады да, өзіне дүрсе қоя береді. Шал зорға құтылады.

Ертегіде бұдан әрі екінші сюжет басталады. Келесі сюжетте шаһардың қатал ханы халқына зәбір көрсетіп, мол салық салады. Тазшаның әкесі де таршылық көріп, қысыла бастайды. Сонда Тазша бала «Ханның өз алтынын өзіне берейік», – деп ханның қазынасынан бір құмыра алтынын әкеп әкесіне береді.

Ертегіні зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, ертегілер – лингвомәдени феномен, өйткені онда тілдік жүйедегі әртүрлі бірліктердің қолданысы арқылы ұлттың өзіндік ерекшелігі көрініс табады [43, 154] .

«Ұр тоқпақ» ертегісін талдап көрелік.

Ертегі әлемінің тілдік бейнесі өзіндік ерекше концептосфераны таңбалауымен ерекшеленеді. Бір ертегілер елінің танымдық жүйесінен сұлулықты да, ерлікті де, қазақ рухын да, күшті де, ойынды да, өкініш пен ренішті де, көмектесу мен жанашырлықты да, жауыздық пен зұлымдықты да, мақтаншақтық пен қулық-сұмдықты да, үйлену, үй болуға байланысты туындайтын қиналысты да, атамекен мен отан идеясын да таба аламыз. Дей тұрғанмен, бұл концептер ертегіде бүтін қалпында көрініс таба бермейді. Біз жалпы ертегідегі әлемнің тілдік бейнесінен олардың жинақталған бейнесін таба аламыз. Сондықтан бұл концептерді жүйелеп, нақты әлем бейнесі ретінде саралау қажет болады.

Ғылыми зерттеулерде адам баласының танымындағы әлем бейнесінің негізгі төрт түрлі сипаты жинақталады:

- физикалық табиғат;
- тірі табиғат;
- психология;
- мәдени таным.

Физикалық табиғатты – физика зерттейді; тірі табиғатты – биология қарастырады; үшіншісін – психология, ал мәдени танымды – философия зерделейді. Ертегілердегі әлемнің тілдің бейнесі, ғалымдардың пайымдауынша, мақалдардағы әлемнің қарапайым тілдік бейнесімен сәйкес келеді. Бұл пікірмен келісуге болады. Мақалдарда да, ертегіде де әлемнің өзіндік тілдік бейнесі бар. Алайда, мақал шындыққа құрылады, адамның танымындағы нақты әлемнің тілдік бейнесі ретінде сипатталады да, ертегіде негізінен қиялға ерік береді. Қиял-ғажайып оқиғалар арқылы әлем бейнесінің тілдік бейнесі алдымыздан шығады. Сондықтан да, ертегінің негізгі тыңдаушысы қиялға сенетін балалар болуы заңды. Яғни, мақалда ақиқат өмір бар, ертегі қиялға негізделеді.

Тұрмыс-салт жырларының ең маңызды ерекшелігі мұнда өмірдің нағыз шындығы екшеледі. «Арбаның шиқылы» атты ертегінің мазмұнына назар аударалық. Ертегінің мазмұны қысқа ғана:

Екі жаяу келе жатады да, бір жүк тиеген арбаға кезігеді. Арбаның дөңгелегі шиқылдап, құлақтарын тұндырады. Сонда жаяудың біреуі жолдасынан:

- Мына арба неден шиқылдайды? – деп сұрайды. Сонда жолдасы айтады:

- Арбаның дөңгелегі өрге қарай жүргенде: «Май-ла-ма-ды-ау, май-ла-ма-ды-ау», – дейді.

- *Ал тегіс жерде не дейді?*

-Тегіс жерде: «Құй майла, құй майлама, құй майла, құй майлама!» – деп дөңгелейді.

-Ылдиға қарай дөңгелегенде ше?

-Ылдиға қарай жүргенде: «Майламасаң, майлама! Майламасаң майлама!» дейді деген екен.

Қарапайым көрінетін «Арбаның шиқылы» ертегісінің мәні күнделікті тұрмыста көрініс табатын жағдайды анықтауы. Арбаның дөңгелегін майлаудың аса қажеттігі өрге қарау жүргенінде анық сезіледі.

Мұнда *«майла»* сөзінің мағыналық қолданысы арқылы тұрмыстағы әрекеттің сипаты ашылады.

«Майламау» өрге қарай жүргенде өкініш сезімін туғызады. Тегіс жерде әрекеттің жасалғаны не жасалмағанына көңіл бөлінбейді. Ал ылдиға түскенде дөңгелектің майлануы не майланбауы маңызды болмайды. Яғни бұл ертегіде тұрмыста қолданылатын заттың ерекшелігін көрсету маңызды.

Тұрмыс-салт ертегіге жататын «Ұр тоқпақтың» керемет қасиеті бар заттарға қатысты оқиғаға құрылғанын айтуға болады.

Ертегі «бұрынғы өткен заманда» деп басталады, демек, уақыт шегі анықталмайды. Көп ертегіде кездесетін кедей кемпір мен шал. Ешқашан байымаған. Тұзақ құрып, күнін көрген. Бірақ «әр нәрсенің бір қайыры бар» деген көнеден келе жатқан тәмсілдің бір биігі көрінеді бұл ертегіден. Шал Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар екенін баладан сұрап алады. «Балалы үйдің ұрлығы жатпас» дегендей, әрине бала шал білмейтін шындықты жайып салады: «Піс, қазаным, піс» – десе, әртүрлі тамақ пісіп шығады. «Құс, есегім, құс!» десе, алтын құсады. «Ұр, тоқпағым, ұр!», – десе адамдарды ұра беретін Қазбайдың ерекше заттары бар екен.

Ертегі мен мифтік аңыздарды терең зерттеген В.Я. Пропп зерттеуінде өз зерттеуінде «миф дінмен байланысты, ал ертегі – өнер» деп жазады [44, 332]. «Ұр тоқпақ» ертегісінің негізгі ерекшелігі ретінде осындай мифке ұқсайтын ерекшелігін айтуға болады. Әрине, шындық өмірде «ұр тоқпақ», «піс қазан», «құс есектің» болмайтыны анық. Алайда, ертегі – сөз өнері. Тыңдаушы мен оқушы «Ұр тоқпақ» ертегісін қызыға тыңдайды да, оқиды да. Ұр тоқпақ, піс қазан, құс есек сияқты кереметтер бұл ертегіде әлемнің тілдік бейнесі ретінде көрініс тапқан. Бұл әлем бейнесі шындық өмірде бар сияқты етіп айтылған. Шындық өмірде болмайтын жағдаяттар мен әрекеттердің бар сияқты етіп суреттелуі халық даналығының, халық арманы мен қиялының әдемі бір көрінісі. Кедейліктен тұншыққан елдің үміті.

Қазбай – бай, айтқан сөзінде тұратын бай. Шал Қазбайдың ауылына келгенде, ол шалды жақсылап күтіп алады, шалдың сұрағанын да береді. Шал ең алдымен, «Піс қазанды» сұрайды. Бірақ аңқау шал ойнап жүрген балаларға «піс, қазаным, піс» деп айтпаңдар, – деп бар шынын айтып та қояды. Осылайша шал балаларға шын алданып, үш рет Қазбай берген сыйлықтан айрылып қалады. Бұл қазақы мінездің, аңғал мінездің көрінісі еді. Бір жағынан тым қарапайым болып көрінетін әлемнің тілдік бейнесінде қазақ қимыл мен

түсініктің шындығы жатады. Ертегідегі қияли әлемнің көрінісіндей ұр тоқпақ, піс қазаным, құс есек бейнелерінің сомдалуы шындық өмір болмысымен жымдаса суреттелген. Аңқау шал мен сөзінде тұратын бай арасындағы алыс-беріс арадағы бала-қулардың араласуымен шым-шытырық оқиғаға айналады. Сөйтіп оқиға сюжеті қызықтыра түседі. Өмірде орындалмаса да, қиялында бір баю әр кедейдің арманы екені даусыз. Осы арман «Ұр тоқпақта» орындалып жатады. Шалды жолдай үшінші рет асқа шақырған балаларға «Шырақтарым, Ұр тоқпағым, ұр демеңдер» деп үйге кіріп кетеді. Әбден дәндеген балалар «Ұр, тоқпағым, ұр» дегенде ұр тоқпақ балаларды ұра жөнеледі. Ұр тоқпақтан шын қорыққан балалар шындарын айтып, енді ұқ тоқпаққа жалына бастайды. Астан шығып келе жатқан шал балалардың сөзін естіп, Ұр тоқпақты, піс қазанды, құс есекті қайтарып алып, мұратына жетеді.

Ертегіде Ұр тоқпақ, піс қазан, құс есек сияқты үш керемет зат бар. Олардың керемет қасиеттерінің өзі Ұлы Дала үшін ең маңызды факторларға негізделген – яғни «піс, қазан» – тамақ, құс есек – алтын, байлық, ұр тоқпақ – күш. Ойдан шығарылған осындай керемет қасиетке ие заттар арқылы далалық ұлттық дүниетаным мен әлемнің тілдік бейнесі саралана дараланады. Әрине, ерекше қасиетке ие мұндай заттарға ертегіні айтушы да, ертегіні тыңдаушы да сене қоймасы анық. Біріншіден, бұл ертегіні тыңдауда қызықтыру үшін қолданылмайды, сонымен бірге тыңдаушыны еліктіре отырып, оның санасына әсер етуді де көздейді, Яғни ертеңге сену, болашаққа деген сенімін қалыптастыру. Ұр тоқпақ ертегісінің ең маңызды тұсы, оның ертеңге деген сенімді қалыптастырудағы рөлі деп бағалаймыз. Тұрмыс-салт ертегінің ішінде бұл «Ұр тоқпақ» ертегісінің ерекшелігі де осында.

Қазақ тілінде тоқпақ, есек, қазан сөздері белсенді жұмсалады. Әр заттың өзіндік мағынасы мен мәні бар.

Тоқпақ – күнделікті тұрмыста белсенді жұмсалатын, бір нәрсені қағу, қазық қағу үшін қолданылатын құрал. *Тоқпақ,* көбінесе, жуан ағаштан жасалады. Белгілі бір затты қағу, ұру семасы арқылы ертегіде «Ұр тоқпақ» мағынасы таңбаланған.

Есек – жылқы тұқымдас, сүтқоректі тақ тұяқты үй жануарына жатады. Оңтүстік өңірлерде есекті мініске кеңінен пайдаланады. Зерттеулерге қарағанда, есектерді адамдар қолға бұдан 5-6 мың жыл бұрын үйрете бастаған. Есектің дене бітімі жылқыдан төмен, шымыр болады. Аса төзімді болғандықтан шаруашылықта көп пайдаланылады, арбаға жегіледі. Төзімді де шыдамды болғандықтан, қазақта «есектің күші – адал, еті – арам» делінеді. Етін арам деп есептеп, жемейді. Ертегідегі құс есектің тілдік бейнесі – төзімділігі мен шыдамдылығына қоса, иесіне адал қызмет ететінімен байланыстырылған деуге негіз бар.

Қазан – қазақ үшін қазан киелі ыдыс саналады. Негізінен, шойыннан немесе алюминийден, мыстан, қоладан құйылып жасалады. Қазанның киесі оған ас пісіріп ішетінімен байланысты. Қазақта Тайқазан ұғымымен де далалықтардың кең дүниетанымы астасып жатады. Басқа ыдыс-аяқпен салыстыра қарағанда, қазақ тіршілігі мен мәдениетінде қазанның алатын

орны өзгеше жоғары. Мұнда ырыс бар, несібе бар деп есептеледі. Көшпелі дала халқы үшін «қазан» культінің мәні зор. Осы қасиеті мен қажетіне орайластыра «Піс қазан» тілдік бейнесінің жасалуының заңды сипаты бар деп пайымдаймыз.

Демек, қазақ тіршілігінде пайдаланатын осындай басты заттар мен олардың қасиетінің маңызы ертегіде аталатын Ұр тоқпақ, Піс қазан, Құс есек бейнелері арқылы көрінуінің өзіндік себебі бар. Бұл заттардың дала өміріндегі қолданысының мәні мен маңызының ерекшелігімен, пайдаланудағы қажеттілігімен байланыстыруға болады.

Тұрмыс-салт қарым-қатынастағы шалдың қылығын әжуалау да ертегіде анық көрінеді. Яғни кішкентай ойнап жүрген балаларға үш рет алданады. Балалардың да, шалдың да үш рет кездесуіндегі диалогта еш айырмашылық болмайды.

1- диалог: - «Ата, асқа түсіңіз».

- Шырақтарым, «Піс, қазаным, піс» демеңдер»

2- диалог: - «Ата, асқа түсіңіз».

- Шырақтарым, «Құс есегім құс» демеңдер»

3- диалог: - «Ата, асқа түсіңіз».

- Шырақтарым, «Ұр, тоқпағым, ұр демеңдер».

Бұл әрине шалдың аңғалдығы, аңқаулығы. Сонымен бірге мінездің жұмсақтығы мен сенгіштігі бар. Бұл әжуа күлкіде ыза не кек, сарказм жоқ. Мұнда жеңіл ирония ғана басым.

Қазақ ертегілерінің қай-қайсысы болса да қазақы тірліктің өзіндік ерекшелігін таныта отырып, әлемнің тілдік бейнесін таңбалайды.

Әлемнің тілдік бейнесін зерделеу барысында тілдің лексика-семантикалық құрылымын зерттеу, сөздің, сөйлемнің мағынасын қарастыру ең өзекті мәселе. Олай деуіміздің себебі, ертегідегі психикалық құбылыстардың, ойлаудың неғұрлым жалпы тұжырымдамалық құрылымының құрамдас бөлігі сөйлем арқылы таңбаланады.

Тілдік формалардың астарында әлем бейнесін бейнелеудің когнитивтік құрылымдарын бөліп көрсету, тілдік бірліктердің қызметін психикалық процестер тұрғысынан түсіндіру, көптеген ұғымдарды жаңарту және өзара қатынас жасау процесі, мәтінді құру және қабылдау стратегиясын анықтау міндеті тұрады. Ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін ескере отырып, тіл білімі де өз дамуының жаңа деңгейіне көтеріледі.

Байқап отырғанымыздай, талданып отырған «Ұр тоқпақ» ертегісінің лексика-семантикалық құрылымында да осындай ерекшеліктер бар. Мәселен, күнде тұзақ құрып жүрген шалдың тұзағына қаз келіп түседі. Қаз – құс. Яғни, қаз бейнесіндегі бақ құсы шалдың қолына қонады. Ол кейін Қазбай бейнесінде көрінеді. «Шал» лексемасы екі бетке жетпейтін ертегі мәтінінде 35 рет қайталанады. Басқа ертегілерде «қария», «ақсақал» сөздерінде жұмсалатын бұл ұғым тек «шал» нұсқасында қолданылады. Ақсақал, қарт қария, шал сөздерінің әрқайсысының өзіндік ерекше мағынасы бар екені белгілі.

Сондай-ақ, тілімізде *надан шал, соқыр шал алжыған шал, парақор шал пәтуәсіз шал, қақпас шал, мылжың шал, картожник шал, мәдениетсіз шал,*

сорлы шал, жетесіз шал, шалқайған шал, еңкейген шал, коммунист шал, жағымпаз шал, жемқор шал, қорқақ шал, өсекші шал, өтірікші шал, маскүнем шал, аузынан «ақ ит кіріп, қара ит шығатын» боқтампаз шал, өзі тойса да, көзі тоймайтын, мешкей шал, ақылсыз шал, ақымақ шал, жаман шал, есірік шал, ерме шал, шошқашы шал, томырық шал, шайтан шал, қотыр шал, менмен шал т.б. тіркескен тұлғада кездеседі.

Ертегінің жалпы мазмұнында қолданылатын тілдік бірліктер әлемнің жалпы тілдік бейнесінің бейнеленуінің объективтілігін, біртұтас әсер қалдыру үшін өте айқын және құнды динамикада береді.

Белгілі сөздердің қайталанып қолданылуы мен тұрақты қолданысы олардың лингвистикалық маңызы бар екенін дәлелдеуге негіз береді.

Жалқы есімдердің аздығы ертегі мәтініне ерекше сипат береді. Бұл сипатталған әрекеттің және шал мінезінің, бала қылығының әмбебаптығы мен бірегейлігін де танытады.

Ертегідегі шал сөзімен тіркесіп келетін етістіктер де назар аударарлық. Мәселен, *шал мен кемпір кедей екен; шал қазды тұсақтан босатып алып, кемпірі шалға ұрсады, шал бұл ұсыныстыі мақұл көріп, шал қазға бармақшы болады, шал ойланып тұрып, шал жүріп кетеді, шал келеді, шалды күтіп алады, шал алып үйіне келе жатса, шал асқа түседі, шал үйге кіріп кеткен соң, шал үйіне алып барып, шал қазанды алып, шал есекті мініп, шал асты тастағысы келмей, шалға береді, шал шығып келе жатып, шал келіп, шал қойғызады.*

Ертегі мәтіндері қазақ грамматикасының бейімділігі мен жетіктігін айқын танытады. Тіліміздегі барлық грамматикалық құрылымдар ойды жеткізуге қызмет етеді және кез келген әрекетті, іс-қимылды таңбалауға мүмкіндігі мол екенін анық аңғаруға болады. Келтіріліп отырған мысалдардағы етістіктердің ішінде бір құрамды етістіктерден басқа, күрделі етістіктер мен аналитикалық етістіктер де бар. Олардың ара жігін мағыналық құрылымы анықтаймыз.

Күрделі етістіктердің тілдің тарихи дамуында еркін сөз тіркестері болғаны белгілі жайт. Уақыт өтуінің нәтижесінде етістікті еркін тіркестің жиі қолданылуымен, немесе сол екі толық мағыналы дербес лексеманың тіркесімен қимылдың жаңа сипатын атау қажеттілігінен күрделі атауларға дамығандығы туралы жазылған ғылыми пікірлер бар. Күрделі аталымдар туралы ғылыми еңбек жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Қасым «Күрделі аталымдар сөздігі» [45, 96] деген еңбегінде тіркестің бір сыңарының алғашқы лексикалық мағынасын солғындатып, дербестігін біршама жоғалтып, сөзжасамдық ортақ мағынасын ғана сақтап қалуы мүмкін екендігін жазған. Сөйлеу етістіктерінің басты қызметі – сөйлеу әрекетін белгілеу. Сөйлеу етістіктерінің сөйлемдегі негізгі қызметі мен туындаушы қызметі олардың семантикасы арқылы анықталады. Сөйлеу етістіктері – әрекет-белгіні ұлттық дүниетаным құндылықтары тұрғысынан бағалауға, басқа әрекет түрлерімен салыстыруға, теңестіруге, бүтін және бөлшектерге бөлуге мүмкіндік беретін тілдік бірлік. Осыдан сөйлеушінің ақпаратқа және оны жеткізуге қатысы

тұрғысынан айт, сөйле және жеткіз етістіктерінің мағыналық жағынан бірдей сипатта болмайтындығын тұжырымдауға болады

Ертегіден келтірілген мысалдарды мынадай (1-кесте) кесте арқылы беруге болады:

Кесте 1 – «Ұр тоқпақ» ертегісіндегі етістіктердің мағыналық сипаты

№	дара етістік	күрделі етістік	құранды етістік	аналитикалық етістік
	1	2	3	4
1	*Ұрсады*	*жүріп кетеді*	*мақұл көріп*	*босатып алып*
2	*Келеді*	*күтіп алады*		
3	*Түседі*	*келе жатса*		*бармақшы болады*
4	*Алып*	*кіріп кеткен соң*		*ойланып тұрып*
5	*Мініп*	*алып барып*		
6	*Береді*	*тастағысы келмей*		
7	*Келіп*	*шығып келе жатып*		
8	*Қойғызады*			
Ескерту: автор негізінде құрылған.				

Бұл кестеден байқалғаны, «Ұр тоқпақ» ертегісінде қолданылған етістіктердің дені – дара етістіктер мен күрделі етістіктер. Олар нақты ұғымды анықтау үшін жұмсалғандықтан, туынды етістіктер қатарында болады. Ал ертегінің тілі сөйлеу тілінен көп ажырамаған, жазбаша кітапқа түскенімен, әуелгі тілдік сипатын, ерекшелігін сақтаған деп пайымдауға негіз бар.

Қорыта айтқанда, талданып отырған тұрмыс-салтқа қатысты ертегілердің қай-қайсысынан болса да ұлттық дүниетаным мен түсініктің көрінісі анық аңғарылады. Қазақ баласының кеңпейілдігі, адалдығы, жақсылыққа құштарлығы кейіпкерлердің сөйлеу тіліндегі әлемнің тілдік бейнесі арқылы айқын кестеленген. Ертегілер ұлттық дүниетанымды жүйелі танытады, әртүрлі тақырыптағы не әртүрлі жанрдағы ертегілерді оқып талдасақ та, ондағы негізгі ұғымдардың танылуында өзгеріс болмайды. Жақсылық пен ізгілік туралы пікірінен, тұжырымынан ертегі мазмұнында айырмашылық болмайды.

Ізгілік туралы саналы ойлардың әлемдік тілдік бейнесі жоғарыда талданғандай, ойлы сөздермен таңбаланып, күрделі ойды айқындайды. Терең ойды балаға қарапайым тілдік бірліктер арқылы жеткізе білу үлгісі «Ұр тоқпақ», «Қаңбақ шал» ертегілерінде сәтті берілген. Сөздің терең семантикалық құрылымының ертегілердегі қолданысына ерекше мән беріледі. Сөз мағынасының көбінесе негізгі мағынасында жұмсалуы ертегідегі оқиғаны тез

және оңай түсініп, пікір қалыптастыруға мүмкіндік берері даусыз. Тұрмыс-салт ертегі мәтіндері арқылы қазақ етістіктерінің, зат есімдерінің қолданысындағы бейімділік пен жетілген грамматикалық құрылымды байқауға толық негіз бар.

Қазақ тіліндегі барлық грамматикалық құрылымдар сөйлеу тіліндегі өз белсенділігін ертегілерде нақты көрсетеді. Олар кез келген ойды айқын жеткізуде толық мүмкіндікке ие. Қазіргі сөйлеу тілімізде кездесетін кемшіліктер ертегінің сөйлеу тілінде мүлде жоқ. Өзге тілдерден кірме сөздерді алып пайдалану, грамматикаалық құрылымда өзге тілдердегі тілдік бірліктерде жұмсау деректері мүлде кездеспейді. Яғни қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық барлық мүмкіндіктері толық пайдаланылып, нақты тұжырымды ой айтылады. Бұдан аңғарылатыны, қазақтың сөйлеу тілінде адамдар арасында күнделікті ой, пікір бөлісуде барлық лексикалық және грамматикалық құрылым кешенді түрде жұмсалып, кез келген ойды салмақтап беруде мүмкіндігі орасан зор [46,12].

2.2 Ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін айқындаудағы сөз таптарының орны

Әлемдік лингвистика ғылымында, мәселен, неміс, ағылшын, орыс тілдеріндегі ертегінің әлемдік тілдік бейнесін зерттеуші ғалымдар, ертегінің тілдік ерекшелігін, көбінесе, онда қолданылған етістіктердің ерекшелігіне қарай бағалайды [47, 114].

Қазақ тіліндегі етістіктердің ертегілердегі қолданысы әлемнің тілдік бейнесіндегі барлық ұғымдарды таңбалауды қамтамасыз ете алатынын толық дәлелдейді. Ақпараттық мағынаны, әр қимыл мен әрекеттің динамикалық ерекше белгісін дәл және нақты беруде, ертегіге тән стильді сақтауда қазақ ертегілерінің қолданыстық мәні ерекше. Сөйлемдердің дара мағыналы етістіктермен келуінің де ерекше мәнісі бар. Ол арқылы берілетін ақпар тыңдаушы балаға түсінікті болуы меңзеледі.

Ағылшын тіліндегі халық ертегілерінің әлемінің тілдік бейнесін зерттеуші ғалымдар оны мәтіннің сөйлеу тіліндегі балы деңгейінде қарастырады. Бүкіл мәтіннің сөйлеу бағасының композициялық-сөйлеу құрылымын құрайды (комбинация баяндауыш сөзінің дискурстары және кейіпкердің сөйлеуі) деп қарастыра отырып, негізгі мағыналы сөздердің лингвистикалық және мәтін құрау құзыреттілігін басты фактор ретінде пайымдайды [48, 68].

Ертегі мәтінін зерттеген ғалымдар бастауыш пен баяндауыш арасындағы қатынасты анықтайтын етістік рөліне де назар аударады. Яғни сөйлеу құзыреттілігін және кейіпкердің тілдік тұлғасын анықтауда етістіктердің қолданысын зерделеудің маңызы зор екенін осы зерттеулерден анық байқаймыз.

«Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек» ертегісін тыңдаушы балалар жақсы біледі. «Ертеде екі қатыны бар бір адам болыпты» деп басталатын ертегінің дала дүниетанымымен тығыз байланысты екені анық аңғарылады. Бірінші сөйлем арқылы екі нәрсе туралы анық ақпар беріледі:

1) болатын оқиғаның нақты уақыты беймәлім;

2) нақты кісінің аты-жөні де белгісіз.

Яғни ертегіге тән белгі: заманы – «ерте, ерте, ертеде», ертегінің кейіпкерінің есімі – белгісіз.

Қазақ халқында екі қатын алған кісі туралы мақал бар:

Екі қатын алғанның дауы үйінде,
Жаман қатын алғанның жауы үйінде.

Екі сиырың болса, айран болар,
Екі қатының болса, ойран болар.

Осы мақалдың шығуының себебін көрсетердей «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек» ертегісінде үлкен қатыннан туған тоғыз ұл екінші қатыннан туған жалғыз ұлға зорлық көрсетеді. «Бәйбішеден туған тоғыз тоқалдан туған жалғыз ұлды шырылдатып, зорлық қыла беретін болған соң, оны жұрт Шіңкілдек деп атапты».

Тоңқылдақ және Шіңкілдек сөздерінің мағыналары ертегі кейіпкерлерінің істеген істерімен іштей үндес болып жатады.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде «Тоңқылдақ» сөзінің мағынасы «тоңқ» деген дыбыстық еліктеуіштіктің негізінде жасалып, оған *-ыл* және *–да -қ* жұрнақтары жалғану арқылы жасаған туынды сөз екені айтылады [49]. «Тоңқылдау» етістігі мен «тоңқылдақ» сын есімінің мағыналары бір нәрсеге үнемі өкпелеп, ренжіп жүретін кісіге айтылады. Ғалымдардың көрсетуіше, алтай, шор, сағай сияқты түркі тілдеріндегі »тоң» сөзінің мағыналарының бірі – дөрекі. Якут тілінде: тоң – білмейтін, ал тунгус-маньчжур тілдерінің кейбіреуінде осы тұлғалас сөз «олақ, тәжірибесіз» мағыналарын түсіндіреді. Қазақ тілінде де тоң мінез деген сөз бар, «тоң торыс» – тоң мінез, қыңыр деген мағынада Қызылорда, Арал говорларында қолданылады. Бұл деректерден «тоңқылдақ» сөзінің алғашқы түбірі – «тоң», ал мағынасы – олақ, дөрекілік, қыңыр болуы ықтимал деген пікір айтуға болар еді. «Чуваш тілі де якут тілі сияқты өте көне тілдердің біріне саналады. Сондықтан да болар «тоң» сөзіне жұрнақтар қосылып, жаңа мағынаға ие болғанын чуваш тілінен табамыз. Онда «тункалтак» сөзінің «есуас, ақымақ» деген мағынасын кездестіреміз. Соңғы дерек бойынша, «тоғыз тоңқылдақ...», «тоғыз есуас» немесе «тоғыз ақымақ» деген ұғыммен бірдей» – деп жазады зерттеуші ғалымдар [50].

Ал «шіңкілдек» сөзінің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» екі түрлі мағынасы көрсетілген:

1) дене тұрқы кішірек, дауысы шіңк-шіңк етіп шығатын құс;
2) шіңкілдеп, шіңк-шіңк етіп шығатын (дыбыс, үн).

Сондай-ақ, «шіңкілдек» – музыкалық аспаптың атауы. Қазақ ұлтының даусы шіңкілдеп шығатын аспабы.

«Қазақтың әйгілі көне аспаптарының сырнай, асатаяқ, сазген, шіңкілдек немесе кәдімгі домбыраның сан қырлы үнін ұғып, мүмкіндігін күшейткен жөн [51, 142].

Ертегіде әкесі дүниеден өтісімен, бұлар аз ғана малдай айрылып, жұтайды. Бәйбішеден туған Тоғыз тоңқылдақ малдарын бөлек жаяды, бөлек жүреді, ал тоқалдан туған Шіңкілдек – жалғыз ешкісін бөлек жайып жүреді.

Тоғызы бір Шіңкілдекке қастық жасай береді, қолынан келсе зорлық көрсетеді. Тіпті қызғаныштан Шіңкілдектің шешесін өлтіреді, өзін де өлтіргісі келеді. Алайда шіңкілдек «жалғыздың жары – құдай» деген тәмсілге сай, ақылымен амал тауып жүреді.

Бұл ертегі мәтінінде де баяндауыш қызметіндегі етістіктің маңызы ерекше рөл атқарады.

Ертегі басталғанда бұрынғы өткен шақтың жасалу жолы *-ып, -іп, -п* көсемшесі және жіктік жалғауы арқылы істің бұрын өткенін білдіреді: *Ертеде екі қатыны бар бір адам болыпты. Үлкен қатынынан туған тоғыз ұл зорлықшыл болыпты. Сондықтан оларды жұрт Тоңқылдақ атапты...*

Ал келесі абзацтан бастап етістік тұлғалары *-а, -е, -й* көсемшесі мен жіктік жалғауы жалғанып, етістіктің ауыспалы келер шақ формасына алмасады: *Әкесі өлген соң, бұлар аз ғана малынан айрылып, жұтап қалады. Бәрі қаңғырып, мал ізден, бір жерге келеді. Тоғыз Тоңқылдақ малды бір жерге жаяды...*

Ертегі мәтінінде баяндауыш қызметі оқиғаның ретіне қарай әртүрлі шақтық сипатта алмасып отырады. Тыңдаушыны қызықтыра түсу үшін де айтылатын оқиғаны ауыспалы осы шаққа әкеледі. Болып жатқан әрекеттер енді алыстағы «ерте-ертеде» емес, тыңдаушы не оқушы үшін қазір болып жатқандай көңілде қабылданады да, оның психологиялық тұрғыдан қабылдауын, қызығуын арттырады.

«Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек» ертегісінде негізінен дара етістіктер жиі кездесетінін аңғарамыз: *болыпты, екен, шырылдатып, айрылып, қаңғырып, ізден, келеді, жаяды, сабайды, жылайды, бауыздап, сойып, жайылып, келіпті, жағыпты, болыпты, көрдің, депті, дейді, көріп, келді, жағып, бояп, ақылдасып, болайық, бауыздап, құйып, аңдып, боямайды т.б.*

Аналитикалық етістіктер*: деп атапты, болған соң, сойып алады, көргенім жоқ, болатын еді т.б.*

Күрделі етістік*: жұтап қалады, қастық қыла береді, кетіп қалған соң, таусылып қалды, т.б.*

Бұл етістіктер ертегінің алғашқы бөлігінен алынды:

Дара етістік – 29;

Аналитикалық етістік – 5;

Күрделі етістік – 4.

Дара және негізгі етістіктердің жиі қолданысы ертегілердің тіліне тән басты белгілердің бірі ретінде қарастырамыз. Өйткені бұл ертегінің өзі көне заманалардан бастап айтылып келе жатқанының да бір көрінісі болса, екіншіден бала тыңдаушыға түсінікті болуын ескергенімен де түсіндіріледі.

Енді кейіпкерлердің тікелей сөйлесу диалогы басталады. Кейіпкерлердің бір-бірімен тікелей сөйлесуі дәстүрлі қалыптасқан сипатқа жаңаша мән береді. Әртүрлі сұрақ қойып, жауап беру, өз ойын жеткізу – жанама сөйлеу арқылы жеткізуден гөрі әлдеқайда шындықты жеткізу үшін маңызды. Әлемнің тілдік

бейнесін нақтылау үшін, ертегіде *ешкі, түйе, қан, атан* сынды заттық мағынадағы денотаттық атаулар қолданылады. Олардың сыртқы түрін ерекшелеу мақсатында *ала бас атан, қызыл ала бас атан* деген сын есімді тұлғалар анықтауыштық қатынаста жұмсалады. *Ала бас атан, қызыл ала бас атан* сын есім мен зат есімнің тіркесе келе, денотаттың атрибуттық қатынасын білдірудің де мәтін мазмұны үшін маңызы терең. Ала бас атан болса – іздеушінің түйесі болады да, *қызыл ала бас атан* болса, Шіңкілдектің меншігіне өтеді. Ертегіде осылайша «*қызыл ала» күрделі сын есімі мен «ала» дара сын есімінің* арасындағы айырмашылықтыжақсы пайдалану арқылы заттың кімнің меншігі болатынын анықтайды. Бұл да ертегі тілінің өзіндік ерекшелігі. Әртүрлі дискурстарда белгілі сөйлеу формулаларының ұқсастығы мен ерекшеліктерін талдай жеткізу арқылы халық ертегілерінің экспозициялары мен финалдары айқындалып отырады.

Басқаша айтқанда, сөздің ерекше мағынасын терең түсінудің маңызы осындай қолданыстардан айқын аңғарылады.

- Шырағым! Бір алты ала бас атанды көрдің бе?

Мына бір қызыл ала атан сенікі ме?

Шіңкілдек:

- Басқа түйе көргенім жоқ дейді.

Осылай жауап беру арқылы, Шіңкілдек өтірік айтқан жоқ. Яғни, ол сұраққа «Бір алты ала бас атанды көрдім не көрмедім» деп жауап бермейді. Басқа түйені көрмегенін айтты. Шынын айтты. Ертегіде оң мінезді жақсы кейіпкердің аузына өтірік сөз салмайды.

Сөйлеу жүйесі, сөз қолданысының жүйесі ертегіде ерекше маңызға ие. Халық тілінің ұзақ қайнауынан, терең қойнауынан шыққан ертегінің тілінде мін жоқ. Жоқ іздеп жүрген адамды «кісі» сөзімен береді. Яғни ол түйекеш емес. Түйекеш болса өз түйесін ала бас болса да, қызыл ала бас болса да тануы, саны арқылы анықтай алуы, түйенің басқа да белгілері арқылы тануы ықтимал еді. «Кісі» сөзінің таңдалуы оның түйені тани алмайтынын, бейғамдығын, көп нәрсеге мән бермейтін де бағамдата түседі. Әр сөздің өз орнында мүлтіксіз қолданысы дегенді осылай зерделеуге болады деп пайымдаймыз.

Ертегілердің мазмұны мен мәні әртүрлі болғанымен, сөз қолданысында, басталуы мен аяқталуында ұқсастықтар мол. Бұл да ертегінің өзгеше ерекшелігін танытатын белгі.

«Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек» ертегісінде кездесетін осындай сөздің бірі – қыз, сұлу қыз денотаты. Бірі заттық мағынада, екіншісі сөз тіркесі мағынасында кездесетін бұл екі сөздің кездесуі ертегінің ортасында, шарықтау шегіне дәл келеді. Шіңкілдектің анасын Тоғыз тоңқылдақ өлтіріп қойған соң, шешесін түйеге мінгізіп алып жолға шығады. Бір ауылдың жанынан өте бергенде, бір топ бала-шаға, қыз-келіншектер шығып, ит қосып, Шіңкілдектің түйесін үркітеді. Үріккен түйеден шешесі мен өзі құлап қалады. Жұрт жиналып не болғанын сұрағанда, Шіңкілдек түйеден құлап «шешем өлді» деп айта салады да, сонда тұрған ең сұлу қызды нұсқап, осы қыз өлтірді дейді. Ауыл адамдары ақылдаса келе, шешесінің құны деп сол қызды Шіңкілдекке береді.

Кез келген ертегіде сұлу қыз бейнесі қатысады, ал талданып отырған ертегідегі сұлу қыз бейнесі белсенді кейіпкер емес. Тек ертегідегі әрекетті шиеленістіруші ретінде қолданылған. «Қыз» сөзі мынадай тіркестер арқылы берілген: «*мына қыздар түйемді үркітіп, шешемді өлтірді, Ең алдымен келіп түйемді үркіткен ана қыз. Шіңкілдек қызды алып үйіне келеді. Қызды қайдан әкелдің? Жарайды деп, қызды әлгі кісіге береді*».

Яғни халық ертегісінің экспозициясы мен шарықтау шегінде қыздың бейнесі көрініс береді. Сонымен бірге, *қыз, қарындас, қатын* сөздерінің қолданысына да ертегіде ерекше мән беріледі. Шіңкілдек қызды алып үйіне келіп, есік алдында тұрады, сонда бір кісі келіп, «Шырағым мына бала қарындасың ба?», – деп сұрайды. «Иә. Қарындасым» деп жауап береді. Сөйтіп «қарындасын сол кісіге беріп, оның қалың малына жүз қой алады. Кісі «қатыным өліп, әйел іздеп шығып едім», – дейді. Осы шағын үзіндіде кездесетін *қыз, қарындас, қатын, әйел* сөздерінің қолданысы тыңдаушыға әсер ететіні, олардың мағыналарының ерекше сипаты айқындалатыны да көрсету орынды болмақ.

Ертегідегі ой желісінің нақтылығы мен әр сөздің орнына әрі тиімді қолданысын байқамау мүмкін емес. Тіпті «Шіңкілдек өзінің әкелген қызы мен екеуі үйінің жанында тұр еді» деген сөйлемнің де ақпараттық жүгі мол. Демек, қыз әлі үйге кірмеген, босағаны аттамаған. Қазақ дүниетанымында «Босаға» сөзінің мәні мен киесі ерекше маңызды. Ал Шіңкілдек әкелген қыз әлі босаға аттамай, үйдің жанында тұр. Оны қарындасым деп айтуға Шіңкілдектің мүмкіндігі де бар. Осылайша аз сөзбен көп мағына беретін ертегіде әлемнің тілдік бейнесі ерекше ашыла, анықтала түседі.

Ертегіде «ана» сөзінің орнына «шеше» қолданылған. Шеше де ертегідегі болып жататын әрекеттерге белсенді қатыспайды. Тек Шіңкілдек пен Тоғыз тоңқылдақтың бет-бейнесін көрсетуде шешелеріне деген құрметтің қаншалықты маңызды екенін жанамалай көрсетеді. Екі образға да шешелері қымбат. Алайда оны бағалау деңгейі екі түрлі.

Шіңкілдекке қызғаныш білдірген Тоғыз тоңқылдақ түнде келіп баласының орнына шешесін өлтіріп кеткенде, шешесін алып түйеге мінгізіп, бір елге қарай жүріп кетеді.

Ал Тоғыз тоңқылдақ Шіңкілдектің «өлген кемпірдің орнына бір қыздан беріп жатыр екен» деген өтірік сөзіне сеніп, «жалма-жан шешелерін өлтіріп, қыз береді деген жерді іздеп жөнеледі. *Өлген шешесін алып, неше күн жүріп, бір ауылға апарып, «Мына өлген кемпірге кім қыз береді деп сұрау деңгейіне дейін жетеді». Жұрт «мына оңбағандар не айтады» деп, өздерін сабап-сабап жіберіпті.* Мұндай мәнмәтін арқылы берілетін ақпар да аз емес. Ең алдымен, Тоғыз тоңқылдақтың шешеге деген көзқарасы болса, екінші жағынан жұрттың олардың жасаған ісін қолдамауы, ыза туғызуы, сабап-сабап жіберуі. Анаға деген халықтың көзқарасы туралы әлемнің тілдік бейнесі осындай бір сөйлем арқылы ғана айқындалады: *Жұрт «мына оңбағандар не айтады» деп, өздерін сабап-сабап жіберіпті.* Осы сөйлемнің өзі үлкен ақпарды бойына сыйғызып,

тыңдаушы көңіліне жетеді. Бұл сөйлемде ешқандай артық сөз жоқ, әр сөз мағынасының ерекше салмағы бар.

Жұрт – сөздің тура мағынасы: қараша халық, қараша, туған-туыс, халық, ел мағынасында да жұмсалады. Тарихи жырлар мен тарихи еңбектерде патшалық, мемлекет мәнінде де қолданған.

Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауындағы тірек сөз ретінде кездесетін жұрт сөзі сол кезеңде ел, мемлекет мағынасында белсенді қолданылған:

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған
батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт.

Толғаудағы баяндауыштық қатынаста жұмсалған «жұрт» сөзінің мағыналық табиғатын академик Р. Сыздық «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде былай деп жазған: «Жұрт. Аса Жұрт. Астана жұрт. Ауыр жұрт. Байтақ жұрт. Ескі өлең-жырларда жұрт сөзінің осындай қолданыстары жиі кездеседі. Бұларда жұрт – терминдік қызметте, яғни «ел, белгілі бір этникалық құрам және оның көшіп қонып жүретін мекені, белгілі атымен аталатын халық». Демек, жұрт осы күнгі халық сөзінің синонимі [50, 48].

Біз мұнда «Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауын «жұрт» сөзінің қолданысының мағыналық құрылымын ашу үшін, ескіден келе жатқан мәнін көрсету үшін, салыстыру мақсатында келтіреміз.

Мына – белсенді қолданылатын сілтеу есімдігі.

Оңбаған(дар) сөзінің мағынасы – «оң» сөзі арқылы туындай келе, оның болымсыздық мағынасы арқылы жаңа атау жасайды.

Орысша-Қазақша сөздікте берілген мағынасы: ол нағыз оңбаған → он настоящий негодяй. 2) бестолочь; недотепа 2. бестолковый; негодный.

Оңбаған ит ұры кеткен соң үреді – деген мақал бар.

Оңбаған сөзінің синонимі – жексұрын. Егер мен десең, Жарқынның оңбаған екенін ертең жиын алдында айтып бер (М.Иманжанов) [52, 52].

«Оңбаған, бетсіз, арсыз» деген мағынада және ұрысу [53, 256].

Сабап-сабап сөзінің мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: Ұрып-соғып жазалау. Тінтуге келген ақтар Марфуға жеңгейді өлімші ғып сабап кеткен (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Қолы жеткендер

тұтқындарды сабайды, Қолы жетпегендері бірін-бірі ұрып қалады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп.кет.). Түсінде әкесі Мәндібай бәйбішені ауылды айналдыра қуып, қамшымен сабап жүр (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

2. Бір нәрсені қағып-соғу, ұрғылау. Киіз басылатын жүнді шаң-тозаңнан, шөп-шөгірден тазарту, жүннің білтеленіп, ұйысқанын жазу үшін сабаумен сабайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнер). Қаржау аузынан насыбай аралас жынын ата бақырып кеп жер сабайды (Қ.Исабаев, Өткелде). Жер кепесін талайғы жаңбыр тынбай сабайды. Бірақ қарттың баласы тысқа күле қарайды (Қ.Тәңірқұлиев, Тауыс).

3.Ауыс. Бөсу, көпірту, төпеу. Бір жолаушы алыс жерге барса, барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сабап-сабап, қайта келген соң, сол барған, көрген елін мақтап, өтірікті сабайтұғыны қалай (Абай, Тол. жин.). Жаңылдың жасқа жуылып екі беті, Таяқ етіп көгерген дене еті. Жоқ нәрсені сылтау ғып, тұра сабап, Ашуын сонан алмақ Әжібай ниеті (С.Торайғыров, Шығ.). Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл қызармайды да, ұялтайын десең, жап-жай отырып дауын сабап отырады (Абай, Тол. жин.). Жер сабап қалды. Қатты өкінді, опық жеді. – Түгел. Құдай сақтаған ғой. Кешегі жауында бөрі тисе, жер сабап қалар ек, - деді Меруерт басындағы орамалын түзей тартып (М.Сүндетов, Ескексіз). Көк ала қойдай қылып сабады. Соққыға жықты, аямай ұрды, өлімші етті. Отыз жылдан бергі өшімді бір алып, көк ала қойдай қылып сабасам ба, бәлем (Қожанасыр хикаясы). Мирон оны көк ала қойдай ғып сабап, қуып жіберді (С.Омаров, Қайырлы жаз). Өтірікті жүндей сабады. Болмағанды болды деп өсіріп айтты. Сен болсаң өтірікті жүндей сабап бөсіп отырасың. Олар екі көзі төрт боп жол қарап отырыпты (Д. Қасенов, Ауыл.) [ҚӘТТС. 8-том].

Қазақ әдеби тілінің он бес томдық түсіндірме сөздігінде: САБА=е т. 1. Ұрып-соғып жазалау. Соның да тілін алмадың, С а б а д ы ң, сөктің, қарғадың. Көріне қашан кіргенше, Арсылдап иттей қалмадың (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). 2. Бір нәрсені қағып-соғу, ұрғылау. Киіз басылатын жүнді шаң-тозаңнан, шөп-шөгірден тазарту, жүннің білтеленіп, ұйысқанын жазу үшін сабаумен с а б а й д ы (С.Қасимаов, Қаз.қолөнері). 3. а у ы с. Бөсу, көпірту, төпеу. Бір жолаушы алыс жерге барса, барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сабап-сабап, қайта келген соң, сол барған, көрген елін мақтап, өтірікті с а б а й т ұ ғ ы н ы қалай (Абай, Тол.жин.) [54].

Әлемнің тілдік бейнесі дүниені болмысты танып білудің қарапайым санада тарихи қалыптасып, қабылданған көзқарастар мен діл, дүниетаным жиынтығының тілдегі көрінісі деп есептейтін болсақ, ертегі тілінде кездесетін тілдік көрініс арқылы халықтың мінез-құлқы, өмір сүру салты аңғарылады.

Талданып отырған «Тоғыз тоңқылдақ, бір Шіңкілдек» ертегісіндегі бір сөйлемнің өзі арқылы «ананы» бағалаудың бір көрініс деп айтуға негіз бар.

Ертегіде кездесетін заттық атаудың бірі – су. Тоғыз Тоңқылдақ Шіңкілдек деп оның қолдан жасаған «адамын» буындырып өлтіреді де, суға тастайды. Алайда ақылдылығымен Шіңкілдек аман қалады. Бірнеше күннен кейін Шіңкілдектің тірі жүргенін көріп таң қалып сұрай бастайды. Сонда оларға:

«Анау күні мені өлтірген тоғыз кісі тағы да өлтіріп, суға тастап еді. Суға батқан соң, құдай тағы да тірілтіп жіберді» деп жауап қатады.

Ертегі соңында Шіңкілдектің алдау сөзіне шын сеніп Тоғыз тоңқылдақ суға кетеді. «Тоғыз Тоңқылдақтың өзгелері де суға қойып-қойып кеткенде, оларды су ағызып ала жөнеледі. Сөйтіп Тоғыз тоңқылдақтың бәрі де суға кетіп, Шіңкілдек тапқырлықпен өмір сүреді».

Судың қасиеті мол. Қазақ дүниетанымында жамандықты су әкетеді. Судың тазартпайтыны жоқ. Адам нашар түс көрсе де, суға айтса, алып кетеді деген наным бар. Судың қасиеттері ертегілерде жақсы көрініс тапқан. Ертегіде бейнеленетін әлемнің тілдік бейнесінде мифологиялық көзқарас жоқ. Таза тұрмыс-салт ертегіге тән белгі бар. Судың ерекше, мифтік қасиеті емес, бұл жерде оның шын мәнісіндегі болмыста болатын қасиеті ғана суреттеледі. Яки, ағып жатқан өзен-суға үстіне тас не ауыр зат байлап түскен адам, оның астына батып кетері анық. «Тоғыз тоңқылдақ, бір Шіңкілдек» ертегісінде Шіңкілдектің алдаған сөзіне сеніп, су астындағы көп қойларды алып шығып, байып кетеміз ғой деген оймен суға тас байлап алып сүңгігендер суға кетеді. Бұл оқиғада нақты тұрмыс-салт шындық әрекет бар.

Тұрмыс-салт ертегілерде тіршіліктің күйбеңінде болып жатқан әрекеттер кейде қаз-қалпында суреттеледі. Мұнда әрқашан қарапайым еңбек адамы, адал адам істеген жақсы істерімен жеңіске жетеді. Шіңкілдек сол зорлықшылардан көп қиындық көріп, таяқ жеген, тоқалдан туып, қиянат көрген, жалғыз болып жабырқағандардың жинақы бейнесі. Әлем бейнесінің концептуалданған, тіршіліктегі болып жататын әрекеттер мен көзқарастар жиынтығының тілдегі көрінісі.

«Кедейдің үш ұлы» атты халық ертегісінің мәтіні ұзақ, оқиға қарапайым болып, бірінен кейін бірі өтіп жатады,сюжет арасындағы байланыс мықты, оқиға өзегі үзілмей, дамытылып отырады.

Фольклортанушы ғалым В.Я. Пропп ертегілерді зерттеу барысында, оның морфологиялық құрылымына да ерекше көңіл бөлген. Ғалымның пайымдауынша, ертегілердегі кейіпкерлер әрекетін таңбалауда сөздердің қайталанып келуінің қызметтік мәні бар.

Ертегідегі ой мазмұны көрінісін былайша саралауға болады:

- кедейліктен отбасындағы балалардың үйден кетуі;
- әке тыйымы;
- әке тыйымының бұзылуы;
- тыйым жасалған жерді аралау, тыйым салынған жерге бару;
- зиянкесті жеңу;
- жаудың мүлкін иемдену;
- аға-інілерінің бір-біріне сырын ашпауы;
- кейіпкерлердің қолында нақты айғақтардың болуы;
- хан қызына талас;
- ағасына жол беру;
- батырардың елге танылуы, мойындалуы;
- хан қызына үйленуі;

- батырлардың таққа отыруы;
- ертегінің бақытты аяқталуы.

Ертегі әдеттегідей, «Ертеде бір кедей болыпты, оның үш ұлы болыпты» деп басталады. «*Болыпты*» етістігінің екі рет қайталануы «ертеде» сөзінің ұғымдық мәнін тереңдете түседі, өйткені құрамындағы -*ып* көсемшесінің өткен шақ мағынасы екі рет келіп, әрекеттің әрі өткен шақта болғанын, әрі бірінен кейін бірі болғанын таңбалайды. Келесі үшінші сөйлемде «Үйінде отырып, күнелте алмайтын болған соң, үш бала әкесінен рұқсат алып, алыс жерден кәсіп іздеуге шықпақшы болыпты» деп болыпты етістігі тағы қайталанады. Ертегінің басталуында кездесетін етістікті қайталаулардың өзіндік ерекшелігі бар. Мұндай қайталаулар әрекеттің тұтастық сипаты мен кезектестігін анықтау мақсатында қолданылған. Тұрмыс-салт ертегісіне тән мұнда да қарапайым адамдардың тірлігі, күн көрісі, кәсіп іздеу, өз күшіне ғана сену мотивтері айқын. Бір әкеден туған үш бала кедейліктен күн көріс қиындыған соң, қалтасына бір қоржын малта салып, кәсіп іздеп, жолға шығады. Кетіп бара жатқанда, әкесі мынадай ақыл айтады: «Қарақтарым, жолдарың болсын! Осы кетіп бара жатқан жақтан қопа кездессе қонбаңдар, түстенбеңдер. Онан әрі өте бергенде, жалғыз мола кездеседі, оған қонбаңдар да, түстенбеңдер де. Онан өтсеңдер, бір көп мола кездеседі, оған да қонбаңдар да, түстенбеңдер де... Ал енді, қош, аман болыңдар!» [55].

Ата-ана үшін ең бастысы нәрсе баласының аман-есен жүруі. Сондықтан да әкесі балаларына жолдарында кездесетін қопаға, молаға қонбауын, түстенбеуін ескертеді. «Қарақтарым» деген қаратпа сөз арқылы әкенің балаларына деген мейірімі сезіледі. «Қарақтарым» сөзінің төркіні «қарақ», «көздің қарасы», «көзімнің ағы менен қарасы» сияқты фразеологиялық тіркестердің құрамында кездеседі.

Біз талдап отырған «Кедейдің үш ұлы» ертегісінде қайталаулар мәтіннің өн бойында кездеседі. Бұл балалар қабылдауының жеңіл болуы үшін маңызды. Мәселен, «*Балалар жүріп келеді. Айлардан ай өтіп, күндерден күн өтті*», «*Әлі жүріп келеді, әлі жүріп келеді*» сияқты ертегі тіліне тән тұлғалар қайталанып келеді. Байқап отырғанымыздай, бұл шағын мән мәтінде «келеді» сөзі үш рет, «өтті» сөзі екі рет қайталанған.

Ертегідегі қайталаудың стилистикалық әлеуеті жоғары.

Ғалым И.В. Арнольд синтаксистік қайталаудың келесі түрлерін ажыратып көрсеткен:

1) синтаксистік құрылымдардың қайталануы немесе синтаксистік параллелизм;

2) анафора (грек тілінен ана - қайтадан, phoros - көтеру) - сөйлеудің параллель сегменттерінде бастапқы элементтің қайталануы;

3) эпифора – (грек тілінен аударғанда epi – кейін, phoros – көтеру) – соңғы элементтің қайталануы;

4) айналмалы қайталау – элементті қайталау немесе просаподизм – айтылымның басында және соңында элементтің қайталануы;

5) полисиндетон – сөздің экспрессивтілігін күшейту үшін жалғаулық, предикативті бөліктер арқылы жалғанған біртектес мүшелердің логикалық және интонациялық екпіні үшін қайталанатын жалғаулықтарды немесе жалғаулықтардың қызметін атқаратын басқа да қызметтік сөздерді әдейі қолдану;

6) синтаксистік конвергенция (И.В.Арнольд термині) – «бағыныңқы сөзге немесе сөйлемге бірдей синтаксистік қатынас арқылы біріккен қызметі жағынан сәйкес келетін бірнеше элементтер тобы» [56, 295].

«*Әлі жүріп келеді, әлі жүріп келеді*» қайталауы – синтаксистік құрылымды қайталауға жатады. Болған әрекеттің тым ұзақ уақыт шеңберінде болғанын тыңдаушыға жеткізіп, оның, әсіресе баланың психикасына әсер етіп, мәтінді әсерлі етуде мұндай қолданыстардың рөлі бар. Мұндай қайталаулар ақпараттың ерекше мәнін келтіріп, тыңдаушыны нандыру үшін, эмоционалды әрі интонациялық мазмұнды білдіру құралы қызметін атқарады. Яғни, мұндай қайталаулар арқылы сөздің мағыналық сипаты тереңдей түседі де, мәтіндегі басты ой ерекшеленіп, эмоциялық сипаты күшейеді. Егер «Әлі жүріп келеді» тіркесі бір рет қана қайталанса, онда тым ұзақ жер жүргені туралы ақпараттың әлеуеті төмендеп, «ұзақ жүру» семасы толыққанды берілмеген болар еді. Ертегінің де басты мақсатының бірі – ағайынды үш жігіттің ұзақ жолдан келе жатқаны, олардың азықсыз шаршап-шалдыққанын көрсету. Әйтпесе, кедей үш жігіттің әке сөзін тыңдамай, қопа жанына қонғанын ақтау қиын болар еді. Әке сөзіндегі: «*Осы кетіп бара жатқан жақтан қопа кездессе қонбаңдар, түстенбеңдер. Онан әрі өте бергенде, жалғыз мола кездеседі, оған қонбаңдар да, түстенбеңдер де. Онан өтсеңдер, бір көп мола кездеседі, оған да қонбаңдар да, түстенбеңдер де... Ал енді, қош, аман болыңдар*!» - деуінің себебі ертегінің өн бойында ашылады, айқындалады. Байқап отырғанымыздай, «*қонбаңдар, түстенбеңдер*» етістігі де үш рет қайталанып берілген. Бұл қайталанудың тек стилдік қана емес, сонымен бірге семантикалық та мәні ерекше. Сюжеттің алдағы дамуына берілген нұсқау, мәтін мазмұнының композициялық ерекшелігіне алдын-ала берілген жоспар сияқты. «Қону», «түстену» ұғымдары белгілі бір жерде отыру, жату, біраз уақыт болу семаларын айқындайтындықтан, сол орындардың зиянды болуынан сақтандыру үшін, етістіктер қайталанып қолданған.

Ертегідегі қайталаулар қызметінің мәні ерекше және әр алуан. Ол ертегінің әлем бейнесін таңбалаудағы эстетикалық сипатымен, басқа да әрекеттерді айқындап тұрған тілдік бірліктермен оңай тіркесімділік қабілетке ие болады. Ең бастысы, ертегі қазақ халқының ұлттық дүниетанымдық болмысын танытар ескіден келе жатқан қазына деп түсінсек, әр сөздің қолданысы ғана емес, әр грамматикалық тұлғаның қолданысы тарих қойнауында әбден екшелген, еленген, жүйеге түскен. Мәселен, *қопа кездессе қонбаңдар; жалғыз мола кездеседі; бір көп мола кездеседі* деген тіркестер бар. Мұнда мәнмәтіннің бірінші бөлігінде «кездессе» тұлғасы шартты рай тұлғасында тұр. Ал қанған екі тұлға «көсемше тұлғасы арқылы қайталанған. Мұндай қайталаудың ең алдымен, дүниетанымдық, лингвомәдени, сосын, семантикалық ерекшелігі бар

деп танимыз. Өйткені ұзақ жол әр тарапқа қарай бұрылуы ықтимал. Қазақтың ұланғайыр даласында қиыр-қиыр жол бар. Соның қайсысына түсері тек жолаушының өзіне ғана белгілі болар еді. Сондықтан, «егер, онда» шарты орындалуын айқындайтын «се» шартты рай тұлғасы қолданған деп есептейміз. Жолаушы қопаға кездессе, онда сол жолдажалғыз мола, сосын көп мола кездесуі анық болады, өйткені жол соған апарады. Қазақ даланың жолдарын жақсы біледі, жақсы таниды. Бұл да қазақ дүниетанымында бар ақпарат. Ертегіде мұндай танымдық ақпараттар әдемі, көркем тілдік бейнелеулер арқылы берілмейді, қарапайым ғана тілдік бірліктермен, тілдік қайталаулар арқылы көрсетіледі. Ертегінің мәңгілігі де осы қарапайым қолданыстар арқылы терең дүниетанымды таныта алғанында деп танимыз.

Қазақ ертегілері мұндай қайталауларға бай. Бұл қайталаулардың экспрессивтік мәнінен гөрі ақпараттық, танымдық мәні тереңірек.

Кедейдің үш ұлы қанша ұзақ жүрсе де, қопа таусылып, бітпей қояды. Күн қарайып, түн болған соң, әке сөзін ұмытпаса да, амалсыздан қопа маңында қонуға бекиді. Әке сөзін еске алып, қопадан алыстағысы келсе де, қопа бітпеген соң, «Қой, не де болса Құдайдың әмірімен болар. Қонайық, әйтпесе адасамыз» дейді біреуі. Ақиқатында, әке сөзінен гөрі, құдайдың әмірі күштірек. Осы бір рухани мәні терең түсінікті таныту мақсатында, «Құдайдың әмірі» тіркесінің қолданылуының да маңызы ерекше. Қазақ дүниетанымында «Тәңірі», «Алла», «Құдай», «Жаратушы» сөздері еш мағыналық ерекшеліксіз дублет ретінде қолданылады. Мәтінде «Алла» сөзі емес, «Құдай» атауының жұмсалуы бұл ертегінің ертеден сақталып, ауыздан ауызға жетіп таралып келе жатқанының көрсеткіші деп есептеуге болады. Бұл жерде профессор Б. Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» атты еңбегінен мына үзіндіні келтіруді жөн көреміз: «Бағзы заманнан келе жатқан әңгімелер бар, жазбалар бар. Солардың куәлік беруіне қарағанда, кеңістікте он сегіз мың ғалам жаратылмастан бұрын Алла тағаладан басқа еш нәрсе жоқ екен» [57, 30].

Мәтіндегі «ыстық» сын есімінің қолданысы әдеттегі жұмсалымынан ерекше. «Ыстықтары» сөзі «ыстық тамақ», «ыстық ас» мағынасында алты рет жұмсалған: *Қалғандары ыстықтарын ішіп, ұйықтап қалады. Таңертең үшеуі тұрады да, ыстықтарын ішіп, жүріп кетеді. Қалғандары ыстықтарын ішіп, жатып қалады т.б.* Сын есімнің заттық мағынада осылайша субстантивтеніп жұмсалуы, жалпы тілдік қолданыста аз ұшырайтын құбылыс екенін ескеру орынды болмақ. Бұлай қолдану да ертегі тілінің өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Ертегіде іс-әрекетті, қимылды күрделі етістіктер арқылы таңбалау белсенді: *бет алды, араласа кетті, тіліп алды, салып алып, келіп жатып қалады, жүріп кетеді,* жүріп келеді*, көтеріп жіберіп еді, алыса кетті, кесіп алып, салып алды, айқай салады, барып жата берді, көтеріп келіп т.б.* Әрекеттің, қимылдың қандай да сипаты болса да, қазақ етістігі оны нақты әрі дәл таңбалауға толық мүмкіндігі бар. Сан алуан іс-әрекет пен қимылды таңбалауда күрделі етістіктердің алатын орны ерекше.

Етістік туралы терең ғылыми-теориялық ойлар айтып, негізгі теориялық тұғырын жасаған ғалымдардың бірі – С. Исаев. Зерттеушінің «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» деп аталатын еңбегінде етістік түбірінің грамматикалық ерекшеліктері, категорияларының грамматикалық сипаты терең сараланған. Автор: «Қазіргі қазақ тілінде етістік – ең күрделі сөз табының бірі. Бұл оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формаларының қат-қабаттылығынанжәне олардың арақатынасынан, грамматикалық категорияларының әр түрлілігінен, жаңа сөз жасау жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметінен т.б. лексика-грамматикалық қасиеттерінен байқалады», - деп жазады [58]

Қазақ тіліндегі күрделі етістіктерді талдап, орлардың сөз тіркестерімен, фразеологиялық бірліктермен, және аналитикалық формалы етістіктермен ұқсастығы мен ерекшелігін талдаған ғалым Б. Қасым. Ғалымның «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер» деп аталатын зерттеуінде бұл мәселе егжей-тегжейлі талданады. Ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, ертегілердегі күрделі етістіктердің қолданыс ерекшелігіне бірнеше рет нақты деректер келтірдік. Демек, күрделі етістіктер көнеден келе жатқан ауызекі сөйлеу дискурсында дәстүрлі дамып жетілген. Күрделі етістіктің сыңарлары мағыналық жағынан даму арқылы бір-бірімен тіркесіп келіп, жаңа лексикалық мағына береді.

Б. Қасым күрделі етістіктерді нақты мысалдармен талдап, олардың ғылыми негіздемесін жасаған. Мәселен, *«алып бар», «кіріп шық», «алып кел», «алып қайт», «алып қал» т.б.* сияқты етістіктердің семантикасын терең талдайды. Айталық “алып бар” етістігінің күрделі етістік болуының себебін былайжазады. «Лексикалық мағынасы – «алудың» да, «барудың» да мағынасын қамтитын біртұтас күрделі қимылдың аты. Оның мағынасы жеке алғандағы «алу» қимылына да, «бару» қимылына да тең емес, олардың әрқайсысынан да кең мағына. Өйткені ол біртұтас қимыл болып түсінілетін, ұғынылатын, қабылданатын дәрежеге жеткен күрделі қимылдың аты. Ол күрделі қимыл екі дара қимылдың біртұтас мағынаға көшуінен қалыптасқан. «Алып бар» етістігінің күрделі қимыл мағынасы «алу» және «бару» дара қимылдарының мағыналарының бір-бірімен жымдасып, тұтасуы арқылы жасалған. Сөйтіп күрделі етістіктер бір лексикалық мағына білдіретін, ең кемі екі сыңардан жасалған, тілде жеке дербес сөздің қызметін атқаратын лексикалық тұлғалар [45, 45].

Ертегілердегі күрделі етістікті талдауда, олардың семантикалық құрылымын анықтауда біз Б. Қасым зерттеулеріне сүйенеміз.

Ертегіден мысал: *Олар алдағыдан аман өткен соң, әкелерінің айтқанын есіне алған жоқ, қона кетті.* Бұл сөйлемдегі «қона кетті» етістігін күрделі етістік ретінде бағалауға толық негіз бар. Бұл тіркесте «кету» етістігінің мағынасы семантикалық даму арқылы жұмсалып, күрделі туынды сөз жасауға негіз болып тұр.

Ашып келсе, жеті басты бір дәу жатыр екен, оны барып оятып еді, тұра Мүшкенмен алыса кетті. «Алыса кетті» – күрделі етістігі де нақты әрекетті таңбалауда жеке атау ретінде жұмсалған. «Кетті» сөзінің негізгі мағынасы «кел» атауына қарсы мағынада, белгілі нысанның кері бағыттағы қолданысын білдіру үшін қолданылады. Ол ауылға кетті, үйіне кетті, оқуға кетті т.б. «Алыса кетті» деген тіркесте бұл мағынасы мүлде көрінбей, әрекеттің басталу сипатын белгілейді.

Қалғандары ыстықтарын ішіп, жатып қалады. «*Жатып қалады*» күрделі етістігінің де бірінші сыңары өз мағынасында қолданылады да, екінші сыңары метафоралық мән алып, ауыспалы семантикаға ие болады. «Қалу» етістігі белгілі бір субъектінің орында қалуы мағынасынан дамып, «жатып қалды» деген туынды семада дамиды.

Аралап келе жатыр еді, жердің астынан у-шу дауыс шығады. Келе жатыр – күрделі етістігінің екінші сыңарындағы «жатыр» қалып етістігінің мағынасы да метафоралық мәнге ие болып, туынды күрделі етістік семантикасына ұласа дамыған. «Жатыр» қалып етістігі субъектінің не нысанның жату қалыбын таңбаласа, «келе жатыр» тіркесінде оның мағынасы қимылдың аспектуалдығын анықтайды да, күрлеі етістік ретінде жұмсалады [60,56].

Бұлардың онымен жұмысы болған жоқ, оңаша бір кемпірдің үйіне барып жата берді. «Жата берді» тіркесі де күрделі етістік мағынасында қолданылған. Мұндағы екінші сыңардағы «берді» етістігі жаңа мағынаға ие болып, қимылдың ерекше сипатын таңбалау үшін жұмсалған.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, морфология саласын жүйелі қарастырған А.Ысқақов күрделі етістіктің мағыналық дамуы туралы мынадай пікір білдірген: «Сөздердің күрделену процесі бірден туа салатын және тез қалыптаса қоятын құбылыс демедік. Ендеше, бұл құбылыстың да тіл мен ойлаудың қарым-қатынасынан, олардың бірлігінен туып, ұзақ сонар процестерді бастарынан көшіріп қалыптасатын тарихи құбылыс екені даусыз. Осындай процестер үстінде морфологиялық (синтетикалық) және синтаксистік (аналитикалық) тәсілдердің күрделі сөз тудырудағы ара қатынастарына әр алуан фонетикалық, лексика-семантикалық және грамматикалық факторлар да араласып, әрқайсысы өзінше әр қилы дәрежеде үлестерін қосып, сол қалыптастарының дамуына жәрдем етеді» [61, 129].

В.М. Жирмунский сөздердің дамуын екі жолмен байланыстырған болатын. Ал А.Ысқақов ондай дамудың жолын үш саламен байланыстырады. Яғни фонетикалық факторлар, лексика-семантикалық факторлар және грамматикалық фактор деп есептейді. Сөздердің дамуына назар аударған А.Ысқақовтың пікірінің орындылығын ертегілерде кездесетін күрделі етістіктің даму сипаты арқылы нақтылауға дәлелдер көп табылады.

Күрделі етістіктердің семантикасы мен қызметі туралы, олардың өзге де күрделі сөздерден айырмашылығы мен мағыналық жақын табиғаты жайында айтылған біршама ғылыми зерттеулер бар. Дей тұрғанмен, күрделі сөздердің басты ерекшелігін, олардың грамматикалық белгісі мен семантикалық мәнін,

прагматикалық қызметін жан-жақты анықтау әлі де маңызды деп есептеледі. Күрделі етістік құрамындағы жеке етістіктердің мағыналары сараланып, олардың күрделі сөз құрамындағы мағыналарын пайымдау, прагматикалық қызметін анықтаудың ғылыми өзектілігі бар деп есептейміз. Екіншіден, күрделі етістіктердің басқа күрделі сөздерден яғни, қос сөз, қысқарған сөз, біріккен сөз, тұрақты тіркестеденайырмашылығы жалпы айтылғанымен талданып, саралап берілмейді. Бұл мәселе де терең зертетуді қажет етеді. Бастысы, қазақ ертегілерінде күрделі етістіктер молынан кездеседі, олардың етістіктің басқа түрлерінен ажырататын морфологиялық, синтаксистік, номинативтік, ақпараттық мәні бар.

Талданып отырған «Кедейдің үш ұлы» атты ертегі мазмұнында өзге ертегілерде көп кездесе қоймайтын мотив бар. Ол кедей жігіттердің хан шақырғанда бармауы. Қазақ халық ертегілерінің түгелінде жуығында кейіпкерлер ерлік, батырлық істерімен, ақылымен, парасатты білім-білігімен ерекшеленіп, көзге түскенде, ханның алдына барады.

Ал аталған ертегідегі мына дискурс көңіл аударарлық:

– Пәлен кемпірдің үйінде бір үш жолаушы қалды, – деседі.

– Шақырыңдар! – деп бұйрық қылды хан.

Шақырушы келіп, қонақтарға:

– Сіздерді хан шақырады, – дейді.

– Қалжырап жатырмыз, бара алмаймыз, – деді жолаушылар.

Ханға «келмейді» деп, хабар сап ете қалды.

– Шақырып кел! – деп уәзірін жұмсады.

Бас уәзірі келіп:

– Сіздерді хан шақырады, – дейді.

– Біз әлгіде «бара алмаймыз» дегенбіз, бара алмаймыз. Жұмысы болса, хан өзі келсін! – деп ақырысады. Уәзір сасқанынан ханға барып:

– Бара алмаймыз! Жұмысы болса өзі келсін дейді, – деді.

Хан аз ойланып: «Осылар болмаса игі еді», – деп сескеніп, өзі келеді. Үш жігітті үйіне ертіп әкеліп, жақсылап қонақ қылады.

– Жігіттер, қайдан келе жатқан адамсыңдар, қандай ерліктеріңіз бар? Мына өлген дәуден не хабарыңыз бар? – деп сұрайды.

Батылдығы мен ерлігіне сенген намысты ерлер хан екен деп одан имене қоймайды. Хан да олардың жай жүрмегенін біліп, жөн сұрау үшін өзі іздеп келеді. Мұндай мотив қазақ ертегілерінде кездесе қоймайды.

Соңғы жылдарда қазақ тіл білімінде антропоөзектік бағытқа зерттеушілер көңіл бөліп, көптеген ғылыми жұмыстар жазылғаны белгілі. Ертегіде кездесетін мұндай дискурсты да қазақ халқының әлемнің тілдік бейнесін когнитивтік саралаудағы өзіндік дүниетанымдық ерекшелігі ретінде бағалауға болады. Адам танымының, ойлауының, мәдениетінің дамуында болатын тағылымдық өзгерістің бірі деп танимыз. Тіл ақпаратты ұйымдастыру, өңдеу және оны жеткізу құралы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік маңызы бар құрал да. Дискурстар арқылы берілетін ақпараттар адамның дүниеге белгілі бір көзқарасын танытып, оны тілде концептуалдық деңгейге жеткізу үшін де

жұмсалады. Қазақ халқының танымдық тәжірибесінде ханды алдына келтірген ақылды да көсем, шешен тұлғалардың болғаны тарихи шындық. Осы бір шынайы шындық «Кедейдің үш ұлы» ертегісінде концептуалдық мән алған деуге негіз бар. Ертегілер арқылы көрініс тапқан халықтық дүниетаным тілде концептуалданып, адамның бүкіл танымдық тәжірибесінің мәнін танытады, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасын танытады.

«Сіздерді хан шақырады» дегенде, «қалжырап жатырмыз» деп бармай қалады. Хан уәзірін жібереді, онда да бармайды, ақырында ханның өзі келіп, жағдайды сұрауға мәжбүр болады. «Халық қаласа, хан түйесін сояды» деген мақал қалыптастырған халық дүниетанымында мұндай әрекеттердің болып тұрғаны шындық екенін осындай ертегілер арқылы аңғаруға болады.

XXI ғасыр тіл білімі қазіргі таңда тілді тек қарым-қатынас пен таным құралы емес, ұлттың мәдени коды ретінде қарастырылатын бағытты белсенді дамытуда. Бұл көзқарастың іргелі негіздері В. фон Гумбольдт, Потебня және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қаланды. Әлем туралы ақпараттың басым бөлігі адамға тілдік арна арқылы келеді, сондықтан адам заттар мен заттар әлеміне қарағанда, интеллектуалдық, рухани, әлеуметтік қажеттіліктер үшін өзі жасаған ұғымдар әлемінде көбірек өмір сүреді. Халықтық ортақ ойлаудан туған ертегілердегі кейіпкерлердің іс-әрекеттері осындай әлеуметтік қажеттіліктерден туған. Ханды алдына әкелу – көптің арманы ғана емес, тарихи нақты оқиғалардың нәтижелі жемісі болуы да заңдылық. Тарихта мұндай оқиғалар аз болмаған.

Ертегілер тарихи оқиғаларды нақты суреттемейді әрине, дегенмен, халық дүниетанымына сіңген көне тақырыптар мен көне мотивтер тілдік тәжірибе арқылы нақтыланып, өзіндік ізін қалдырады.

«Кедейдің үш ұлы» ертегісінде Әшкен, Мүшкен, Жұмашелдінің ерлігіне риза болған хан кіші ұл Жұмагелдіге өзінің қызын бермек болады. Сонда Жұмагелді: – *Қызыңды берсең, үлкен ағама бересің, бермесең, мен алмаймын, жол сонықі,*– дейді. Хан бұл сөзді тыңдап, тағын да, қызын да Әшкенге береді. Бұл сөздің де қазақ дәстүріне лайық айтылғаны анық. Үлкенге жол беру, үлкеннің алдында бас ию, үлкеннен бұрын сөйлемеу – көнеден келе жатқан қазақ дәстүрінде бар.

Ертегіде тілдік құралдар арқылы мұндай танымдық мәні бар дүниелердің берілуінің маңызы ерекше. Ертегінің коммуникативтік сипаты, негізінен, балаға бағытталған, сондықтан мұндай мәтіндердің тәрбиелік, психологиялық маңызын да атап көрсету орынды болмақ. Кез келген фольклорлық шығарма ұлттық ерекшелікті, ұлттық болмысты көрсетеді.

Қазақ халық ертегілерінің прагматикалық мағынасын анықтау үшін мәтіннің прагматикалық мүмкіндіктері, прагматикалық бейімделуі, лексикалық бірліктерінің прагматикалық мағыналары сияқты аспектілерін ескеру қажет. Ертегінің прагматикалық мағыналарын мынадай түрлерге бөлуге болады:

1) ертегідегі атаулардың стильдік сипаттамасы;

2) атаулардың мағыналық құрылымы;

3) сөздің эмоционалды коннотациясы.

Сөздің стилистикалық сипаттамалары оны сөйлеушілердің қалай қабылдауымен анықталады. Ертегіні тыңдаушылар осындай дәстүрлі ұғымдарды тыңдай отырып тәрбиеленеді.

Ертегіде фольклорлық мәтіндерге тән тілдік құралдар мен бейнелер бар. Мәселен, *айлардан ай, жылдардан жыл өткенде, ай десе аузы, күн десе көзі бар, бір сұлу қыз, бір айдаһар дүшар болды, жауындатып, дауылдатып айдаһар келе жатады, қуарған қу шүберектей болды, қырық құлаш қанжарым бар, отыз күн ойнымды, қырық күн тойымды, тумаса да туғандай еді,тоғай толған жылқы,жеті күн, жеті түн тамақ татпай, барша мұратына жетіпті т.б.*

Мұндай бейнелі метафоралық қолданыстар ертегінің тілін жұмырлап, тыңдаушыны еліту үшін, көңілін баурау үшін қажетті стилдік қолданыстар. Сыртқы көріністі сипаттау эпитеттердің, оң және теріс коннотацияларды қамтитын салыстырмалы тіркестердің көмегімен жүзеге асады. Сөз мағынасын бұлайша дамыта қолдану, дәстүрлі қолданыстарды пайдалану ертегіде жиі кездеседі. Мұндай сипаттамалар фольклордағы жасалған образдың екіжақтылығы мен күрделілігін көрсетеді. Табиғат бейнесі де кейіпкер мен оның жағдайын терең түсіндіру құралы ретінде әрекет етеді деп айта аламыз. Сипатталған табиғаттың белгілері кейіпкерді сипаттаумен бірге біртекті құрамдас бөлікті құрайды, өйткені әрбір жеке жағдайда олар ертегідегі кейіпкердің белгілі бір қабылдауын жасауға ықпал етеді. Ертегі сюжеті дамыған сайын концепцияның сапалық және функционалдық сипаттамаларының өзгеруі оның бейнесінің түбегейлі өзгеруін көрсетеді. Жағымды мағына беретін жарқын эпитеттер мен салыстырулар теріс бағалау компоненті бар эпитеттермен алмасып, негізгі эмоционалды атмосфера тыңдаушыға оңай беріледі. Метафора жеке адамның дәлме-дәл әрі айқын сипаттамасын жеткізіп бере алады.

Кейіпкердің ерекше қасиеттерін сипаттағанда метафораның атқарар рөлі маңызды. Мәселен, *Оның басын және қағып, екі інісінің үстіне қалап, үйге кіріп келсе, бір айдай сұлу қыз отыр, көре салып, Жұмакелді шалқасынан түсіп талып қалады.* Айдай сұлуды көріп кейіпкердің талып қалуы осылай таңбаланады. Мұндағы «айдай сұлу» сөзінің теңеулік мәні тыңдаушы үшін де ерекше сезіледі. Өйткені, сөз – өнер. Ондағы мағыналық құбылу кейіпкер бейнесін есте сақта үшін де қажет. Ертегілерде сәтті шыққан метафоралық қолданыстар, теңеулер, эпитеттер қайталанып қолдана береді. Біз жоғарыда келтірген мысалдардағы *айлардан ай, жылдардан жыл өткенде, ай десе аузы, күн десе көзі бар, бір сұлу қыз, бір айдаһар дүшар болды, жауындатып, дауылдатып айдаһар келе жатады, қуарған қу шүберектей болды, қырық құлаш қанжарым бар, отыз күн ойынымды, қырық күн тойымды, тумаса да туғандай еді, тоғай толған жылқы,жеті күн, жеті түн тамақ татпай, барша мұратына жетіпті* сияқты тіркестер өзге бе көптеген ертегілерде кездесетін, жаттанды болған тілдік тұлғалар.

Түйсік арқылы ұқсату сезімі адамның мінез-құлқын анықтайтын күнделікті ойлауында аса маңызды рөль атқарып, оның тілінде көрініс табады. Бұл

метафораның «тұрмыстағы» сарқылмас қайнары. Өмірде бейнелі ойдың маңызы зор. Адам жеке нысанды ғана емес (мысалы, басқа адамды тануы) және әртүрлі сезім мүшелері қабылдаған салалар арасындағы ұқсастықты ғана емес (мысалы, *жылы ауа* және *жылы лебіз*), нақты әрі абстрактілі нысандар арасындағы, материя мен рух арасындағы ұқсастықтарды да ажырата алады (салыстырыңыз: *өзеннің ағысы, өмір өзен, уақыт ағымы, ойлар ағымы*).

Қабылдау механизмдерінің ерекшеліктері және олардың психикамен өзара байланысы адамға салыстыруға келмейтін нәрсені салыстыруға, өлшеуге келмейтін нәрсені өлшеуге мүмкіндік береді. Мұндай құрал үнемі іске қосылып тұрады да, метафораны дискурстың кез келген түрінде жасайды. Күнделікті сөйлеу тілінің айналымына түскеннен бастап, метафора тез икемделіп, тілдің сөздік қорына енеді. Бірақ осылай пайда болатын метафоралардың қолданылуына, біз жоғарыда атап өткен дискурстың функциональды-стильдік және коммуникативті сипаты шектеу қояды. Метафораның мән-мағынасы сөйлемнің негізгі бөліктеріндегі сөздердің мағыналарымен сәйкес келеді, үйлеседі. Ертегідегі кейіпкердің қызметін, әрекетін ерекшелеу үшін қолданылатын метафора тым еркін, кездейсоқ болады, ол сөйлеу нысанын толығымен нақты анықтайды. Ол үшін жалқы есімдер мен тілдің дейксистік құралдары қолданылады.

Халық тілінде әбден қалыптасып, тілдік қолданысқа сіңген дәстүрлі метафоралардың мазмұны мен мәні, мағынасы халықтың таным-түсінігімен астасып, оның тұрмыс-тіршілігіндегі өздері таныған құбылыстармен байланысты болғандықтан, мол таралып, жеке атау ретінде қалыптасқан. Дәстүрлі метафоралар қалың қауымға толықтай түсінікті, сөйлеу тілінде немесе көркем әдебиетте белсенді жұмсалатын бейнелі атаулар. Оларды әуелде біреулер жасағанымен, кейін авторы ұмытылып, халық қазынасына айналған, сондықтан келісті ойды меңзейтін кестелі сөз ретінде сөйлеуде белсенді жұмсала береді. Дәстүрлі метафоралар тілдің даму жолында өзінің айшықты, кестелі қалпынан ажырап, бейнелі қалпы күңгірттеніп, бірте-бірте толық мағыналы туынды атауға айналуы да мүмкін.

Ал авторлық метафоралар жеке бір адамның әлем бейнесін бейнелі қабылдауы арқылы жасалып, жеке қолданысқа ие. Егер дәстүрлі метафора тұтас ұлттың немесе халықтың көркем ойы мен дүниетанымдық болмысын таныта алса, авторлық метафораларда ұлттық сана мен ұлттық дәстүр, ұлттық тілдік бірлік сіңгенімен, жеке қолданысында бір жазушының ғана қолданысына тән болады. Мұнда жалпылай қолдану емес, тек жеке автордың өзінің жасаған, өзінің ерекшелігін танытатын тілдік белгі ретінде танылады.

Метафора ерекше танымдық қасиетті таныта алатын құбылыс ретінде бағаланады. Ол тек көркем әдебиетте ғана емес, сөйлеу тілінде де, фольклорлық шығармаларда да, мифологиялық шығармаларда да, кейде ғылыми зерттеулерде де, публицистикалық туындыларда да ұшырасады. Тілімізде әуелгі қолданған метафоралар қазіргі таңда образдық мәні солғындап, трафаретке айнала бастаған.

Метафоралық қолданыстар тіл дамуының басты бұлақтарының бірі. Тіл дамыған сайын оның ауыспалы мағынада жұмсалуы таным деңгейіне орай тереңдей түседі. Түптеп келгенде, бұл құбылыс адамның абстрактілі ойлау деңгейімен біте қайнасып, астасып жатады. Салыстыру, ауыстыру сипатындағы тілдік қолданыстар көптеген тілдегі семантикалық процестердің жетілуіне жол ашады. Айталық, синонимдік құралдардың дамуына, жаңа семантикалық мағыналардың пайда болуына, көпмағыналылықтың жасалуына, эмоциональды-экспрессиялық лексиканың дамуына игі әсер етеді.

Тілдің метафоралық қолданыстар арқылы дамуы мен жетілуі шексіз мүмкіндіктерге ие. Өйткені адамның әлем бейнесін тануының өзі шексіз, шетсіз. Табиғаттың сан-салалы сырларын толықтай танып-білу мүмкін емес, сонымен бірге адам қиялы ұшқыр, болмыстағы ұқсас белгілер мен жақын қасиеттер мол. Осы ретте жазушылар тілінде метафоралар үнемі жасала береді, өзгере дамиды. Қиял әлемі жеткен жерге метафора сипатында сөз де жетіп, оны таңбалайды, содан соң атауға айналдырып, әлемнің көркем бейнесін жасап отырады. Яки тілдің мағыналық жағынан дамуы негізінен метафораларға байланысты деуге толық негіз бар. Бұл туралы К. Аханов «Сөздің көпмағыналылығы қоғамның даму барысына, адам баласының танымағанын танып, заттар мен құбылыстардың қарым-қатынасын танудан пайда болады» – деп жазады [62].

Метафоралар арқылы жасалған таңбалар сөздік қор мен сөздік құрамды кеңейтіп, оны жаңа атаулармен, туынды сөздермен байытып отырады. Сөйлеудегі және авторлық қолданыстағы сандаған метафоралар жаңа семантикалық қабаттарды өмірге әкеліп, семантикалық өрістегі сөздерді сапалық жағынан байытады.

Сонымен, қорыта айтқанда, фольклорлық шығармалар тілінің ондағы әртүрлі сөйлеу жанрларының үйлесуі арқылы айқындалатын өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ халық ертегілері қоршаған ортаны шынайы бейнелеуімен және сиқырлы табиғаттан тыс оқиғалардың көп болмауымен ерекшеленеді. Сиқырлы элементтер адамдардың әрекеттерінің күрт дамуымен ауыстырылады. Халық ертегісінде басты кейіпкер әрқашан жеңіске жетеді, арманы орындалады. Қазақ халық ертегілерінің бәрі дерлік «барша мұратына жетіпті» деп аяқталады.

Екінші бөлім бойынша түйін:

Қазақ тіліндегі барлық грамматикалық құрылымдар сөйлеу тіліндегі өз белсенділігін ертегілерде нақты көрсетеді. Олар кез келген ойды айқын жеткізуде толық мүмкіндікке ие. Қазіргі сөйлеу тілімізде кездесетін кемшіліктер ертегінің сөйлеу тілінде мүлде жоқ. Өзге тілдерден кірме сөздерді алып пайдалану, грамматикаалық құрылымда өзге тілдердегі тілдік бірліктерде жұмсау деректері мүлде кездеспейді. Яғни қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық барлық мүмкіндіктері толық пайдаланылып, нақты тұжырымды ой айтылады. Бұдан аңғарылатыны, қазақтың сөйлеу тілінде адамдар арасында күнделікті ой, пікір бөлісуде барлық лексикалық және грамматикалық құрылым

кешенді түрде жұмсалып, кез келген ойды салмақтап беруде мүмкіндігі орасан зор. Қазақ ертегілері қайталауларға бай. Бұл қайталаулардың экспрессивтік мәнінен гөрі ақпараттық, танымдық мәні тереңірек.

Ертегінің коммуникативтік сипаты, негізінен, балаға бағытталған, сондықтан мұндай мәтіндердің тәрбиелік, психологиялық маңызын да атап көрсету орынды болмақ. Кез келген фольклорлық шығарма ұлттық ерекшелікті, ұлттық болмысты көрсетеді.

Қазақ халық ертегілерінің прагматикалық мағынасын анықтау үшін мәтіннің прагматикалық мүмкіндіктері, прагматикалық бейімделуі, лексикалық бірліктерінің прагматикалық мағыналары сияқты аспектілерін ескеру қажет. Ертегінің прагматикалық мағыналарын мынадай түрлерге бөлуге болады:

1) ертегідегі атаулардың стильдік сипаттамасы;

2) атаулардың мағыналық құрылымы;

3) сөздің эмоционалды коннотациясы.

Сөздің стилистикалық сипаттамалары оны сөйлеушілердің қалай қабылдауымен анықталады. Ертегіні тыңдаушылар осындай дәстүрлі ұғымдарды тыңдай отырып тәрбиеленеді.

Ертегіде фольклорлық мәтіндерге тән тілдік құралдар мен бейнелер бар. Мәселен, *айлардан ай, жылдардан жыл өткенде, ай десе аузы, күн десе көзі бар, бір сұлу қыз, бір айдаһар дүшар болды, жауындатып, дауылдатып айдаһар келе жатады, қуарған қу шүберектей болды, қырық құлаш қанжарым бар, отыз күн ойнымды, қырық күн тойымды, тумаса да туғандай еді, тоғай толған жылқы, жеті күн, жеті түн тамақ татпай, барша мұратына жетіпті* т.б.

Мұндай бейнелі метафоралық қолданыстар ертегінің тілін жұмырлап, тыңдаушыны еліту үшін, көңілін баурау үшін қажетті стилдік қолданыстар. Сыртқы көріністі сипаттау эпитеттердің, оң және теріс коннотацияларды қамтитын салыстырмалы тіркестердің көмегімен жүзеге асады. Сөз мағынасын бұлайша дамыта қолдану, дәстүрлі қолданыстарды пайдалану ертегіде жиі кездеседі. Мұндай сипаттамалар фольклордағы жасалған образдың екіжақтылығы мен күрделілігін көрсетеді. Табиғат бейнесі де кейіпкер мен оның жағдайын терең түсіндіру құралы ретінде әрекет етеді деп айта аламыз. Сипатталған табиғаттың белгілері кейіпкерді сипаттаумен бірге біртекті құрамдас бөлікті құрайды, өйткені әрбір жеке жағдайда олар ертегідегі кейіпкердің белгілі бір қабылдауын жасауға ықпал етеді. Ертегі сюжеті дамыған сайын концепцияның сапалық және функционалдық сипаттамаларының өзгеруі оның бейнесінің түбегейлі өзгеруін көрсетеді. Жағымды мағына беретін жарқын эпитеттер мен салыстырулар теріс бағалау компоненті бар эпитеттермен алмасып, негізгі эмоционалды атмосфера тыңдаушыға оңай беріледі.

Сиқырлы элементтер адамдардың әрекеттерінің күрт дамуымен ауыстырылады. Сонымен, халық ертегісінде басты кейіпкер әрқашан жеңіске жетеді, арманы орындалады. Қазақ халық ертегілерінің бәрі дерлік «барша мұратына жетіпті» деп аяқталады.

3 ҚАЗАҚ ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ПАРАДИГМАЛАРЫ

3.1 Қазақ ертегілеріндегі «жақсылық» және «мейірім» концептілерінің әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі

Халықтың дүниетанымын, мінез-құлқын, жалпы сипатын ашу дегеніміз – әлеуметтік-экономикалық құрылым, өмір сүру салты, болмыс-тіршілігі, өмір сүру жағдаяттарының т.б. жиынтығынан тарихи тұрғыда қалыптасқан ең маңызды әлеуметтік-психологиялық белгілерін айқындау. Халықтың ұлттық тұрмыс-тіршілігінің қалыптасуына табиғи жағдайлар, өсімдік және жан-жануарлар әлемі әсер етіп, өз кезегінде олар айналысатын еңбек түрін, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптар жүйесін айқындайды. Әлемнің тілдік бейнесі – түрлі тілдік құралдар көмегімен жүзеге асырылатын ақиқат болмыстың тұтас, жүйелі бейнеленуі.

Антропоөзектік парадигма аясында А.Потебня, В.фон Гумбольдт, Э.Сепир, Б.Уорфтың ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде пайда болған «мәдениет», «когниция», «концептуалдау», «когнитивті негіз», «концепт», «әлемнің концептуалды бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі», «менталдық», «менталитет», т.б. сияқты ұғымдар маңызды сипатқа ие. Адам баласының қоршаған дүниені түсінуі мен игеруі арқылы пайда болған білімдер жүйесі когнитивтік негізді, базаны құрайды. Шындық болмысты тану және сол білімді жинақтау үдерісінде, яғни нақты бір тілдің категориялары мен стереотиптері, белгілі бір үлгілері арқылы құрастырылатын әлем туралы білім мен сол арқылы жинақталған біліктердің интерпретациялары мен қайта өңделуі нәтижесінде әлемнің тілдік бейнесі қалыптастырылады.

Әлемдік тіл біліміндегі лингвистикалық зерттеу еңбектерде «ғаламның менталды бейнесі», «концептосфера», «концепт» терминдері кейде синоним ретінде де жұмсалады деп пайымдауға толық негіз бар. Шындап келгенде, бұл терминдердің негізінде адам танымы арқылы қалыптасып, жүйеленген, сұрыпталған концептілер жүйесі екенін байқаймыз. Ал концептілердің мазмұндық сипаты мен мәні жеке адамның әрекеті арқылы көрінетін танымдық ақпараттарымен байланысты. Әлемнің тілдік бейнесі халық туғызған аялық біліммен, этномәдени ақпараттармен, әлеуметтік орта жасаған ортақ көзқарастармен, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан сол лингвомәдени бірліктегі өмір сүретін қауымдастықтың жинақтаған, тәжірибе арқылы бекіген құндылықтар жүйесі арқылы айқындалады.

Әлемнің когнитивтік бейнесін кешенді зерделеу, әсіресе қазіргі көркем шығармалар негізінде айқындау қазақ тіл білімінде де өзекті ғылыми мәселенің бірі. Әлемнің когнитивтік бейнесін мәдени-танымдық аспектіде аксиологиялық бағытта анықтау қажет. Аксиология дегеніміздің өзі бағалау қызметі мен ондағы өзгерістер, оның даму сатылары туралы жүйелі білім болып саналатындықтан, тілдік жүйе мен лебіздік жүйені мәдениетпен сабақтастыра зерделеп, мәдени-танымдық бағытта қарастыру бағалау концептісінің маңызын арттыра түспек. Өйткені бағалау әрбір мәдени концептің бөлінбейтін бөлшегі

санатында. Бағалауды кешенді концептер жүйесі деп тани отырып, оның бірнеше ерекше мәнін анықтайтын ішкі жіктелістерін атауға мүмкіндік бар. Бағалау концепті барлық адами құндылықтар негізінде де анықтала алады. Мәселен:

- өмір концепті (тіршілік, нан, су т.б.);
- тіршілік концепті;
- білім концепті;
- адамгершілік концепті (шындық, ақиқат, намыс, ұят, ар т.б.);
- отбасы концепті;
- тағдыр концепті;
- атамекен концепті;
- жеке тұлға концептісі (достық, махаббат, жүрек, сезім) т.б.;

Көрсетілген бағалау концептері профессор А. Салқынбай еңбектерінде терең зерделенген. Мұнда әлеуметтік сипат басым болады, әрі бұл замана лебіне, әр кезеңнің дүниетанымына, көзқарасына, мәдениетіне, қалыптасқан қоғамдық этикалық-эстетикалық нормаларына тікелей байланысты. Бағалау ұғымын кешенді құбылыс ретінде тани отырып, мәтіндегі коммуникативтік үлгісін анықтау қажет. Бағалаудың мақсаты мен нәтижесі, әдісі мен тәсілі, тактикасы мен жүзеге асуы, әсері мен қабылдануы, нәтижесі бар. Бағалау кешеніндегі аталған сыңарлар бірігіп, бір бүтін болады да, күрделі құрылымға айналады. Бағалау мақсаты бағалаушының прагматикалық мақсаттарына байланысты; ғылыми бағалауда шындық болмыстың қасиеті мен белгісін анықтау мақсат етілсе, субъективті бағалауда әр бағалаушының өзінің жекелей прагматикалық мақсаты болуы да ықтимал. Бағалау тактикасы бағалау мен оның әсерін анықтаумен анықталады. Бағалаудың жүзеге асуы – әр алуан типті бағалаудың нақты құралдар негізінде көрінуі; бағалау нәтижесі – қорытындысы бойынша көрінетін не байқалатын әсер, ықпал. Яғни бағалау моделі күрделі құрылым, онда бағалау мәні мен маңызы, әсері мен ықпалы, нәтижесі, қорытынды тұжырым анықталады [63,112].

Бағалау ұғымында өзін-өзі бағалаудың да орны ерекше. Ғылыми зерттеулерде тұлғаның өзі туралы жеке пікірі, өзіне берген жеке бағасы ретінде қарастырылады. Өзін-өзі бағалау гуманитарлық ғылымда «мен» концептісі арқылы зерделеніп, жеке Меннің мінезін бағалау, пікірін анықтау негізінде жүргізіледі. Өзін-өзі бағалаудың басты ерекшелігі – мұндағы басты эмоция мен бағалау МЕН-мен ғана байланысты болғандықтан, бағалау тұрақты әрі нақты, мәтінде берілген ақпарат бағалау нақышында болып есептеледі. Өзін-өзі бағалаудың тілдік құрылымы бағалаудың құрылымымен бірдей, субъекті мен объекті, предикат аксиологиялық мәнде, тек мұнда субъект пен объектінің бағалауы сәйкес келеді. Айтушының немесе жазушының өзін-өзі бағалауы әртүрлі коммуникативтік мақсатта болуы мүмкін.

Бағалау категориясының маңызды ерекшелігі – белгілі бір шындықты тану. Танылған шындықты ашып көрсетудің өзі субъективті, яғни шындық оқиғаны, әрекетті, болмыстың маңызды ерекшелігін бағалаудың өзі жеке тұлғаның пікірі болғандықтан, мұның өзінде де субъективтілік сақталады.

Бағалаудың қандайы болса да, тіпті субъекті нақты көрінбей, айтылмай тұрса да, объект пен субъектінің арасындағы бағалауыштық қатынас сақталады. Айтушының не жазушының жеке пікірі оның іштей келісуімен не келіспеуімен астасып жатады да, объектіге қатысты ұнау/ұнамау, бағалау/бағаламау, келісу/келіспеу т.б. сияқты ұғымдар негізінде көрінеді. Біз профессор А. Салқынбай тұжырымымен келісе отырып, бағалаудағы субъективтілікпен бірге, бағалау тұжырымдарында кісінің ішкі сезімінің, яғни эмоциясының да орын ерекше екенін айту орынды болмақ.

Эмоцияның бағалаудағы орны кісінің ішкі сезімін орайына қарай шығарып, ақылмен тұсаулап, әрекетті ұғуымен, мәнін терең пайымдай алуымен де тығыз байланысты қарастырамыз. Эмоция тек сезімнен ғана туындамай, ақылмен де байланысты қарастырылады. Әрекетті, жағдаятты рационалды түрде бағалап, ақылмен ұғынып та бағалауға болады. Бағалаудың бұл сипаттағы түрі күрделі мәндік құрылымға ие.

Осы қисынға сүйенсек, қазақ ертегілеріндегі жақсылық пен жамандық туралы көзқарастардың әлемнің тілдік бейнесі ретінде сипатталуының мәнін де түсінуге толық негіз бар. «Жақсылық пен жамандық» деп аталатын ертегі сипатын, сюжеттік мәнін кумулятивтік мәтіннің тілдік формуласы ретінде тануға болады. Өйткені оқиғаның өрбуі мен сюжеттегі өзек мәні лингвистикалық тұрғыдан әмбебап талдауға мол ақпар береді.

Сөйлеу дискурсының құрылуының негізгі ережелері де қазақы болмысқа негізделген. Жақсылық пен жамандықты тану үшін, оның әрекеттерін бағалаудың көптеген критериилерін анықтауға мүмкіндік береді. Мәтін деңгейінде айқындалатын лингвистикалық ортақ белгілер тілдік орта және сөйлеу әрекетінің өнімі ретіндегі әлемнің тілдік бейнесін танытады.

Ең алдымен, ертегінің атына назар аударалық: «Жақсылық пен жамандық» деп аталады. Адам баласының жақсы не жаман болуы оның сыртқы тұлғасынан емес, істеген ісі арқылы көрінеді.

Қазақ дүниетанымында қалыптасқан «жақсылық қылсаң – өзің үшін, жамандық қылсаң - өзің үшін» деген тәмсіл бұл ертегіде де нақтылана түседі. Бұл халықтың ғұмырлық тәжірибесінен жинақтаған аялық білімінің негізі.

Ертегі әдеттегідей, «бұрынғы өткен заманда» деп басталады. Бұлай басталуының өзі айтылатын әңгіменің талай заманның елеуінен өткен, үлкен өмірлік тәжірибенің жемісі екенін де танытады. Сол бұрынғы өткен заманда Жақсылық пен Жамандық деген екі адам болыпты. Кісі есімдерінің бұлай қойылуында да мән бар. Өйткені кез келген тілдегі бірлік әлем бейнесін таңбалаудағы халықтың өз ерекшелігін танытады. А. Байтұрсынұлы айтқандай, тіл – құрал. Үлкен ономастикалық кеңістік құрайтын антропонимдер де әлем бейнесінің өзіндік моделін жасайды, ментальдық ерекшелігін танытады.

Қазақ тіл білімінде жасалған ономастикалықзерттеулерге сүйене отырып, кісі есімдерінің не себепті Жақсылық және Жамандық деп аталғанын талдауға толық негіз бар. Қазіргі зерттеулерде антропоөзектік парадигма бойынша халықтық атаулардың ментальдық сипаты, грамматикалық, семантикалық ерекшеліктері салыстырмалы, салғастырмалы аспектіден қарастырылған. Бұл

зерттеулер ішінен профессор Т. Жанұзақұлы есімін ерекше атауға болады. Ғалымның зерттеулері мен жасаған сөздіктері кісі есімдеріне қатысты жазылған бірінші жүйелі еңбек.

Әлем бейнесін таңбалаудың ұлттық сипатын тану үшін кісі есімдерін ономасиологиялық, уәждемелік және когнитологиялық тағытта зерделеудің маңызы бар. Бұл тұрғыда А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Т.Жанұзақов, Н. Оралбаева, Б. Қалиев, Ғ. Қалиев, А.Б. Салқынбай, Б. Қасым, Г.Мадиева зерттеулеріндегі негізгі теориялық мәселелерді басшылыққа аламыз.

Антропонимдердің жасалу жолы мен шығу тарихының көпшілігі шығу тарихы жағынан көне заманалардан бастау алатыны белгілі. Қазіргі тілдік қолданыста Жақсылық деген кісі есімдері жиі қолданылады. Бұл жақсылық сөзінің ішкі семантикалық ерекшелігімен тығыз байланысты. Бірақ қазақ өзінің баласына жамандық деген атауды қоймайды. Бұл да «жаман» сөзінің ішкі мағыналық құрымына ғана байланысты емес, ең алдымен халық тәжірибесіндегі жамандық туралы қалыптасқан ұғымдар жүйесімен, концептуалдық біліммен де байланысты.

Бұлай деуіміздің себебі қазақтың «Аяз би» ертегісінде «жаман» сөзі кісі есімі ретінде берілген. Бірақ оның адам ретіндегі тұлғасы мен ішкі жан-дүниесі өзін ақтап алады да, сыртқы киімі жаман болғанымен, өзінің даны таза, ақылға кен кісі болғандықтан, кейіпкер жақсылыққа ұмтылудың үлгісіне айналған [64].

Кісінің жақсы не жаман болуы, ең алдымен, жасаған ісіне, әрекетіне байланысты. Ертегіде жолда жаяу келе жатқан Жамандық деген кісінің артынан атпен бір кісі жетеді. Екеуі жөн сұрасып, сол жерде танысады. Атты кісінің аты Жақсылық екен.

Жамандық атқа мінгестіріп ала кетуін өтінеді. Сонда Жақсылық:

«Олай болса, сен қазір мына атқа мін де, біраз жерге барып, тоқтап, атты байлап кет. Мен сен тоқтаған жерге дейін жаяу барып, атқа мінейін, Сөйтіп кезек-кезек атқа мініп, баратын жерімізге шаршамай жетейік. Екеуміз бір атқа мінгессек, атты шаршатып аламыз» дейді. Жамандық жолаушының атына мініп алып, біраз жүрген соң, Жақсылыққа атты қалдыруды ойламай, кете береді.

Жақсылық шаршап, арып-ашып, астындағы атын Жамандыққа берген соң, жаяу жүріп келе жатып, бір күркеге тап болады. Күрке ішіне кірсе ешкім болмайды, тек ортада қазанда асулы күйінде тұрған тамақ бар екен. Қарны ашып келе жатса да, саусағының үшін тигізе дәм татады да, күрке төбесіне барып жатып қалады.

Бұл қысқаша сюжеттен аңғарылатыны ең алдымен, ұзақ жолда келе жатып, Жамандыққа атын түсіп беріп оған да жағдай жасағысы келді. Атқа кезек мініп жүріп, баратын жеріне шаршамай баруды көздеді. Бірақ жамандық атқа мініп кете барды. Екіншіден, күркеге келіп кіріп, асулы тамақты көреді. Қарны ашып тұрғанына қарамастан, асты жемей, тек саусағының ұшымен ғана дәм татты.

Алты күн аш болсаң да,
Атаңның әдетін тастама.

Қарны ашқан қазанға қарар.

Қыдырып жеген жамбастан,

Шақырулы жеген жауырын артық, - деген мақалдардағы саналы ойдың негізі осындай ертегілер арқылы қалыптасқаны анық. Әлемнің тілдік бейнесінің негізі ертегілердегі ой жүйесі арқылы негізделіп жүйеленгенін ғылыми зерттеулер дәлелдейді.

Жақсы мінезді кісі біреудің үйіне бас сұққанда, оған тамақ ішу үшін бармайды, барса да, тамаққа ортақтасып кете қоймайды. Алты күн аш болса да, жақсы адам атадан қалған әдеттен озбайды. Осы тәжірибелерді ертегі тыңдаушы баланың бойына сіңіру тәрбиесі жатқанын «Жақсылық пен Жамандық» ертегісінен анық байқаймыз.

Жақсылық атты кісінің бұл жерде екі жақсы әрекеті танылады:

1) атына мінгестіруді өтінген жолаушыдан аямай, кезек мінуге уағдаласып, атын беруі;
2) аш болып келе жатса да, қазандағы асулы тамақтан тек дәм татуы, ауыз тиюі.

Жақсылық жатқан күркеге біраз уақыттан кейін түлкі, қасқыр, арыстан келеді. Түлкі асулы тұрған қазаннан өзге біреудің дәм татқанын сезе қойып, байбалам салғанымен, қасқыр мен арыстан оған еш мән бермей, «бұл тым алыс, адам баласы бұл жерге келе алмас» деген оймен астарын ішіп, үшеуі әңгімелесе бастайды.

Түлкі, қасқыр, арыстан бейнелерінің ауыспалы бейнелер екені анық. Бұл жайында жазылған ғылыми тұжырымдар да жеткілікті. Хайуанаттар туралы ертегілердің негізі көне замандағы мифтік сюжеттер мен аңшылық жайындағы халықтың таным дүниесінің жиынтығы ретінде пайда болған. Ондағы жан-жануарлар, хайуанаттар бейнесінде берілген адам бейнесі. Ертегідегі хайуанаттар – адамның бір-бірімен қарым-қатынасы мен байланысындағы танылған ақпараттар желісі негізінде айтылатын аллегориялық бейне. Бұлай болуының мәнісі, кез келген көркем дүниенің басты субьектісі – Адам. Ертегілердің де басты нысаны - Адам, адамды тану.

Барлық гуманитарлық ғылымдар саласының зерттейтіні – Адам. Хайуанаттар мінезі арқылы берілетін бейне - аллегориялық бейне.

Арыстан, қасқыр, түлкі үшеуі бүгінгі көрген-білгенін айтысады. Түлкі бір құмыра алтынның тығулы жатқанын, оны өзі күнде қарап, қарауылдап жүргенін айтады. Сонда қасқыр пәлен деген байдың қойының арасында жүрген үлкен ала тоқтыны қарауылдап жүргенін, ал сол байдың қызы ауырып жүргенін, оның өкпесі соған ем болатынын қасындағыларға әңгімелеп береді. Кезек арыстанға келгенде, ол да күнде түнде барып, бір байдың жылқысынан жеп жүргенін, бірақ жылқышылардың ешқайсысы қуып жете алмай жүргенін мақтанып айтады. Тек жылқы ішінде бір тай бар. Сол ғана маған қуып жете алар еді. Бірақ оны ешкім білмейді, - дейді.

Әрбір ертегідегі әр хайуанның не жан-жануардың бейнесінде тәрбиелік мән бар. Бұл үшеудің әңгімесі дала жайынан хабар береді. Қазақ халық ертегілеріндегі әрбір хайуанат бейнесінде өзіндік мағына мен мән бар. Түлкінің

бейнесінде де өзіндік ерекшелігі бар. Түлкі – ең әдемі хайуанаттар санатында. Терісінің түрі қызғылт сары болып келеді де, құйрығы ұзын әрі жүндес, тұмсығы ұзын, жіңішке болады. Түлкінің бойындағы бұл қасиеттер өзге тілдердегі ертегілерде де айтылады. Ертегілердегі түлкінің еншісіне тиетін басты қасиеті оның айлакерлігі мен қулығы.

Қулықтың да екі жағы бар:

Біріншіден, өмір сүруде кейде адам баласына қулық та керек.

Екіншіден, қулық сұмдық пен арамзалыққа ұласқанда оның өзгелерге келтірер қиыншылығы болады, сондықтан ондайда жазаланады.

Қасқыр мен арыстан, түлкі бейнесі «Жақсылық пен жамандық» ертегісінде ақпарат беруші ретінде, соңында Жамандық жасаған адамның сазайын тартқызушы ретінде қолданылған.

Әлемнің тілдік бейнесі арқылы халықтың ғалам туралы ойы мен пікірі, қабылдауы, шындық болмысты зерделеуі айқындалып, тілдік бірліктер арқылы бейнеленеді. Ал соның ішінде жақсылық пен жамандық әрқашан оппозицияда болады да, адам баласының мінезі мен әрекетінің әлеуметтік сипатын айқындайтын белгілі бір талап ретінде әлемнің тілдік бейнесі арқылы көрініс табады. Ертегілердің басты кредосы – әрқашан жақсылық пен жамандық текетіресіп келгенде, жамандық жеңіліп, жақсылық жеңеді. Лингвомәдени аспектіден қарастырғанда жақсылық пен жамандық оппозициясы әр ертегіде құндылықты бағалаудың да басты мәнін танытады.

Әр халықтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, әдеп нормалары белгілі бір уақыт өтуі барысында әралуан өзгерістерге ұшырап, жетіліп отыратыны заңды. Ал мұндай өзгерістер әлемнің тілдік бейнесі ретінде тілде көрініс табады және сөйлеу нормаларының арнайы қағидалары ретінде лебіздің өзіндік өрнегін де байқатады. Әрине лебіздегі қолданылатын сөздер мен сөз тұлғалардың сипаты мүлде өзгеріске түсіп кетпейді, алайда, қоғамдағы адамдардың әртүрлі топтарында немесе замандағы технологиялық даму сипатына байланысты өзгерістер болады. Ертегілер арқылы ұрпақтан ұрпаққа ұласа жетіп отырған лебіздегі әралуан сөздердің мағыналық құрылымында да осындай эволюциялық дамуды аңғаруға болады. Ауызекі қарым-қатынастың басты көрінісі ретінде танылатын ертегілердің тілдік қатысымдағы сипатының да өзіндік ерекшелігі бар. Мұны ескеру өте маңызды деп есептейміз. Лебіз объективтік болмысты танудағы халықтың дүниетанымын танытар жолдардың бірі болады[65].

Ертегі мәтінінде жақсылық пен жамандық бірлікте және қарама-қарсылықта алынады да, динамикада, яғни өмірде болатын әрекеттері арқылы олардың басты сипаты ашылады. Жаяу келе жатқан жамандық жақсылықтың атын алып, оны далаға тастап кетуінен басталатын ертегіде композициялық дискурстарды біріктіру қағидалары бар екенін аңғарамыз. Түлкі, қасқыр, арыстан әңгімесін тыңдауы, сол бағытпен әрекет ету желісі - ертегінің мәтіндік корпусының өзіндік әлем бейнесін бақылауы және бағалауы.

Мұны бірнеше сөз қолданысы арқылы да талдап көрсетуге болады. Мәселен, ертегіде «ала тай» сөзі қолданылады. «Жақсылық «Жарар» деп, тоғайдағы жылқылардың ішінен ала тайды ұстап алып, арыстанды күтіп

тұрады. Арыстан келіп, жылқыны алып қаша бергенде, жақсылық әлгі ала таймен қуып жетіп, арыстанды ұрып жығып, байдың бір үйір жылқысын алып, келген жолына түседі». Ертегідегі «ала тай» - жүйрік. Қазіргі тілдік қолданысында «ала тай», «ала тайдай» сөзінің мағынасы басқаша дамығандығын төмендегі мысалдардан аңғар аламыз:

Соншама сүттей ұйып, судай тұнып тұрған жанұяны, қырсық шалғанда, бір ғана жан **алатайдай** бүлдіріп тынды ғой (Д.Ахметұлы). Өсекшіл, ел арасын **алатайдай** бүлдіріп жүрген Көжекбайға арнаған арнауында : Шіркінде ес болсайшы сезед деген, Әкімге өсек тасып безектеген...(М. Әбіш. Абай – сатирик). Жасыратыны жоқ, осы бастамаға байланысты әлеуметтік желілерді **алатайдай** бүлдіріп келгендер де болды (Қ. Әбділда). Ал ел ішін **алатайдай** бүлдіріп, арзан атаққа үйір кейбіреулер топ құрып, тобыр ертіп, ақ жағалыларды «Атқа жеңіл, тайға шап» етіп, ойындағысы орындалмаса, үшбу хат жазып, орынды-орынсыз жүндей түтіп, көкпарға салып жатады (Ж. Әшімжан). Келтірілген сөйлемдердегі «алатайдай» сөзінің мағынасы метафораланып, «бүлдіру, бұзу» семасына өзгеріп, идиомаға айналған. Демек сөздің мағыналық құрылымында да осындай эволюциялық дамуды аңғаруға болады.

«Ала тоқты» сөзінің де мағынасында семантикалық даму барлығын аңғаруға болады. Ертегідегі қасқырдың әңгімесі былай басталады «Мен күнде пәлен деген байдың қойының арасында үлкен ала тоқтыны қарауылдап келемін. Себебі, ол байдың ауырып жатқан бойжеткен қызы бар, қандай ем қылса да, жазылмайды және оның емін ешкім білмейді. Бірақ мен білемін: ол қызды жазатын – ала тоқты. Ала тоқтыны сойып, өкпесін жегізсе, жазылады».

Бұл мәтіндегі ала тоқтының өкпесін жесе, аурудан жазылады. М.Әуезовтің «Абай жолы» кітабының бірінші томында мынадай қолданыс бар: «Сүйіндік, Бөжей жағының ойы осы болса, Құнанбай да өз есебін алдын **ала** өзі ... күн батарда Абайды далаға алып шығып, жаңа сойған қойдың **өкпесімен** қақты» [66, 14].

Қазақ халқында қалыптасқан көптеген ем-домның да өзіндік жолы бар. мәселен, қойдың өкпесімен өкпе ауруын емдейді, қойдың өкпесі сонда жөтелді басады. Несеп жолдары ауруын емдеуге қолданады, ісікті де қайтарады. Жалпы, қазақ дәстүрінде қойдың алатын орны ерекше. Әр түрлі ем жасау шараларында қойдың түрі мен түсіне, жасына қарап пайдалану салты бар. Мұнда көбінесе қара қойдың түсі көбірек айтылады. Сондықтан, ертегідегі «ала қой» сөзінің мағынасы ерекше сема ретінде танылады. Бұл сөз мағынасының динамикалық сипатын танытады.

Жамандық пен Жақсылық «неше ай, неше жылдар өткенде» қайта кездеседі. Ақылы мен еңбекқорлығы, тапқырлығы мен адалдығы арқасында Жақсылық ел қатарлы күн көріп жатса, атқа мініп сол кеткен Жамандық «үсті-басында түк жоқ. Қайыршы, дуана секілді екен». Ол Жақсылыққа келіп:

- Жақсылықжан, мен саған жамандық қыламын деп, мұндай күйге ұшырадым. Енді сен мені адам қыл. Сен мына мал-мүліктеріңді қай жақтан таптың?- деп сұрайды. Жамандық өзінің істеген жамандығын мойындаған

секілді болады, адамдық жолға түсетіндей боп көрінеді. Бірақ оның ішкі болмысы өзгермейді. Өзінің ашқарақтығының арқасында соңында арыстан, түлкі мен қасқырға жем болады. Осылайша ертегі түйінінде Жамандық өз жамандығының, арамдығының сыбағасын алады.

Бұл қазақ дүниетанымындағы «жақсылық етсең – өзің үшін, жамандық етсең – өзің үшін» деген мақалдағы оймен сәйкес келеді деуге негіз бар.

Жақсы адам жақсылығын сатпайды. Жақсылық та өзінің өмір жолындағы кездескен оқиғалармен бөлісіп, Жамандыққа жол сілтейді. Жақсылық сөзіне назар аударсақ, оның ауызекі сөйлеу тілінде жазылғанына, баяндауыштарының сипатына мән беруге болады:

- Пәлен төбеде бір үй бар. Сен қазір соған жет. Оның ішінде асулы бір қазан ет бар. Бірақ оның ішіндегі еттен тек бір саусағыңды батырып, дәмін көр де, үйдің төбесіне шығып жат. Сонда түлкі, қасқыр, арыстан келеді. Сен олардың әңгімесін тыңдай бер. Олар кеткеннен кейін естіген сөзіңді істесең, сен осындай боласың, - дейді.

Ертегіде «пәлен» деген төбе бар деп айтылады. Нақты төбенің аты аталмайды. Бұл көптеген ертегілерге тән белгі. Ономастикалық атаудың аталмауы, белгісіз болуы ертегінің көне заманнан бері айтылып келе жатқанының белгісі екендігі көптеген зерттеушілердің еңбегінде талданған [67].

Қазақ Ертегілерде топонимдік атаулар аз кездеседі. Көбінесе, *далада, орманда, ауылда, төбеде, теңіз жағасында, ханның сарайында* деген белгісіз ұғымдар арқылы беріледі. Ертегідегі кеңістік ерекшелігі осындай жалпы мағыналы атаулар арқылы беріледі. Ал кей ертегілерде Бағдат шаһары (Ғылманның өнері ертегісі), Қырым патшалығы сияқты топонимдік атаулар ұшырасады [68,9]. Яғни әлемнің тілдік бейнесінде беймәлім кеңістік, болжамды жол ғана аталады.

Келтірілген мысалдардағы етістік тұлғаларына назар аударсақ, олардың ең алдымен дара тұлғалармен жасалғанын, екіншіден фонетикалық жағынан ұқсас сипатты етістіктермен аталғанын байқаймыз:

бар – бар;
жет – жат;
батыр – көр.
бар – бер.
істесең – боласың

Етістіктердің бұлайша қолданысы, тыңдаушы назарын аудару үшін қолданылған құрылымдық-семантикалық тәсіл. Бұл етістіктер өздерінің тура мағынасында жұмсалған. Тек қайталамалар мен дыбыстық жақындық арқылы айтылым мен тыңдалым жеңілдетілген деп пайымдауға негіз бар[69, 12].

Ертегіде біздің назар аударатын тағы бір сөз тіркесі – «*адам қылу*». Тілімізде «*адам болу*» деген де тіркес бар. «*Адам қылу*» – «*адам болу*» фраземаларының ауыспалы мағынасы оппозициялық қатынаста тұрады. Адам қылу – балаға әсер етіп, адам қылу, аяғына тұрғызу. Адам болу – адамның өзінің жетілуі, дамуы, өз аяғына өзі тұруы. Жақсылықтың сөзін тыңдап, мені

«адам қыл» дегенмен, Жамандық оның сөзінен кейін жақсы болып, адам болып кетпейді. Өйткені адам қылу сөзі жас кезінен баланы тәрбиелеумен байланысты оң өзгерістерге әкелуі мүмкін. Адам баласы өзі іштей түлеп, өзі таза жолды таңдағанда ғана адам бола алады деген ой түюге болады. Жамандықтың қалыптасқан ішкі меніндегі ашқарақтық, оның таным дүниесінде ұрлық жасауға болмайды, біреудің асын сұраусыз ішуге болмайды деген ұғымдардың болмауы, ақырында оның өліміне әкеледі.

Адам болу, адам қылу фраземаларының жақын келетін тұсы тіркес құрамындағы «адам» сөзімен байланысты. «Адам» сөзінің бұл тіркестерде ең күшті энергетикалық мәні ашылады, яки «адам» сөзі мен жақсы, ақылды болу ұғымының семантикалық сипаты жақын, мәндес келеді.

Жақсылық, жақсылық жасау – адам баласына тән ең ізгілікті қасиеттердің бірі. Мұның көрінісі «Үш қыз» ертегісінен де анық көрініс тапқан. «Сонау өткен заманда бір сараң, сілімтік бай болыпты» деп басталады ертегі. Әдеттегі көптеген ертегілерде кейіпкерге мұндай анықтауыш бірден айтылмайды. Кейіпкердің жақсылығы не жамандығы әрекеті арқылы көрінеді. Бұл – тұрмыстық ертегілердің басты ерекшелігі ретінде бағалауға болады. Ал «Үш қыз» ертегісінің байға «сараң», «сілімтік» деген анықтауыштарды қосумен басталғаны келесі жолдардан-ақ түсінікті болады. «Сараң» сөзінің мағынасы Қазақ әдеби тілінің сөздігінде былай берілген:

сын. 1. *Біреуге бірдеңе бере қоймайтын, қолы тар, қытымыр (адам)*.

Сұрағанда бермеген
Сараң емей немене;
Кісі ақысын көп жеген
Арам емей немене (Бұқар жырау, Жыр.).
Кеңшілікте жараспаған,
Таршылықта бастырмайды маңайын,
Сараң байдан сұрасаңыз ат майын,
Бермес үшін айта берер жоқ жайын (Шешендік сөздер).

Қас екеніңді қабағыңнан танимын, **сараң** екеніңді табағыңнан танимын (Мақал).

Мырза менен **сараңды**
Өлшестіріп қарасаң
Ылди мен зәулім асқардай.
Ғалым менен наданды
Салыстырсаң білерсің
Дария шіреп тасқандай (Базар жырау, Шығ.).

2. *Құнарсыз, қуаң, берекесіз.*

Содан бері байға мырза, кедейге **сараң** құтсыз даладан бір түйір түсім кездестір е алмай Бұланбайдай жігіт қаңтарылып қалып еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Таудың күзі **сараң** емес, таудың күзі жомарт күз,
Асықтырма, уақыт, мені арманыма қол артқыз (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

3. ауыс. *Сирек, аз берілетін, көп кезіктірмейтін.*

Сұр өмір **сараң** алданыштарын сыпырып алды қолымнан.

Көкірегіме шер толып,
Төктім, айта алмай аузым мұңды әнді,
Өкініштен
Мен өртеніп кеттім, ішімде сұп-сұр күл қалды (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).
[70, 752].

Ал «сілімтік» сөзінің мағынасы – адамгершілік қасиеттен жұрдай, азғын сүмелек. Талайлардың көз жасы үшін арамза сілімтіктерден аямай өш алудамыз. (Т. Ыдырысов) [70, 752].

Өрісі толған мал болса да, бай қыздарының ішкен-жеген тамағын қызғанады. Оларды тамақсау деп жек көреді. Өз балаларын орманға қолдарына тесік шелек беріп, жидек теріңдер деп алдап шығарып жіберіп, өзі қыздардың өгей шешесімен берге көшіп кетеді. Ертегінің басында берілген анықтауыштың байға дәл айтылғанын осындай жолдардан кейін түсінуге болады. Өзінің туған баласын тамақты көп ішеді деп жек көріп кету адамгершілік қасиеттен жұрдай, азғын, сілімтік адамның ғана қолынан келетін іс екенін тыңдаушы бірден түсінеді. Ертегіде артық-кем сөз болмайды. Әр сөз өзінің орнында, керекті жерінде жұмсалады. Біраз ертегілерде байдың сараңдығы айтылады. Бірақ өзі бай бола тұра баласынан асын қызғану, оларды жұртқа тастап, өзі көшіп кету – дала заңында кешірілмейтін күнә. Дала табиғаты қатал. Баласын далаға тастау деген мәселе қазақта болмаған, болса да дала заңымен қатал жазаланады. Баланың дұрыс тәрбиеленуін жақсы болашақтың кепілі ретінде қараған дала заңы оған ерекше мән береді.

Сілімтік әке – баласын тастап кеткен әке. Ертегідегі «сілімтік» сөзінің нақты және анық мағынасында қолданылғаны осыны айқын көрсету сипатында деп танылады. Мұндай ертегілердің қазіргі кездегі отбасы мәселелеріне де қатысты екені анық. Сондықтан да ертегілердегі ой мен тұжырым ескірмейді, өйткені ол халықтық тұжырым, тәжірибе арқылы жасалған толғамды ойдың бір саласы.

Әкесі жұртқа тастап кеткен қыздар, жұрттан *айна, тарақ, ине* тауып алады. Неге осы үш зат деген сұраққа да жауап беру керек. Ертегілерде мұндай денотаттар жиі кездеседі.

Тіл білімінде кез келген «сөз – таңба» деген Ф. де Соссюр теориясына негізделген ғылыми қағида бар. Тілді таңбалар жүйесі ретінде таныған женевалық ғалым Ф. де Соссюр тіл білімінде жаңа ғылым саласын қалыптастырған. Ғалым сөзді таңбалар жүйесі ретінде тани отырып, семиология ғылымының негізгі теориясын жасаған.

Осы теориялар негізінде зерделегенде, *айна, тарақ, ине* сөздері негізгі денотаттар. Олардың заттық мәні айқын. Әрқайсысы белгілейтін нақты заттар бар. Ертегіде осы заттардың алынуының да өзіндік ерекшелігі мен прагматикалық мәні бар.

Айна – әдемілiктің белгісі. Қазақ тілінде «*айнадай», «айнадай айқын», «жүрегі айнадай», «шар айна», «айнамкөз», «күміс айна», «алтын айна», «айна әлемі», «дөңес айна», «дивергентті айна», «жазық айна»* т.б. сияқты атаулар мен сөз тіркестері бар.

«Айна» денотатының қолданылу прагматикасы – айнадан өзінің жүзін көре алуы, тазалық, сұлулық.

Тарақ – шашты тарау құралы болғандықтан, қыз бала үшін басты құралдардың бірі. *Ағаш тарақ, шаш тарақ, жүн тарақ, мүйіз тарақ*, т.б. түрлері бар.

«Тарақ» денотатының қолданылу прагматикасы – тазалық, әдемілік.

Ине – жіңішке әрі ұшы өткір, екінші ұшында кішкене көзі бар қатты металдан жасалған зат. Ине әртүрлі жүннен, мақтадан, теріден, т.б. жасалған матаны не теріні тігуге арналған арнайы құрал. Иненің әртүрлі түрі мен қызметі бар. Соған сәйкес медициналық құралы да ине деп аталады. Тілімізде *«сабақты ине сәтімен», «иненің көзінен өткендей», «ине шаншар жер жоқ», «инемен құдық қазғандай», «инені жіпке тізгендей»* сияқты фразеологиялық бірліктер қалыптасқан.

«Ине» денотатының қолданылу прагматикасы – тігу, киім тігу, қолынан бір нәрсе тігудің келуі, іскерлік, т.б.

Айна, тарақ, ине денотаттары арқылы таңбаның тілдік бірліктері таңбаланған. Бұл денотаттар осы атаулар арқылы біздің санамызда әлемнің тілдік бейнесі болып бекітілген, сөздіктерде жазылған, тілдік қолданыста белсенді қолданыста жұмсалады. Әрине бұл денотаттардың әр түрлі белгілері бар, солардың тілдік бейнесі ретінде сөздердің көпмағыналығы нәтижесінде жаңа туынды атаулар да жасалған, фразеологиялық бірліктерге, теңеулерге негіз болған.

Айна, тарақ, ине денотаттары бұл ертегіде ғажайып қасиеттерге де ие боп кетеді. Үш қызды құтқару үшін, олар теңіз, орман, тау көрсету қабілетіне де ие болады. Бұл ертегінің ішкі сюжетіне, ондағы шиеленісті шешудің бір қажетті құралы ғана емес, халық дүниетанымының әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі де. Айна, тарақ, ине – кез келген қыз балаға керек құралдар. Әдемілік, тазалық, сұлулық, іскерлік – дүниеде қыз балаға бақыт әкелетін бастаулар сынды қабылдауға да болады.

Әкесі жұртта қалдырған үш қыз жолмен адасып келе жатып, жол жиегінде тұрған кішкене үйге кез болады. Ішіне кірсе, бірнеше күннен бері көрші ауылдың адамдары іздеп жүрген кішкентай бала екен. Оны жалмауыз кемпір ұрлап алған екен. Өздері үйсіз, қайда барарын білмей келе жатқан үш қыз баланы алып, үйшіктен қашады. Тарақтың, айнаның, иненің көмегімен Жалмауыз кемпірден қаша жүріп, баланы құтқарады. Жолда баланы іздеп жүрген ағаларына кезігіп, олар жалмауыз кемпірді өлтіреді. Осылайша бала отбасымен табысып, ал үш қыз ерлігімен көзге түскен ағайынды үш жігітке тұрмысқа шығады.

Ертегінің соңы «Осы ғажайыптарды біреу әңгіме етіп айтса, әрине, апалы-сіңілі үш қыз бұлардың біріне де нанбас еді. Бірақ бір нәрсеге көздері анық жетті. Ол – жақсылықтың күші жамандықтан қуаттырақ екендігі. Соған түсінген жастар шат тұрмыс құрып, мұраттарына жетеді».

Бұл қорытындыда үлкен мән бар. Далалықтардың әлемдік тілдік бейнесіндегі *мақсат, мұрат* деген сөздердің қуаты жоғары. Мұратқа жетудің

басты жолдарының бірі – жақсылық жасау деген ой, бұл ертегінің маңызды кредосы.

Жақсылық пен жамандықты қатар қойып зерделегенде, қай халықтың ертегісін алсақ та жамандық жасап мұратқа жеткен кейіпкер болмайды. Жақсылық пен жамандық оппозициясы кез келген әлемнің тілдік бейнесінде әр тілде де болады.

Жақсылық жасап мақсатына, мұратына жетеді. Қиындықпен болса да, жақсылық жасаған адам түбінде мұратына жетеді. Бұл кез келген қазақ халық ертегісінің қорытындысында болатын аксиома сияқты ортақ мән.

Тұрмыс-салт ертегілердің мәтіндерінде кейде көп нұсқалық та кездеседі. Бұл заңды да, өйткені ауызша айтылатын ертегілердің әр алуан нұсқада келуі заңды. Сонымен бірге сөйлеуде, айтуда икемді болуы, оңай қабылдануы, да маңызды фактордың бірі.

Халық ертегісінің барлық түрлерінің ішінде тек тұрмыс-салт ертегі ғана дүниенің біркелкі шындық бейнесіне жақын келеді. Сипаты жағынан мұндай ертегілер сюжеттік схемалары мен мотивтерін реалистік түрде қайта зерделейді.

Ертегі әлемінің жалпы жанрлық бейнесі үш құрамдас бөліктен тұрады:

- болмыстағы шындыққа жанасады;
- реалистік және эстетикалық шындыққа сәйкес келеді;
- саналы түрде елестету мүмкіндігі;

Нәтижесінде, оның әлем бейнесінің құрамдас бөліктері туралы ақпар беретін халық ертегісін қабылдау мен түсінудің деңгейі ортақ.

Демек, қорыта айтқанда, қазақ ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінде бүгінде де өзекті саналатын жақсылық пен жамандықтың айырмашылығы мен оның тұрмыстағы қарапайым көріністер арқылы айқындалатыны түсінікті де нақты деректер арқылы оңай суреттеледі.

Мейірім ұғымы қазақ ертегілерінің бәріне тән десек те болады. «Мейірім» концепті әртүрлі номинативтік өрістегі атаулардың мағыналық құрылымы арқылы беріледі. Олар зат есім, сын есім, фразеологиялық бірліктер де бола алады.

«Мейірім» – негізгі лингвомәдени концептің бірі. Мейірім қазақ дүниетанымындағы рухани құндылықтардың негізгісінің біріне жатады. Жақсылық пен жамандық этикалық оппозициясын анықтай отырып, жалпы адамзаттық құндылықтардың синтезі ретінде қабылданады. Сондықтан да мейірім концептісінің көрінісін ертегілер арқылы зерделеудің маңызы да ерекше, өзектілігі де айқын.

«Мейірім» – қазақ тіліндегі әлемнің тілдік бейнесінде адам баласының адамгершілік қасиеттерін танытатын бағалау ұғымы, адами құндылықтардың ішіндегі жақсылықы арқылы танылатын кісіліктің биік көрінісі. Мейірім концепті – адамның жақсылыққа негізделген құндылықтар жүйесін біріктіреді. Оған адалдық, жақсылық жасау, көмек көрсету, болысу, аяу, аяушылық таныту, мейірімділік жатады.

Мейірім – Алланың бір аты ретінде танылады.

Мейірімге моралға сәйкес келетін барлық ұғымдарды да жатқызуға болар еді. Мейірім – ізгілік көрінісі.

Қазақ ертегілеріндегі мейірім концептісінің вербалдануы әртүрлі тілдік белгілер арқылы таңбаланады. Мысалы:

«Қырық өтірік» ертегісінде қырық өтірік айтуға келген тазша балаға хан: «*Жаным-ай, жас бала көрінесің! Сенен естияр талай адамдар да айтамын деп келіп, айта алмай кеткен. Жарқыным, өлуге асығып жүрген не қылған баласың? Тілімді ал да, қайта ғой!* – дейді.

Қиыстырып, бір ауыз шын сөз араластырмай айтқанына ханның көңілі толып,

-Кәне, балам, енді өтірік өлең айтшы, - деді.

Мұнда «жаным-ай», «жарқыным», «балам» сөздері арқылы мейірімділік мәні беріледі. Сондай-ақ, - айтшы тұлғасындағы -шы жұрнағы арқылы да мейірім сипаты көрінеді.

Қазіргі функционалды грамматика қағидаларына сүйенсек, мейірім мәні лексикалық толық мағыналы атаулар арқылы да, грамматикалық тұлғалар арқылы да беріледі.

Жоғарыда талданған «Ғажайып бақ» атты ертегіде Асан мен Қасен арасындағы диалог былай өрбиді:

- Мен де сенің пейілі кең, мейірімді кісі екеніңді білемін ғой, Асан, сен бірақ маған жеріңді бергенмен, жеріңнің астындағы қазынасын берген жоқсың ғой, -дейді.

Ардақты досым, жердің асты-үстіндегі қазынаның барлығы сол жерге маңдай терін тамызып, еңбектеткен адамдікі, -дейді. Келтірілген мәнмәтінде екі достың арасындағы берік сыйластықтың, адал көңілден туған мейірімнің бар екенін байқаймыз. Мейірім концепті мәнмәтіннің өн бойынан контекстік мән арқылы да аңғарылады. Ал ол контекстік мағынаны туғызушы *пейілі кең, мейірімді кісі, ардақты досым* деген тіркестердегі негізгі сема.

Туыстық атаулар мен жақындықты білдіретін сөздерге тәуелдік жалғауының бірінші жағын қойып сөйлеу, көбінесе екі кісінің арасындағы мейірім мен сыйластықты танытады. Мысалы:

- Ал сен не дейсің, қарағым?

- Артық сөзім болса, айып етпеңіз, ұстазым,- дейді кіші шәкірт. Мен болсам, осы алтынды жұмсап, құлазып жатқан далада гүл жайнаған саялы бақ өсірер едім. Арып-ашқан кем-кетіктер сол бақтың саясында тыныс алып, жемісін қорек етіп, рақатын көрер еді.

Осы сөзді естігенде қария көзіне жас алып, орнынан тұрып, кіші шәкіртін құшақтайды.

Ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластықтан туған мейірім «Ғажайып бақ» ертегісінде осылай суреттелген. *Қарағым, ұстазым, жарқыным, жаным, Күнім, алтыным, айым, досым, балам, жарығым, жұлдызым,* сияқты атауларды қолдану арқылы сөйлесушіге жан жылуын жеткізу халық дүниетанымында ескіден келе жатқан дәстүр екенін аңғаруға болады. Қазақ тіршілігімен біте қайнасатын төрт түлік мал төлдерімен *құлыным, қозым,*

ботам, ақ тайлағым сынды атаулармен сөйлеу де ұлттық дәстүрімізде қалыптасқан мейірім концептіне тән атаулар.

Мейірім концепті сондай-ақ, *көзіне жас алу, орынан тұру, шәкіртін құшақтау* деген тіркестер арқылы бейвербальды амалдардың орындалғанын көрсету арқылы да беріледі.

Мейірім тек адамдар арасындағы қарым-қатынаста ғана көрініс бермейді, сонымен бірге кіші шәкірт баланың құстарды көргенде оянған сезімі арқылы да терең сипатталады. Бұл сезім тыңдаушыға да әсер ететіндей, толғаныс туғызатындай баяндалған:

Жас жігіт артына жалт қараса, ұзыннан-ұзақ тізілген керуен келе жатыр екен. Түйенің қомына жүктің орнына ой мен қырда, су мен шөлде болатын құс атаулыны тірі күйде теңдеп алған. Оларды аяқтарынан матастырып байлапты. Құстардың қанаттары қайрылып сынып, жел ұшырған мамықтары ақша бұлттай қалқиды. Түйелер аяңдаған сайын, бейшара құстар тыпырлап, адамның сай-сүйегін сырқырата шырылдайды. ... Сол кезде жігіт иығындағы дорбасын алып, керуен басына алтыны көрсетеді. Алтынды алып, саудагер құстарды босатады.

Бұл баланың құстарға деген мейірімі. Шағын мәнмәтінге назар аударсақ, бала *ой мен қырда, су мен шөлде болатын құс атаулыны* құтқарды. Бұл мейірімнен туған имандылық, адамгершілік.

Ертегіде мейірім концепті осылайша дамытылып, адам баласының бір-біріне деген мейірімі тек адамдар арасындағы қарым-қатынаста емес, тірі табиғатқа, жалпы табиғатқа да мейірімді байланыс орнату қажеттігін алға тартады. Бұл екінші жағынан, экологиялық мәселенің де көтерілгенінің белгісі. Табиғатты аяласақ, оның да қайтарымы болары даусыз. Ертегіде құстардың еркіндігін бір дорба алтынмен сатып әперген бала қайтып келе жатады. Алдында егетін ағаш әкеледі деп күтіп отырған кісілерге, ұстазына не айтамын деп қамығады. Жылап жатып, ұйықтап кетеді. Түсінде бұлбұлды көреді. Орнынан тұрғанда көрген тамашасын ертегіде былайша сипаттайды: *Кең далада қаптап қонып отырған құстарды көреді. Құстар аяғымен шұқыр қазып, аузындағы дәндерді сол шұқырға салып, қанатымен топырақты сыпырып, көміп жатады. Жігіт қозғалып кеткенде, құстардың бәрі лап етіп аспанға ұшады да кетеді. Тағы да құстар күнді қалқалап, қаққан қанаттарынан ескен жел дауылға айналады.*

Баланың көрсеткен мейіріміне құстар осылайша жауап береді. Құстар сепкен дәндер «*қас қаққанша болмайды, ағаштың бұтақтарына жайнаған гүлдер өсіп, жұпар иісі аңқып кетеді*» де әп-сәтте иран баққа айналады.

Еткен жақсы істің осылайша қайтарымы болады деген тәмсілді танытады.

Ертегіден тек балаларға арналып айтылатын тартымды әңгіменің сюжетін ғана емес, тағылымды тәжірибені, мейірім мен ізгілікті танытатын концептер желісін де аңғарамыз.

Ертегідегі әлемнің тілдік бейнесінің өрілуінің де өзіндік тартымды әдістері таңдалып алынған.

Мәселен, бала шәкірттің көңіл күйіне назар аударалық.

Саудагерге бір дорба алтын беріп, құстарға еркіндік сыйлағанына қуанып келе жатқан баланы «*Қуанышы қойнына сыймай, аяғы жерге тимей әндетіп келе жатады»* деп суреттей отырып, ізінше келесі сөйлемде «*Бірақ аулына жақындаған сайын, көңіліне уайым кіріп, істеген ісіне өкініп, қайғыра береді. Жігіт осылай өзіне-өзі ыза болып келе жатады; бара-бара қайғысы үдеп, әбден арып, құлап кетеді де, өзіне-өзі өлім тілеп жылайды»*. Осындай шағын мәнмәтіндегі баланың көңіл күйі оппозиялық қарым-қатынаста сипатталады. Мұндағы *Қуанышы қойнына сыймай, аяғы жерге тимей* тіркестері *көңіліне уайым кіріп, істеген ісіне өкініп, бара-бара қайғысы үдеп, әбден арып, құлап кетеді де, өзіне-өзі өлім тілеп деген мәндегі сөздерге қарама қарсы қойылады.* Осылайша адамның бір сәтте сан түрлі өзгерген көңіл күйін бейнелейді.

Мейірім мен ізгіліктің арқасында құлазыған далада ғажайып бақ орнайды. Мейірім адам баласының өміріндегі ең басты және шешуші мәні бар ұғым екені анық насихатталады. Кіші шәкірт ісі үлгі ретінде ұсынылып, бағаланады.

Мейірім концептіне сондай-ақ, көмек, көмектесу, көмек көрсету, жақсылық жасау, қуаныш сыйлау, қуанту, адалдық, адалдық көрсету, жақсылық т.б. ізгілік ұғымдары да жатады. Мұндай биік моралды көрсететін мінез когнитивті көріністің белгілері саналады. Мейірім концептін айқындайтын ұғымның бірі – айналайын.

Ертегіні айту мен тыңдаудың маңызы:

- бабадан қалған мәдени мұраны білу;
- ертегі арқылы ұлттық дүниетанымды бойға сіңіру;
- ертегі кейіпкерлерінің бойындағы жақсылығы мен ізгіліктен тағылым алу;
- кейіпкердің ойшылдығы мен тапқырлығынан, алғырлығы мен шешендігінен тағылым алу т.б.

Ертегі әлеміне ең жақын жан – бала. Тұрмыс-салт ертегілерінде көне заманнан басталатын дала мәдениетінің тарихы мен дүниетанымы, болмысы, рухани мәдениетінің үлкен бір бөлшегінің көрінісі жатыр. Ертегілердің адамзат тарихындағы рөлі мен маңызы ерекше екені барлық ғылыми зерттеулерде жазылған [71, 15].

Ертегідегі кейіпкерлердің сөзі мен мінезі, әрекеті мен ісі арқылы бала үлгі алады, жақсылық пен жамандықты айыруды, ақыл мен парасатқа еркін билетуді, тапқырлық пен алғырлық туралы ойлануды үйрене бастайды. Халқы ертегісінің ерекшелігі сонда, оны тыңдау арқылы балада табиғаттың сиқыр сырлары туралы жүйелі ойлау қалыптасады, санасына әдемілік пен әдептілік туралы ұғымдар сіңеді, ұлттық ойлау дәстүрі мен тұрмыста ұстайтын ғұрыптарына жаттығады.

Ертегі бала қиялына оңай әрі жылдам әсер ететін жанр болғандықтан, оның оң жолмен дамуына да игі әсер етпек. Бала ертегіні жақсы тыңдайды, сеніп тыңдайды. Әсіресе, бастауыш сыныпқа барған балаларды мектепке тартатын да, мектепке асықтыратын да – ертегі.

Ертегі тыңдаудың бал үшін қажеттілігі мынада:

- баланы ойлауға баулиды;

- баланы оң жолға тәрбиелейді;
- өзін бағалауды үйретеді;

Бұл туралы А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде «Ауыз әдебиет» атты бөлімінде былай деп жазады: «Ертегілер өтірік болғанымен мағынасыз болмайды, көбінесе ішкергі астарлы мағынасымен өнегелі келеді. Жақсылық, жамандық, достық, қастық, арамдық, адалдық, батырлық, қорқақтық, ептілік, шорқақтық, қулық, аңқаулық, тағысын тағы сондай жақтан өнеге беру, тәлім-тәрбие беру мақсатымен шығарған әңгімелер екендігі сезіледі», дей келіп, ертегінің қажетті болатын орындарын тәптіштеп көрсетеді:

1) халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ, олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе;

2) бала әдебиеті жоқ жерде ертегі баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керегі бар нәрсе, баланы қиялдандыруға, сөйлеуге үйретеді;

3) бұрынғылардың сана-саңылау, қалпы-салты жағынан дерек беруімен керегі бар нәрсе [70, 320].

Қазіргі таңдағы қазақ ғылымында ертегі туралы жазылған ғылыми зерттеулердің ішінде осылай ертегінің балаға жасайтын ықпалы туралы терең жазылған жазба әзірге жоқ деп есептедік. Қарап отырсақ, А. Байтұрсынұлы ертегіні «халықтың ескіден қалған жұрнақтарының қордасы» ретінде қарай отырып, ертегіде айтылатын кей көнерген сөздердібала санасында жаңартатын құрал ретінде таниды. Балалар әдебиеті дамымаған елдерде баланың рухын мығымдап, қиялын дамытушы құрал екенін нақтылайды. Дерек теруші құрал ретінде де таниды.

Демек, А. Байтұрсынұлы ертегінің маңызды құрал ретіндегі үш түрлі қасиетін нақты көрсеткен. Ғалым мынадай ертегілерді атап көрсетеді:

1) «Қара батыр»
2) «Тазша бала»
3) «Алтын айдар»
4) «Хан Шынтай»
5) «Еркем Айдар»
6) «Арам пейіл, ақ пейіл»
7) «Әжігелді»
8) «Хан қызы»
9) «Тазша»
10) «Түлкі алдауы»
11) «Дуадар қыз»
12) «Үш ұл»
13) «Балықшы жігіт»
14) «Қара көз сұлу».[66, 320].

Қазақ ертегілерінің ішіндегі тұрмыс-салт ертегілерінің тілі – жатық, ой мазмұны – анық. Осындай ертегінің бірі, ғылыми әдебиеттерде «шыншыл ертегілер» санатындағы – «Аяз би» ертегісі.

«Аяз би» – кеңес кезеңінен бері мектеп оқулықтарынан түспей келе жатқан, ел арасында кеңінен тараған, қарапайым адамның ақылы мен білігі арқасында шыққан биігін көрсетуге арналған тұрмыс-салт ертегісі.

Бұл ертегіні ақылды болу мен қарапайымдылықтың қазақ ертегісіндегі шыңы десек те болады. «Аяз би» ертегісінің де өзіндік ішкі прагматикасы бар.

Қазақ тіл білімінде прагматика теориясы туралы толғамды ғылыми пікір жазған ғалымдардың бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Әлкебаева Л. Ахметқалиевамен бірге жазған «Прагматика негіздері: ойлау мен сөйлеу» атты мақаласында былай деп жазады: «Жеке адамның сөзі арқылы болмысын, ойын, интеллектісін және ниетін, пиғылын айқындап, өмірінен хабардар болуға болады. Антропоөзектілік парадигмасы бойынша адам басқы орынға шығып, тіл оның ары қарай өмір сүруіне арналған қажеттілігі саналады. Тіл білімінің дамуына антропоөзектілік парадигмалары, атап айтқанда сөйлеу мен адамның ойлану процестерінің байланысы мәселелері ықпал ете бастайды» [71, 89-95]. Осы мақалада авторлар Төле бидің әкесімен болған оқиғаны мысалға беру арқылы бала Төле әрекетінің прагматикасын ашып көрсете отырып «Кез келген коммуникативтік жағдаят адамды іске жұмылдырады және прагматикасын өзгертеді» деп жазады.

Ертегі де фольклорлық өзге де шығармалар сияқты ауызша сөйлеудің нәтижесінде шыққандықтан, тыңдаушы мен сөйлеушінің арасындағы әр түрлі маңызды, мәнді ақпараттарды жеткізуші қатынас құралы ретінде қызмет атқарады. «Аяз би» ертегісінің басты прагматикалық ерекшелігі – кейіпкерлердің коммуникативтік қарым-қатынасы барысында олардың ойы, мақсаты, мінезі анық байқалып, тыңдаушы үшін кейіпкерлердің әрекеті қызық бола түседі. Кейіпкердің мақсатына жету жолында жасаған тапқырлығы, амал, әрекеті сөйлеу әрекеті арқылы берілген. Сондықтан тапқырлық концептін талдауда, оның прагматикалық сипатын айқындаудың да ғылыми маңызы бар деп есептейміз.

«Аяз би» ертегісінің басты тақырыбы – тапқырлық. Ертегі «Ертеде Мадан деген хан болыпты. Хан болған соң, оның қырық уәзірі болады ғой», - деп басталады. Бұл кіріспелік бастаудан аңғаратынымыз – хан болады, хан болған соң, қырық уәзірі болады ғой, - деп, болатын әрекеттегі маңызды жағдайдың бұларға қатысты емес екендігінен хабар береді. Яки басқы екі сөйлемдегі «болыпты», «болады ғой» деген етістіктердің қолданыс прагматикасында әрекетті жай хабарлау, қалыпты жағдайды баяндау басымырақ.

Хан уәзірлеріне: «Уәзірлерім! Сендер қырқың да, асып туған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын және шөптің жаманын, құстың жаманын тауып келіңдер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып келмесеңдер, жазалы боласыңдар! – дейді». Осылайша басталған ертегі сюжетін одан әрі дамытушы, сабақтаушы, әрі негізгі кейіпкері Жаман – Аяз би болады.

Қазақ дүниетанымында қалыптасқан көнеден келе жатқан тұжырым бойынша, «мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» болғандықтан, уәзірлер үшін де шөптің жаманы мен құстың жасанын табу аса қиындық келтірмейді.

Шөп жаманы – шеңгел, өзі тікен, киімді жыртады, мал жемейді деп, шеңгелді таңдайды, «үстінде жүні жоқ, ұсқыны аса келіспеген, құқстың жаманы осы болар деп қырғауылды ұстайды. Ал үстінде жыртық тоны бар, басында теріден тігілген жаман тымағы бар, қой жайып жүрген адамды кезіктіріп, адам жаманы осы болар деп соған келеді де, оны да ертіп алады[72,452].

Қазақ дүниетанымында жақсы адам мен жаман адамның айырымы оның әрекетінен білінеді деп есептеледі де, мақал-мәтелдерде оған ерекше мән береді.

Мәселен:

*Адамға қылсаң **жақсы**лық,*
Жақсылық білмес кей заңғар.
*Жақсылыққа **жаман**дық жасайтын,*
Дүниеде бейиман көп жандар.

*Айыратын **жаман** бар, қосатын жаран бар.*

*Екі **жаман** ауыл болмас,*
Ауыл болса қауым болмас.

Арғымаққа оқ тисе, мәстектей туламас.
*Сыпайыға оқ тисе, **жаман**дардай жыламас.*

Арғымақ аттың құйрығы - әрі жібек, әрі қыл,
*Қас **жақсы**ның белгісі - әрі мырза, әрі құл.*

Арық малды асырасаң аузы-мұрның май болар,
***Жаман** адамды асырасаң аузы-мұрның қан болар.*

*Екі **жақсы** қосылса, айрылысуға қиыспайды,*
*Екі **жаман** қосылса, кең дүниеге сиыспайды.*

*Жақсы арына құл, **жаман** малына құл.*

Арықпенен семіздің бауыры бірдей,
*Жақсыменен **жаман**ның жаны бірдей.*

Арық атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас,
Жаман адамға мал бітсе, қасына қоңсы қондырмас, қондырса да ондырмас.

*Атасы **жақсы**, көргенін айтады,*
*Атасы **жаман**, бергенін айтады.*

Әркім жолдас болады амандықта,
***жаман** тастап кетеді **жаман**дықта.*

*Басыңа іс түскенде **жақсы** көмектесер, **жаман** күліп кетер.*

Әрине, әр мақалдың да өзіндік мағынасы мен прагматикасы бар екені белгілі. Әр мақал қазақы түсініктің пайымның тілдік бейнесі. Жақсы адам мен жаман адам арасын салмақтай зерделегенде, олардың арасындағы айырма

сыртқы сипатында емес, ішкі адами болмысында, істеген әрекетінде екенін айқын аңғарамыз.

Аяз би ертегісінде де тура осы ой салмақты әрі маңызды. Сыртына қарап жаман деп таныған адам «ақылды» да «данышпан» деп Мадан хан бағалаған уәзірлерге «Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы – сауысқан» деп, уәзірлерге қырғауылдың орнына сауысқанды, шеңгелдің орнына қарақоғаны алдыртады. Мұның мәнісін сұрағандарға «ханның алдына барғанда айтамын» деп, сырын ашпайды.

Жаманды хан алдына апарғанда, оның сыртқы түріне қарап, көңілі толады, жаман осы болар деп сенеді.

- Әкелген адамдарың жарайды. Қазірге аспазшыға апарып беріңдер, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортаға алып, тамаша етеміз, – деп, Жаманды наубайханаға апаруға бұйрық етеді.

Ханға да құстың жаманы мен шөптің жаманы деп Жаманның айтуымен әкелген сауысқан мен қарақоға дұрыс болып көрінбейді. Өскен ортасы мен көргендері, білгендері ұқсас, жақын болғандықтан хан мен уәзірлдердің көзқарастары, білгендері мен біліктері бір-біріне жақын болып шығады. Мұны антропоөзектілік теориясы арқылы ғалымдар кеңінен түсіндірген. Адам баласының таным әлемінде, айналадағы табиғи болмысты қабылдауында, оның ішкі және сыртқы жағдайлардағы әралуан ерекшеліктер мен өзгешеліктерді қабылдауында айырма бар болуы да заңды. Антропоөзектілік – адамның жалпы әлемге, болмысқа және өзіне деген қарым-қатынасы. Адам – ол қоғам, адам – ол болмысты бағалаушы, адам – әлемді танушы, адам – әлемді таңбалаушы, адам – әлемді өз білігімен қабылдаушы. Міне, осы қарым-қатынас «Аяз би» ертегісінде ерекше көрініс табады. Мадан мен уәзірлерінің көзқарасы, дүниетанымы, әлемді бағалауы мен қабылдауы бөлек те, кішкентайынан қажеттіліктен табиғат аясында өскен, таныған жаманның көзқарасы, дүниетанымы бөлек. Бұл олардың таным формаларындағы ерекшелік олардың білуі не білмеуінде, түсінігінің кем не кеңдігінде ғана емес. Бастысы, осы таным-түсініктің ақиқатқа, шындыққа қайсы жақын, сол маңызды болмақ.

Ертегінің салмақты тұсы оның тартымдылығы, тартысқа құрылуы, жұмбақтың қойылуы мен оның шешіліуінің ерекшелігде ғана емес, ең маңыздысы адам баласының таным формаларының тұтастығын, бүтіндігін таразылауда ақиқаттың мойындалуында. Ақиқатына жету, шындыққа мойын бұру, шындық алдында тізе бүгу, мойындау – бұл нағыз адами қасиет. Бұл жолда бас кетуі де ықтимал, бас кетпеу үшін кісі бойында тапқырлық, ақылдылық қасиеттері мен оның әлемнің тілдік бейнесі, яки сөзбен жеткізуі аса маңызды фактор болады.

3.2 Ертегілердің персонажына қатысты «тапқырлық» және «ақыл» концептісі

Тапқырлық – ертегі кейіпкерлерінің бәрінде жиі кездесетін қасиет. Алайда тапқырлықты ерекшелей зерттеу жұмыстары көп кездесе қоймайды.

Ертегілердегі «ержүректік», «батырлық» концепт ретінде мол қарастырылғанымен, тапқырлық туралы ғылыми зерттеулер көп жазылмаған. Ертегі кейіпкері батыр болса, ол қолындағы қаруымен де көп нәрсе жасай алады, ақылымен, қарумен, батылдығымен, батырлығымен өз мақсатына жетеді.

Ал тапқырлық – зерденің ісі. Тапқыр болу үшін ойдың ұшқырлығы, ақылдың, өмірлік тәжірибенің молдығы керек. Мұндағы күш - білекте емес, білікте. Жаманның күші де өмірлік тәжірибеден алған білігінде. «Құстың жаманы - қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел» деп таныған хан мен уәзірлердің дегенінен қарсы жауап беру үшін Жаманға көмекші болатын тек өмірде жинаған білігі мен көрген, білген, қолымен ұстаған тәжірибесі ғана.

Жаманның жауабы да осындай болады:

«Тақсыр! Елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірім отын, су тасумен кісі есігінде құлшылықта өтті. Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңіне дейін, сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта »Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын болып, пайдаға асады екен-ау», - деп, ойлаған едім. Ал енді қарақоғаны алып, отқа жақсам, жанбайтын еді, үрсем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң апарып малға салсам, барлық мал мұрнын жиырып, жемейтін. Сонсоң: «Қарақоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой», - деп ойлаушы едім. Қарақоғаның жамандығын содан білдім, - дейді Жаман.

- Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? - дейді хан.

- Қырғауылдың қанаты бар да, жүні жоқ болса да, адамның пайдасына жарайтын құс еді. Біреудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылдың айыбы - тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы - сауысқан деймін.

Келтірілген мәнмәтінде бірнеше денотаттардың қолданысы маңызды: *құс, от, су, өмір, отын, киім, мал, шеңгел, қырғауыл, сауысқан*. Бұл атауларды біріктіретін негізгі ұғым – дала тіршілігі. От пен су – тіршілік көзі болса, құс пен шөп (шеңгел, қырғауыл) – өмірдің нәрі. Осы атаулар арқылы әлемнің тілдік бейнесі таңбаланған. Бұл атаулар арқылы дала бейнесі айқындалады.

Елу жыл өмірі далада мал бағумен өткен адам үшін ең маңызды дүние – тіршілік, тіршілік үшін күресу.

Тіршілік үшін күресудің үлгісін біздер әдетте Э. Хемингуэйдің «Шал және теңіз» повесі арқылы түсінуге бейімделіп алған сияқтымыз. Тіршілік үшін күресудің ең керемет үлгісі – «Аяз би» ертегісінде деп пайымдаймыз. Жасынан кісі есігінде жүріп күні өткен Жаманның өмірі отын, су тасумен өтеді. Оның өмірі хан мен уәзірлер өміріндей «комфортта» болған жоқ. Жаманның басынан өткен қиындықтың әмбебаптық сипаты жоқ деп айта аламыз ба? Кез келген қазақ малшысының тірлігіне ұқсамай ма? Алайда ол ешқашан өзінің «менін» жоғалтпаған. Тіршілікте адамдар арасындағы түсінікке сай «жаман» болып көрінгенімен, киім киісі тым жұпыны болып, ішкен асы қарапайым

болғанымен, ішкі жан дүниесінде табиғатпен бірге біте қайнасып, онымен етене жақын болып, сырын түйген, түсінген. Табиғатпен еркін байланыса отыра, ол «таза» ойлап, адал «ойнап» ешқашан жеңілмеген. *Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жаққанда, кешке жаққан оты ертеңіне дейін, сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта »Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын болып, пайдаға асады екен-ау», - деп, ойлайды. Қырғауылдың қанаты бар да, жүні жоқ болса да, адамның пайдасына жарайтын құс еді. Біреудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылдың айыбы - тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы - сауысқан* екенін айтқанда хан мен уәзірдің оған қайтарар жауабы болмайды. Табиғатпен байланысының нақты көрінетін тұсы – осылай. Рухы жеңілмеген, рухы мықты.

Ертегі кейіпкері болып отырған Жаманның рухани биіктігі осы жауаптан кейін де өрлей түседі. Өйткені оның биіктігінің негізінде далалықтарға тән, тәжірибеге негізделген тапқырлық бар еді. Жаман образының прагматикасы да осында жатыр. Бұл кейіпкердің халық жадында ұзақ сақталып, сүйікті де сүйкімді кейіпкер болуының өзіндік себебі мол. Мәселен, қазіргі күнге дейін қазақта «Аязби» деген кісі есімі бар, әлі де қойылатын сәнге айналған аттың бірі. Бұл есім халықтың еркіндікке деген ұмтылысы мен тапқырлығына деген сүйіспеншілігінен туындайды. Қазақ халқы дүниетанымында тапқырлық пен қарапайымдылықтың үлгісі – осы Жаман-Аяз би.

«Біреудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылдың айыбы - тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы - сауысқан деймін» - деген мәнмәтіннің айтары мол. *Біреудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан* –деген сөйлемдегі «біреу» белгісіздік есімінің мағынасы мен қолданысында да өзіндік мән бар. «Біреу» сөзі тек құсқа арналып тұрмағаны бірден түсінікті болады тыңдаушыға. Қазақ тілінде бұл сөз тек кісіге ғана арналып айтылады. Адам баласының кеспірсіз, сыйықсыз болуы оның жамандығын, немесе түрінің сұлулығы – оның жан-дүниесінің кемелдігін таныта алмасы анық.

Ал сауысқанның жамандығы «ала» сөзі арқылы дәлелденіп, олардың бірігіп ұшпайтыны, үнемі жеке дара бөлек ұшатыны жамандығының белгісі ретінде танылады. *Ала – алала- алалау, ала-алалық, ала жіп, ала арқан* сияқты атаулардың құрамындағы ала сөзінің мағынасы ақ пен қараның араласып келуі арқылы анықталады. Ала сөзі арқылы берілетін әлемнің тілдік бейнесі мол.

Мәселен, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде:

Ала – көпмағыналы сөз.

1. *Ала - Ақ түстің өзге түспен араласып келгендегі түрі*. Ала құрдың бір шетін күрмеп,ілмек қылып, шандырлап тұрып тартты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

2. *Ала – мал, хайуанат, құс денесінің немесе денесінің бір бөлігі ақшыл түсіне басқа да түстердің араласып келгендегі түрі*.

3. *Ала –* сын. *Бірлігі жоқ, берекесіз, қиюлы, қашқан, араз, алауыз*.

4. *Ала* – зат.көне. *Жылқы ішіндегі көрнекті, жүйрік ат, азбан*. Жылқы ішінде *ала* жүр, Ұсай алмай бала жүр (Халық әні).

5. *Ала* – сын.көне. *Ерекше белгісі бар*. Бәйгенің керешісі қойған сайлап, Ат мінді Көбеген би *ала* байрақ (Н. Мыңжани).

6. *Ала* – зат. *Көз алмасының ақ түсті қабығы*. Қақтаған ақ күмістейкең маңдайлы, *Аласы* аз қара көзі нұр жайнайды.

7. *Ала – Бірдей емес, бір жері олай, бір жері бұлай*. Өңдеузаттары *ала* төгілсе, егін де ала шығады (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). // Ауыс. Адамды бірдей көрмеу, бөлу [2,333].

8. *Ала* – сын. *Арам пиғыл, ниеті бөлек*. Мұндай ала ниет өзімшілдік адам баласын аздырып, бір-бірімен жауластырғаннан басқа ешнәрсеге де жеткізбейді (С. Сейфуллин, Таңд.) [66, 179].

Қырғыз тілінде *ала* сөзінің «келіспеушілік, араздық, бөлінушілік» деген де мағынасы бар (Юдахин, 45). М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» атты еңбегінде «ала» «келіспеушілік, қастандық» деген мағынасы қоса берілген.

Сауысқан түсінің сыртқы сипаты мен ішкі мәнінің үйлесімділігін Жаман «*сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. - деп* әлемнің тілдік бейнесі арқылы көрсетеді. «Бірлік бар жерде – тірлік бар»деген тағылымды еске салады. Тіршіліктің ыстығы мен суығын қатар көріп өскен Жаман үшін сауысқанның да қасиеті мен әрекеті таныс. Қандай құс екенін оқып емес, күнде көргенін көкірегіне тоқып біледі. Жаманның қай жауабын қарап, зерделесек те, оның философиялық астарын аңғарамыз. Жаманның сөздері арқылы берілетін әлемнің тілдік бейнесінде артық тұлға жоқ. Артық қолданған сөз жоқ. Кез келген тілдік бөлшек өз мағынасында, өз мәнімен орынды қолданған. *Құс, от, су, өмір, отын, киім, мал, шеңгел, қырғауыл, сауысқан* т.б. сияқты денотаттардың пайдалану ерекшелігінде де салмақты саралау бар; адам мен табиғат, адамның ішкі жан дүниесі, адамның ішкі түйсігі мен сезімі, адамның өзіндік ішкі байламы, ішкі зерделеуі, өмірдің мәні туралы ішкі ойы т.б.

Жаманның өзін бағалауына зер салып көрелік:

«Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді; келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба?». Адам баласының бұл тіршіліктегі бақыты – сүйген жары, баласы, одан өрбіген ұрпағы; Адам баласының бұл тіршіліктегі бақыты – еркіндігі. Жаманда бұл бақыт әзірге жоқ. Сондықтан ол өзін жаманға балайды. Жаман айтып отырған жайттар – шындық. Ертегі сюжеті өмірде кездесетін адамдардың өмірінен алыңғаны да анық. Елу жасқа келгенше үйленбей, бала сүймей, біреудің есігінде жүрген адамдардың жан дүниесіне үңілу ертегінің философиялық астарын арттыра түседі. Бұл жеке адамның ғана драмасы ма? Әлем әдебиетіндегі Э. Хемингуэй, Сартр, Камю, Г. Марсел көтерген жалғыздық проблемасы «Аяз би» ертегісіндегі кейіпкердің басында да бар. Ертегі көтерген

жүктің философиялық астары – осы жалғыздықтың тереңін ашып, оның жолын көрсетуі.

Әрине, ертегінің соңы жақсылықпен бітеді. Қазақ ертегілерінің басты мақсаты да, кредосы да соңының жақсылықпен, басты кейіпкердің бақытқа жетуімен, мұратқа жетуімен аяқталуы. Алайда мұратқа, мақсатқа жетуі мен бақытқа кенелуі қолға бірден түсе қоятын жеңіл-желпі нәрсе емес. Оған Жаманның тәжірибесімен қоса тапқырлығы мен ақылы керек. Осы ретте, жаман енді ханның тұлпарын, гауһар тасын, сосын ханның өзін де сынайды. Тұлпар, гауһар тас – дала дүниетанымындағы байлықтың басты белгілері. Бұл денотаттардың да ертегіде маңызды дерек ретінде алынғаны дау туғызбайды.

Тұлпардың сиырға шатыс екенін жаманның қалай анықтағаны ешкімнің көңілінде күмән қалдырмайды. Анық та айқын жауап алған хан да абдырап қалады. Тыңдаушы да таңырқары даусыз. «*Тұлпарыңыз судан әрі-бері өткенде, аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиыр күніне қырық суарсаң да судан айдағанда, аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей, өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін сонан білдім,*– дейді. Тыңдап тұрған жұрт та таңырқайды мұндай тапқырлыққа, алғырлыққа. Хан да бір кезде құлындағалы тұрған бие өлер болған соң, ішін жарып құлынын алып, оны сиыр сүтімен асыраганын айтып береді.

Шындық, ақиқат дегеннің құны тым биік. Шындық айтылған жерде әділдік орнайды. Шындықты айтқан адам, айта алған адам ештеңеден қорықпақ емес. Ханның «өзімді сына» деген сөзінен кейін, оның жеті атадан бері хан болмай, хандық тек қара басында екенін айтқанда:

- Тақсыр ханым! Ақыл-ойың ешкімнен кем емес, бірақ хандық қара басында, қарадан туып хан болғансыз, атаңда хандық жоқ, - дейді. Жаман сөзін бітірмей, хан сөзін бөліп:

- Жоқ, қате айтасың! Мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да алты атамды қайда жібересің? - деп зекіреді. Жаман саспайды.

- Жоқ, тақсыр! Сіздің қара басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ. Сіз нағыз наубайдың баласысыз, - дейді. Хан не дерін білмей, халыққа қарап:

- Апырым-ау, мына Жаман не дейді! Халқым, мен хан баласымын деп жүр едім, шақырыңдар анамды! - дейді.

Ашумен жамнның басын кесуі де кәдік еді. Ал Жаман шындықты бүкпей айтып, ханға қарап тұра береді. Хан анасы келіп шынында да наубайдың баласы екенін айтады.

Ал Жаманның жауабынан тарихи тағылым анық байқалады. Дәстүрді берік ұстаудың маңызы мен мәні, тектіктің тағылымы көрінеді. Жаман ханға былай деп жауап береді:

- Мен Жаман-жақсы болсам да үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы - жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, мені келісімен аспазға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің шонжарлы, атаулы хан емес екеніңізді содан байқадым, - дейді.

Жаман халықтық ділді, мінезді, дүниетанымды терең меңгерген, қанмен бірге келетін тектіліктен де хабары мол.

Ертегіде қарапайым адамдар мен байлыққа малынғандар арасындағы оппозиция жан-жақты берілген. Бай-манап пен хандардың да ішкі әлемінде жасырылған жаралар бар екенін, олардың да өміріне жетерлік шері мен мұңы тұнып тұрғанын паш етеді. Хан анасының халық алдында шындықты жайып салуы, ақиқаттың ашылуы көп нәрсенің басын ашады.

Мұндай мотив біз талдаған «Мұңсыз хан» ертегісінен де көрінген еді. Айналасындағыы халқы да, өзге жұрт та мұңсыз адам санаған, Мұңсыз хан аталып кеткен ханның жеке басының мұңы тым ауыр еді. Шынында да адамдардың жақсы-жаман болып бөлінуі оның киімінің жұпыны, сиықсыздығынан еместігі осылайша қарапайым тілмен қарапайым Жаманның бейнесімен сомдалып, биік деңгейге жеткен.

Жаман сөйлеп, тапқырлығымен, ақылымен көзге ерекшелене бастағаннан-ақ, хан сөзі арқылы бұл қасиеті айқындалып отырады.

Хан басын шайқап:

- Апыр-ай, осы жаман болса жарар еді, - дейді

Ал әкесінің найбайшы екені дәлелденгенде,

«Сөз тапқанға қолқа жоқ! Олай болса, мен таққа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайықты екенсіз», - деп хан тағынан түсіп, тақты Жаманға береді.

Жаман:

*- Жоқ, тақсыр! Кешегі күні: «Жаман кісі керек», - дегенде, ат артына мініп келген жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де жарар. Тағыңызға міниңіз, - деп, болмайд*ы.

Ертегіде «Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жақты» деген сөйлем келтірілген. Бұл Жаманға берілген анықтама сияқты. Ертегінің мақсаты тек тыңдаушыны еліту мен еліктіру ғана емес. Ақыл мен тапқырлықтың пайдасын да айтып таңдай қақтыру. Ақыл мен тапқырлық байлық пен кедейлікті таңдамайды. Адамның өзіндік пайымы мен зердесіне байланысты деген байлам жасатады тыңдаушыға.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, ертегінің мақсаты – негізгі кейіпкерді бақытты ету. Ертегінің ендігі сюжет желісі Жаманға өзіндей ақылды да сұлу жар іздеумен жалғасады. Сол қалада өзі қара болса да, байлығы ханмен парапар Уәлібай дейтін байдың он бес жастан күйеу таңдап отырған, қазір жасы отыз беске келген қызы бар екен. «Өзімнен ақылы асқанға тием» деп жиырма жылдай отыр екен.

Қызды іздеп Жаман да келеді. Қыз жеңгесі арқылы гауһар, пышақ, тәрелке, қайрақ береді. Жаман оның құралын сұрағанда, қыз оған балға мен төсті береді.

Гауһар, пышақ, қайрақ, тәрелке, балға төс сынды заттардың да өзіндік жұмбағы бар болады. Жаман балға мен төсті алған соң, қайрақты төске қойып, балғамен ортасынан бөледі, тәрелкені уатады, пышақты жетесінен сындырады, гауһар тасты қақ жарады. Мұның сыры: Пышақтай болып басым кесілгенше айтпаспын!» - деп, пышақты жетесінен сындырып, «қайрақтай езілгенше!» деп, қайрақты уатып, «тәрелкедей уатылғанша» деп, тәрелкені қиратып, «гауһар

тастай жарып, сені алам!» - деп, гауһар тасты қақ бөледі. Бұл қызға берілген серт еді. Жаман ханның қаһарымен дарға асылғалы жатса да сертіне берік болады. Жұмған аузын ашпайды. Дар ағашына апарып дарға ақалы жатқанда ақбоз атқа мініп, бетін жауып алған кісі келіп, дарағашының жібін қылышпен кесіп жіберіп, қылышты Жаманның көкірегіне көлденең қойып кетеді. Қыздың «қылыш үстінде серт жүрмейді, мен үшін өлме, шыныңды айт» деген ишарасы екен.

Жаман осы күнге дейін ақылымен, тапқырлығымен өзінің жанын қорғап келсе, ендігі жерде қызға берген серті үшін жанын қиюға да бар. Сертті сақтау, берген уәденің орындалуы қазақ азаматы үшін биік сын. Осындай ертегілер арқылы берілетін тәрбиеде де серттің орны мен маңызы ерекше көрініс береді.

Уәдені, сертті бұзбауға барынша терең мән беріледі. Жаманның ақылы мен тапқырлығы бір бөлек те, оның жар алдындағы сертін бұзбауы оның образын одан әрі биіктете түседі.

Серт – жауапкершілік;
Серт – сөзге тоқтау;
Серт – мәрттік;
Сертте тұру – ер жігітке тән мінез.
Сертте тұру – сүйгеніңе адалдық;
Сертте тұру – кісілік;
Сертте тұру – далалықтардың моральдық қағидасы.

Серт туралы қазақта мынадай мақал бар:
Қайталаған дерт жаман,
Қайта бұзған серт жаман.

Қылыш үстінде серт жүрмейді.

Ертегіде осы екі мақалдың да негізгі мәні орындалады. Яғни серт бұзылмайды. Жаман жақсы ер-жігітке тән мінезбен, өлім алдында тұрса да сертін бұзбайды.

Ақылды да жақсы қыз ер-азаматтың берген серті үшін өлгенін қаламайды, Жаман енді иманын айтып, жемі қырылдай шығып, демі бітуге айналғанда, қыздың өзі арашалап алады, көкірегіне қылыш қалдырып, сертін қайтып алады.


Ертегідегі Жаманның бейнесін сомдай түсетін тапқырлығы. Гауһар, пышақ, қайрақ, тәрелкені көргенде қаншама «мен мықтымын» деген жігіттер мәнісін түсіне алмайды. Бұл заттардың қасиетін дәл тауып, тапқырлық көрсеткен жаманның ақылдылығы. Тапқырлық үшін де аналитикалық ойлаудың маңызы зор екені ғылыми психологиялық әдебиеттерде молынан зерттелген. Ғалымдардың пайымдауынша, сенсорлық қабылдау мидың оң жарты шарындағы ойлау түрі көп рөл атқарады. Тапқырлық - ойлаудың ерекше түрін қолдана отырып, сөйлеуді қалыптастыру үдерісін де саналы түрде басқарады. Ол үшін аяқ астынан сөз құрау да маңызды. Тапқырлық лингвомәдени ерекшелікті қажет етеді. Онда әлемнің тілдік бейнесінің

таңбалануының өзіндік сипаты бар. аяқ астынан дұрыс сөздер мен сөз тіркестерін қолдана білу, аллегориялық тәсілдерді пайдалану да маңызды саналады. Тапқырлықтың ең маңызды тәсілінің бірін ғалымдар тілдік ойынмен байланыстырады. Тапқыр адамның сөзінде ұсақ-түйек деген болмайды. Әр сөз салмақты ойға негізделіп, әр сөздің астарында мәнді ой жатады. Кейбір ұсақ-түйектерге басты назар аударылады және ол бүкіл мәлімдемені түсінудің кілті болады. Дар ағашынан кейін хан алдына барған Жаман оған бар шынын айтуға мәжбүр болады.

- Тақсыр! Мана айтпаған себебім мынау еді. Мен барып, Уәлібайдың қызына сырттан хабарласқанда, ол маған бір тәрелке, бір қайрақ, бір пышақ, бір ғауһар тас беріп жіберді. Ол оның: «Қайрақтай болып езілгенше, тәрелкедей болып уатылғанша, пышақтай болып, басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі, мына ғауһар тастай жарып мені алады», - дегені еді. Сол сырды: «Пышақтай болып басым кесілгенше айтпаспын!» - деп, пышақты жетесінен сындырып, «қайрақтай езілгенше!» деп, қайрақты уатып, «тәрелкедей уатылғанша» деп, тәрелкені қиратып, «ғауһар тастай жарып, сені алам!» - деп, ғауһар тасты қақ бөліп, уәде беріп едім. Сол себепті мана шынымды айтпап едім. Қыздың өзі мені аяп, ақ боз атқа мініп, бетіне перде жауып келіп, дардың жібін қиып, көкірегіме көлденең қылыш тастап кеткені: «Мен үшін кінәсыз өлме, ерлігіңді көрдім. Қылыш үстінде серт жүрмейді деуші еді, антыңды қайтып ал», - дегені еді.

Бұл мысалдағы сөздерде «күйдім, сүйдім, ғашықпын, мәңгі сенімен біргемін» деген сияқты жалаң сөздер жоқ. «*Пышақтай боп басым кесілгенше*», «*қайрақтай езілгенше!*», «*тәрелкедей уатылғанша», ғауһар тастай жарып, сені алам!» деген* мәні терең ұғымды білдіретін ұтымды да тапқыр сөздер бар. Олай болатын себебі бұл сөздердің мағынасы абстрактылы емес, нақты мағыналы атаулар. Көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын заттардың өзгерісін де анық көзбен көруге, ойлану арқылы көз алдыңа нақты келтіре алуға болады. Яғни, *пышақ, қайрақ, тәрелке, ғауһар* нақты заттар. «*Пышақтай боп басым кесілгенше*», «*қайрақтай езілгенше!*», «*тәрелкедей уатылғанша*» деген тіркестердің мағынасы анық та, *кесілу, езілу, уатылу* етістіктері арқылы заттар арқылы орындалатын әрекеттер көз алдыңызға келетіні анық. Әсіресе, ертегі тыңдаушы балалар үшін мұндай етістіктер арқылы берілетін әлемнің тілдік бейнесі ерекше әсерлі болары белгілі.

Тапқырлық концептісінің семантикалық құрылымын былайша көрсетуге болады:



Сурет 1 - «Тапқырлық» концептінің семантикалық құрылымы

«Тапқырлық» психикалық және тілдік құбылыс болғандықтан, ойлаумен тығыз байланысты. Тапқырлық негізінен, аяқ астынан сөз табу, күтпеген жерден ақылмен жаңа жол іздеп табумен байланысты анықталады. Ертегіні тыңдап отырған тыңдаушының әртүрлі ассоциациясы арқылы да тапқырлық сөзінің бірнеше мағыналық құрылымы зерделенеді. «Тапқырлық» концепті стандартты ойлау жүйесіне жатпайды, мұнда дайын клишелер мен дайын стереотиптер болмайды.

Жаманның тапқырлығын көрсету үшін де, ертегіде бұрын соңды айтылмаған және жасалмаған заттар пайдаланылған деп есептеуге толық негіз бар. Тек осы «Аяз би» ертегісінде ғана ішкі сезімді көрсету үшін *пышақ, қайрақ, тәрелке, гауһар* сынды заттар алынады. мұның өзі өзгеше ойлаудың бір көрінісі деп пайымдауға негіз болады. Ертегідегі тапқырлық тек Жаманның

сөзінде ғана емес, жаманмен байланысты барлық әрекетте деп есептеуге болады.

Тапқырлықпен ойлау өте күрделі психикалық процесс. Зерттеушілер тапқырлықты «нөлден бастау» алатын аналитикалық ойлаудың көрінісі ретінде таниды. Бұрыннан белгілі, таныс әлемнің тілдік бейнесінен өзгеше, ойлауда да, сөз де өзгеше өрнек болады.

Мұндай өзгеше ойлау өрнегінің бір сарасы «Қарт пен тапқыр жігіт» ертегісінен де анық көрінеді. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» - деген аталы сөзбен мәні сәйкес келетін бұл ертегіде қарт бір күні шаһарға барып, үйіне қайтып келе жатқанда, жас жігіт артынан қуып жетіп жөн сұрасып бірге келе жатады. Әңгіме жол үстінде болады.

-Ата жол қысқартайық,- деп әңгімені жігіт бастайды. Жігіттің нұсқай, астарлап сұраған сұрақтарын қарт түсіне қоймай, тереңіне бойлай алмайды. Барлық әңгіме жолда болады. Бұл ертегідегі әлемнің тілдік бейнесінің негізі жол ұғымы арқылы айқындалады. Қазақ ұғымында «жолдың» мәні өте зор. Бұл ең алдымен даланың кеңдігімен, онда жолдың мәнінің ерекше зор екендігімен байланысты болса керек. «Жол» туралы бірлі-жарым ғылыми мақала болмаса, көп зерттеу жоқтың қасы. Қазақ халқында «жол» сөзімен келетін тұлғалар жеткілікті:

Жол – көлік жолы, қасқа жол, күре жол, сүрлеу жол, жол жүру, жолсыз, жолсыздық, темір жол.

Жол – тілек мағынасында: оң жол, ақ жол, жолың болсын, Алла оң жолын берсін;

Қарғыс мағынасында: жолыңа жуа бітсін, жолың болмасын; т.б.

Жолға қатысты көптеген мақал-мәтелдер бар:

Жол сұрамай жолға түспе.

Жолаушыны сусындатпай бұйымтайын сұрама.

Жолмен жүрсең, жортып жүр,
Жортып жүрсең, жол өнер.

Жолаушының ақысы жүрсе бітеді.

Екіндіде ел тастама.

Жолаушының үлеспеген есебі бар.

Ауылдан шыққан күні байға қон,
Бай таппасаң, сайға қон.

Түйелі жолаушы - киелі жолаушы.

Жолға шықсаң, жолдасыңды сайлап шық.

Далаға түнегенше, молаға түне.

Қыс арбаңды, жаз шанаңды сайла.

Асқар тау алыстан көрінер.

Қазақтың «өш» жер дегені көш жер.

Көш көлікті, көрікті болсын.

Тоғыз жолдың торабы сайраң.

Желген желісін біледі,
Жортқан жүрісін біледі.

Шөлде жүрген шөл таныр,
Жолда жүрген жол таныр.

Жол азабы – көр азабы.

Жаяуға таяу жер де алыс.

Жүрем десең, көре бересің,
Көре берсең, көне бересің.

Білем десең, көре бер,
Көрем десең, жүре бер.

Бір жол бар алыс,
Алыс та болса жақын.

Бір жол бар жақын,
Жақын да болса алыс.

Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұң болар.

Ауылдан қырық қадам шыққасын азамат мүсәпір.

Жолы болар жігіттің,
Жеңгесі шығар алдынан.

Жолы болар жігіттің,
Желі оңынан тұрады.

Шөлмен жүрсең де, жолмен жүр,
Жол көлге, көл елге апарады.

Жолдан алған жолда қалады.

Жолаушы азығы жолда.

Бөрі азығы мен ер азығы жолда.

Қайныма да барайын,
Тайлағыма де бас үйретейін.

Алыс жолдың хабарын керуен жеткізер.

Алыс жүрсең де, жолмен жүр.

Сақтағаныңды жесең, сағынғаның келер.

Орамал тонға жарамаса да, жолға жарайды.

Мың күндік **сапар** бір қадамнан басталады.

Жабағы – тай деп қорлама,
Жолға шықса, ат болар.

Ащы мен тұщыны татқан біледі,
Алыс пен жақынды жортқан біледі.

Өткел өтсең, бұрын өт,
Артта қалсаң, жол тайғақ.

Жол білмеген адастырады,
Жөн білмеген шатастырады.

Мұндай мақалдың көп болуы қазақ дүниетанымындағы жолдың, жол жүрудің өзіндік маңызын танытады. Ертегідегі негізгі әңгіме де жолда өрбиді.

Қарт пен тапқыр жігіт жол бойы әңгімелесе отырып, қарттың үйіне де жетеді. Жол бойындағы жігіттің «түсініксіз сөздерінің» сипаты мынадай болады:

Өскен егінге қарап «бұл өзі желініп қойған егін бе, желінбеген егін бе?»;

- Ата мына кісі өлген кісі ме, өлмеген кісі ме?- деп сұрайды қабірге әкетіп бара жатқан кісіні нұсқап. Бұл сөздердің еш мәнісін түсінбеген қарт үйіне келіп жалғыз қызына:

- Шырағым, менімен үйге бір жігіт келді, мейман ет. Бірақ сүйкімсіз мінезі бар. Сөзінде кесепаты зор адам, - дейді.

Әкесі сөздің төркінін ұғып, жүйелі сөздің жүйесін әкесіне айтып ұқтырады. Оның кезек арқалап отыралық дегені – кезек әңгіме айтып, жол қысқартайық дегені; «Мына егін желінген бе, желінбеген бе» дегені – байдікі ме, кедейдікі ме дегені. Егін байдікі болса – желінбеген болады, ал кедейдікі болса желінгені болады. Өлген адам ба, өлмеген адам ба дегені – артында қалған баласы болса, адамның аты жойылмайды, сондықтан ол өлмейді», - деп жұмбақ сөздің шешуін айтады.

Қарт тапқыр жігітке қызын беріп, екеуінің ақылы тең болып мақсатына жетуімен аяқталады.

Тапқыр жігіттің аналитикалық ойлау жүйесінде өзіндік озық сипат бар. тапқырлық кез келгеннің бойынан табыла бермейтін ерекше қасиет. Сөзді тауып айтудың өзін халық дүниетанымында өнерге балайды.

Австриялық психолог Зигмунд Фрейдт өз зерттеу жұмысын осы тұжырымдамаға арнаған. Ол тапқырлықты бейсаналықпен байланыстырады. Ол тапқырлықтың қозғаушы мотивтері ретінде:

- жыныстық шартты, яғни,серігін тартудың, табудың бірден-бір құралы, мысалы, әдемі тауыс құйрығы;
- агрессивті түрде шартталған, яғни, дұшпанның немесе қарсыластың көңілін аудару мақсатындағы тапқырлық;
- енгізілген шектеулерге наразылық білдіру үшін жасалған тапқырлық;
- скептикалық тапқырлық, яғни, кісінің тым сенімді болуына күмәндану [73, 79].

Талданып отырған ертегіде жігіттің тапқырлығы оның сүйген жарын табуға көмектескені, З. Фрейд жорамалының шындыққа жанасатынына дерек болады.

Сондай-ақ, тапқырлық туралы ертегі сюжетінің берілу жүйесіне назар аударсақ, онда тапқырлықтың лингвостилистикалық компоненттеріне, яғни салыстыру мен парадоксқа ерекше көңіл бөлінген аңғаруға болады.

Сөздердің мағынасын ауыспалы, мәндес, метафоралы мағынада қолдану арқылы басты мағынаны келтірінді мағынамен бере отырып, ойды нұсқай сөйлейді. Мәселен, «Мына егін желінген бе, желінбеген бе» дегені – байдікі ме, кедейдікі ме дегені екенін аңғару үшін, егіннің қалай желінетіні не неге желінбейтіндігіне терең бойлау талап етіледі. Егін байдікі болса, өз көлігімен, өз құралымен жинайды да, өнімін өзі алады. Кедей еккен өнім болса, тұқымды несиеге сатып алуы, жерді көлік жалдап жыртуы мүмкін. Кейін еккен егінді өзі түгел жей алмай, қарызын жабуға жібереді. Желінбейтін егін болады.

Осылайша салыстыра отырып ойды сипататй жетізу тапқырлықтың бір белгісі ретінде қарастырылады.

«Мынау өлген адам ба, өлмеген адам ба» деп сұрауында да осындай тәсіл қолданылған. Адамдардың бұ дүниеде артында қалған баласының бар, жоқтығын салыстыру арқылы тапқырлықпен, терең ой толғайды.

Біз қарастырып, талдап отырған деректердегі тапқырлық концептінің мынадай тілдік ерекшеліктерін атап көрсетуге болады.

- тапқырлық мәндес, шектес ұғымдармен сипатталады;
- тапқырлық салыстыру арқылы да көрініс табады;
- кейде қисынсыз болып көрінетін ойдың мазмұны да тапқырлық болуы ықтимал.

«Тоқсаба мен тоғыз жасар бала» атты ертегінің мазмұны бізді осындай тұжырым жасауға әкеледі.

Аққойлы би Тоқсаба деген кісі жолаушылап келе жатып, бір ауылдың сыртында қозы баққан жас балаға жолығып:

– Балам, бұл қозы кімдікі? – депті.

– Ата, қозы қойдікі,– депті бала.

– Әкеңнің аты жоқ па еді? – депті Тоқсаба.

– Әкемнің қара, торы, құла аты да бар, – депті бала.

– Шырағым, аулыңның үлкені кім? – депті Тоқсаба тағы.

– Үлкені түйе болады, – депті бала.

– Жоқ, балам, сақалдысын айтам? – десе:

– Ауылдың сақалдысы теке,– депті. Тоқсаба сөзден тосылып, шақшасын алып насыбайын атыпты. Сонда бала:

– Ата, шақшаңыз ненің мүйізі? – деп сұрапты. Тоқсаба:

– Балам, бұл біздің елдің қоянының мүйізі, – депті.

Бала: – «Елі азғанның жері азған» деген осы-ау, біздің елдің қоянының мүйізінен шаңырақ иеді, сіздің елдің қоянының мүйізінен шақша ғана шыққаны ма? – депті.

Тоқсаба сөзден тосылғанын біліп, жүріп кетіпті де еліне келген соң «кез енді мына бала алып қалды», –депті.

Аққойлы елінің ені кез екен, соны мына бала енді елді билейді деген сөзі екен. Айтқанындай ержеткен соң Аққойлы елін сол бала билепті.

Бұл ертегіде сөз ойыны анық байқалады. Қойлы ауылдың баласы төрт түлік малдың жайын жақсы біледі. Қозы кімдікі деген сұрақтың төркінін түсінсе де, қозы қойдікі деп теріс жауап береді. Бір жағынан қарағанда бала шынын айтып тұр, жалғаны жоқ. Қозы – қойдікі. Бірақ жауап – бұрыс. Өйткені сұрақ кім? Сұрау етістігімен қойылған. Жауап «не» сұрау етістігімен беріледі. Бала да сұрақтағы «кім» мен жауаптағы «ненің» мағынасын біледі. Дей тұрғанмен, түсінбеген түр танытып, қисынсыз жауап береді. Тапқырлық деген де осы.

«Әкеңнің аты жоқ па еді?» деген сұраққа «*Әкемнің қара, торы, құла аты* да бар» деген жауапта сөздің «ат» сөзінің омонимдік сипатын танып, ойнату бар. Бұл да тапқырлықтың жақсы бір көрінісі. «Ат» сөзінің мағынасын таладған ғылыми зерттеулер көп. Б. Сағындықұлы, А.Б. Салқынбай зерттеулерінде дәлелденгендей, бұл сөздің тарихи дамуында көпмағыналық жатыр. Қазіргі тілімізде «ат» сөзінің бірнеше мағынасы бар[75,13].

- кісінің аты, есімі;
- ат, жылқы;
- затты не нәрсені жылдам лақтыру;
- лездік, жылдамдық мағынасы т.б.

Егер осы ертегі мәтінін орыс тіліне немесе ағылшын тіліне аударсақ. Онда тапқырлық көрінбеген де болар еді. Өйткені қазақ тіліндегі омонимдік мағына беретін сөздер өзге тілдерге аударылғанда жеке-жеке номинацияға ие болады да, онда тапқырлық аңғарыла бермейді.

Ертегіде тапқырлық сөзді ойнату арқылы жасалғандықтан, тек қазақ тілінде ғана бұл сөздердің мәні мен мағынасы айқындалып, езу тартқызарлық мәнге ие болады.

Ертегіде синекдоха тәсілі де жақсы қолданыс тапқан.

- Жоқ, балам, сақалдысын айтам? – десе:

– Ауылдың сақалдысы - теке,– депті.

Ең жиі қолданылатын синекдоха – зат есімдерге жиынтық мағына беретін көптіктің орнына жекеше түрдің қолданылуы. Заттың бір бөлігінің атауы тұтас затты білдіретін сөзді алмастыра алуы ертегілерде жиі кездесетін

синекдоханың түрі. Көбінесе, нақты ұғым атауының орнына дерексіз ұғым атауы қолданылады. Ертегіде «сақалды» сын есімі ауылдың үлкен адамы, ауылдың қариясы деген мағына орнына жұмсалған. Бала мұны түсінбей тұрған жоқ. Тек жорта сөздің тура мағынасын түсінгенсіп, ауылдың үлкені түйе, сақалдысы теке деп жауап береді.

Ауызекі сөйлеуде жалпы тілдік сипат алған синекдохалар жиі кездеседі: зиялы адамды - бас, өнерлі, шебер кісіні қолы алтын т.б.

Тапқырлық адамның әлемді тануы мен оны әлемнің тілдік бейнесі арқылы таңбалуындағы басқа көппен салыстырғанда ерекше болуымен байланысты қабылданады. Жалпы халықтың әлемнің тілдік бейнесі арқылы таңбалауы мен жеке кісінің таңбалуының арасында көп айырма болғанда, адамдар оны тапқырлыққа балайды. Олар заттың не құбылыстың, әрекеттің көпке беймәлім белгісіне мән береді.

Жоғарыда талдаған «кім» және «не» сұрағының айырмасына байланысты жауапты дәл осылай түсіндіруге болар еді. Бұған жалпы адам аса мән бермеуі де ықтимал. Алайда қазақ тілінің ішкі заңдылығында «кім» тек адам баласына ғана қойылатын сұрақ та, «не» қалған жанды-жансызға түгел қойыла береді.

Ата, шақшаңыз ненің мүйізі? – деп сұрапты.

Тоқсаба:

– Балам, бұл біздің елдің қоянының мүйізі, – депті.

Бала:

– «Елі азғанның жері азған» деген осы-ау, біздің елдің қоянының мүйізінен шаңырақ иеді, сіздің елдің қоянының мүйізінен шақша ғана шыққаны ма? – депті.

Осы мәтінде Тоқсаба да баланың қитұрқылау жауабына риза болмай, табиғатта кездеспейтін зат арқылы қисынсыз жауап берген еді. Мұны тез түсіне қойған бала да аяқ астынан соған лайық жауап таба қояды. Осылайша тапқырлығымен, Тоқсаба бидің алды-артын орап алады. Кейін өзі де үлкен би болады. Бұл мәнмәтіндегі кішкене деталь – қоянның мүйізі. Табиғатта қоянда ұзын құлақ бар да, мүйіз жоқ. Ойдың ұшқырлығы мен баланың тапқырлығы осындай ілмек сөзден айқын аңғарылады.

Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби данышпан айтты деген мынадай сөз бар екен: «Сөзді тапқырлықпен айта білу –жақсы адами қасиет және мұның өзі әзілді орнымен айта білу».

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген сөз бар дана халқымызда. Сөз табу айту да тапқырлық.

«*Білген адам тауып айтады,*
Білмеген адам қауып айтады.

Тауып сөйлесең - күміссің,
Таппай сөйлесең – мыссың», - т.б. сияқты мақалдардың шығуына негіз, уәж болған сан түрлі жағдаяттар болған. Тілімізде сақталған мақал-мәтелдер сондай тәжірибелердің тілдік бейнесі. Осындай жағдаяттардың көпшілігі ертегіге сюжет болған десек қателеспейміз. Әсіресе, тұрмыс-салт ертегілерінде

айтылатын оқиғалар тізбегінде осындай болған жағдаяттардың сілемі жататыны анық. Оның соңының тек жақсылықпен, жақсылықтың жеңісімен аяқталуы дана халықтың өзіндік көзқарасы, тілегі, арманы деп есептеледі.

Тұрмыстық ертегіге жататын «Үш таз» ертегісінде осындай тауып сөйлеген тапқыр қыздың бейнесі жақсы көрсетілген.

«Ертеде бір ғаріп шал болады. Шалдың жан дегенде жалғыз қызы, мал дегенде бір көк сиыры болады», - деп басталады ертегі.

Тұрмыстық ертегілерде «ғаріп» сөзі көп қолданыла бермейді. Араб тілінен енген бұл сөздің мағынасы барлық сөздіктерде ортақ мәнде көрсетілген: »ғаріп» - мүсәпір, бейшара, кемтар. Демек, шал мүсәпір, ешкімге пайдасы да зияны да жоқ, өзімен-өзі көк сиырымен күн көріп жүреді. Үш таз өзен жағасында кзедесіп, мұны өлтірмекші болады. Содан шал қорыққаннан қызын тазға бермек болады.

– Әке, неге ас ішпей үһілей бересің? – дейді қыз. Шалдың көңіл-күйінің болмай тұрғанын аңдап.

- Көк сиырды жайып жүргенде, бір үш таз жұмбақ айтысып отыр екен, мен қасына бара беріп едім, біреуі жаңылып кетіп, менің жұмбағымның құйрығын үздің деп өлтірмек болды. «Өлімнен қорыққанымнан сені соларға беремін деп уәде ғып келдім», – дейді шал.

Таздар үйге жақындағанда, қыз олармен былайша сөйлеседі.

- *Есікке неге тұра қалдың, қыз ханым? – дейді.*
- *Етектеріңді неге түрдіңдер таз ханым? – дейді қыз.*
- *Бөркің қайда қыз ханым? –дейді.*
- *Шашың қайда, таз ханым?*
- *Әкең қайда, қыз ханым?*
- *Атам тышқанның мүйізінен пышақ соқтыра кетті, таз ханым!*
- *Тышқанның мүйізі бола ма екен, қыз ханым!*
- *Жұмбактың құйрығы бола ма екен, таз ханым!*

Таз:

- *Ой, тіліңді тәңірі кессін! – деп, жеңіліп сырт айналып кеткен екен.*

Бұл диалогтың ерекшелігі бар. Мұнда мәтін ішіндегі шағын диалог емес, диалог арқылы берілген мәтін бар. Яки диалогтың коммуникативтік мәні мен маңызы ерекше, негізгі ақпарат осы диалог арқылы беріледі. Ертегінің қысқа да нұсқа болуы үшін бұндай тәсіл өте ыңғайлы. Мәтіннің ақпараттық-семантикалық және прагматикалық деңгейлері диалог арқылы берілген. Оның мынадай сипаттары бар:

- диалог арқылы лингвистикалық тұрғыдан ұйымдасып қалыптасқан және мазмұнды-деректі ақпаратты көрсететін мәтін бар;

- мәтіннің астарлы мәтіні мен мазмұндық-концептуалды ақпаратының негізі де диалог арқылы шешіледі;

- шығарманың негізі де, түйіні де диалогта шешіледі.

Ертегідегі мәтін арқылы немесе диалог арқылы берілген ақпаратты түсіну үшін аялық білімді меңгерудің маңызы зор. Мұндағы диалог арқылы берілген ақпарат та лингвомәдени өнім ретінде құнды. Өйткені анықтау, сипаттау,

түсіндіру түрінде берілетін мәтін емес, кейіпкерлер сөзі арқылы бірін-бірі аңди сөйлеу басым. Қыз өзінің тапқырлығы арқылы басына бостандық алады. Шағын диалогта тұрған жасырын мағына мол.

«Есікке неге тұра қалдың, қыз ханым? – дейді. Қазақ дүниетанымында адам есікте, яки босағада тұрмайды. Есікті керіп тұру үйге кіргізбеудің ишарамен берілген тәсілі. Қыз тазды үйге кіргізбей үшін осы тәсілді қолданған.

Бөркін жинаулы жүк үстіне қасақана, әдейі қалдырған қыздың қылығын таз да түсіне қояды. Қазақ қызы қонақ алдына шығарда бөркін киіп шығуы тиіс еді. Бас киім дала заңында әйел адамның мәртебесін де айғақтайды. Қыз баланың, атастырылған қалыңдықтың, келінің, бәйбішенің өзіне лайық бас киімі болады. Бұл туралы көптеген ғылыми жұмыстар да жазылған.

Таздың *«Бөркің қайда қыз ханым?»*- деуінде де осындай мән бар. Ал қызға керегі де осы сұрақ еді. Тапқырлықпен оның басының таз екенін бетіне басады. Амалсыздан Таз қыздың әкесін сұрайды. Өйткені қыз әкесі тазға қызын беруге қорыққанынан уәде берген еді. Ал уәде – құдай сөзі. Ол орындалуы тиіс, сондықтан да таздың қыз әкесін сұрауында да мән бар.

- *Атам тышқанның мүйізінен пышақ соқтыра кетті, таз ханым!,* -деген жауапта табиғи сәйкессіздік бар. Тапқырлықпен осындай қиыстырылған жалғандықты айтудың мәні – жұмбағымның құйрығын бастың деп өтірік жала жапқан Тазды сөзден ұстау, сөзбен тоқтату. Бұл - тапқырлықтың амалы. Тышқанның мүйізі болмаса, жұмбақтың құйрығы да бола ма деу арқылы қыз таздың бетін қайтарып, сөзбен жеңеді. Сөзден жеңілген Таз кері қайтады.

Бір ауыз сөзге тоқтаған Дала дүниетанымы бұл диалогта да айқын аңғарылады. Таз да сөздің күшін бағалайды, сөзден жеңілгенін мойындайды. Бұл да, шындап ккелгенде, тыңдаушыға үлкен үлгі. «Сөз тапққанға қолқа жоқ» деген мақалдың күнделікті тұрмыстағы бір көрінісі.

Ертегіні түсінуде аялық білімнің маңызы ерекше екенін осылай пайымдауға болады. Мұндай ертегіні оқу үшін, айту үшін ұлттық дүниетаным сіңген аялық білімді меңгеру аса маңызды, ол үшін дала мәдениетіндегі қалыптасқан рухани құндылытар мен дәстүрлі ілімді зерделеу, білу қажет болады. Мәтінді түсінудегі мұндай «жасырын ақпараттар» басқа мәдениет өкіліне түсініксіз болады. Аялық білім тек сол мәдениетті меңгерген, ана тілі арқылы бойына сіңірген адамға ғана түсінікті болады да, басқа адресатқа түсіну қиындық келтіреді. Сондықтан да аялық білімде ұлттық код бар делінеді. Белгілі бір мәдениеттің әрбір өкіліне белгілі ақпарат болғандықтан, қарапайым түсінік болып көрінгенімен, түсіндіруді қажет ететін адресант үшін коммуникативтік және прагиматикалық ерекшеліктерін зерделеу керек болар еді. Осы ретте де ғалымдар тілдік кедергіден гөрі мәдени кедергілердің қиындығын әлдеқайда маңызды деп бағалайды.

Өзге тілдегі ертегі мәтіндерін аударудың қиындығы да осында. Мәдениетаралық қарым-қатынаста сәтсіздікке әкелетін қателіктер жіберілуі мүмкін, оқиға желісі мен әрекеттердің себептері түсініксіз болуы ықтимал.

Қорыта айтқанда, ертегі тілінде мәдениет кодтары мол, мұнда ұлттық-мәдениетті танытатын түпнұсқалық ақпараттар, аялық білімді зерделеуге

нұсқайтын әлемнің тілдік бейнесі мол ұшырасады. Ертегілердің сөйлеу тіліндегі әлемнің тілдік бейнесі астарлы ақпараттарға толы. Тапқырлықтың ең маңызды белгісі осындай табан астында тауып айтып, ойды астарлап жеткізумен тікелей байланысты. Әлемнің тілдік бейнесін ойлау мен қабылдау тәсілдерінің айырмашылығы арқылы береді. «*Тышқанның мүйізінен пышақ соқтыру, жұмбағымның құйрығын басу*» сынды тіркестерді осындай шыындық болмыстан аулақ, сәйкессіздік ретінде бағалай отырып, олардың астарлап ойды жеткізудегі мәнін де бағалау орынды болады.

Атақты неміс ғалымы В. Гумбольдт әр түрлі тілдер өзінің мәні мен танымы, сезімге әсері жағынан шын мәнінде әртүрлі дүниетанымдық көзқарастарды білдіреді деген пікірді айтқан [73, 4]. Бұл ұстанымның дұрыстығы кейінгі ғалымдардың лингвистикалық зерттеулерінде дәлелденген. Мәтінді нақыт және дұрыс қабылдаудың, түсінудің алғы шарты – жоғары лингвистикалық білім ғана емес, сонымен қатар сөйлеу тіліндегі стилистикалық және коммуникативтік нормаларды білуді көздейтін тілдік және коммуникативті құзыреттілік деңгейі.

Кез келген материалдық және рухани мәдениеттің негізінде оны жасаушы күш ретінде Адам, тұлға тұрады. Адам өзінің қабілет-қарымымен, ойлауымен, адамгершілік қасиеттерімен әрқашан таным көкжиегінде биіктей береді. Адам баласы дүниені ақыл арқылы зерделейді, ақыл – саналылықтың жоғары түрі.

Ғылыми зерттеулерде ақылдың екі түрлі деңгейі көрсетілген:

- пайым – кез келген адамның тіршілік дағдыларын меңгеру барысында жасайтын өз байламы;
- парасат – тұлғаның жинақтаған білімі мен білігін,барлық тәжірибелер жиынтығын қорыта отырып, ақиқатты тану жолында өздігінен ой қорытуы, жасампаздық қабілеті.

Е.В. Дзюба «Концепт «ум» в русской лингвокультуре» атты монографиясында «ақылды» концепт ретінде қарастырады. «Адам мен оның әлемі» концепт сферасы деп бөліп алыпғ оны мынадай топтарға бөледі:

Эмоциалды концепт (бақыт, махаббат, қуаныш, арман, жүрек, сұлулық, қорқыныш, таңырқау);

Менталды концепт (ақыл – ақымақтық, ақымақ, тапқырлық т.б.);

Әлеуметтік концепт (князь, халық, еркін ел, отан т.б.);

Артефакты концепті (орыс тілі, ойын, театр, ақша, үй т.б.);

Категориялық концепт (өмір, өмір мен өлім, шындық пен ақиқат, еркіндік, достық, сатқындық, толеранттылық, шыдам, себеп, ерік, шындық пен жалған т.б.).

Осылардың ішінде «ақыл» менталды концептке жатқызылған. Зерттеуші монографиялық еңбегінде сөздіктерде, тарихи летописьтерде келтірілген ақыл туралы сөздердің дефициясын салыстыру арқылы ғылыми тұжырымдар жасайды [74, 40].

«Ақыл» концепті философия, әлеуметтану, психология сияқты ғылым салаларының да қарастыратын іргелі категориялдарының бірі. Ақыл категориясын танып-білу ішін жазылған көне грек заманынан бастау алатын

көптеген ғылыми зерттеулер бар. «Ақыл» концепті өзінің дүниетанымдық және психологиялық маңызы жағынан қай ғылым саласы бойынша алдыңғы орында тұрары анық. Қазақ тіл білімінде «ақыл» концептісі өзінше бөлек зерттеле қоймаған. Профессор А.Б. Салқынбай өзінің «Шаһкәрім шыққан шың» атты зерттеуінде Ақын шығармашылығындағы «Ақыл» концептіне ерекше тоқталады. Ғалым Шаһкәрім шығармашылығындағы басты қағида, негізгі концепция – ойлану мен ақыл екенін айрықша көрсете отырып, «ақын» сөзінің көпваленттілігіне көңіл бөлген. Сөйтіп мынадай тіркестерді талдаған: *жанды ақыл, таза ақыл, арлы ақыл, толық ақыл, терең ақыл, анық ақыл, сау ақыл, саяз ақыл, шын ақыл, еркін ақыл, жайлы ақыл, арақ-ақыл, мас-ақыл, ақылды зат, ақылды жан, ақыл-айна, азат ақыл, ақылдың шолғыншысы, ақылыңа сынат, өлшеусіз ұлы ақыл, ақылдан ойға сыр тарау, ақыл қарауында болу, науқассыз сау ақыл, ақыл көзі, толық терең ақыл, есті ақыл, ақыл-нұр, ақылға сынат, ақылың сезеді, ақылым болды сырласым, ақылым соның сырын тап деп отыр, ақыл қабыл алмаса, ақылға билетпеген пенде – айуан т.б.* [75, 211].

А.Т. Қасымбекова «Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері негізінде)» атты диссертациялық жұмысында «Ғаламның тілдік бейнесі белгілі бір тілдік ұжымның қарапайым санасында тарихи тұрғыда қалыптасқан қоршаған орта концептуалдануы мен категориялануының амалы болып саналады» деп жазады [76,10]. Зерттеуші концептуалдау үдерісінің нәтижесі ретінде мынадай жағдайларды көрсетеді:

- алынған ақпаратты ұғыну;
- таным нысандары жайында мән мағыналар қалыптастыру;
- алынған білімдерді (концептілерді) құрылымдау;

Ал тілдің қызметі ретінде:

- кодтық (таңбалық) ұйымдастырушы;
- адамның ішкі және сыртқы әлемін біріктіруші;
- адам таным нәтижелерін тілде тіркеп отырады.

Ғалым Д.С. Рыспаеваның «Языковая репрезентация концепта «ақыл/ум» в картине мира казахского народа» атты мақаласында ақыл концепт ретінде талданып, оның сөздіктегі әр түрлі мағыналарының қолданыс ерекшеліктері зерделенген. Автор мақалада концептосфераның ядросы мен перифериясы туралы жақсы ғылыми ойлар айта отырып, Қарашаш пен Жиренше шешен туралы аңыздағы мәтінді талдайды. Автор Қарашаш пен Жиренше шешен аңызын ертегі түрінде қарастырады. Дей тұрғанмен, бұл кейіпкерлер тарихта болған нақты тұлғалар болғандықтан, ғылыми зерттеулерде аңыз әңгіме ретінде қарастырылатын да еске алу орынды болмақ [77, 145].

Г. Қ. Құлтанбаева «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшеидері (қазақ, орыс, араб тілдері материалдары негізінде)» атты диссертациялық жұмысында бірінші тарауында дискурс ұғымына талдау жасалып, ертегі дискурсын жеке жанр ретіндегі белгілерін қарастырады. Қазақ, орыс және араб тілдеріндегі қарым-қатынас стратегиясын сипаттап, лингвомәдени өлшемдердің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне тоқталады. Жұмыстың негізінде

салғастырамалы зерттеу жатқандықтан, диссертант ертегі дискурсын салғастыра зерттейді [78, 143].

Ақыл арқылы болмыс әлемнің тілдік бейнесінде таңбаланады.

Қазақ тілінде ақылға қатысты көптеген мағынасы терең де мәнді мақалдар бар. Әр мақалдың шығуының өзіндік уәжі негізі бар, сол негіздің көбі ертегілерде.

«Аяз би» ертегісінде «ақыл» сөзі 24 рет қайталанып келеді. «Білгір адам» ертегінде – 4 рет, «Бай мен диуана» ертегінде – 4 рет қайталанады т.б.
Қазақ халқының тілдік танымында ақыл арқылы реттелмейтін шындық жоқ. Ақыл - адам өмірінің мәнін, мағынасын, тұтас болмысын реттейтін рухани мән.

Ақылдың мәні қазақ ертегілерінде ерекше көрініс табады. Мәселен, «Аяз би» ертегісінң басты құндылығы – Жаманның ақылдылығы мен тапқырлығында. Жаман мен әйелінің бір әңгімесін ертегіде былайша өрбітеді:

«*Атамыз адам бейіштен қуылып, шығып бара жатқанда, тәңірі: «Е, Адам, бейіш сенің үшін жаратылып еді, шайтанның азғыруымен шығып барасың, енді бейіштен қалағаныңды алып кет», - деген еді. Сонда Адам: «Тәңірі! Сенің қандай затыңның қадірлі екенін қайдан білейін?» - деген соң: «Адамзатқа пайдалы үш затым бар, біреуі - қыдыр, біреуі - бақыт, біреуі - ақыл, осының бірін ал», - деген екен тәңірі. Сонда Адам ақылды алыпты. «Ақыл тұрмаған жерде біз де тұра алмаймыз», - деп, қыдыр да, бақыт та ақылға табынған екен. Сол сияқты, сен қазынадағы қызыл алтын едің, мен ақыл едім. Менің қаралығыма, иә қарттығыма қызығып тиген жоқсың, ақылыма тидің, - деп, қарқ - қарқ күледі*» [5].

Ертегіде келтірілген бұл шағын мәтін «Аяз би» сюжетіне кейін, яки ислам діні енгеннен кейін де кірігуі мүмкін деп ойлауға негіз бар. Өйткені бұл шағын мәнмәтін кей ауызша нұсқаларында кездеспейді.

Ертегіде Жаманның ақылы әр жерде көрінеді. Әсіресе, қыздың берген *гауһар, пышақ, тәрелке және қайрақ тасының* шешуін табуы Жаманның ақылы мен тапқырлығы еді. Аталған ертегіде ақыл сөзі мынадай тіркестерде кездеседі: *ақыл табу, ақылсыз уәзірлер, ақыл айтпас па екен, асып туған ақылды, өзара ақылдасып, ақыл-ой, ақылы артық, қыздың ағалары ақылдасып, ақылыңды сыйлап, ақыл, ақылды алу, ақыл тұрмаған жерде, ақылға табынған екен, ақылыма тидің, ақылыңнан үміт етемін, ақылына риза болу, ақылды, ақыл таппау, ақыл айтпас еді, ақылды адам, ақылдылығынан, ақылдының өзін, ақылың жоқ-ау- т.б.*

«Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде» «ақыл» тұлғасына қатысты мынадай лексемалар мен сөз тіркестері берілген [66, 42]:

ақыл айтты;	ақылы басқарды
ақыл алды;	ақылы жарым
ақыл берді;	ақылы жоқ
ақыл болды;	ақылы сайп
ақылға алды;	ақылы тапшы
ақылға келді;	ақылы толды

ақылға қонды;
ақылға салды;
ақылға сыймады;
ақылдан айрылды:
ақылдан адасты;
ақылдан танды;
ақылдың көзін байлады;
ақылдың толған кемесі;
ақыл иесі;
ақыл көз;
ақыл көзбен бақты;
ақыл көзімен қарады;
ақыл көрді;
ақыл кірді;
ақыл қашты;
ақыл қонды;
ақыл қосты;
ақыл құрды;
ақылмен барлады;
ақыл салды:
ақыл сұрады;
ақыл тапты;
ақыл таразысына салды;
ақыл тоқтатты
ақыл тіс
ақылы алты саққа жүгірді
ақылы алтыға, ойы онға бөлінді
ақылы артық
ақылы атасынан артық
ақылы ауды
ақылы бар

ақылы түзу
ақыл-айла
ақыл-әдіс
ақылгөй
ақылгөйлік
ақылгөйсі
ақылдай
ақылдан
ақылдас
ақылдасу
ақылдастыр
ақыл-дүкен
ақылды
ақылды көз
ақылды сөз
ақылдымсы
ақыл-ес
ақыл-есі кірді
ақыл-зерде
ақыл-кеңес
ақыл-көмек
ақыл-күш
ақыл-қайрат
ақылман
ақыл-ой
ақыл-ойлы
ақыл-парасат
ақыл-сана
ақыл-сезім
ақылсерік
ақылсөз
ақылсу
ақылсыз
ақышсыздық
ақылшы
ақыл-таразы

«Ақыл» сөзі қатысқан 300-ден аса мақал-мәтел бар екенін анықтадық. Қазақтың мақал-мәтелдерінің астарында жатқан дүниетанымдық ойлар мен ертегілерде кездесетін «ақыл» ұғымының танымдық сипаты мен мәні бір-біріне жақын екенін таныту мақсатында бірнеше мақалдарды көрсетуді жөн санаймыз. Мысалы:

Адамның жүзі **ақыл**дың айнасы.

Айғайлы жерде **ақыл** аз.

Айла алтау,
ақыл жетеу -
айлаға **ақыл** қосылса,
алдырмайтын екеу.

Айлалы түлкі алдырмас.
Айласыз батыр алдырар.

Айтысып сөзге келгенше, **ақыл**мен жөнге кел.

Ақ Еділдің өзі болмасақ та бұлағымыз,
Ақылды бастың өзі болмасаң та құлағымыз.

Ақыл ағадан, ілтипат іниден.

Ақыл адам көрігі,
ақылдың сабыр серігі.

Ақыл азбайды,
Әділдік тозбайды,

Арамдық озбайды.

Ақыл айнымас, алтын шірімес.

Ақыл айтсаң батыл айт.

Ақыл – алтын сандық,
адамына қарай ашылар.

Ақыл – арман, ой - өріс.

Ақыл ауыздан, мерей көзден.

Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс.

Ақыл базарда сатылмайды.

Ақыл байлық – аз байлық,
Темір байлық – тозбас байлық,
Кен байлық – кең байлық.

Ақыл бастайды, аяқ тастайды.

Ақыл бастан, асыл тастан.

Ақыл бітпес дәулетке,
Дәулет бітпес келбетке (Абай).

Ақыл - гауһар бағасыз,
Ақымақ - ауру дауасыз.

Ақылға **ақыл** қос, ашуынды тос.

Ақылдан артық байлық жоқ.
Ақылдан асар амал жоқ,
Батылдар алмас қамал жоқ.

Ақылдан ашу көп болса – **ақыл** кетер,
Ашудан **ақыл** көп болса – ашу не етер?

Ақылдан жақын дос бар ма?

Ақыл – дария айдын,
Көңіл – дүлділ айбын.

Ақыл – дария, алса да таусылмайды,
Жел – қазына, сауса да таусылмады.

Ақыл – дария, ой – теңіз.

Ақылдасқан азбас, жақындасқан тозбас.

Ақылдассаң **ақыл** табасың.

Ақылдассаң пішерсің,
Ақылдаспасаң кем кесерсің.

Ақыл деген ағып жатқан дария,
Кеме айдаушы кемеңгер бір қария.

Ақылды адам айтқызбай біледі,
Ақсұңқар қаққызбай іледі.

Ақылды адам ақымақтан да бірдеме үйренеді.

Ақылды адам ашықса, **ақыл**ымен тоғаяр.
Ақылсыз адам ашықса, аз **ақыл**ы жоғалар [79].

Байқап отырғанымыздай, мақал-мәтелдерде кездесетін ақыл туралы терең ойлардың көріністері ертегілерде айқындалып, нақты әрекеттер мен жағдаяттар арқылы анықталады. Бірнеше ертегілердегі «ақыл» туралы айтылған пікірлерді саралағанда, олардың ішінде басты когнитивтік белгілерді айқындауға болады:

Ақылды тұлғаны сыйлайды
Ақыл – тапқырлық
Ақыл – айла
Ақыл – тұлғаның ішкі жан дүниесінің кемелдігі
Ақыл – өмірлік тәжірибе мен біліктің көрінісі
Ақыл- тұлғаның ерекше белгісі
Ақыл тыңдалады
Ақыл бағаланады
Ақыл сезімді тоқтатады.

Кез келген тұлға – қоғамның бір бөлшегі. Ешкім де өзін ақылсызбын деп есептемейді. Біз әлеуметтік желі арқылы 230 адам қатысқан сауалнама жүргіздік. Оның нәтижесін имынадай кесте арқылы көрсетуге болады.

Сіз өзіңізді ақылдымын деп есептейсіз бе?

Ия	44 %
Жоқ	14%
Білмеймін	25%
ол туралы ойламаймын	11%
Мүмкін	6 %

Ақылды деп қандай адамды айтар едіңіз?

Ойлы адам	63%
Шешімді асықпай шығаратын адам	18%
Тапқыр адам	15%
Білімді адам	4%

Сілтеме:
https://docs.google.com/document/d/11qtvUxy0JXmtrbKy792oqEzoCNZ5VWZR0sgdkHGNyjQ/edit?usp=sharing

Сауалнама нәтижесін талдағанда байқағанымыз, қазіргі кездегі біздің замандастарымыздың көбі өздерін ақылдылар қатарындамыз деп есептей алмайды, немесе айтуға тартынады. Дегенмен, «ақылдымын» деп есептейтіндер сауалнамаға жауап берген кісілердің көпшілігі. Ақылды деп айта алмай, «білмеймін» деп жауап бергендер саны – 25 пайыз. Өзінің ақылды не ақылды емес екенін ойламайтындар саны – 11 пайыз.

Бұл көрсеткіштің де өзіндік мәні бар деп есептеуге негіз бар. Қазақ дүниетанымында қалыптасқан дәстүр бойынша «жақсылар жақсымын деп айта алмайды». «Ақылдымын» деп айта алмауды осылай түсіндіре аламыз.

Ақылды деп қандай адамды айтар едіңіз? – деген сауалнамаға жауап берушілердің көпшілігі ойлы адам деп жауап берген. Жауап берушілердің 63 пайызы осылай пікірін білдірген. Жауаптарда саралағанда білім мен ақылдың ара жігі жақсы айқындалды. Білімді – ақылды емес, ақылдының білімді болмауы да мүмкін деген ой қорытыланады.

Қазақ ертегілерінде адам баласына ең қажетті де маңызды нәрсе «ақыл» екені насихатталады. Тұрмыс-салт ертегісіне жататын «Ақыл, ғылым, бақыт» атты ертегіде ақылдың артықшылығы айтылады:

Ақыл, Ғылым, Бақыт – үшеуі бір-бірінен артықшылығын салыстырып таласып сарапқа түсіпті. Сарапшылар оларға былай депті:

Бірінші, Бақытқа: сен, тұрақсыз, опасызсың, орныңды таңдамай қонасың, қонғаныңды ісінтесің, тасытасың, ақырында бір күні лақтырып тастап кетесің. Ақылмен тізе қос, сонда көп жасайсың, – депті.

Екінші, Ғылымға: дүниеде сенен күшті нәрсе жоқ, қара тасты қайнатасың, дүние жүзін жайнатасың, сақауды сайратасың, жоқты бар етіп, бардан жоқ жасайсың, бар ғаламды өзіңе бағындырғың келеді, бағынбағанды демде әлек қыласың. Түзеу де, бұзу да сенен шығады. Ақылмен бірік, сонда абыроймен ұзақ жасайсың, – депті.

Үшінші, Ақылға: дүниеде адамзатқа сенен артық дос жоқ, бірақ Ашу үстіңе кіріп келгенде, орныңды беріп шығасың да кетесің. Ашу бүлдіріп-бүлдіріп кеткен соң, кіресің де ашудың бүлдіргенін оңдайсың. Әуелден орныңнан тұрмай отырсаң, Ашу сенің үстіңе кірмеген болар еді.

– Барыңдар, Ақыл, сен адам бол, Ғылым, сен ат бол, Бақыт, сен қамшы бол. Үшеуің біріксең ешбір мұң-мұқтаждарың болмайды, – депті.

Ертегіде айтылатын осындай нақылға бергісіз ойлар да бар. бақытқа, ғылымға, ақылға берілген сипаттама халықтық тәжірибенің жемісінен туған толғамды ой, толымды тұжырым. Ақылдан артық адам балсына дос жоқ дейді ертегідегі даналық. Тек кейде ақыл да ашуға орын беріп қояды екен.

Ашу – дұшпан, ақыл дос,
Ақылыңа ақыл қос.

Ашу түбі – кейіс
Ақыл түбі – кеніш.

Ашу шабыстырады,
Ақыл табыстырады.

Ақылдан ашу көп болса, ақыл кетер,
Ашудан ақыл көп болса, ашу не етер, - деген мақалдар осындай дана ойлардан туған.

Әлемдік ертегілердің бәрінде де адамзаттық танымның әлемдік тілдік бейнесін танытатын ақыл концепті маңызды лингвомәдени концепт ретінде танылады. Онда әмбебаптық нышан басым. Дей тұрғанмен әр ұлттың дүниетанымында «ақылдың» пайдасы әртүрлі бағаланады. Мәселен орыс ертегілерінде ақылдың пайдасы ақша табуда көбірек көрініс табады екен. Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, соның негізінде «Ума на деньги не купит – у кого денег нет» «Были бы деньги и за умного сочтут»; «Умом туп, да кошелек туг» деген мақал қалыптасқан[80,111].

Ал ағылшын ертегілерінде ақылдың пайдасы – үнемді болу үшін қажет деген ой көбірек айтылады екен [81, 78].

Қазақ ертегілерінде «ақыл» концепті бақытты болу үшін керек болатыны көбірек меңзеледі. Жоғарыдағы ертегіден аңғарылатыны адам мен ақыл – бір-біріне эквивалент сынды. Ал ғылым – құрал, бақыт - басқа қонған бақ құсы. Адам ақылды болса, ғылымды меңгерсе, қолына бақ қонып, мұқтаждық көрмейді деген тұжырым айтылады.

«Ырыс қашса, туыс қоймайды» деген ертегінің мысалынан да осындай ойды аңғаруға болады. Ақылмен жүріп іс қылсаң, бақыт басыңа қонады. Туыс деген жігіт жалғыз басты болады, алайда қанша еңбек етіп, табыс тапса да, дүниесі атпайды, берекесі болмайды. Туыс Ақылға барып, мұның мәнісін сұрап жөнін сұрап, бағыт беруін өтінеді. Ақыл оны «Бақытқа бар» деп жөн сілтейді. Бақыт оған бәйтерек түбінде жатқан алтын бар, соны алып, шал мен кемпірдің ақсақ қызына үйленуді ұсынады. Жігіт Бақыттың айтқанын істейді, содан барлық армандары орындалады.

Ертегінің басты когнитивті негіздерінің бірі – көмек, көмектесу, аманат жеткізу. Адам баласы өзінің жеке қара басы үшін ғана қызмет еткенмен, тапқан ақша ешкімге опа берген емес. Бұл кәрі тарихтан келе жатқан тағылым. Ертегінің басы «Бұрын бір жалғыз басты Туыс деген жігіт болыпты, ойдан орады, қырады, артып-тартып үйіне екі-үш айда бір келіп, үйіп тастап тұрады. Бірақ та дүниесі артпайды, кеми береді». Бұл мәнмәтіндегі салмақты ұғымды атқарып тұрған сөз – «*жалғыз басты*». Жалғыз бастылық бақытқа жеткізбейді.

Туыс бақытты іздеп бара жатқан жолда кездескен кемпір мен шалға, бәйтерекке көмектесуді де ойлайды. Кетерінде шал Туысқа аманат тапсырады. Өсіп тұрған бәйтерек ағаш та аманат тапсырады. Ертегі сюжетіндегі когнитивті негізді анықтап, басты тірек сөз болып тұрған «аманат сөзі». Қазақ ұғымында аманат сөзінің мағынасы ерекше, энергиялық қуаты жоғары саналады. Аманат (أمانات) сөзі тапсырылған істі ықыласпен дұрыс және нақты орындау, бір затты не аманатталған сөзді иесіне тапсыру, беру, айту мағынасында жұмсалады.

Академик Р. Сыздықтың «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеуінде» «аманат, аманат ету» сөздерінің мағынасын терең ашып көрсетіп, оның Шалкиіз жырларында кездесетінін жазады [82, 183]. Туыс аманатқа қиянат жасамайды, шалдың да, бәйтеректің де дегенін Бақытқа толық жеткізеді. Амантты жеткізу, бәйтерек пен шалға адалынан көмектесу

арқылы өзіне бақыт табады. Шалдың қызына үйленгеннен кейін-ақ Туыстың өмірінде жақсылықтар болып, істеген ісі өрге басады.

Ертегі соңында осылардан мынадай қорытынды шығарады: «*Бас екеу болмай, мал екеу болмайды»*. Мақал арқылы да түйінделетін ой тыңдаушыны сендіреді. Бақытқа жету дегеннің кісіге көмектесу, жақсылық жасау арқылы келетінін, бас екеу болмай мал екеу болып байымайтынын айқын аңғартады.

Ертегілердегі «ақыл», «бақыт» ұғымдарының лексика-семантикалық тұрғыдан таңбалануының және ұғымды концептуалды анықтауда ерекше маңызы бар. «Ақыл» – абстрактылы ұғым. Оны әркім әртүрлі түсінеді, әр түрлі ұғады. Ертегі мәтіндері арқылы тыңдаушыда рефлексия болады да, оның мәні мен маңызын жете түсінуіне де мүмкіндік береді. «Ақыл» концептіндегі маңызды мәндік белгілер мен ерекшеліктерін саралауға, ұғымның өзегіндегі негізгі сипатты танып бағалауға жол ашады. Сонымен бірге ақылға қатысты мақал-мәтелдердің құндылығын тануға ақпараттық негіз болады. Ертегі мәтіндеріндегі мұндай тұжырымдар мен түйінді ойлар концептің перифериясын сипаттауға да мүмкіндік береді.

Қазақ ертегілеріндегі «ақыл» концепті күрделі психикалық болмысты білдіреді және оны *парасат* ұғымымен салыстыра қарастыру да маңызды. «Парасат» сөзі ертегілерде «ақылмен» салыстырғанда сирек қолданылады. Бәлкім бұл «парасат» сөзінің араб тілінен енген кірме сөз болғандығымен де байланысты болар деп есептейміз. «Парасат» сөзінің мағынасы қазақ энциклопедиясында «жеке тұлғаның қадір-қасиеті мен кісілік кемелдігін»білдіретін жиынтық ұғым ретінде түсіндіреді. Қазақ тілінде парасат сөзі»ақыл-парасат», «парасат-пайым» сияқты қос сөз қалпында да номинациялық ерекше мағына береді.

Қазақ дүниетанымындағы «ақыл» концептінің өзіндік когнитивтік ерекшеліктерін «Білгір адам» ертегісінен аңғаруға болады.

Ертеде бір ақылды адам болыпты деп басталады. Адамның бәрінде ақыл болуы мүмкін, алайда бәрі ақылды бола бермейді. Ақылдың деңгейі де, ойлаудың бағыты мен жүйесі де әртүрлі болуы ықтимал. Сондықтан да ертегі «ақылды адам болыпты» деген тіркеске ерекше мән бере басталады. Бір күні ақылды кісі өзінің жалғыз баласын шақырып, бар ақылын үйретеді. Сонда мынадай өсиет айтады:

Біріншіден – қатыныңа сырыңды айтпа;

Екінші – ақымақпен дос болма;

Үшінші – жаңа байығаннан қарыз алма!».

Баласы бұл ақылды қабыл алғанымен, бәрін шындық өмірде сынап көргісі келеді де, бір ақымақ адаммен дос болады, жаңа байған бір байдан қарыз алады, қойды сойып, үй артына көмеді де, қолын қанға малып, үйіне келіп, «кісі өлтірдім, сен ешкімге айтпа» деп өтірік айтады. Арада біраз күн өткенде, әйелімен ұрсысып қалады. Әйелі ертеңіне ханға арыз айтып барып, айтпа деген өтірікті шын етіп айтады, досы «куәлікке жүр, менің адал екенімді айт дегенде бармайды, жолда қарыз алған адам кездесіп, өткенде берген қарызын қиын

кезде сұрайды. Жігіттің сөзіне ешкім сенбейді де, әкесімен бірге зынданға тасталады.

Бұдан байқалатыны әкенің ақылын тыңдау маңызды. Үлкен тәжірибеден өткен әке өсиеті арқылы қазақы дәстүрінің сақталуы меңзеледі.

Ертегіде баланың әке сөзін құптап орындамай, оны сынап көрмекші болғанымынадай әлемнің тілдік бейнесі арқылы берілген «*ойлай-ойлай, ойының түбіне жете алмай, қолымен істеп, көзімен көрмекші болады*».

Түбінде әке сөзін қайта тексерудің, дәстүрлі тұжырымға күмән келтірудің мәнсіздігі айқын болды. «*Ойлай-ойлай, ойының түбіне жете алмапты*» - деген сөйлем арқылы берілген әлемнің тілдік бейнесінің де мәнін терең бағалау қажет деп есептейміз. Ойының түбіне жете алмаған нәрсені қайта тексерудің соңы жігіттің өзінің зынданға түсуімен аяқталу да көп нәрседен хабар береді.

Тамағына шөп кетіп, тәуіп те, дәрігер де жаза алмаған ханның емін ақылмен тауып, өзінің басына бостандық, алдына мыңғырған мал салып алады білгір ақсақал. Ақылымен ханның өзін де, оның баласын да амалдап аман алып қалады. Амалдап деуіміздің мәнісі, ханға балаңның қанын тамағыңа тамызғанда аман қаласың деп айтып, оның психикасына өте қатты әсер етеді. Ертегі былай аяқталады:

«Баланы алып келіп, алдына аяғын буып бауыздамақшы болып тұрып: «Қой, көзіне көрсете бауыздамайық, ханымыз талып қалар», – дейді де, алдына ши тартып, ханның көзінше баланы шиге кіргізіп, бір қойды аяғын буып әкеліп, «қор» еткізіп шалып жібереді. Хан жалғыз баламнан айрылдым-ау дегендей «ah...yh!..» деп күрсінгенде, тамағында қадалып көлденең тұрған шөп сызылып көлбеп түсе қалады, һәм ханның өзі де, баласы да аман қалады».

Ақылдың адамға да, қоғамға да пайдасы осылайша көрінеді. Егер хан аурудан өлсе, ол басқарып отырған елге ауыр салмақ болатыны да ертегіде аталады. «Білгір» сөзі мен «ақылды» сөзі аталған ертегіде теңбе-тең мағынада жұмсалған. Білгір сөзінің түбірі – біл, білу; ақылды сөзінің түбірі – ақыл. Екеуінің беретін номинативтік мағыналары екі басқа екені белгілі.

Білгір - үлкен уақыт шеңберінде жинаған білімінің арқасында көп нәрсені білетін адам. Ертегі кейіпкерінің істерінен қазақтың дәстүрлі мәдениетін сақтаудың маңыздылығын зерделеуіміз қажет. Білгір, ақылды сөздерінің қолданысында когнитивтік негіз бар. Білгір адамның бойындағы ақыл тек өзіне ғана емес, ұрпағына қызмет етуі тиіс. Ол үшін ұрпақтың саналы болуы, өткендегі тарихи санаға сенуі де маңызды саналады. Білгір адамның мінез-құлқы, ділі баланың болашағын ойлауымен байланысты. «Астыңдағы атыңа сенбе, қасыңдағы қатыныңа сенбе» деген мақалдың айтарымен сабақтас ой өріледі.

Ертегідегі кілт сөздердің алгаритімін зерделер болсақ,олар мәтіннің басты мәнін бір-бірімен байланыстырушы екенін аңғарамыз.

Мәселен, Ертегінің басталуында ақылды адам баласын шақырып ақыл айтады. Мұндай әрекет қазақтың әр заманындағы да қариясына тән қасиет. Кез келген ата баласына ақыл айтып, оның дұрыс жол таңдауын, тіршілікте

қателеспеуін қадағалағысы келеді, тілекші болады. Яғни ертегінің алғашқы бөлігінде берілетін ақпараттың экстролингвистикалық мәні ерекше.

Маңызды ұғымдарды анықтайтын басты тілдік тұлғалар: *ақыл, ақыл айту, ақылды, жігіттің ойлануы, қатын, дос, қарыз беруші, хан, жаза, білгір*. Номинативтік мәнге ие бұл атаулар негізгі ойды айқындайтын когнитивтік мәнге ие. Ертегінің сюжетін бір рет тыңдаған балаға осы сөздерді берсек, олар жаңылыспай ертегі мазмұнын мазмұндап айтып не жазып бере алады. Басты ұғымдарды айқындайтын когнитивтік ұғымдарды екі үш семантикалық-тақырыптық топқа бөлуге болады:

- ақыл, ақыл айту, ақылды, жігіттің ойлануы, білгір;
- қатын, дос, қарыз беруші, хан;
- жаза.

Ертегідегі кілт сөздердің ішінде негізгі когнитивтік-пропозициялық құрылымды анықтайтын тұлғалар мен негізгі лексикалық бірліктерді және шеткей (перифериялық) өрісте тұрған тұлғаларды бөлек ажыратып көрстуге болады.

Негізгі когнитивтік мәні бар сөздер – ақыл, ақылды, білгір, хан, жаза;

Шеткей өрістегі сөздер – қатын, дос, қарыз беруші.

Бұдан ертегінің басты когнитивтік маңызын зерделейміз. Демек, ұлттық құндылық биігінде тұрған, тәжірибе негізінде жасалған дәстүрлі сана, дәстүрлі тағылым ұрпақ үшін маңызды. Абстрактылы мағынаға ие *ақыл, ақылды, білгір* сөздері арқылы – ойлаудың биік деңгейі көрініс береді.

«Ақыл» концепті қазақ дүниетанымында ең маңызды қасиеттің бірі. Ақылмен жасалған іс бақытқа жеткізеді. Қазақ халық ертегілерінде ақыл сөзінің әлемнің тілдік бейнесін таңбалауындағы ерекшелігі сөздің негізгі мағынасы мен лексеманың басқа сөздермен тіркесуіндегі мағыналарымен байланысты болады.

Ақылға қатысты тағы бір тұрмыс-салт ертегісіне жататын «Байлық пен ақыл» ертегісі. Ертегі мәтіні қысқа, қысқа болса да нұсқа.

«Байлық пен ақыл» ертегісі.нің басты ерекшелігі «*ертеде, ерте, ерте ертеде»* деп басталмай, бірден бір шалдың төрт ұлы болыпты деп басталады. Мәтіндегі басты идея мұрагерлікке байланысты болғандықтан да, ертегі айтушы оның мезгілін «ертеге» апармайды. Балаларының бірін қара шаңырақка қалдыру, әсіресе, көбінесе, кенже ұлын қалдыру қазақ дүниетанымында көнеден келе жатқан дәстүр екені белгілі. Қара шаңырақта қалып, мұрагер болу кез келген балаға тиісті бола бермейтінін, оның үлгілі іс екенін, жауаптылығы да, міндеті де жоғары екенін танытады. Мұрагер болу үшін, «ақылы мен байлығы сай» болуы тиіс деген талап қойылады. Байлықты мұрат тұтпайтын халықтық таным анық көрінеді. Мәселен, үлкен ұлы асыл тасты жүзігімен мақтанады, екінші ұлы асыл киімімен ерекшеленіп, мұрагер атанғысы келеді, үшінші ұлы күміспен, әр түрлі әшекелі қымбат тастармен жасалған белдігімен мақтанады.

Сонда ең кенже ұлы*: Менің асыл тасты жүзігім де, сәнді киімім де, қымбат тастармен әшекейленген белдігім де жоқ. Тек еңбек сүйгіш екі қолым,*

қайрат, жігерге толы жүрегім ғана бар, - дейді. Ақсақалдың таңдауы кенже ұлға түседі. Кенже ұлдың жауабы ұнайды.

Ертегідегі кілт сөздер «ақыл, байлық, мұрагерлік, еңбек пен жігер». Бұл атаулардың лексика-семантикалық мәні мен лингвомәдени сипаты қазақ тілінің әлемдік тілдік бейнесінде ерекше мәнге ие. «Ақыл», «еңбек», «жігер» сөздерінің рухани құндылыққа тікелей қатысы бар. Ертегілердегі басты кейіпкерлердің осындай қасиеттері үлгі ретінде ұсынылған. Кіші бала байлығымен, қымбат киімімен емес, еңбек сүйгіштігімен, қайратымен, жігерге толы жүрегімен ақсақалға ұнайды. Тыңдаушы үшін маңызды жағдай да осы еңбек сүйгіштік, қайрат, жігерге толы жүрек болмаққа керек. Бұл кілт сөздер ертегінің басты тұжырымдамасын танытады.

Қазіргі жастар (студенттер) арасында «ақыл» концептінің ассоциативті қабылдау өрісіне сауалнама жүргізілді. Тараз қаласындағы университетте жүргізілген сауалнама бойынша жастардың ақылға байланыстыкөзқарастарын шамамен анықтауға болады. Сауалнама тәртібі былайша қойылды:

Ақыл деген сөзді қалай түсінесіз?
- Ақылы бар - 68 %
- Ақыл-ес -5%
-Ақыл айту– 3%
- Терең ой - 24%

Кімнен ақыл сұрайсыз?
«Ақыл жастан» - 5%
«Ақыл әкеден сұрау» - 26%
«Ақыл анадан сұрау – 39%
Ақыл достан сұрау – 30%

Ақыл арқылы жетістікке жету мүмкін бе?
Жетістікке ақылмен жетуге болады – 55%
Жетістікке қабілетпен жетуге болады - 12%
Жетістікке таныс арқылы жетуге болады - 20%
Жетістікке біліммен жетуге болады – 13%

Сілтеме:
https://docs.google.com/document/d/1P6bPDuUqhZXWnI_Ut1pe1N0WblG4bgWbarYhY44MaBY/edit?usp=sharing

Сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің ақыл туралы ассоциациясы, яғни ақылды бағалауы – оң. Бүгінгі қазақ жастарының ақыл, терең ой туралы дүниетанымы дұрыс қалыптасып келеді. Жастар ақылды бағалайды. Сауалнама нәтижесі бойынша, «ақыл» лексемасын – ақылы бар, терең ой деп түсінетіндердің пайыздық саны – 92.

Сауалға қатысқандардың ішінде қыз балалар саны артық болғандықтан, ақылды анасынан сұрайтындардың пайыздық мөлшері жоғары болды.Ақылды

досынан, әкесінен сұрайтындар саны да шамалас. Бұл тұрғыда отбасындағы әкенің рөлін биіктету, әкенің орнын ерекшелеу мәселесі де бар екені аңғарылады. Әкеден гөрі достарынан ақыл сұрайтындардың пайызы жоғары болды.

Қорытындылай келгенде, қазақ дүниетанымындағы «ақыл» концепті, жеке адамның мәдениеті мен болмысына негізделетін аксиологиялық бағалаудың ерекше бір түрі. «Ақыл» концептіне *ақыл айту, ақыл сұрау, терең ой, ақыл тыңдау* ядролық семантикалық-функционалдық өрісте жататын ұғымдар ретінде жақын болады. Қазақ ертегілерінде «ақыл» концепті абстрактылы сипатта емес, адам өмірінің ішкі мәнін айқындайтын, тіршілікте бақытты болуының басты талабы ретінде нақты сипатында көрінеді. «Ақылды» болудың, ақылды тыңдаудың, ақылды кімге айту керектігінің, ақылды кімнен сұрау керек екендігінің прагматикасы айқын танылады.

3.3 Ертегілердің тақырыптық идеясындағы «шындық» концептінің прагматикалық маңызы

Тіл мен мәдениеттің байланысы фольклорлық шығармаларда соның ішінде ертегілерде де сөз-концептің қызметі арқылы жақсы көрінеді.

Ертегі мәтіндерінде мәдени концептілерді негіздейтін басты ұғымдар вербалданған. Олардың қатарында ұлттық мәдениет пен тарихи сананың көрінісі ретінде қарастырылатын сөз-концептер мол. Осыған байланысты, фольклорлық мәтіндер деректері негізінде мәдениет ұғымдарын зерттеу ерекше өзекті болады. Ұлттық мәдениеттің, дәстүрлі мәдениеттің нақты көрінісі қазақ ертегілерінде анық таңбаланады.

Фольклорлық мәтіндер де қазақ дискурсының құрамдас бөлігі болғандықтан, халықтың материалдық және рухани мәдениетінің көрініс ретінде ұлттық менталитетін танытатын тілдің ерекше белгілерін айқын танытады. Фольклорлық мәтіндердің ішінде ертегілер ерекше орын алады. Ертегіде таңбаланатын қоршаған шындықтың көріністері, әлемнің тілдік бейнесі оның философиялық-мәдени негізгі ерекшеліктерін айқындайды.

Халықтық шынайы тіршілігі мен күнделікті өмірінің шындығын ертегі мәтінінен алуға болады. Ертегінің тәрбиелік мәні мен тартымды әрі қызықты жанр ретіндегі сипаттары жас тыңдаушылардың қабылдауының басты шарты болады. Сонымен қатар ертегідегі моральдық нормаларға назар аудару керек. Ондағы ұлттық құндылықтардың бағалануы мен тәрбиелік қызметі де маңызды болып қала бермек.

Ертегілер тілінде белгілі бір дәуірдің тілдік нормалары арқылы берілу ерекшелігі толық көрініс таппайды. Ауызша дискурс арқылы берілетіндіктен, ертегінің тілі әрқашан дамып, өзгеріп отырады. Ол айтушының сөйлеу дискурсына тәуелді. Ал ертегі айтушы әдеттегі тілдің инвентаризациясын білдіретін тілдік тұлға, белгілі бір халықтың өкілі.

Башқұрт тіліндегі халық ертегілері туралы жазған монографиялық зерттеуінде Г.Г. Кулсарина башқұрт халық ертегілері негізінде мәдени

концептерді зерттейді, башқұрт халқының тілінің, ділінің ерекшеліктерін ашады [83].

Зерттеуші жануарлар туралы ертегілерде көбінесе сыртқы белгілердің сипатымен (түсі, дене бөліктері) байланысты объективті мағынасы бар сөз қосымша компонент қызметін атқарады және зат сапасының семантикасы бар сөздер негізгі атау элементінің рөлінде болады деп көрсетеді: коросай, ҡара қосоқ, ала ҡарға, күк бүре, Шешҡолаҡ, Колтағойроҡ, т.б. [84,124].

Қазақ тіліндегі халық ертегілерінің концептуалды кеңістігінде, ең алдымен, Адам тұрады. Адам баласының бойындағы ізгілік пен жақсылық жағымды коннатациямен беріледі.

Мысалы: Ізгілік пен жақсылық концептінің басты ұғымдары ретінде ұят, намыс, рақат, шындық айту, адалдық т.б. талдауға болады.

Шындықты айту (тыңдау), шындықты тыңдау, шындықты іздеу, табу, шындық - ашу, түсіну – жақсы адамға тән әрекеттер екені тұжырымдалады. Бір сөзбен айтқанда, шындық түсінігін шынайы пайымдау – бұл надандық пен адасушылықты жеңуді емес, шынайылықты білуге ұмтылыс. Ертегі кейіпкерлері ақиқатты іздейді және оны табады.

Қазақ ертегілеріне тән ерекшелік әділдікті іздеуші, әдетте, кедей кісі болады. Қалай дегенде де, кедей мен байдың арасындағы тартыс айқын көрініп отырады.

Тұрмыс-салт ертегісіне жататын «Мұңсыз хан» атты ертегіні талдап көрелік. Бұл ертегінің басынан бастап «шындық» концепті басты қағида ретінде алынады.

Бірінші шындық – қызы әкесінен күнде хан ордасында халықтың жиналып жатуының нақты себебін сұрап біледі.

– Балам, ол жиылып жүрген халықтың шаруасымен біздің не жұмысымыз бар. Біздерге білу лайық емес, шаруа жиылып жүрген ел болар, – дейді.

Сонда қызы:

– Әке, біз де адам баласымыз ғой, көпшіліктің не үшін жиылып жүргенін білгеніміздің не зияны бар, – дейді.

Екінші шындық -

– Жұмбағыңызды мен өз ойыммен таппағаным рас еді. Сіздің жұмбағыңызды тапқан менің қызым еді, – деп шал ханның алдында мүлгіп тұрыпты. Сонда хан осы жұмбақтарды қызыңның тапқанын рас па деп қайырып сұрайды. Шал жыламсырап:

– Тақсыр, қызымның тапқаны рас еді, – дейді.

Үшінші шындық Мұңсыз ханның қыздың жұмбағының шешуін айтуы:

Ой, сендер ел емес екенсіңдер ғой, бір ханға қарайтын сонша халықтың сол он үш жасар бір қыздың ақылы сияқты бір адам шықпаған соң сендерде елдік барма? Сендердің надандықтарың ақырында менің жасырын сырымды ашатын болды дей келіп, Мұңсыз хан:

– Сіз алашақты болып жүрген қыз он үш жаста екен. Ол қыздың сізге берген жауабы мынау: «қалың мал үшін он үш тұсақ бересің» дегені мен он

үштемін, адам баласы жиырма жаста ісектей, отыз жасында пышақтай, қырық жасында қылыштай болады. Сіз осының бәрінде де емессіз. Адам бұл жастан өткен соң, ер адам елу жасында ерттеген аттай, алпыс жасында арқандаған аттай болады. Ал енді сіз бұл жаста да емессіз. Ер адам жетпіс жаста шідерлі аттай, сексен жасында құбас сияқты болады. Сіз шідерлі ат пен құбастың ортасында тұрып, он жастағы маған қалай лайықсыз дегені екен. Сонымен қатар некемізді мұңсыз адам қиын дегенінің мәні дүниеде мұңсыз адам бола ма? Мұңсыз деп әдейі ізден келген менің басымдағы мұңды және сырымды сендердің надандықтарыңнан айтуыма тура келді, – деп келіп, Мұңсыз хан өзінің ішкі сырларын сөйлей бастайды.

Төртінші шындық – Мұңсыз ханның өз шындығы. Ертегінің мәні - шындықтың түбі бір ашылатыны. Ешкімге айтылмауы тиіс деген Мұңсыз ханның ішкі сыры да ашылады.

– Менің үлкен әкемнің хандығы өз әкеме қалып, әкем тірі кезінде маған бір ханның қызын әйелдікке алып береді. Амал бар ма, менің әйелге кемшілігім барды, оны әйелім екеуіміздеи басқа бір адам білмейтін еді. Сонымен көп ұзамай, әкем ауырып, қайтыс боларында халқын жинап алып өзінің тірі кезіндегі мені өз орнына хан сайлап, өзі ақырғы сапарына жол тартып кетті. Сонымен мен әкемнің мұрагері болып, әкемнің орнына хан болып, хандыққа тұрып, басшылық етіп тұра бердім. Әйел жағындағы кемшілігімді әйелім екеуіміздеи басқа еш адам білмейді. Алла қосқан бұл жасырын сыр маған өмірлік болған соң, әйелімнің өмірін бекер өткізу тура келмеді. Сондықтан әйеліммен ақылдасып, сенен туған бала менікі болсын, мен өзімнің бас уәзірімен рұқсат еттім, бұларды үшеуіміздеи басқа жан білмесін дедім. Сонымен менің әйелім өзім рұқсат берген бас уәзіріммен осы жүрген балаларымды тапты. Алланың қосқан кемшілігіне пендесінің шарасы жоқ екен. Уәзірімнен туған балаларды бала қылып, бұл сырды үшеуіміздеи басқа ешкімге білгізбей бір қанша жылдар өмір өткізіп келдік. Шындыққа келгенде әйел де, бала да менікі емес, сонда мені «мұңсыз» деп келіпсіңдер, ал енді осыдан артық мұң, осыдан артық қайғы бар ма?

Тұрмыстық ертегінің басты ерекшелігі де осындай өмірден алынған оқиға сюжеттерімен, шындықты айтқызуымен маңызды. Мұңсыз хан осылайша өзі үшін, ең ауыр шындықты айтуға мәжбүр болады. Шындықты айту да, мойындау да ауыр екенін тыңдаушы іштей сезеді. Түсінеді.

Адам баласының жан-дүниесінде болып жатқан әр қилы мұңды, қайғыны ертегіде осылайша ашып көрсетеді. Мұның бәрі он үш жасар жас қыздың болашағы үшін, соның бақыты үшін айтылады, ашылады [85,12].

Әлемнің тілдік бейнесі шындық, адалдық, әділдік, ақиқат, ақиқатын айту сияқты атаулар арқылы көрініс табады. Қоғам мүшелері үшін әр жеке адамның ішкі жан-дүниесіндегі қатпарлы ақиқаттар маңызды болмауы да мүмкін, алайда ел басқарған хандардың жалпы құндылықтарды, рухани құндылықтарды сақтауы маңызды саналады. Ал рухани құндылықтардың маңыздысының бірі – шындық, ақиқат екені белгілі.

Ертегілердегі негізгі құндылықтар ұлттық бірегейлікті көрсетеді. Ұлттық бірегейлік ерекше мәдени-рухани құндылықтардың сақталуына, дәстүрлі ділдің дұрыс орнығуына тікелей қатысты болады.

«Шындық» пен «ақиқат» – негізгі экзистенциалдық құндылықтар. Бұл әлеуметтілік және адамгершілік рухани негізді құрайтын жоғары құндылықтар саналады.

Ертегілердегі шындықтың мағыналық және ұғымдық ерекшелігін былай көрсетуге болар еді:

- шындықты айту – шындық болмысқа сәйкес келуі;
- шындық үшін – әділдік, тәртіп үшін; шындық үшін, әділдік үшін тұру;
- жеке адамның өз шындығы – белгілі әрекетке байланысты жеке тұлғаның өз шындығының болуы;
- моральға сәйкес келу, этикалық принциптерге сәйкес келу – шындық үшін өмір сүру;
- заң, тәртіп негізінде қабылданған шындық;
- халықтық даналық;
- өзінің сезімін, ойын білдірудегі өзіндік шындығы; т.б.

Қазақтың қазіргі рухани мәдениетін, ұлттық құндылықтарға, мейірімділікке, ізгілікке, шындыққа деген көзқарасын саралау үшін де ертегілерге шолу жасау қажет болар еді. Өйткені ертегілерде мейірім мен ізгілікке қатысты ұлттық дүниетаным қалыптасқан. Қазақ тұрмыс-салттық ертегілерінде өмірде болатын жағдаяттар мен шындықты бағалауға қатысты әрекеттер баяндалады.

«Шындық» сөзі мынадай тіркестер түрінде қолданып, сигнификаттық мағынада жұмсалады:

Шындық, шындықты айту, шындықты жеткізу, шындық бар, шындығын білу, шындыққа көз жеткізу, шындық үшін жүру, шындыққа жүгіну, шындықты көзіне айту, шындықты жасыру, шындықты жасырмау, т.б.;

ақиқатын айту, ақиқатын білу, ақиқатқа көз жеткізу, ақиқатқа жүгіну, ақиқатын айтпау, ақиқатты жасыру т.б.

Шындыққа қатысты айтылатын мақалдар мен мәтелдердің саны өте көп. Мұның өзі ауызша сөйлеу жүйесі арқылы қалыптасқан фольклорлық үлгі.

Отты үрлеген жағады.
Шындықты іздеген табады.

Шындық қамал бұзар.

Шындық – бір сөз, өтірік – мың сөз.

Шындық жоқ жерде сұмдық көп.

Шындық бар жерде,
Өтірік байқап жүреді.
Шындық жоқ жерде
Шіреніп, шайқап жүреді.

Шынға жерік - сырға берік.
Шындықтың шырағы сөнбейді

Ақиқат сөз –
Ащы сөз.

Шын сөз абақтыдан да шығарады.

Шынымен жыласа,
Соқыр көзден жас шығады.

Шындықтан зор палуан жоқ,
Ол жауды да жығады,
Қамалды да бұзады.
Өтірік ұшы – екеу, шындықтікі – төртеу.
Өтіріктің шиесін шындық шешеді.

Ақиқат – шындық.

Өтірік айтып жылағанша,
Шындықды айтып жалын.

Өтірік пен шындық арасы – екі елі

Көп қайда болса, шындық сонда.

Ақ пен қараны шындық айырады.

Тіл жүйрік емес, шын жүйрік.

Сөз шынды табады.

Жыртық үйді жел табар,
Өтірік сөзді шын табар.

Жылап айтқан шынға нанады,
Күліп айтқан өтірікке нанады.

Таң атпайын десе,
Күн қоймайды,
Өтірікті қуалап, шын қоймайды.

Жақсы өтіріктен жаман шындық артық.

Бал тамған өтіріктен
Қан тамған шындық артық.

Отты үрлеген жағады,
Шындықты іздеген табады.

Аузы құлып сандықты,
Тіс ашпаса, тіл ашар.

Түйін-түйін сырыңды,
Түбінде келіп шын ашар.

Шешендік күші – шындық.

Аңыз түбі – ақиқат.

Дерегі жоқтың керегі жоқ.

Сақалыңа сенбе,
Ар-ожданыңа сен.
Алашағыңа сенбе,
Алғаныңа сен.

Сыр айтқанға сенбе,

Шын айтқанға сен.

Шайтанға сенген бақсыны тыңдағанша,
Шындыққа сенген жақсыны тыңда.

Көрген көзде жазық жоқ.
Естіген құлақта жазық жоқ.

Көзбен көрген анық,
Құлақпен естіген танық.

Бұл мақалдарда рухани құндылықтар мен адамгершілік құндылықтары нақтыланған. Ертегі кейіпкерлері де осы мақалдардағы құндылықтардың деңгейінен шығуға талаптанады. Шындықты айту – қазақ ертегілерінің басты құндылықтарының бірі десек қателеспейміз. Қазақ ертегілерін зерттеуші әдебиеттанушы ғалымдар «Шыншыл ертегі» деп топтастырады. Шыншыл ертегілер қатарына негізінен тұрмыс-салт ертегілері жатады [86,78].

Мысалы: «Арлы бала» ертегісіндегі болған оқиға өзінің мазмұны жағынан шындыққа жақын. Мұның фабуласы бұрынғы өткен заманда бір мақтаншақ бай болыпты деп басталады, Бір күні төбе баясында отырып, маңайындағы балаларды жинап алып, өз баласымен күрестіре бастайды. Бай баласы барлық баланы жеңіп, мәз болады. «Қыранның» баласы да қыран, қарғаның баласы да қарға» деп масайрап, өзінің баласын мақтай бастаған тұста, ортаға бір бала атып шығып, бай баласын жеңіп, басынан аттап кетеді. Баланың әкесі баласын кінәлай бастағанда, бала «Мен қарғаның баласы емеспін», - деп жауап береді. Араларында тұрған көпті көрген ақсақал баланың әрекетіне риза болып оған

батасын береді. Кейін бала жамбасы жерге тимеген балуан болып, ел намысын ардақтаған батыр болады, қол бастайды.

Ертегідегі сюжет желісі шындық оқиғаға құрылған. Елде еріккен адамдардың баланы жинап алып қыр басына шығып күрестіруі, күрестірген балалардың психологиясы шындық өмірдегі болатын әрекеттерге жақын. Мұндай оқиғалар қазірдің өзінде ауыл-аймақта болатын құбылыс екені де жасырын емес.

Жеңілген жас баланың күреске қайта шығып, жеңіп кетуінің ар жағында баланың көкірегіндегі намыс оты жатыр. «онда сізді аяғам, енді өзімді аядым» деуі, баланың ішкі шындығы, ішкі намыстан туған шын пікірі екеніне тыңдаушы сенеді. Ертегіде қарияның аузынан мынадай сөздер айтылады: «Арлы адамның ісі сенікі, айналайын! Малсыз болсаң да, арсыз болма. Бүгін өз намысыңды қорғай білсең, ертең еліңнің намысын қорғарсың».

Ертегідегі ең маңызды тірек ұғымдар – *намыс, абырой, ар*. Бұл ұғымдар қазақ дүниетанымындағы ең мәртебелі ұғымдар саналады. Күресіп жеңген баланың жеңісі өзін-өзі жеңген баланың жеңісі. Қарғаның баласы емес, қыранның баласы екенін дәлелдеуге тырысқан намыстың жеңісі. Бұл қазақ баласының кеудесінде қайнап жатқан намыс. Шындықтың бар болмысымен ертегіде көрінуінің мысалы бола алуы да осы себептен.

Ертегідегі басты құндылық – намыс. Қазақ баласының табандылығы мен намысқойлығы қазақ рухани мәдениетінде кеңінен насихатталуы осы ертегідегі шындық оқиға арқылы анық көрінеді.

Ертегіде қарға мен қыран қатар қойылу арқылы логикалық оппозицияға түседі. Қарға – торғай тәрізділер тобына жататын, түсі қара құс. Қазақ дүниетанымында қарға жағымсыз, сүйкімсіз, қара ниеттің символындай құс. Қарға туралы аңыз көп әрі әралуан. Қарғаны зерттеген ғалымдар оның шимпанзе мен дельфиннен кейінгі ақылды құс екенін анықтаған. Қазақ тілінде «қарға қарғаның көзін шұқымайды», «қарға адым жер» деген мәтел мен тіркес бар. Қолөнер түрінде «қарға тұяқ» деген ою түсі де кездеседі. Қарға үш жүз жылдай өмір сүреді деген деректер бар.

Ал «қыран» сөзінің мағынасы еркін қалықтап ұшатын, епті де алғыр, қолға үйреніп, адамға қоян, қасқыр, түлкі алуға көмегі тиетін қасиетті құстардың жалпы атауы. Қазақ баласының дүниетанымында қыран аса қасиетті, тәрбиелеуге көнетін, жыртқыш құс.

Қыран мен қарға оппозициясы арқылы қыран мінезді алғыр, мықтылықпен жамандықтың, жоқтықтың, тексіздіктің әлемнің тілдік бейнесі таңбаланған.

Кейіпкер кедей болса да, әкесінің дегеніне көне тұрып, ішкі намысы дес бермей, жеңіске ұмтылады. Ертегіде бала әкенің де жағдайын ойлайды. Әкесі үшін бір рет күрестен жеңіледі, өйткені әке санасы кедейліктен бай алдында әбден жеңілген. Жеңген баласына сүйсінудің орнына: «Иттің ғана күшігі, осы жаңа ғана еді ғой жығылып қалғаның. Сені қай шайтан түртті? Қайтіп жықтың байекеңнің баласын?» - деп жекиді. Яғни әке үшін тірек ұғым бай, байдың баласы, байдың баласы мықты. Ерік пен намыс қана бұл рухани қамалды бұза алатынын ертегіде жақсы көрсеткен.

Ұлы даланың басты рухани құндылықтарының бірі – шындық. Шындық семантикасы шын сөз, ақиқат, шындық, рас болған оқиға туралы адамның білгеніне қатынасы, көзқарасы арқылы айқындалады. Адам өзі көріп-білген істің, әрекеттің, құбылыстың, оқиғаның нақты жағдайын білуі мүмкін де, сол туралы пікірін толық жасырмай айтуы да, жасырып айтпай қалуы да ықтимал.

Шындық туралы пайымдау ақиқат немесе жалғанболуы мүмкін. Ақиқат сөзі іргелі құндылықтардың қатарына жатады. Бұл этикалық құндылық емес, онтологиялық және гнесеологиялық болып есептеледі.

Ақиқат ұғымы мен шындықтың арасында да айырмашылық бар. Ақиқат – шынайы, шындық жеке тұлғаның қабылдауына қатысты анықталады. Шындық айтылады, шындық тыңдалады, шындық ізделеді, анықталады, шындық ашылады, түсініледі, тұжырымдалады.

Ақиқат – объективті, ол – мән, ақиқат – таным объектісі [87,56].

Шындық – субъективті. Әркімнің өз шындығы болуы мүмкін. Шындық – этикалық құндылық.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «Ақиқат» сөзінің мағынасы былай көрсетілген:

1. Табиғат пен қоғамдағы санадан тыс және одан тәуелсіз өмір сүретін заттар мен құбылыстардың практикада тексерілген анық бейнесі. Ақиқат процесс ретінде нақты тарихи болады.

2. Шын, шындық. Ойлашы, бір әділдік бар емес пе. Ақиқат жоқ жерде өмір тар емес пе?

3. Даусыз, дәл, анық. Оның соқтырар білезігіне тағы бір оралары ақиқат еді. [ҚТТС, 1-том, 140-бет].

«Шындық» сөзінің мағынасы: Шынайылық, дұрыстық, ақиқат. Айналып тұр жұмыр Жер күн шеңберін. .. Шындықты кім жасырып қала алады? [88, 340]. Байқап отырғанымыздай, түсіндірме сөздікте, «ақиқат» лексемасы мен «шындық» лексемасының мағыналық қыры нақты анықталмаған.

Ауызекі сөйлеу тілінде, тіпті көркем әдебиетте бұл лексемалар бірінің орнына бірі жұмсала алады.

«Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» атты ертегінің де негізгі сюжеті де шындыққа осындай этикалық құндылық санатындағы шындыққа құрылған.

Әдеттегідей, «Бұрынғы өткен заманда бір кедейдің үш ұлы болыпты» деп басталатын бұл ертегінің басталуы «Кедейдің үш ұлы» атты ертегіге жақын. Екі ертегіде де әкесі өсиет айтады. Бірінші ертегіде әкесі қопаға қонбауды, молаға түнемеуді ескертсе, «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» ертегісінде «бүкіл өмірі байлардың есігінде өткен кедей өлерінде үш ұлын қасына алып отырып өсиет айтады: «*Үйдің шығыс жағында бір жалмауыз бай бар, соған өлсеңдер де, жалданбаңдар»*, – дейді. Алайда өмірдің өз заңы бар. Әкесі «барма»деген байға барып жалданудан басқа жол таппай, екі ұлы да сол байдың қолынан мерт болады. Бұл оқиғаның шындық өмірде болу мүмкіндігі жоғары. Бай мен кедей арасындағы тарихи қарама-қайшылық. Байдың жалшыға қояр шарты ауыр: *Бір қара нарым бар, күніне қырық бөшке су ішеді, қырық арба құмалақ шығарады, қырық арба пішен жейді, осыны баға алсаң, қызметке аламын, егер*

бұны атқара алмасаң, басың алынады, – дейді. Көрсетілген дискурстан байдың бейнесі айқын аңғарылады. Мұндағы «қырық» сөзінің мағынасы көп, мол деген жалпылық сипатқа ие. Қара нардың қарнын тойғыза алмай талай адам жан тапсырған екен. Кедейдің екі ұлы да солардың жолын құшады. «Қара нар» бейнесінің алынуы да оқиғаның шындыққа бір табан жақындығын айғақтай алады. Өйткені төрт түліктің ішіндегі ең үлкені де, суды, шөпті көп жейтіні де осы ойсыл қара баласы. Ертегінің осылай басталуы тыңдаушы немесе оқушы санасына мейірімсіздіктің, қатыгездіктің орын алғаны туралы ақпар беріп, оның енді жазалануын да еріксіз тосары анық. Адами түсінік пен қабылдау кез келген жауыздыққа, мейірімсіздікке қарсы ішкі және сыртқы эмоцияны туғызары хақ. Өйткені адамның мінезін, жақсылыққа, мейірімге, әділдікке, шындыққа деген көзқарасын тек би немесе сот жүйесі ғана реттемейді. Адам баласының өзінің ішкі болмысы мен жан дүниесінің талап етер жтикалық нормалары бар. Жеке адамдар азап шеккенде, оның айналасында шындықты іздеушілер, әділ адамдар, шындықты сүйетіндер болуы да заңды. Яғни, жауыздық пен жалғандық, өтірік пен мейірімсіздік тек заң бойынша ғана емес, шындық арқылы, ар-ождан бойынша да жазалануы тиіс.

Үйде қалған кіші інісі екі үлкен ағасын іздейді. Жұрт бұл баланы «бойы бір қарыс, сақалы қыры қарыс деп атайды екен. Ағалары жалданған байға Бірқарыс да келіп жалданады. Алайда Бірқарыс байдың тапсырмаларын мүлтіксіз орындаудан бас тартып, өз білгенімен әрекет етуге көшеді.

Байдың: – Бір қара нарым бар, күніне қырық бөшке су ішеді, қырық арба құмалақ шығарады, қырық арба пішен жейді. Соны күтуің керек, егер күте алмасаң, басың алынады, – деген сөзін орындайды, бірақ өз дегенімен істейді. Байдың нарына пішен береді, бірақ оған басы жетпестей етіп байлайды. Алдына су қояды, бірақ оны іше алмастай етіп , яғни басы жетпейтін жерге қояды. Нар әрі ұмтылады, бері ұмтылады, шөп жеп, су іше алмайды. Бай бір күні келіп көрсе, нар ашығып қалған сияқты көрінеді, бірақ алдында пішен, су дегендер толып тұрады.

Мұндағы басты мәселе сөздің мағынасында: әрекет жасалды, айтылған сөз орындалды. Ал оның қалай орындалғаны әркімнің өз түсінігіне байланысты. Сөздің көпмағыналы болуы, оның ауыспалы мағынада қолданылуы бұл ертегіде жақсы пайымдалған.

Бай «нарды отқа жібер» деп бұйрық береді. «От» сөзінің мәнін түсінбегенсіп, Бірқарыс түйені пішенмен бірге өртейді.

– Нарды өртегенің не? – деген байдың сұрағына, Бірқарыс:

– Байеке, ана нарды отқа жібер, – деп өзіңіз бұйырған соң, сізге, асылы нардың керегі болмай қалған ғой деп отқа жібердім, – дейді.

«От» сөзінің «далада өсіп тұрған көк шөп» деген мағынасы барын білмегенсіген Бірқарыс байдан осылай кегін ала бастайды.

Бай Бірқарысты бірнеше қиын істерге жұмсап, енді одан құтылуды ойлай бастайды. Бірқарыс байдың айтқандарын мүлтіксіз орындай бастайды. Бұл жолда Бірқарыс артық қиял-ғажайып әрекеттер жасамайды. Тек өмірден көрген, тұрмыста таныған пайымын пайдаланып әрекет жасайды. Яғни Кейіпкердің

байға шығарған үкімі әрқашан тәжірибеден жинақталған білімі мен құндылыққа негізделеді. Сол тәжірибелік танымы мен күнделікті өмірден тапқан білігі ақыл-ойды ақиқатқа ұарай бағыттап, жүрек пен ерікті де қамтитын пайымдауларға әкеледі. Ақиқат семантикасы заң мен өсиет идеясына негізделген. Ал ақиқат қылмыстың ашылуы, жазалануы үшін маңызды. Бірқарыс Ақсақ Темірдің жүйрік қара арғымағын әкелуде осындай өмірде өзі үйренген тағылымды істерді оңтайлы пайданау арқылы ғана жетістікке жетеді. Ол бәйгеге қосылып бара жатқанда, ішіне құс жүні салынған жастықты ала шығып, артында келе жатқандардың көздерін аша алмай жаңылысып, жолдан шығуын орайластырады. Бұл амалы қиял-ғажайыптан туған дүние емес, өзі көзімен көріп, көңіліне түйген, тіршіліктегі таныған қарапайым шара. Тұрмыс-салт ертегісіне тән осындай қарапайым әдіс-тәсілдерді орайластыра қолдану арқылы ғана ол байдан кегін қайтарып, ақиқатқа жете алады. Бай іс жүзінде өзі жасаған жауыздығына қарапайым «төрелікпен» жауап береді.

Шындық кез келген жеке тұлға үшін маңызды. Ол күнделікті тәжірибе жүзінде сыналып жатады. Ертегі кейіпкері де өзінің шындығына осылай жетіп, ағаларының кегін қайтарады.

Диссертация зерттеу жұмысының барысында бізді қызықтыратын тұрмыс-салт ертегісіндегі «шындық» мәселесін қарастыра отырып, ежелгі қазақ санасының әр дәуірде де зайырлы ақыл-оймен ұштасатынын, шындықты қалайтынын, әділдікті ту еткенін ар мен намысты алдыңғы орынға шығарғанын аңғарамыз. Байдың өз шаруасы үшін бірнеше кісіні өлтіріп, жазасыз кетуі дала заңында ешқашан қолдау таппаған. Бұған барлық қазақ ертегілерінің сюжеті жауап бере алады. Күнәмен ластанған дүниені шындық келіп тазартып отырады. Шындыққа жету ертегілерде берілген ант, берілген серт, уәденің үдесінен шығу арқылы да айқындалады.

Бұл ертегіде жасалған әрекеттердің қай-қайсы болса да шындықпен астасып жатады. Бірқарыстың шынайы әрекеті тыңдаушыға әсер етері даусыз. Оның ақылы мен тұрмыстағы таныған танымы әрқашан оны дұрыс жолға бастап, басты мақсатына жетуіне мүмкіндіктер туғызады. Яғни шындықтың шынайы әлеміне қиял-ғажайыпсыз-ақ, шынайы нақты әрекеттермен де жетуге болатыны осы «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» ертегісінің мазмұны арқылы анық көрініс табады[89,12].

Ертегідегі «от» лексемасының көпмағыналығы арқылы жасалған әрекеттер, «құс жастық» оқиғасы, «сандықтағы дауыс», «бай әйелінің орнын алмастыру», «тоғайдағы өрт» сияқты істерінің қай-қайсы болса да шын болатын жағдайлар. Бұл тек ақылдың жемісі деп есептеуге негіз бар.

«Ақыл» және «әділдік» ұғымдарын «ақиқаттың» семантикалық ұғымдары ретінде де тануға болады. Шынайы шындық пен шынайы әділдік идеясы қазақ дүниетанымында Құдай, Тәңірі ұғымымен де үйлеседі. Қазақ санасында әділдік пен даналық туралы идеялар Ақиқатқа ұмтылудың нәтижелі көрісініретінде танылады. Ең жоғары әділеттіліктің орындалуы Ақиқатқа қол жеткізуді білдіреді. «Шындықты іздеу» тіркесі шындықты білмеу емес, адамның

«шындықтың не екенін» білетініне сенімді болуы. Шындықты сүйетін адам әділдік пен ақылға да сенімді болады. Сондықтан жеңіс үшін күреседі.

Қазақ ертегілерінің ең басты ерекшелігінің біріне саналатын жақсылықтың жеңісі осындай шындыққа, Ақиқатқа деген халық сенімі болса керек.

Келесі талданатын «Есті қыз» ертегісінің де тұрмыс-салт ертегісі ретінде өзіндік маңызы бар. Ертегінің көлемі шағын. Ал айтары мол.

Баяғыда байдың қолында бір жетім қыз болыпты. Әке-шешесі ерте өліп, жалғыз қалған екен. Өрімдей жас бала байдың отын-суын тасып, тамағын асырапты. Күндердің күнінде сол ауылдың қыздары жиналып, шөпшек теруге шығыпты. Терген шөпшектерін буып, арқалап алыпты. Үйлеріне қайтып келе жатқанда жолда жаңбыр құйып кетеді. Қыздар отындарын арқалап үйлеріне қарай жүгіріпті.

Жетім қыз қырық жамау жаман шапанын шешіп алып, отынның үстіне жауып, жаңбырдың басылуын тосып отырыпты.

Алыстан келе жатқан салт атты жолаушы мұны көріп, қыздың қасына келеді де:

- Шырағым, ана балалар ауылға кетіп қалды ғой. Сенің бұл отырысың не?- деп сұрайды. Сонда қыз былай дейді.

- Барса, бара берсін, менің нем кетеді? Олардың отындары да, киімдері де су болады.

Атты кісі ауылға барса, айтқанындай-ақ елдің көбісі отындары су болып, шай қайната алмай отыр екен.

- Жәміш деген қыз бала тұратын үй қайсы?- дейді жолаушы.

- Анау жотаның үстіндегі үй,- деп көрсетіп жібереді. Жолаушы сол үйге барып түседі: шайы қайнап, тамағы пісіп тұр екен. Бір-екі кісі келіп, құрғақ отыннан тамызық та сұрап алып жатады. Мұны көріп отырған қонақ жетім баланы шақырып алып:

- Қызым, сен ақылды бала екенсің, алдыңнан жарылқасын! - деп батасын беріпті.

Қарапайым әрі шағын мәтіннен тұратын ертегіге мән беру орынды деп есептейміз. Өйткені мұнда ауылдың шынайы өмірі бейнелегенген. Жетім қыз өмірден көп тауқымет көрген, сондықтан ол тұрмысты тереңірек түсінеді, біледі. Жаңбыр құйып кеткенде жетім қыз жыртық шапанын өзіне емес, отынның үстіне жабады. Өйткені ол жаңбырдың өткінші екенін де біледі, әрі су болып қалған отынның кепкенше жанбайтынын түсінеді.

Бұл ертегіде оқиғаның аяғы бата берумен аяқталады. Қазақ дүниетанымында батаға маңызды орны берілгені белгілі. «Батамен ер көгерер, Жаңбырмен жер көгерер» деген мақалды еске түсірсек, тұрмыс-салт ертегісіндегі бата берудің маңызын түсінеміз.

Қорыта айтқанда, лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің бірге қызмет етуіндегі қарым-қатынасын, жалпы ұлттың «мәдени болмысын», жеке тілдік тұлғаны да зерттейді және әлемнің тілдік суретінің құрылымын сипаттайды.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы әсіресе фольклордағы, соның ішіндегі ертегілердегі сөздердің қолданысы менпрагматикалық қызметі арқылы

айқын көрінеді. Ертегілердегі ұғымдарды мәдени тұрғыдан зерттеу ұлттық мәдениет пен сананың көрінісі ретінде анықталатын вербализацияланған мәтіндерді қарастыруда маңызды саналады. Осы орайда фольклорлық мәтіндер негізінде мәдени концепцияларды зерттеу ерекше өзекті. Ертегілер – ұлттық мәдениеттің қоймасының бірі. Ертегі мәтіндері халықтың материалдық және рухани мәдениетінің, ұлттық менталитетінің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін тілдің сөздік құрамының құрамдас бөлігін құрайды.

Фольклорлық мәтіндердің ішінде ертегілердің алатын орны ерекше. Ертегінің философиялық және мәдени негізі оның айналадағы шындықты бейнелеу ерекшеліктерін анықтайды. Ал ең бастысы – бұл ойлаудың тазалығы. Халық өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің шынайы ерекшеліктерін де ертегі мәтінінен алуға болады. Тыңдаушы және көңіл көтеретін жанр ретінде ертегілер тыңдаушылар сөзсіз қабылдайтын көптеген конвенциялармен сипатталады. Осымен қатар ертегіде адамгершілік заңдылықтары мен құндылықтарына үлкен мән беріледі, ал кез келген ертегіде қамтылатын адамгершілікті, мейірімділікті, насихаттау, жақсылықты дәріптеу қызметі оның өзіндік нұсқау, тәрбиелік сипатта болуы керектігін меңзейді.

Ертегілердің белгілі бір дәуірдегі тілдік нормалар арқылы берілу ерекшелігі бар. Ертегідегі тілдік тұлға – ол да халықтың өкілі. Қазақ халық ертегілерінің тұрмыс-салт туралы материалы негізінде мәдени концепцияларды зерттеу қазақ халқының тілінің ерекшеліктерін, ділін, мәдениеттерінің қалыптасу және даму тарихын ашуға мүмкіндік береді.

Қазақ халық ертегілерінің концептуалды кеңістігінің ортасында адам, антропоцентристік бағыттағы кеңістіктің үстінде «жақсылық пен зұлымдық» екілік оппозициясы бар. Жақсылық жасайды, жамандық бұзады деп бәрі біледі. «Жақсылық» жағымды коннотациямен байланысты және адамға, табиғатқа, жануарларға қатысты да жақсылық жасау, мейірім көрсету, табанды болу, тұрмысты терең білу сияқты ой мазмұны ертегілерде анық таңбалаған. Бұл халықтың тұрмыс-салт ертегілерінде терең көрініс тапқан.

Қазақтың тұрмыс-салт ертегілерінде «*дос-дұшпан*» ұғымдары әрқашан кейіпкерлердің әрекеттері арқылы көрініс табады. Өйткені еңбек - өмірдің негізі, адал өмір сүрудің басты көрсеткіші. Бұл ертегілердің ең басты лейтмотиві. Іс, қызмет, әрекет, еңбек сөздері кейде синонимдік парадигмада жұмсалады. Бұл парадигмалық қолданыстар әртүрлі мәдениеттің, яғни қазақы болмыс арқылы танылған ұғымдар мен араб үстемдігі тұсында енген сөздердің қолданысы сол мәдениеттің ықпалын да танытады.

Жұмыс пен еңбек ұғымдарының қолданысының да өзіндік ерекшелігі бар. Мұндай қолданыстағы лексемалар күнделікті санада «еңбек» ұғымының өзегін құрайды. Қолданыстағы «жұмыс» ұғымы неғұрлым шығармашылық мағынасында, тұрмыстағы әрекет сипатында да белсенді жұмсалады.

Қазақтың тұрмыс-салт ертегілерінде кездесетін «үй» ұғымы туған жермен, атамекенмен, отбасымен байланысты қарастырылады. Қарапайым тірліктің өтетін орны ретінде беріктік пен адалдықтың бесігі саналатын үйдің маңызы ерекше. Сюжеті қысқа қайырылған, шағын ертегілердің өзінде «үй» ұғымы

әрқашан белсенді қолданысқа ие. Үй – тек киіз үймен, немесе бөлме ұғымымен байланысты болмайды, сонымен қатар жеке адам өмірінің моралдық негіздерімен, моралдық-этикалық қатынастарымен, қасиеттерімен тығыз байланысты. Қазақ тіліндегі «жұрт», «көшкен жұрт», «жұртқа қону», «көшкен жұрттың орны» сияқты тіркестер бұл сөздің ауыл, ел мағынасымен бірге «орын», «мекен» мағынасының бар екенін де танытады. Яғни ертегілерде «жұрт» сөзінің «үй» сөзімен синонимдік мәні бар екені де кездеседі.

«Үй» лексемасы жақындық, жайлылық, отбасылық, туыстық қатынастармен көбірек байланысты. Мәселен, «Аяз би» ертегісінде «*Әкелген адамдарың жарайды. Қазірге аспазшыға апарып беріңдер, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортаға алып, тамаша етеміз, - деп, Жаманды ас үйге жібертеді*». Мұнда «үй» сөзінің қолданысында біз көрсеткендей үлкен идея, маңызды мән бар.

Үміт, сенім, махаббат - адам болмысының метақұндылығы, адамның биік рухани қасиеті. Үміттің әлеуметтік-психологиялық статусы оның әрқашан адамның әлеммен және басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесіне енуімен, белгілі бір әлеуметтік құндылықтармен байланыстылығы ерекшеленеді. Үміт - қазақ ертегісінің негізгі мазмұнына қатысты басты ойдарды айқындап, кейіпкерді үнемі алға жетелектеп отыратын ұлы күш. Үміт адам өмірінің кез келген жағдайында, кез келген әрекетінде көрініс береді. «Үмітсіз – сайтан» деген көнеден келе жатқан тәмсіл бар [90,45]. Қазақ дүниетанымының басты негіздерінің біріне саналатын ертегілерде де үміттің алар орны ерекше. Жақсылыққа деген үмітті қазақ ертегілеріндегі мазмұн ешқашан кішірмейді. Сондықтан да кез келген ертегі тек жақсылықпен, жағымды қалпында, ақылдың, адалдықтың, жақсылықтың, даналықтың, тапқырлықтың жеңуімен аяқталады. Кез келген жағдайда адамды үміт құтқарады, алға қойған мақсатқа ұмтылдырады.

Үшінші бөлім бойынша түйін:

- ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін зерделеу барысындағы басты ғылыми нәтиже – ертегі мәтіндерінің жинақтаушы басты қағидасы, әлемнің тілдік бейнесіндегі маңызды рөл Адам тұлғасы екендігі. Әлем бейнесі идеалды, психикалық сипатта болғанымен, тілдік құрылымдар арқылы таңбаланатындықтан, тұрмыс-салт ертегілерін тыңдау барысында адамдар қоршаған орта туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен ұлттық дүниетаным туралы ақпараттар беріледі;

- қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі біркелкі емес, олар ертегінің негізгі жанрлық ерекшелігіне, мазмұндық сипатына байланысты өзгеріп отырады. Бұл ертегілердің тарихи даму жолдары мен мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты;

- тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінде рухани-мәдени құндылықтар жеке денотатардың мағыналық ерекшелігі арқылы көрінеді. Жеке

атаулардың қолданысы мен прагматикалық қызметін айқындау арқылы басты когнитивтік ұғымдар мен ұлттық дүниетаным негізі айқындалады.

- халық ертегілері мәтіндеріндегі сөз мағыналарын әлемнің тілдік бейнесінің маңызды категорияларын көрсететін белгілі бір концептік ұғымдармен байланыстыра қарастыру ұлттық дүниетанымның, ділдің (мінездің), жақсылық пен жамандық туралы ұғымдардың бағалану ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді;

- тұрмыс-салт ертегілеріндегі кейіпкердің эмоциясы, әрекеті, шешімі оқырманның немесе тыңдаушының әрекетіне, эмоциялық ерекшелігіне, дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда маңызы бар, сондықтан рефлексиялық әрекет ретінде бағалы;

- тұрмыс-салт ертегілерінің тіліне лингвокогнитивтік талдау жүргізе отырып, олардың қазіргі қабылдану үлгісін сауалнамалар жүргізу арқылы айқындап, ғылыми сипаттамасын көрсету – қазіргі кездегі ертегі тыңдаушылар мен ертегі оқитын адамдардың қабылдауы мен қалыптасқан көзқарасын танытады.

ҚОРЫТЫНДЫ

XXI ғасырда қазақ тіл білімінде жасалған когнитивтік тіл білімінің негізі жаңа лингвистикалық парадигмалардың орнығуына ықпал еткені рас. Когнитивтік тіл білімі өз пәні бар, ішкі жүйесі қалыптасқан, категориялық аппаратына ие болды. Осы ретте қазақ ертегілерін адам танымы призмасы арқылы қарастырып, оның ішкі мәні мен мазмұнын жаңа бағытта қарастыруға мүмкін болды. Диссертация зерттеу жұмысында қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінің өзіндік ішкі тілдік ерекшелігі, сөз мағыналарының қолданысындағы сипаты, ондағы рухани-мәдени құндылықтардың көрінісі, рефлексиялық сипаты зерделенді. Қазақ дүниетанымындағы және тілдегі әлемнің объективті бейнесі қазақ ертегілерінде өз болмысымен қарапайым таңбаланған. Бұл қарапайым таңбалану таным тұтастығы мен олардың өзара байланысын көрсетудегі идеалды бейне болғандықтан, әлемнің когнитивтік бейнесі ретінде бағаланады.

Әлем бейнесі жеке және қоғамдық сана арқылы жүзеге асады әрі тарихи кезеңдегі халық білімінің жиынтығымен сәйкес келеді. Қазақ ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесін зерттеу арқылы халықтық танымның үлкен тарихи тәжірибе арқылы жинақталған білімі зерделеніп, тілдік және когнитивтік бірліктердің өзара байланысы мен арақатынасы, когнитивтік құрылымдардың ерекшеліктері анықталды.

Тіл дамуының бастапқы сатысында адам танымының концептуалды жүйесін анықтайтын және нақты семантикалық бірліктер арқылы таңбаланған онтологиялық және эмпирикалық білімдерді қамтитын әлемнің қарапайым тілдік бейнесі көрініс табады. Қазақ халқының тұрмыс-салт ертегілерінде осындай онтологиялық және эмпирикалық түсініктерге негізделген ақпараттар мол. Ертегі мәтіндері өз кезеңіндегі тілдік тұлғаның сөйлеу-ойлау қызметінің жемісі ретінде қарастырылып, әлемнің тілдік бейнесінің, танымның тарихи динамикалық түрде дамитыны анықталды.

Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінде халықтың рухани мәдени танымының басты сипаты анық көрініс табады, ол әлеуметтік және тарихи сана арқылы ұшталып дамытылады. Жеке талданған ертегілердегі сөздердің мағыналық құрылымын компоненттік талдау әдісі арқылы зерделеу ертегі кейіпкерлерінің психологиялық ерекшелігін танытып қана қоймайды, сонымен бірге олардың типтік бейне екенін де нақтылайды. Адам баласының жақсылық пен жамандық туралы пікірлерінің ортақтығы, мейірімнің бағалануы, адалдық таразының беріктігінің сыналуы қазақ ертегілерінің ерекше тақырыбы екені айқындалды. Зерттеуші ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, ертегілерде жасалған ұғымдар концептуалданып, нәтижесінде әлемнің ұлттық тілдік бейнесі пайда болады деген ғылыми қорытынды жасалады.

Зерттеудің мақсатына сәйкес диссертация жұмысында қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінің лингвомәдени ерекшеліктері зерделеніп, мәтіндерінің семантикалық-танымдық сипаты анықталды.

Диссертация жұмысының белгілі бір деңгейде теориялық маңызы бар, өйткені қазақ халық тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі

лингвомәдени бағытта бірінші рет ғылыми тұрғыдан талдауға түсіп, тілдік бірліктердің танымдық ерекшеліктері айқындалды.

Зерттеуде ертегі сюжеттеріндегі кейіпкерлердің адами қасиеті, мейірімі, жақсылығы, шындыққа, ақиқатқа деген көзқарасы, даналығы жиналған халықтық тәжірибеніңкөрінісі ретінде бағаланып, «Мен» ұғымының негізгі тұлғасы айқындалады. Кейіпкерлер өзінің туған бауырларынан қиянат көргенімен, тірліктен баз кешпейді,жақсы жандардың жан жылуын сезініп, айналасынан жақсылық көреді, адалдықтан туған сыйластық кейін бауырмалдыққа жетеді.

Субъектінің басқалармен және өзімен қарым-қатынасының көркемдік құралдар арқылы бейнеленген бейнелеу мәндері рефлексия тұрғысынан талданады. Қазақ тіліндегі когнитивтік-дискурсивті позиция арқылы жүзеге асырылатын ертегідегі лексикалық бірліктердің жүйелі ұйымдастырылуы мен қызметін зерттеу өте маңызды. Әсіресе, сюжеті күрделі болып келетін ертегілердегі әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі арқылы рефлексиялық ерекшеліктер айқын аңғарылады. Ертегіде кездесетін әлемнің түрлі бейнесі – қазіргі кездегі әлемнің тілдік бейнесінің маңызды бөлігі. Өйткені ол халықтың мәдениетін, ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Кез келген ертегіде белгілі бір ұлт үшін мәдени маңызы бар ұғымдар көрсетіледі. Диссертациялық жұмыста талданған ертегілерде дискурстың бұл түрі жетекші ұлттық танымдағы концепцияларға негізделетінін, жалпы контексті құрайтынын, ертегі оқушы немесе оны түсіндірушіге ортақ ерекше дүниемен анықталатынын көрсетеді.

Әлемнің қарапайым тілдік көрінісінің сипатын танытатын қазақ ертегілерінің маңызды қасиетінің бірі – олардың мифологиялық сипаты. Лингвистикалық миф бірқатар белгілермен сипатталады: ықшамдау, стереотиптеу, құбылыстың кейбір аспектілерін абсолюттендіру.

Зерттеу барысында біз қарастырған барлық ертегілерде «қызғаныш» пен «мейірім», кісілік пен пендешілік ұғымдары дараланды. Қазақ тілінің концепциялық саласы үшін мұндай тұжырымның маңызы бар деп есептейміз. Ұлттық мәдениеттің елегінен өткен ертегілердегі оқиғалардың дені осы «қызғаныш» пен «мейірім» арасындағы қарым-қатынас арқылы сабақталып, кісілік пен пендешіліктің шегарасын айқындайды. Сонымен қатар, «ақымақтықты келемеждеу» тақырыбының ертегілері тек «ақымақтық» ұғымына негізделеді.

Диссертация жұмысында біз белгіленген ұғымдарды екі деңгейде ұсындық: терең семантикалық құрылымды ұғымдар және негізгі сөздің этимологиясына негізделген деңгей. Негізгі сөздің этимологиясына негізделген деңгей ұғымның мазмұнын толық ашу үшін қажет. Ол белгілі бір тілдік көріністерде жүзеге асатын ұғымдардың өзіне тән белгілері біріктірілген негізгі деңгейге әсер ететіні сөзсіз.

Біздің ғылыми көзқарасымыз бойынша, терең деңгей қазақ халқының күнделікті ертегілерінің бір-бірін толықтырып тұратын «ақымақтық» және «даналық» сияқты екі жетекші ұғымды байланыстырады. Біздің көзқарасымызды прецеденттік құбылыспен бейнеленген іріктеліп алынған

концепциялардың негізгі деңгейін талдау дәлелдей алады. Диссертациядағы талдау көрсеткендей, тұрмыс-салт ертегілер дискурсының сөздік қорын, жиілігін зерттеу қажет деп пайымдаймыз.

Когнитивтік-дискурсивтік тәсілге сүйене отырып, қазақ ертегілерінің прецеденттік феноменінің компоненттері прецеденттік мәтін, прецеденттік атаулар, прецеденттік жағдаяттар болып табылатынын анықтадық. Прецеденттік құбылыстың құрамдас бөліктерін зерттеу ертегі тақырыбын анықтауға, оның кейіпкерінің ерекшелігін, болмысын саралауға да мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақ ертегілері. – Алматы: «Жазушы», 2000. Т. 4. –248 б.

2 Қазақ ертегілері. Құрастырған Ә. Мәмет. –Алматы, 2001.

3 Қазақ ертегілері. Құрастырған С. Қалиұлы. -Алматы, Алматыкітап, 2017.

4 Бабалар сөзі: Жүз томдық. 75-том. – Астана: “Фолиант”, 2011. – 432 б.

5https://www.balakai.kz/ertegler/anyz_ertegiler/675-ayaz-bi.html;

6 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.

7 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1996.

8 Ысмайылов Е. Сын мен шығарма. - Алматы, 1960.

9 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, Ана тілі, 1991. – 288 б.

10 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы.: Ғылым. 1984. 272 б.

11 Қасқабасов С. Елзерде. Әр жылдағы зерттеулер. –Алматы: Жібек жолы, 2008.-504 б.

12 Эйнштейн А. Ғылыми еңбектер жинағы. Т. 2. М., 1964. С. 136.

13 Бахтин М.М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и ренессанса. - М., 1990. 10-б.

14 Әуесбаева П.Т. «Қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеттік құрылымы» Eurasian Journal of Philology: Science and Education. №3 (171). 2018. 251-257 б.

15 Қасымбекова А.Т. Ертегілердегі ғаламның концептуалды бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері бойынша) Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. 2020.

16 Мамыт А.А. «Фольклорлық сана мен тіл тұтастығы» **https://stom.tilimen.org/eoj-821-512-122-foleklorli-sana-men-til-ttastifi.html**

17 Құлтанбаева Н. Қ. Ертегі дискурсы әлемнің көркем бейнесі элементі ретінде. // XI Құрышжанов оқулары: Ұлы Дала құндылықтары – Түркі әлемі жастарын біріктіруші фактор» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның жинағы. Алматы, 2019. 287 б

18 Аубакирова Б.К., Қадыров Ж.Т. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті Хабаршысы. №3 2017.

19 Амренова Р.С. Фольклор мәтіндерінің лингвоментальді кеңістігі. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті Хабаршысы. Филология сериясы, №2 , 2016. 24-29 б.

20 Таусоғарова А. Қазақ ертегілеріндегі уақыт және кеңістік ұғымдарының концептуалдануы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. No1 (153). 2015. 201-206.

21 Воропаев, М.В. Виртуальные и смешанные реальности и воспитание. // Педагогика. – № 5. – 2011. – С. 41-51.]

22 Лихачев С.В. Формирование у младших школьников представлений о языковой картине мира. // Начальная школа. – 2017. – № 1. – С. 16-19.].

23 Tuimebaev, Z.K.,Suleimenova, E.D., Aimagambetova, M.VThe “Ugly Duckling” Phenomenon: Language Choice in a Bilingual Kazakh Family (to the

Problem Statement) | Феномен «гадкого утенка»: выбор языка в билингвальной казахской семье (к постановке проблемы) . Journal of Siberian Federal University - Humanities and Social Sciences, 2024, 17(1), P. 197–208

24 Турсунов Е. Происхождение древних типов носителей казахско устно-поэтической традиции. //Автореферат диссертации,представленный на соискание ученой степени доктора филологических наук. (10.01.09 – фольклористика). – Алма-Ата, 1976.

25 Алефиренко Н.Ф. Поэтическая энергия слова: синергетика языка, сознания и культуры. М.: Академия, 2002. 225 с.

26 Карасик В.И. Языковой круг. Личность, концепты, дискурс. Волгоград. 2002. 331 с.

27 Naciye Y. Türk dünyasi fikralarinda “gelin” olmak. Millî Folklor, 2021, Yıl 33, Cilt 17, Sayı 130

28 Колесов В.В. Концептуальное поле русского сознания / Российский государственный педагогический университет им. А. И. Герцена. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2021. – 612 с. – (Herzen. Лингвистические исследования).

29 И.П. Черноусова. Диалогтық модельде ұсынылған әлемнің фольклорлық-тілдік бейнесі (орыс ертегісінің материалы бойынша) // Челябі мемлекеттік университетінің Хабаршысы. 2013. № 14 (305). Филология. Өнертану. Вып. 77. 114 Б.].

30 Гильмутдинова А. Р. , Самаркина Н. О время. лингвистический аспект. Филологические науки. Вопросы теории и практики, № 7 (37) 2014, часть 2. www.gramota.net/materials/2/2014/7-2/14.html

31 Дешериева Т. И. Лингвистический аспект категории времени в его отношении к физическому и философскому аспектам // Вопросы языкознания. 1975. № 2. С. 111-117.

32 Бондарко А. В. Темпоральность. Модальность. Л.: Наука, 1990. 260 с.

33 Маслова В.А. Лингвокультурология. Уч. Пособие для студентов высш.учеб. заведении. М., Академия. 2001. 208 с.

34 Гачев Г.Д. Национальные образы мира. М.: Космо-психо-логос, 1974. 61-с.

35 Салқынбай А. Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар. – Алматы, 2022

36 Хайдеггер М. Время картины мира // Новая технократическая волна на Западе: сборник статей / пер. на рус. яз. В. В. Бибихина. – М., 1986. – 106.

37 Тараканова Л.В. Виды и формы, основные функции рефлексии» [https://nsportal.ru/vuz/psikhologicheskie-nauki/library/2019/03/04/vidy-i-formy-osnovnye-funktsii-refleksii-uchebnaya

38 Тихомирова Е.Г. «Сказка: рефлексия культурного опыта и инкультурационная модель» skazka-refleksiya-kulturnogo-opyta-i-inkulturatsionnaya-model.pdf

39 Нұрбеков Т., Салқынбай А. Қазақ ертегілеріндегі «жақсылық» пен «жамандық» оппозициясы https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.01
40 Акименко Н.А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса: дисс на соискание канд, филол. наук,. Волгоград. 2005. 193;
41 Нұрбеков Т., Салқынбай А. Тұрмыстық салт-дәстүр ертегілеріндегі ұлттық дүниетаным көріністері https://doi.org/10.48081/GNQH4983.
42 Мәмет С. Қазақ ертегілері (қиял-ғажайып және тұрмыс-салт ертегілері. – Алматы: Балауса. 262 б.
43 Tuimebaev, Z.K, Lamazhaa, C.K., ., Shagimgereeva, B.E.People of Central Asia as a scientific source | «Люди Центра Азии» как научный источник. - New Research of Tuva, 2024, (1), P.39–54
44 Пропп В. Я. Исторические корни волшебной сказки. М.: Лабиринт, 2014. 332 с.
45 Қасым Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. – Алматы. 1996
46 Бес жүз бес сөз. -Алматы: Рауан, 1994.
47 «Жұлдыз» журналы, 1974, №9, 184.
48 Wierzbicka A. Defining emotion concepts // Cognitive science. Norwood, 1992. - Vol. 16. -№4. - P. 539-581.
49 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы.1986. 10-том.
50 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004. – 148 б.
51 Нұрбеков Т., Салқынбай А. Тұрмыс-салт ертегілеріндегі далалық дүниетанымның әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі DOI: 10.59102/kufil/2024/iss2pp164-173
52 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы. 2015.
53 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: «Сардар», 2014. 256 – б.
54 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. -Алматы. 8-том.
55 https://ertegiler.kz/story/kedeidyn-ush-uly
56 Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка. Стилистика декодирования. – Л.: Просвещение, С.232. -295 с.
57 Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым. 1997. 270 б.
58 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы : Рауан, 1998. - 304 б.
59 Nurbekov T. The linguistic picture of the world in the kazakh fairy tale: the concept of good and evil https://doi.org/10.48081/JAUV4475
60 Манкеева Ж. Ұлт тұғыры – тілде // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – Б.252-259
61 Ысқақов А. Қазақ тілі морфологиясы, 129 б.
62 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – Б.273-278.

63 Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. - Алматы. Қазақ университеті. 2018.
64 https://kitaptar.azurewebsites.net › Content › Books
65 https://www.dissercat.com/content/onomasticheskoe-prostranstv
66 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 12-том / Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
67 Krappe A. The Science of folklore. NY, 1964. -348 p.; Baughman E.W. Type and motif-index of the folktales of England and North America. The Hague, 1966.
68 Dorson R. M. Folklore and fakelore (Essays towards a discipline of folk studies). Cambridge, Massachusetts, L., 1976. - 391 p.
69 The Types of Folktale. A Classification and Bibliography Anti Aarne's Verxeichnis der Marchentypen/Translated and enlarged by Stith Thompson. Helsinki, 1964.
70 Байтұрсынұлы А. Таңдамалы шығармалары. – Нұр-Сұлтан, - 2022. – 320 бет.
71 Әлкебаева Д., Ахметқалиева Л. Прагматика негіздері: ойлау мен сөйлеу. Хабаршы. Филология сериясы. №2 (170). 2018. 89-95 б.
72 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы. 1974. 1-т.
73 Гумбольдт В., Избранные труды по языкознанию. -М.: Прогресс.2000. 4-с.
74 Дзюба Е.В. Концепт «ум» в русской лингвокультуре. Екатеринбург, 2011. 224 с.
75 Салқынбай А.Б. Шаһкәрім шыққан шың. –Алматы: Қазақ университеті. 2018. 211 б.
76 Қасымбекова А.Т. Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері негізінде) Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.- Алматы. 2020. 10-бет.
77 https://bulletin-philology.ablaikhan.kz
78 Құлтанбаева Г.Қ. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс, араб тілдері материалдары негізінде). -Ақтөбе, 2022 143б.
79 Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: 1-том. Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
80 Голованивская М.К. Ментальность в зеркале языка. Некоторые базовые моровоззренческие концепты французов и русских. М., 2009.
81 Dorson R. M. Folklore and fakelore (Essays towards a discipline of folk studies). Cambridge, Massachusetts, L., 1976. - 391 p.
82 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. Арыс: -Алматы, 2009. 83-бет.
83 Кульсарина Г.Г. Язык и стиль башкирских народных сказок: моногр. Уфа: БашГУ, 2009.
84 Дубровская О.Г. Русские и английские пословицы как лингвокультурологические единицы (фреймовая классификация пословиц об уме, глупости, любви, труде и лени). Тюмень: Изд-во Тюмен. гос. ун-та;

85 Зацепина М. В. Концептуализация феномена отчуждение в русской и немецкой этноконцептосферах: Дис… канд. фил. наук. Екатеринбург, 2006;
86 Красавский Н. А. Эмоциональные концепты в немецкой и русской лингвокультурах: Монография. М.: Гнозис, 2008.;
87 Пименова М. В. Концепты внутреннего мира (русско-английские соответствия): Дис. … д-ра филол. наук. СПб, 2001.
88 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986. 10-том, 340-бет.
89 Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. I том. Құраст.
90 Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. II том. Құраст. С.Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ.Әбдезұлы. Алматы: Қазақ университеті. – 2015. -276 б.
91 Мелетинский Е.М. Герой волшебной сказки: Происхождение образа. – М.: Изд. вост. лит., 1958. – 264 с.
92 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – М.: Высшая школа, 1989. – 648 с.
93 Дышлевый П.С., Яценко Л.В. Что такое общая картина мира. – М.: Знание, 1984. – 64 с.
94 https://www.balakai.kz/ertegler/anyz_ertegiler/675-ayaz-bi.html
95 https://bilimdiler.kz/okushi/27654-ayaz-bi-ertegisi.html
96 Пименова М. В. Ментальность: лингвистический аспект: учебное пособие. – Кемерово: Кузбассвузиздат, 1996. – 84 с.
97 Лотман Ю.М. Об искусстве: Структура художественного текста. Статьи. Заметки. Выступления (1962-1993). – М.: Искусство. СПБ, 1998. – 764 с.
98 Culioli Ant. Cognition and presentation in linguistic theory // Amsterdam studies in the theory and history of linguistic science. Vol. 112, 1995. - P. 32-44.
99 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М.: Наука, 1990. – 136 с.
100 Langacker R.W. Concept, image and symbol: The cognitive basis of grammer. Berlin, NY, 1991. -3 95 p.
101 Cognition and categorization/ ed. by E. Rosch. NY,1978.
102 Johnson-Laird Ph. N. The computer and the mind: An introduction to cognitive science. Cambridge: Harvard Univ. press, 1988. - 444 p.
103 Турсунов Е. Генезис казахской бытовой сказки в аспекте связи с первобытным фольклором. –Алма-Ата: Наука, 1973 Объем 14,4. п.л.
104 Рыспаева Д.С. «Языковая репрезентация концепта»ақыл/ум» в картине мира казахского народа» [https://bulletin-philology.ablaikhan.kz].
105 Кубрякова Е.С. Образы мира в сознании человека и словообразовательные теории как их составляющие // Изв. РАН, СЛЯ. – 2006. – Т. 65, № 2. – С. 3 – 14.
106 Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.

107 Корнилов О. А. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. №4. М., КДУ, 2013. 348 с.

108 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово/Slovo, 2000. – 624 с.

109 Брутян Г. А. Языковая картина мира и её роль в познании // Методологические проблемы анализа языка. – Ереван: Изд-во Ереван. гос. ун-та, 1976. – С. 53-69.

110 Гвоздева А.А. Языковая картина мира: лингвокультурологические и гендерные особенности (на материале художественных произведений русскоязычных и англоязычных авторов): дисс. .. канд.филол.наук. – Тамбов, 2003. – 151 с.

111 Baughman E.W. Type and motif-index of the folktales of England and North America. The Hague, 1966.

112 Christy Robert. Proverbs maxims and phrases of all ages. Lnd.,1898. - 143 p.

113 Johnson-Laird Ph.N. Mental models: Towards a cognitive science of language, inference and consciousness. Cambridge, 1983. - 513 p.

114 Kramsch C. Context and culture In language teaching. Oxford: Oxford University Press, 1994.- 295 p.

115 Krappe A. The Science of folklore. NY, 1964. -348 p.

116 Lyons J. Language, meaning and context, NY, 1981. - 256 p.

117 Қайдар Ә. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998. 122 б

118 The Types of Folktale. A Classification and Bibliography Anti Aarne's Verxeichnis der Marchentypen/Translated and enlarged by Stith Thompson. Helsinki, 1964.

119 Турсунов Е. Происхождение носителей казахского фольклора. Монография. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004 – 322 с.Қазақстан мектебі, 1968, №10. 0,4 п.л.

120 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. Арыс: - Алматы, 2009.